1999 ж. шыға бастады

Тіркелген куәлік № 13395-Ж
Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
22.02.2013 ж. берген

Редакция алқасы

Н.Л. Сейтахметова (бас редактор)
А. Сағықызы
Ш.Е. Джаманбалаева
Ә.А. Құранбек
М.К. Бектенова
З.К. Шәукенова
Ш.М. Жандосова
А.Алтайқызы
Н.Ы.Айтымбетов
Л.Н. Тоқтарбекова (жауапты редактор)

Редакционная коллегия

Н.Л. Сейтахметова (главный редактор)
А. Сагикызы
Ш.Е. Джаманбалаева
Ә.А. Құранбек
М.К. Бектенова
З.К. Шаукенова
Ш.М. Жандосова
А.Алтайқызы
Н.И.Айтымбетов
Л.Н. Токтарбекова (ответственный редактор)

Регистрационное свидетельство
№ 13395-Ж выдано Комитетом
информации и архивов
Министерства культуры
и информации Республики
Казахстан 22.02.2013 г.

Издается с 1999 года

ISSN 1999-5849 (Print)
eISSN 2959-7544 (Online)

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖУРНАЛ

Адам әлемі

ФИЛОСОФСКИЙ И ОБЩЕСТВЕННО-ГУМАНИТАРНЫЙ ЖУРНАЛ

Том 28 · № 4(110)·2026

Халықаралық редакциялық кеңес
Международный редакционный совет

Зияуддин Сардар (Ұлыбритания)
Фиерман У. (АҚШ)
Аматаякул Супаквади (Таиланд, Италия)
Лекторский В.А. (Ресей)
Кенан Гюрсой (Түркия)
Шермухамедова Н.А. (Өзбекстан)
Бюлент Шенай (Түркия)

© Философия, саясаттану және дінтану институты
050010, Алматы, Шевченко көшесі, 28
https://adamalemijournal.com

© Filosofia, saiasattanu jäne dıntanu instituty
050010, Almaty, Şevchenko köşesı, 28
https://adamalemijournal.com

Том 28, № 4(110) 2026

Мазмұны Содержание Content

Философия. Мәдениет. Білім беру * Философия. Культура.Образование * Philosophy. Culture. Education

Сағиқызы А., Оразбекова А., Бегалинов А., Какимжанова М., Абеуова Ш. Э. В. ИЛЬЕНКОВ, А. П. ОГУРЦОВ ЖӘНЕ Г. С. БАТИЩЕВ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ЖАТТАНУ МӘСЕЛЕСІ 3

Кульжанова Г.Т., Кульжанова Ж.Т., Пенионжек Е.В. ОБЩЕСТВО ЗНАНИЯ КАК ПРОСТРАНСТВО ТРАНСФОРМАЦИИ БЫТИЯ ЧЕЛОВЕКА: ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ СОЦИАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ 16

Кудайбергенова Г.К., Кокеева Д.М. ИРАНДАҒЫ ХИКМЕТ ПЕН ФИЛОСОФИЯ ДӘСТҮРІНІҢ ТАРИХИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ ИСФАХАН МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ 27

Нұрадин Г.Б., Аккулиева А.Е., Бекенов Ж.Н. ГУМАНИСТІК МОТИВАЦИЯ ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҚ ОСАЛДЫҚ: БАЛАЛАР ФИЛОСОФИЯСЫ ТҰРҒЫСЫНАН СЫНИ ТАЛДАУ 38

Кизуб Р.А. ЭМПИРИЧЕСКОЕ И ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ В МЕДИЦИНСКОЙ НАУКЕ: ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ 50

Nabidullin A.S., Merkibayev T.A., Nurekesheva G.R., Tastemir M.A. TEACHING ENGLISH THROUGH THE PHILOSOPHY OF CRITICAL PEDAGOGY: A THEORETICAL-CONCEPTUAL ANALYSIS AND PROPOSED RESEARCH DESIGN FOR THE FREIREAN APPROACH IN THE KAZAKHSTANI EDUCATIONAL CONTEXT 61

Мырзабеков Ж.Е., Еркінұлы Т. ЖАСТАР УАҚЫТЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР 73

Саяси зерттеулер туралы дискурс * Дискурс политических исследований * Discourse of Political Research

Sabirov K., Pulatov Sh. PUBLİC DİPLOMACY İN CENTRAL ASİA: SOCİAL AND İNSTİTUTİONAL DİMENSİONS İN KAZAKHSTAN AND UZBEKİSTAN 86

Rystina I.S., Aikenova D.M. TRANSFORMATION OF INTERNAL EDUCATIONAL MIGRATION IN KAZAKHSTAN UNDER THE INFLUENCE OF THE DEVELOPMENT OF BRANCHES OF FOREIGN UNIVERSITIES 97

Бухарбаев Б.С. КРЕАТИВНЫЕ ИНДУСТРИИ И ГОРОДСКАЯ ПОЛИТИКА В КАЗАХСТАНЕ: ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ АКИМАТОВ АЛМАТЫ И АСТАНЫ 110

Бейсенбаев Е.С. ШЕТЕЛДІК ПАРЛАМЕНТТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІН БАҒАЛАУ 121

Kucherbayeva D. LANGUAGE POLICY REFORMS IN KAZAKHSTAN: AN OVERVIEW OF THE POST-INDEPENDENCE PERIOD 134

Еркін А., Дүйсен Ғ.М. ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ САУДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАСТЫ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ 146

Молотова Г.М.., Молотова Э.М., Абдырахманов Т.А. РОЛЬ ШАЙХОВ В ПОЛИТИКЕ ГОСУДАРСТВА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ 158

Кодиркулов А.С. АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЙ КОМПЛАЕНС-КОНТРОЛЯ: ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ МЕХАНИЗМЫ И АРХИТЕКТУРА СОЦИАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ 168

Дінтанулық және исламтанулық зерттеулер * Религиоведческие и исламоведческие исследования * Religious and Islamic Studies

Муминова З.П., Балтабаева А.Ю. СОПЫЛЫҚ МӘТІНДЕРДЕГІ ҚҰРАН АЯТТАРЫ МЕН ХАДИСТЕРДІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ ДӘСТҮРІНІҢ ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ: «БУСТАН УЛ-МУХИББИН» ТРАКТАТЫ МЫСАЛЫНДА 180

Бомба С., Прудская В. ИНСТРУМЕНТАЛИЗАЦИЯ РЕЛИГИИ В НАЦИОНАЛИСТИЧЕСКОЙ РИТОРИКЕ: СРАВНЕНИЕ ПОЛЬШИ И РОССИИ 189

Turysbekova D.A., Toleugaliyeva S.T., Iskakova M.T. THE ROLE OF RELIGION AND VALUES OF YOUTH IN KAZAKHSTAN: EVIDENCE FROM A POST-COVID SURVEY AMONG ALMATY UNIVERSITY STUDENTS 205

Сұлтанбаева Э.С., Карыбаева А., Құдайберді Б.С. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ПРЕСВИТЕРИАНДЫҚ ШІРКЕУЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТӘЖІРИБЕСІ 216

Бекжанов Қ., Элгарбауи А. ИСЛАМДЫҚ ХАЛАЛ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЕМАНТИКАЛЫҚ КЕҢЕЮІ: «АДАЛ» СӨЗІ НЕГІЗІНДЕ 225

Сейтахметова Н.Л., Есенбаева Д. О ТЕОРЕТИЧЕСКИХ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМАХ ИССЛЕДОВАНИЯ АРХЕОЛОГИИ РЕЛИГИОЗНОЙ КУЛЬТУРЫ И РЕЛИГИОЗНОГО СОЗНАНИЯ 236

Аударма дискурсы және контекст * Дискурс перевода и контекст * Translation Discourse and Context

Куру А. ҒҰЛАМАЛАР МЕН МЕМЛЕКЕТ ОДАҒЫ: МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІНДЕГІ ДЕМОКРАТИЯ МЕН ДАМУДЫҢ КЕДЕРГІСІ 247

ҒТАХР 02.91.91 | Ғылыми мақала

Э. В. ИЛЬЕНКОВ, А. П. ОГУРЦОВ ЖӘНЕ Г. С. БАТИЩЕВ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ЖАТТАНУ МӘСЕЛЕСІ

А.Сағиқызы[1], А.Оразбекова[2], А.Бегалинов[3], М. Какимжанова[4], Ш. Әбеуова[5]

АҢДАТПА

Мақала Э. В. Ильенков, А. П. Огурцов және Г. С. Батищев философиясындағы жаттану мәселесіне арналған. Зерттеудің мақсаты — аталған ойшылдардың К. Маркстің жаттану тұжырымдамасын түсіндіру және дамыту тәсілдеріндегі ортақ негіздер мен айырмашылықтарды анықтау. Әдіснамалық негізін тарихи-философиялық зерттеудің мәтінтанулық және салыстырмалы әдістері құрайды. Жаттанудың заттану, затсыздану және затқа айналу үдерістерімен арақатынасына, сондай-ақ адам іс-әрекетінің тұтастығы мәселесіне ерекше назар аударылады. Ильенковтың үлесі жаттану категорияларының мағыналық айырмашылықтарын нақтылау және мәселенің дүниежүзілік-тарихи сипатын ашу арқылы айқындалады. Огурцовтың тұжырымдамасында қоғамдық өмірдің институттануы мен адамның функционалдануының өзара байланысы негізгі орын алады. Батищев жаттануды заттану мен затсыздандың, белсенділік пен қарым-қатынастың бірлігінің бұзылуымен байланыстырып, оның мәдениет пен ғылыми танымдағы көріністерін ашады. Зерттеу нәтижелері жаттанудың экономикалық қатынастармен шектелмейтінін және меншік формасының өзгеруі оны еңсерудің жеткілікті шарты болмайтынын көрсетеді. Қарастырылған тұжырымдамалардың теориялық маңызы адам іс-әрекетінің бөлшектенуін, білімнің затқа айналуын және тұлға дербестігінің шектелуін түсіндіру мүмкіндігімен айқындалады. Оларды еңбектің, танымның және қарым-қатынастың цифрлық технологиялар арқылы жанамалануы жағдайындағы жаттану формаларын зерттеуде қолдану перспективалары белгіленеді.

Түйін сөздер: жаттану, іс-әрекет, заттану, затсыздану, Ильенков, Огурцов, Батищев.

[1] ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

[2] әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

[3] Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан

[4] С. Сейфуллин атындағы Агротехникалық университет, Астана, Қазақстан

[5] К. Сағадиев ат. Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
А.Оразбекова, aizhan376@mail.ru

Сілтеме:
Сағиқызы А., Оразбекова А., Бегалинов А., Какимжанова М., Абеуова Ш. Э. В. Ильенков, А. П. Огурцов және Г. С. Батищев философиясындағы жаттану мәселесі // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №4(110). – Б. 3-15. – DOI: 10.48010/32kcac09

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 12/09/2026
Қабылданды: 17/10/2026
Онлайн жарияланды: 30/10/2026

Проблема отчуждения в философии Э. В. Ильенкова, А. П. Огурцова и Г. С. Батищева

Аннотация. Статья посвящена проблеме отчуждения в философии Э. В. Ильенкова, А. П. Огурцова и Г. С. Батищева. Цель исследования — выявить общие основания и различия в подходах этих мыслителей к интерпретации и развитию концепции отчуждения К. Маркса. Методологическую основу составляют текстологический и сравнительный методы историко-философского исследования. Особое внимание уделяется соотношению отчуждения, опредмечивания, распредмечивания и овещнения, а также проблеме целостности человеческой деятельности. Вклад Ильенкова раскрывается через уточнение смысловых различий между категориями отчуждения и выявление всемирно-исторического характера проблемы. В концепции Огурцова центральное место занимает взаимосвязь институциализации общественной жизни и функционализации человека. Батищев связывает отчуждение с нарушением единства опредмечивания и распредмечивания, активности и общения, раскрывая его проявления в культуре и научном познании. Результаты исследования показывают, что отчуждение не ограничивается экономическими отношениями, а изменение формы собственности не является достаточным условием его преодоления. Теоретическая

значимость рассмотренных концепций определяется их возможностями для объяснения фрагментации человеческой деятельности, овещнения знания и ограничения самостоятельности личности. Обозначены перспективы их применения к исследованию форм отчуждения в условиях цифрового опосредования труда, познания и общения.

Ключевые слова: отчуждение, деятельность, опредмечивание, распредмечивание, Ильенков, Огурцов, Батищев.

The Problem of Alienation in the Philosophy of E. V. Ilyenkov, A. P. Ogurtsov, and G. S. Batishchev

Abstract. The article examines the problem of alienation in the philosophy of E. V. Ilyenkov, A. P. Ogurtsov, and G. S. Batishchev. It aims to identify the common foundations and differences in their interpretations and development of Karl Marx's concept of alienation. The methodology combines textual and comparative analysis within a historical study of philosophy. Particular attention is paid to the relationship between alienation, objectification, deobjectification, and reification, as well as to the integrity of human activity. Ilyenkov's contribution involves clarifying the semantic distinctions between categories of alienation and revealing the problem's world-historical character. Ogurtsov's account centres on the relationship between the institutionalization of social life and the functionalization of the individual. Batishchev associates alienation with the disruption of the unity of objectification and deobjectification, activity and communication, tracing its manifestations in culture and scientific inquiry. The findings indicate that alienation extends beyond economic relations and that changes in property ownership alone are insufficient to overcome it. The theoretical significance of these approaches lies in their capacity to explain the fragmentation of human activity, the reification of knowledge, and constraints on individual autonomy. The article outlines prospects for applying them to alienation under the digital mediation of work, cognition, and communication.

Keywords: Alienation, Activity, Objectification, Deobjectification, Ilyenkov, Ogurtsov, Batishchev.

Кіріспе

Жаттану мәселесі адам іс-әрекетін, қоғамдық қатынастар мен мәдениетті философиялық тұрғыдан пайымдауда маңызды орын алады. Оның негізінде адамның жасампаз белсенділігі мен осы белсенділік нәтижелерінің өз жасаушыларына үстемдік ететін дербес күштерге айналуы арасындағы қайшылық жатыр. К. Маркс философиясында жаттану адамның іс-әрекеті мен оның өнімдері өзінен тәуелсіз болмысқа ие болып, оның еркін даму мүмкіндіктерін шектейтін қоғамдық қатынастардың тарихи тұрғыдан нақты формаларын сипаттайды.

КСРО-ның ресми философиялық дискурсында жаттану негізінен капиталистік өндіріс тәсілімен байланыстырылып, ал меншік қатынастарының өзгеруі оны еңсерудің негізі ретінде түсіндірілді. Мұндай түсіндіру Маркстің тұжырымдамасының мазмұнын тарылтып, экономикалық жағдайларды өзгерту мен адам іс-әрекетінің жаттанған формаларын еңсеру арасындағы айырмашылықты жеткілікті назардан тыс қалдырды. Осыған байланысты жаттануды меншік қатынастарымен шектелмейтін және қоғамдық өмірдің түрлі салаларын қамтитын мәселе ретінде сыни тұрғыдан қайта пайымдау қажеттілігі туындады.

1950-жылдардың соңынан бастап бұл мәселені зерттеуге Э. В. Ильенков, А. П. Огурцов және Г. С. Батищев елеулі үлес қосты. Олардың еңбектерінде К. Маркс мұрасына жүгіну жаттану тұжырымдамасының философиялық алғышарттарын зерттеумен, оның категориялық мазмұнын нақтылаумен және іс-әрекет, заттылық, қарым-қатынас пен адам еркіндігі мәселелерімен байланысын ашумен ұштасты. Зерттеу тәсілдерінің айырмашылығына қарамастан, оларды адам жасаған қоғамдық өмір формаларының өзіне үстемдік ету тетіктерін анықтауға деген ұмтылыс біріктірді. Осылайша, жаттануды зерттеу саяси-экономикалық талдаудың шеңберінен шығып, ғылым, білім беру және мәдениет салаларын қамтыды.

Аталған тұжырымдамаларға жүгінудің өзектілігі технологиялық және әлеуметтік трансформациялар жағдайындағы жаттану формаларын пайымдау қажеттілігімен айқындалады. Іс-әрекет пен қарым-қатынастың цифрлық технологиялар арқылы жанамалануы адамның дербестігі, өзі өндіретін білімге қатынасы және өзі жасаған жүйелерді бақылау қабілеті туралы мәселелерді қайта алға тартады. Ильенковтың, Огурцовтың және Батищевтің теориялық мұрасы осы мәселелерді зерттеуге негіз береді, алайда олардың ұстанымдарын реконструкциялауды және өзара салыстыруды талап етеді.

Мақаланың мақсаты - Э. В. Ильенков, А. П. Огурцов және Г. С. Батищев философиясындағы жаттануды түсінудің ерекшеліктерін анықтау, олардың К. Маркс тұжырымдамасын түсіндіру тәсілдеріндегі сабақ-тастық пен айырмашылықтарды ай-

қындау, сондай-ақ осы тәсілдердің адам іс-әрекеті мен мәдениетті философиялық тұрғыдан талдаудағы маңызын ашу.

Әдіснама

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-философиялық талдаудың мәтінтанулық және салыстырмалы әдістері құрайды. К.Маркс, Э. В. Ильенков, А. П. Огурцов және Г.С. Батищев еңбектерін мәтінтанулық талдау жаттану ұғымының категориялық мазмұнын анықтауға, оның мағыналық ерекшеліктерін нақтылауға және заттану, затсыздану мен затқа айналу ұғымдарымен байланыстарын ашуға бағытталған. Аталған ұғымдар әрбір ойшылдың философиялық тұжырымдамасы мен зерттелетін мәтіндердің мазмұндық контексі аясында қарастырылады. Бұл тәсіл терминологиялық ұқсастықтармен шектелмей, олардың теориялық қызметі мен өзара байланысын айқындауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы талдау Маркстің жаттану тұжырымдамасы мен аталған философтардың түсіндірмелері арасындағы сабақтастықты, сондай-ақ олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылады. Салыстыру жаттанудың мәні, құрылымы, қоғамдық көріністері және оны еңсеру шарттары бойынша жүргізіледі. Ерекше назар жаттану мен адам іс-әрекетінің заттық сипатының арақатынасына, іс-әрекет пен қарым-қатынас бірлігіне аударылады. Г.С. Батищевтің затсыздануды адамның мәдениеттің заттық формаларында жүзеге асқан мазмұнын игеруі және оны өзінің іс-әрекеттік қабілеттеріне айналдыруы ретінде түсіндіруі талданады. Осы әдістердің үйлесімі зерттелетін тұжырымдамалардың ортақ негіздері мен айырмашылықтарын жүйелі түрде ашуға мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

Э. В. Ильенков, А. П. Огурцов және Г. С. Батищев еңбектеріндегі жаттану мәселесін зерттеу ең алдымен К. Маркстің философиялық мұрасын реконструкциялау және сыни тұрғыдан пайымдау аясында қалыптасты. 1960-жылдардың басынан бастап бұл ойшылдар жаттанудың категориялық мазмұнын ашуға және осы тұжырымдаманың қолданылу аясын экономикалық қатынастарды талдау шеңберінен кеңейтуге мүмкіндік беретін тәсілдерді әзірледі. Жаттану мен заттанудың арақатынасы, іс-әрекеттің жаттанған формаларының тарихи шарттылығы және оларды еңсеру мүмкіндіктері туралы мәселелер негізгі мәнге ие болды.

Бұл мәселелерді зерделеу жаттануды қоғамдық құрылыстың әртүрлі формаларында сақталатын қайшылық ретінде зерттеуді қиындатқан идеологиялық шектеулер жағдайында жүзеге асты. Соған қарамастан, аталған философтардың еңбектеріне жүгіну олардың тұжырымдамаларының ортақ теориялық негіздерін де, жаттанудың табиғатын, оның көріністерін және адам іс-әрекетімен байланысын түсінудегі айырмашылықтарын да анықтауға мүмкіндік береді.

Э. В. Ильенков философиясындағы жаттану мәселесі

Маркстің жаттану тұжырымдамасын пайымдау оның мазмұнын реконструкциялауды ғана емес, тарихи-философиялық алғышарттарын анықтауды да көздеді. Э. В. Ильенков зерттеулерінде жаттану мәселесі жеке әрі жүйелі түрде баяндалмағанымен, оның диалектика тарихы мен теориясына, білім беру философиясына, эстетикаға, сондай-ақ адам мен ойлаудың кибернетикалық модельдерін сыни тұрғыдан пайымдауға арналған еңбектерінің маңызды теориялық контексін құрады. 1966 жылғы қыркүйекте Прагада өткен VI Халықаралық Гегель конгресінде ұсынылған «Гегель және "жаттану"» баяндамасы мен оған әзірленген дайындық материалдары тікелей осы мәселеге арналған.

Ильенков талдауының бастапқы өзегін Гегель мен Маркс мәтіндерін аудару және түсіндіру барысында туындайтын ұғымдық дәлдік мәселесі құрайды. Ол былай деп атап көрсетеді: «Мәселе мынада: орыс тіліндегі "отчуждение" термині бір-бірімен толық сәйкес келмейтін кемінде үш неміс терминін - "Entfremdung", "Entäußerung", "Veräußerung" - қамтиды. Осыған байланысты орысша аудармаларда Маркс ойының кейбір, бәлкім, аса маңызды реңктері назардан тыс қалып жатады, әрі дәл оның ұстанымдарын Гегельдің ұғымдар жүйесіне қарсы қою туралы сөз болатын тұстарда» [1, с. 84]. Осылайша, әртүрлі неміс ұғымдарын жеткізу үшін бір ғана орыс терминін қолдану Маркс ұстанымының өзіндік ерекшелігін және оның Гегельдің жаттануды түсінуінен

айырмашылықтарын анықтауды қиындатуы мүмкін. Ал қазақ тілінде «жаттану» деп аударылып келеді. Егжей-тегжейлі талдай отырып, ұғым қалыптастыруға арналған жұмыстар болашақта қолға алынады.

Осы мағыналық айырмашылықтарды нақтылау тиісті ұғымдардың қолданылу контексіне жүгінуді талап етеді. Сондықтан Ильенков «осы ұғымның нақты мағынасын анықтау және "Entäußerung", "Entfremdung", "Veräußerung" ұғымдарын дәл қолданбаудан туындайтын спекуляцияларға жол бермеу үшін Маркс пен Гегель мәтіндеріне мұқият, ішінара тіпті таза формалды талдау жүргізу» қажеттігін атап көрсетеді [2, с. 138]. Мәтінтанулық талдау бұл жерде теориялық мәнге ие болады: ол жаттанудың әртүрлі анықтамаларын ажыратуға және олардың Гегель мен Маркстің философиялық тұжырымдамаларындағы орнын нақтылауға мүмкіндік береді.

Э. В. Ильенков Гегель мен Маркстің «Entäußerung» және «Entfremdung» ұғымдарын қолдануындағы айырмашылыққа назар аударады. Гегель олардың мазмұнын ажыратса, Маркс «1844 жылғы экономикалық-философиялық қолжазбаларда» оларды «синонимдер ретінде - үтір арқылы» қолданады [1, с. 85]. Осы айырмашылықтың негіздерін анықтай отырып, Ильенков былай деп жазады: «Гегель үшін бұлар - әртүрлі ұғымдар. "Entfremdung" - феноменологиялық дамудың өте нақты шектелген бір ғана кезеңімен байланысты ұғым; бұл кезең "Entäußerung"-тің бір фазасы ретінде моральдылықта "алынып тасталады"...» [1, с. 85]. Осылайша, Гегель жүйесінде «Entfremdung» рух дамуының еңсерілетін белгілі бір сатысын сипаттайды, ал «Entäußerung» оның қалыптасуының кейінгі сатыларында да өз мәнін сақтайды.

Ильенковтың түсіндіруіне сәйкес, Гегельдегі «Entäußerung» ұғымы «мағынасы жағынан "Vergegenständlichung" <заттану>, "äußere Verwirklichung" <сырттай жүзеге асу> ұғымдарына жақынырақ, яғни жалпы адам іс-әрекетінің өткінші емес әрі қажетті формасын білдіреді. Осы мағынада "Entäußerung" "рух" анықтамасының өзегіне енеді» [1, с. 86]. Демек, бұл ұғымдарды ажырату тарихи және логикалық тұрғыдан айқындалған күй ретіндегі жаттануды іс-әрекеттің қажетті сәттері болып табылатын сыртқы жүзеге асу мен заттанудан айыруға мүмкіндік береді.

«1844 жылғы экономикалық-философиялық қолжазбаларда» «Entäußerung» және «Entfremdung» ұғымдарының синонимдік қолданысын Маркстің заттану мен жаттануды ажыратуы аясында түсіндіруге болады. Заттану (Vergegenständlichung) адам іс-әрекетінің заттық түрде жүзеге асуының қажетті формасы болса, жаттану іс-әрекет пен оның нәтижелері адамға өзінен тәуелсіз күш ретінде қарсы тұратын қоғамдық жағдайларды сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, «Entäußerung» және «Entfremdung» жаттанған іс-әрекеттің әртүрлі қырларын білдіреді. Алайда бұл түсіндіру мақала авторларының интерпретациясы: Ильенковтың өзі аталған терминдік қолданыстың негіздерін тікелей түсіндірмейді.

Сонымен бірге Ильенков «Entäußerung», «Entfremdung», «Veräußerung», «Verdinglichung» ұғымдарынсыз «"Капиталды" оның бүкіл шынайы мазмұны мен мағынасында дұрыс түсіну мүмкін емес» екенін атап көрсетеді [1, с. 89]. «Капиталда» бұл категорияларды жаттанудың әртүрлі формаларының өзара байланысын ашатын қоғамдық қатынастарды жүйелі талдау аясында қарастыру қажет. Сондықтан олардың синонимдігі туралы мәселе әр ұғымның нақты қолданылу контексін және Маркс зерттеуінің құрылымындағы категориялық қызметін ескеруді талап етеді.

Э. В. Ильенков ұстанымында меншік формасының өзгеруі мен жаттануды еңсеруді ажыратудың қағидалық маңызы бар. Өз баяндамасында ол былай деп жазады: «Өндіріс құралдарына меншіктің жалпымемлекеттік, жалпы халықтық, социалистік формасын орнатқан елдерде "жаттанудың" бар екенін жоққа шығару - коммунистік қайта құрудың жалпы теориялық өлшемдерін төмендету деген сөз» [1, с. 95]. Осылайша, ол өндіріс құралдарына қоғамдық меншікті жаттану еңсерілді деп тану үшін жеткілікті негіз ретінде қарастырмайды. Ильенков қоғамдық қатынастардың жаттанған формаларының сақталуын, атап айтқанда, мемлекеттің болуымен байланыстырады: «*Мемлекет... бар жерде, "жаттану" да бар*. Бұған көз жұмуға болмайды» [2, с. 137].

Мұндай түсінік жаттану мәселесін белгілі бір қоғамдық құрылыс немесе ұлттық кеңістік шеңберімен шектеуге жол бермейді. Ильенков атап көрсеткендей, «"Жаттану" ("Entfremdung") - қандай да бір

елдің немесе бірқатар елдердің мемлекеттік шекарасынан өткен сәтте мәселе болудан қалатын жергілікті проблема емес. Бұл - дүниежүзілік тарихта іс жүзінде әлі шешімін таппаған дүниежүзілік-тарихи мәселе» [1, с. 95]. Осы тұрғыдан алғанда, жаттануды еңсеру адам іс-әрекеті мен қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру тәсілдерінің өзін өзгертуді көздейді, ал оның шарттары мен мүмкіндіктері дүниежүзілік-тарихи ауқымда қарастырылуы тиіс.

А. П. Огурцов философиясындағы жаттану мәселесі

А. П. Огурцов 1967 жылы «Жаттану, рефлексия және практика» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 1960 -жылдардың соңында оның зерт-теулерінің негізгі бағыты ғылым философиясына ауысты. Жаттану мәселесін зерделеуде оның осы феномен туралы түсініктердің қалыптасуы мен дамуына арналған «Жаттану және адам (тарихи-философиялық очерк)» мақаласы маңызды орын алады. Осы зерттеу аясында Огурцов ұсынған тиісті идеялардың қоғамдық келісім теорияларынан бастап Л. Фейербах ілімін қоса қамтитын реконструкциясы қарастырылады.

Қоғамдық келісім теорияларына жүгінген Огурцов Т. Гоббс пен Ж.-Ж. Руссо ұстанымдарын салыстырады. Оның Гоббс ілімін түсіндіруінде «барлығының барлығына қарсы соғысы» ретінде сипатталатын адамдардың табиғи күйі мен қоғамдық келісім арқылы орнатылатын азаматтық күйінің арасындағы айырмашылық бастапқы негіз болып табылады. Азаматтық күйге өту жеке еркіндікті өзара шектеуді және өкілеттіктерді егемен билік иесіне беруді көздейді. Огурцов былай деп түсіндіреді: «Адам өз құқықтарын мемлекетке беру арқылы өзінің абсолютті еркіндігін ерікті түрде шектейді. <...> Мемлекет - абсолютті егемен билік иесі - келісім арқылы құрылған адамдардың жаттанған нақты күйін білдіреді» [3, с. 42].

Мұндай түсіндіру жаттанудың заңдық және философиялық мағыналарын ажыратуды талап етеді. Құқықтарды немесе өкілеттіктерді беру өздігінен философиялық мағынадағы жаттанумен тең емес, өйткені соңғысы адамдар жасаған қоғамдық күштердің оқшауланып, оларға қарсы тұратын дербес билікке айналуын білдіреді. Сонымен қатар Гоббс тұжырымдамасындағы табиғи күй мен қоғамдық келісімді мемлекеттің пайда болуының нақты тарихи реттілігін сипаттау ретінде емес, ең алдымен саяси тәртіптің легитимділігінің негіздері мен шарттарын ашатын теориялық конструкциялар ретінде қарастыру қажет. Сондықтан мемлекетті жаттану формасы ретінде түсіндіру индивидтер мен олар құрған саяси билік арасындағы қатынастарды қосымша талдауды талап етеді.

А. П. Огурцов Ж.-Ж. Руссо мен Т. Гоббстың қоғамдық келісім тұжырымдамалары арасындағы қағидалық айырмашылықтарды анықтап, Руссоның өркениеттік дамудың қайшылықтарына сыни қатынасына назар аударады. Ол Руссоның ұстанымын былайша сипаттайды: «Табиғи күйден өркениетке өту - ішкі қайшылықтарға толы үдеріс. Ғылымдар мен өнердің жетістіктері тұлғаның күйреуімен, адамдар арасындағы табиғи байланыстардың бұрмалануымен қатар жүреді» [3, с. 42]. Бұл түсіндіруде өркениеттің дамуы адамның адамгершілік тұрғыдан жетілуімен теңестірілмейді: оның мәдени мүмкіндіктерінің кеңеюі тұлғааралық қатынастардың бұрмалануымен және қоғамда қалыптасқан шарттылықтарға тәуелділігінің күшеюімен қатар жүреді.

Огурцов Руссоның жеке меншіктің экономикалық және әлеуметтік теңсіздіктің қалыптасуындағы, сондай-ақ жеке мүдделердің ортақ игіліктен оқшаулануындағы рөлін түсінуіне ерекше мән береді. Осы үдерістердің салдарын сипаттай отырып, ол былай деп жазады: «Руссоның айтуынша, қазіргі қоғам - табиғатта шынайы негізі жоқ жасанды құмарлықтарға ие жасанды адамдардың жиынтығы. Адамның мінез-құлқы, ойлау сипаты, тілі мен әдет-ғұрыптары стандартталып, тұлғалық ерекшелігінен айырылады» [3, с. 43–44]. Осылайша, жаттану мәселесі тұлғаның дербестігін жоғалтуы, сыртқы бағалауларға тәуелділігі және мінез-құлқының тұлғасызданған әлеуметтік үлгілерге бағынуы арқылы ашылады. Огурцовтың түсіндіруіне сәйкес, Руссо қалыптасқан қоғамдық тәртіпке ақылпарасат пен өзара ашықтыққа негізделген тікелей тұлғалық қатынастар идеалын қарсы қояды. Огурцовтың бағалауынша, бұл идеал өзінің қалыптасуының тарихи жағдайларында утопиялық сипатын сақтайды.

Классикалық неміс философиясын талдауда А. П. Огурцов ең алдымен «Рух фе-

номенологиясында» баяндалған Гегельдің жаттану тұжырымдамасына назар аударады. Оның түсіндіруіне сәйкес, рухтың өзге болмысқа жаттануы өзін-өзі танудың қажетті сәті болып табылады: өзге болмысқа қатынасында рух өзінің мазмұнын ашып, өзіне қайта оралады. Огурцов: «Жаттануды алып тастау рухтың өзіне, субъект пен объектінің абсолютті тепе-теңдігіне қайта оралатын таным үдерісімен барабар», - деп атап көрсетеді [3, с. 47]. Гегель философиясын сыни тұрғыдан пайымдау позициясынан мұндай шешімнің шектеулілігі жаттануды еңсерудің өзіндік сана саласында жүзеге асуында және өздігінен нақты қоғамдық қатынастарды өзгертуді көздемеуінде жатыр. Сонымен бірге Огурцов Гегельдің мәселені қоюының теориялық маңызын мойындап, «жаттануды идеалистік-спекулятивтік тұрғыдан түсіну шеңберінде Гегель бірқатар елеулі мәселелерді қоя алды» деп атап көрсетеді [3, с. 49].

Л. Фейербах философиясына жүгіну Огурцовқа жаттануды рух дамуының сәті ретінде түсіндіруден оны адам мәнінің жаттануы ретінде түсінуге өтуді қадағалауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, дін мен идеалистік философия адам қасиеттері мен қабілеттерін дербес әрі адамға қарсы қойылған мәнге айналдыратын формалар ретінде сын нысанына айналады. Огурцов атап көрсеткендей, «Фейербахтың еңбегі - идеализмді логикалық тұрғыдан жүйеленген дін ретінде түсіндіріп, адам мәнінің жаттануының осы формаларын сынға алуында» [3, с. 53]. Осылайша, Фейербахтың антропологиялық сыны талдаудың негізін өзгертеді: жаттану мәселесі адамның өз мәнінің объективтенген анықтамаларына қатынасы арқылы қарастырылады.

А. П. Огурцов К. Маркс тұжырымдамасындағы жаттанудың категориялық құрылымын реконструкциялауға талпыныс жасайды. Ол былай деп жазады: «Жаттанудың әртүрлі қырларын "Veräußerung", "Entäußerung", "Entfremdung", "Fremdartigkeit" категориялары арқылы білдіре отырып, ол (Маркс. – Авт.) жаттану үдерісінің ішіндегі объективті тәуелділікке сәйкес олардың арасындағы субординацияны айқындайды» [3, с. 77]. Огурцовтың пікірінше, бұл категориялар «тауар-ақша қатынастарының дамуына қарай жаттану үдерісінің тереңдеуін білдіреді» [3, с. 77]. Осы құрылымда «Entfremdung» ерекше орын алады: «"Entfremdung" категориясы, - деп тұжырымдайды ол, - жаттанудың ең терең үдерістерін бейнелейді; ол адам жасаған бүкіл әлеуметтік дүниенің адамның өзінен жаттануымен байланысты» [3, с. 77].

Ұсынылған реконструкция жаттанудың әртүрлі анықтамаларының ішкі өзара байланысын ашқанымен, Маркс тұжырымдамасының категориялық мазмұнын толық қамтымайды. Атап айтқанда, адам іс-әрекеті нәтижелерінің оқшауланууы мен дербес қызмет ету тетіктерін түсіну үшін маңызды қоғамдық қатынастардың тұлғалануы және өзгерген форма аталған сызбадан тыс қалады. Сонымен қатар осы мақалада ұсынылатын интерпретация аясында «Entfremdung» ұғымын жаттанудың ең терең сатысын білдіретін атау ретінде ғана емес, осы үдерістің тұтастығын көрсететін категория ретінде де қарастыру қажет. Мұндай түсінікте жаттанудың өзге анықтамалары адамдар жасаған әлеуметтік дүние оларға дербес күш ретінде қарсы тұратын қоғамдық қатынастардың біртұтас жүйесінің өзара байланысты сәттерін ашады.

«Жаттану әлеміндегі адам (К. Маркс еңбектері бойынша)» мақаласында А.П.Огурцов жаттануды адам мен өзі жасаған әлеуметтік дүние арасындағы қатынастардың инверсиясы арқылы ашады: «Капитализм - сиқырланған, бұрмаланған, төңкерілген дүние. Онда адам мен өзі жасайтын әлеуметтік дүние арасындағы қатынастар толығымен кері айналған. Адам бұл дүниенің қожайыны әрі жасаушысы емес, керісінше, бұл дүние оған үстемдік етеді» [4, с. 153]. Бұл түсіндіруде адам іс-әрекетінің нәтижелері дербестікке ие болып, өз жасаушыларының іс-әрекетін бағындырады. Огурцов бұл үдерісті «өмірдің барлық формаларының институттануы мен адамның өзінің функционалдануының» өзара байланысы арқылы нақтылайды [4, с. 154]. Институттану қоғамдық өмірді ұйымдастыру мен реттеу формаларын орнықтырса, функционалдану индивидтің оларға қатысудың белгіленген тәсілдеріне бағынуын білдіреді.

Огурцов талдайтын жаттанған қатынастар жүйесінде әлеуметтік институттар индивидтерден оқшауланған, олардың өмірлік іс-әрекетін реттейтін және бақылайтын құрылымдар ретінде көрінеді. Олардың арасында мемлекет ерекше орын алады. Құқықтық, саяси және әскери

салалар ғана емес, дін, ғылым мен өнер де институционалдық ұйымдасуға ие болады. Бұл ретте жаттану институттардың өмір сүруінің өзімен емес, олардың адаммен қатынасының белгілі бір сипатымен байланысты: мұндай қатынаста әлеуметтік функцияны орындау адам іс-әрекетінің айқындаушы мазмұнына айналып, оның тұлғалық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін шектейді.

Функционалдануды сипаттау үшін Огурцов әлеуметтік рөл ұғымына жүгінеді. Жаттану жағдайында рөл сырттан белгіленген сценарий сипатына ие болып, индивид негізінен жекелеген әлеуметтік функцияның иесі ретінде көрінеді. Осыған байланысты мінез-құлықтың рөлдік ұйымдасуы мен тұлғаның тұтастығының арақатынасы туралы мәселе туындайды. Бұл мәселе әлеуметтану мен әлеуметтік психологиядағы, соның ішінде Дж. Мид, Р. Мертон және Н. Гросс еңбектеріндегі рөлдік тұжырымдамаларды талқылау үшін маңызды. Огурцов сыны адамның әлеуметтік қатысуының әртүрлі формаларының бытыраңқылығына бағытталған: «ол қатысатын әлеуметтік рөлдер бір-бірімен тоғыспайды» [4, с. 155]. Мұндай жағдайда орындалатын рөлдердің көптігі өздігінен тұлғаның жан-жақтылығын білдірмейді: олардың үйлесімсіздігі мен өзара жаттануы адам іс-әрекетінің бөлшектенуін қайта өндіруі мүмкін.

Функционалдану сана саласын да қамтиды. Огурцов былай деп жазады: «Адамның ойлау сипаты да институттанады. Адам санасы орасан зор үгіт-насихат аппаратының өңдеу нысанына айналады. Адам күн сайын газет оқып, радио тыңдай отырып, рухани концентраттарды бойына сіңіреді. Өзінің зияткерлік келбетінде де адам әлеуметтік институттардың функционалдық бірлігіне айналады» [4, с. 156]. Осылайша, жаттану мінез-құлықты сырттан реттеуде ғана емес, қалыптасқан институционалдық тәртіпті қайта өндіруге бейімделген қабылдау және ойлау тәсілдерінің қалыптасуында да көрініс табады.

Огурцов жаттану мәселесін капиталистік қатынастармен шектемейді. Социализмді қарастыра отырып, ол былай деп жазады: «Социализм жағдайында қарама-қарсы екі үрдістің күресі жүреді: жаттануды еңсеру үрдісі және әлеуметтік өмірдің жаттанған формаларын сақтау мен нығайту үрдісі. Социализм жағдайындағы жетекші үдеріс - жаттануды еңсеру үдерісі» [4, с. 182]. Бұл ұстаным қоғамдық құрылыстың өзгеруі мен жаттануды іс жүзінде еңсерудің арасындағы айырмашылықты мойындауды көздейді. Жаттануды еңсеру институционалдық өзгерістерді ғана емес, индивидтердің өздерінің күнделікті қатынастары мен іс-әрекет тәсілдерін өзгертуді де талап етеді.

Мұндай тәсілдің теориялық негізі - Маркстің коммунистік қоғамның төменгі және жоғары фазаларын ажыратуы. Бірінші фазаның бұрынғы қоғамдық тәртіптің іздерін сақтайтын кезең ретінде сипатталуы экономикалық және саяси жағдайлар өзгергеннен кейін де жаттанған қатынастардың қайта өндірілу мүмкіндігін түсіндіруге жол ашады (қараңыз: [5, с. 18]). Осы тұрғыдан алғанда, жаттануды еңсеру меншік формасының немесе қоғамдық институттар жүйесінің бір мезетте ауысуына келіп тірелмейтін тарихи үдеріс ретінде көрінеді.

Г. С. Батищевтің жаттану тұжырымдамасы

Жаттану мәселесін зерделеуге Г. С. Батищев елеулі үлес қосты. Оның философиялық зерттеулерінің негізгі бағыттары диалектика теориясы мен тарихы, философиялық антропология, шығармашылық мәселесі және білім беру философиясы болды. Бұл бағыттар өзара байланысты мәселелер өрісін құрап, оның өзегінде адам іс-әрекетінің тұтастығы, тұлғалық даму және қарым-қатынас мәселелері тұрды.

К. Маркстің «Капиталында» жаттануды талдау негізінен еңбек пен капиталистік өндірістің қоғамдық қатынастарын зерттеу аясында өрбісе, Батищев іс-әрекетке адам болмысының тәсілі ретінде назар аударады. Оның тәсілі үшін іс-әрекетті заттануға ғана келіп тіреуге болмайтындығының қағидалық маңызы бар. Заттану адам қабілеттерінің заттық нәтижелерде іске асуын білдірсе, затсыздану сол нәтижелерде іске асқан іс-әрекеттік мазмұнды игеруді және оны адамның өз қабілеттеріне айналдыруды білдіреді. Екі үдеріс те адам іс-әрекетінің қайта өндірілуі мен дамуының өзара байланысты сәттері болып табылады.

Батищев былай деп атап көрсетеді: «Затсыздану мен заттану қарама-қарсылықтар ретінде бірін-бірі өзара алғышарт етіп, әрі жоққа шығара отырып, бір-біріне

толығымен, қалдықсыз ауысып қана қоймайды, сонымен бірге бір-біріне дәл сондай толық өзара еніп, шынайы тепе-теңдік құрайды. *Іс-әрекет дегеніміз - затсыздану мен заттанудың нақ осы нақты тепе-теңдігі* (Entgegnständlichung und Vergegnständlichung)» [6, с. 224]. Осылайша, іс-әрекеттің заттық нәтижесі түпкілікті қатып қалған форма ретінде емес, адам қабілеттерін игеру мен одан әрі дамытудың жанамалаушы буыны ретінде қарастырылады.

Алайда адамның заттық дүниеге қатынасы іс-әрекеттің мазмұнын толық қамтымайды. Адам оның субъектісі ретінде бір мезгілде басқа адамдармен қатынастардың қатысушысы да болып табылады. Бұл ұстаным С. Л. Рубинштейннің мына тұжырымымен үндеседі: «адам тек басқа адамға қатынасында ғана бар: адам дегеніміз - бір-бірімен өзара қатынастағы адамдар» [7, с. 4]. Батищевте заттық белсенділік пен тұлғааралық қатынастардың бірлігі былайша тұжырымдалады: «Адамның мәні - белсенділік пен қарым-қатынастың тепе-теңдігі ретіндегі іс-әрекет...» [6, с. 218]. Демек, қарым-қатынас іс-әрекетті жүзеге асырудың сыртқы шарты емес, адам іс-әрекетінің ішкі анықтамасын құрайды.

Жаттануды түсіну үшін Батищев жүргізген мамандану мен іс-әрекеттің бөлінуі арасындағы айырмашылықтың да елеулі маңызы бар. Мамандану тұтас іс-әрекеттің белгілі бір заттық мазмұнға шоғырлануын көздесе, іс-әрекеттің бөлінуі оның ішкі бірлігін бұзуы мүмкін. Батищев былай деп жазады: «Мамандану өздігінен адам іс-әрекетін "бөлмейді", "бөлшектемейді", тек оның тұтас әрі өзінің имманентті анықтамаларының бүкіл толықтығына ие күйінде ерекше заттарға шоғырлануын білдіреді. <...> Алайда іс-әрекет бөлінген жағдайда оның мамандануы да өзіндік тарихи өткінші формаға - *кәсібилік* формасына ие болады; бұл форма... заттың өзінің бөлшектенуімен теңестіріліп, мәңгілік әрі "табиғи" форма ретінде көрсетіледі. Сонымен қатар мамандану нәтижесінде де, іс-әрекеттің өзінің бөлінуі нәтижесінде де дербестенген қызмет түрлерінің *бөлінісін* ажырату қажет» [6, с. 237–238].

Осы контексте кәсібилік ұғымы кәсіби құзыреттіліктің өзін емес, бөлінген іс-әрекетті ұйымдастырудың тарихи тұрғыдан нақты формасын білдіреді. Мұндай ажырату жаттану мәселесін іс-әрекет тұтастығының жоғалуымен және адамға жекелеген функциялардың бекітілуімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Заттану мен затсыздануды, белсенділік пен қарым-қатынастың бірлігі Батищевтің жаттануды адамның болмыс тәсілінің бұрмалануы ретінде зерттеуінің теориялық негізін құрайды.

Г. С. Батищев тұжырымдамасында жаттану адамдар жасаған қоғамдық күштердің өз жасаушыларына үстемдік ететін дербес құрылымдарға айналуымен сипатталады. Ол бұл үдерісті былайша бейнелейді: «Адамдардың өзін-өзі бақылау қабілеті Қоғамның *адамдық емес* күштерінің өз жасаушыларын бақылау және оларға үстемдік ету қабілетіне айналады. Адамдардың өз тарихын жасауы парадоксты түрде мүлде қарама-қарсы құбылыс ретінде көрінеді: бәріне құдіретті Тарих адамдарды жасайды. Адам еркіндігінің барлық мүмкіндіктері олардың өз *еркінсіздігін* жасау құралдарына айналады» [6, с. 116]. Мұндағы жаттану қайшылығы адамның өз іс-әрекетінің оның тәуелділік жағдайларын қайта өндіруінен, ал осы іс-әрекет нәтижелерінің оған үстемдік етуінен көрінеді.

Батищев осы үдерістің мазмұнын нақтылайды: «Мұнда жаттану деп адамдар өздерінің дамуын өздерінен өздері жасаған, адамдардан *тыс* өмір сүретіндей көрінетін әлеуметтік феномендерге көшіретін және осы феномендердің дамуын өздерінен *жоғары* қоятын ерекше үдеріс түсініледі. Олар бұл феномендерге өздерінен басымдық беріп, өздерін екінші кезектегі, тәуелді, сол феномендердің функциялары ретінде қарастырады» [8, с. 725]. Бұл анықтамада негізгі назар адам дамуының әлеуметтік құрылымдардың қайта өндірілуіне бағынуына аударылады. Адамдар жасаған қоғамдық өмір формалары өзіндік мақсат мәніне ие болады, ал адамдардың өздері олардың қызмет етуінің тәуелді элементтері деңгейіне түсіріледі. Осылайша, жаттану адам мен оның іс-әрекетінің қоғамдық формалары арасындағы қатынастың инверсиясын білдіреді: соңғыларының дамуы тұлғаның даму мүмкіндіктерін шектеу есебінен жүзеге асады.

К. Маркс капиталистік тұрғыдан ұйымдастырылған өндірісте өзара байланысты екі полюсті - жалдамалы жұмысшы мен

капиталисті - бөліп көрсетеді (қараңыз: [9, с. 248]). Осы тұжырымды дамыта отырып, Г. С. Батищев жұмысшыны жаттану үдерісінің *біріншілік*, ал капиталисті *екіншілік* тұлғасы ретінде сипаттайды. Мұндай ажыратудың негізі олардың еңбекке және оның нәтижелеріне қатысты алатын орнында жатыр: жұмысшы өндірістік іс-әрекетті тікелей жүзеге асырады, ал капиталист оның жаттанған нәтижелерін иемдену полюсінде орналасады (қараңыз: [10, с. 47]).

Батищев бұл сызбаны кеңейтіп, жаттанудың екіншілік тұлғаларының ішкі иерархиясын анықтайды. Ол былай деп жазады: «Онда өзіндік "төменгі" және "жоғарғы" топтар бар: бір жағынан, көптеген *орындаушы кейіпкерлер* - алуан түрлі утилитарлық-институционалдық қызметшілер мен күзеттеу-жазалау функцияларын атқарушылар (соның ішінде "ақылой еңбегінің" сенімді түрде сатылатын мамандарының - идеологтардың құрметті тобы да бар); екінші жағынан, барлық дәрежедегі және түрдегі қызметшілеріне қаһарлы әмір жүргізетін іскерлік және шенеуніктік-казармалық дүниенің *"алпауыттар" элитасы* бар» [6, с. 124]. Бұл сипаттаманың полемикалық формасының астарында жаттанған қатынастарды қайта өндірудегі орындаушылық және билік жүргізу мен өкім ету функцияларын ажырату жатыр. Осылайша, Батищев талдауы еңбек пен капитал арасындағы тікелей қатынас шеңберінен шығып, қалыптасқан қоғамдық тәртіпті басқарудың, бақылаудың және идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз етудің институционалдық тетіктерін қамтиды.

Батищев жаттанудың екіншілік тұлғаларының орындаушылық және билік жүргізу мен өкім ету ұстанымдары арасындағы айырмашылықтарды тиісті дүниетанымдық бағдарлардың қалыптасуымен байланыстырады. Біріншісі «орта теориясында», екіншісі «таза акт теориясында» немесе «активизм теориясында» философиялық көрініс табады. Бұл бағдарлардың ортақ негізі - қоғамдық шындықтың қалыптасуы мен қайта өндірілуінің қайнар көзі ретіндегі адам іс-әрекетінен абстракциялану.

«Орта теориясында» адамдар жасаған әлеуметтік дүние индивидтердің мінез-құлқын айқындайтын сыртқы, дербес өмір сүретін шындық ретінде көрінеді. Бұл ретте оның жаттанған сипаты ашылмайды, ал тарихи қалыптасқан қатынастар адам өмір сүруінің табиғи әрі өзгермейтін шарттары ретінде қабылданады. «Активизм теориясында», керісінше, шындық негізінен өзгертуге арналған енжар материал ретінде қарастырылады, ал субъектінің белсенділігі абсолюттендіріліп, шектеусіз еріктік ықпал ету сипатына ие болады.

Осылайша, бұл бағдарлар жаттанған шындықты пайымдаудың қарама-қарсы, бірақ өзара байланысты тәсілдерін білдіреді: адамның сыртқы жағдайларға бағынуы және оның сол жағдайларға сөзсіз үстемдігін бекіту. Аталған типология аясында бірінші үрдіс К. А. Гельвеций мен П.-А. Гольбах философиясының жекелеген қағидаларымен, ал екіншісі Ф. Ницше мен Дж. Джентиле философиясының бағдарларымен байланыстырылады. Мұндай салыстыру белгілі бір теориялық үрдістерді сипаттайды, алайда аталған ойшылдардың ілімдерінің мазмұнын толық қамтымайды.

Г. С. Батищев Маркстің затқа айналу ұғымын нақтылап, осы үдерістің өзара байланысты үш формасын және оларға сәйкес келетін фетиштену формаларын бөліп көрсетеді. Бірінші форма мәдени іс-әрекеттің нәтижелерін қамтиды: «Біріншіден, жалпы бүкіл адамзат мәдениетінің адамдардың заттық дүниені өзгертуші іс-әрекетімен қандай да бір түрде жанамаланған өнімдері ретіндегі *туындылардың* затқа айналуы» [11, с. 268]. Екінші форма қоғамдық байланыстарға қатысты: «затқа айналу дегеніміз - барлық әлеуметтік *қатынастардың* затқа айналуы...» [11, с. 272]. Үшінші форма адамның өзін қамтиды: «затқа айналу адамның өзінің қандай да бір қырын ғана емес, өзін тұтастай зат деңгейіне түсіруін - индивидтің өзінің затқа айналуын білдіреді» [11, с. 274]. Мұндай ажырату затқа айналуды іс-әрекет өнімдерін, адамдар арасындағы қатынастарды және адамның өзіне қатынас жасау тәсілдерін қамтитын үдеріс ретінде ашуға мүмкіндік береді. Іс-әрекеттің қажетті сәті ретіндегі заттанудан айырмашылығы, затқа айналу оның адамдық мазмұнын заттың қасиеттері мен функцияларына редукциялауды білдіреді.

Батищев зерттеулерінің ерекше бағытын ғылыми танымдағы жаттануды талдау құрайды. Оның тәсіліне сәйкес, ғылымның мәдениеттің басқа салаларынан оқшауланууы оның мамандандырылған білім өндірісі ретінде ұйымдасуымен

қатар жүреді. Бұл ретте ғылымның салыстырмалы дербестігі оның қоғамдық қатынастарға тәуелділігін жоймайды: материалдық өндірісті ұйымдастыру формалары танымдық іс-әрекеттің ішінде қайта өндіріледі. Жаттану іс-әрекеттің бөлінуі ғылыми шығармашылықтың өзара байланысты сәттерін оқшаулап, оның тұтастығын бұзған жағдайда туындайды.

Осы қайшылықты ашу үшін Батищев ғылымды ұйымдастырудың екі құрылымын ажыратады: «Қазіргі "үлкен ғылым" деп аталатын құбылыс (Дерек Прайстың тіркесі) іс жүзінде мүлде әртүрлі деңгейдегі құрылымдардың бір-біріне қабаттасуы мен тоғысуының нәтижесі болып табылады. Біріншіден, бұл - өзінің алуан түрлілігімен іс-әрекет арқылы игерілетін заттық мазмұнның бастапқы табиғи алуан түрлілігіне сәйкес келетін мамандықтар құрылымы. <...> Екіншіден, бүгінгі ғылымның құрамында тұтас іс-әрекеттің өзін осындай "бөліктерге" бөлудің салдары болып табылатын мүлде бөгде құрылым да бар; бұл бөліктердің әрқайсысы материалдық және рухани, мақсат қою және орындау үдерістерінің және т. б. бірлігі ретіндегі іс-әрекеттің барлық қажетті атрибуттарын енді өз бойында қамтымайды» [12, с. 188–189].

Бірінші құрылым зерттеу нысандарының алуан түрлілігімен айқындалады және танымдық іс-әрекеттің тұтастығын сақтай отырып мамандануды көздейді. Екінші құрылым жекелеген операциялар ғылыми міндеттерді қою мен шешудің жалпы үдерісінен оқшауланатын бөлшектенуді білдіреді. Демек, Батищев жаттанудың қайнар көзін маманданудың өзінен емес, адам іс-әрекетінің ішкі бірлігін үзетін ғылымды ұйымдастыру тәсілінен көреді.

Г. С. Батищев бөліп көрсеткен ғылым-ды ұйымдастыру құрылымдарының бірін-шісі заттық алуан түрлілікке және шығармашылық танымның ішкі логикасына сәйкес келеді. Екіншісі жаттану салдарынан оның тұтастығының бұзылуын білдіреді. Танымдық іс-әрекеттің оқшауланған операцияларға бөлінуі ғылыми шығармашылықтың сипатын өзгертеді: оның ішкі логикасы жекелеген рәсімдер жүйесі арқылы жүзеге асады, ал олардың әрқайсысы тұтастықпен байланыстан тыс өз мазмұнының толықтығын жоғалтады. Сонымен бірге зерттеушінің жағдайы да өзгереді. Оның танымға қатысуы жекелеген функцияларды орындаумен шектеліп, соның салдарынан ол *ішінара функцияларды атқаратын ғылыми қызметкерге* айналады.

Батищев ғылымдағы жаттанудың бір көрінісі ретінде білімге инструменталдық қатынастың басым болуымен байланысты оның затқа айналуын қарастырады. Ол былай деп жазады: «Сондықтан жүйенің жекелеген буындары басқа буындармен материалдық өндіріс үдерісіндегі буындар өзара байланысатындай *түрде* байланысып, арақатынасқа түседі: бір жерде (буында) алынған нәтиже басқа жерде *пайдаланылады*, яғни пайдаланылатын заттың қандай еңбектің өнімі болғанына және оның жалпы еңбек өнімі болған-болмағанына мүлде қатыссыз өндіріс құралы қызметін атқарады» [13, с. 115]. Мұндай қатынаста білім негізінен белгілі бір міндеттерді шешуге жарамды дайын нәтиже ретінде қабылданады, ал оны алу үдерісі мен заттық негіздері игеруден тыс қалады. Пайдалану ішінара затсыздану сипатына ие болады: іс-әрекет нәтижесі оның бойындағы танымдық мазмұнды толыққанды қалпына келтірместен меңгеріледі.

Батищев білімге мұндай қатынастың екі шеткі формасын - *утилитаризм* мен *догматизмді* - бөліп көрсетеді. Екеуіне ортақ нәрсе - білімді оның бекітілген тілдік көрінісімен теңестіру. Утилитаризм практикалық мақсаттарға қарай осы тілдік көрініспен еркін амалдар жасауға жол берсе, догматизм оған сыни тұрғыдан қайта пайымдауды жоққа шығаратын өзгермейтін мазмұн мәртебесін береді. Бағдарларының қарама-қарсылығына қарамастан, екі жағдайда да білімнің өз нысанымен және танушы субъектінің іс-әрекетімен жанды байланысы бұзылады. Сондықтан Батищев догматизмді утилитаризмнен салыстырмалы түрде артық көргеннің өзінде, оларды білімге затқа айналдырушы қатынастың өзара байланысты формалары ретінде қарастырады.

Ол бұл бұрмалануды тетігін былайша ашады: «Рухани өндірістің өзі материалдық өндірістің үлгісі мен бейнесіне сай қайта құрылғанда, ғылым ағзасының ішіне енген еңбек бөлінісі оның бытыраңқы мүшелері арасындағы қатынасты пайдалану қатынасына айналдырады. Бірақ мұндай жағдайда *ғылымның өз ішінде* білім енді затсыздандырыл*майды*, барған сайын өз *нысаны* туралы білім ретінде *емес*, *ерекше*

болмыс ретінде көрінеді» [13, с. 117–118]. Білімнің терминдер, формулалар, графиктер, сызбалар және басқа да таңбалық формалар арқылы тілдік көрініс табуы салыстырмалы дербестікке ие болып, оның заттық мазмұнынан оқшауланған операциялардың нысанына айналады. Соның нәтижесінде білім адамның танымдық қабілеттерінің даму үдерісімен байланысын жоғалтып, «*ақпаратқа келіп тіреледі*» [13, с. 118]. Батищев тұжырымдамасы аясында мұндай редукция білімнің тұтас танымдық іс-әрекеттің сәтінен ғылыми өндіріс жүйесінде айналымға түсетін жаттанған өнімге айналуын білдіреді.

Г. С. Батищев жаттанудың тағы бір салдарын адам іс-әрекетінің бөлшектенуімен және тұлғаның мәдени даму мүмкіндіктерінің шектелуімен байланыстырады. Іс-әрекет бөлінісі жағдайында мамандану кәсіби оқшаулану формасына ие болып, зерттеуші жекелеген ғылыми функцияларды орындаушыға айналады. Алайда Батищев бұл бұрмаланудың қайнар көзін «кейде пайымдалатындай, тар мамандану өзінен емес, дәл тар рөлдік біліктер мен білімдер шегінен тыс жалпы мәдениеттің жұтаңдығынан...» көреді [14, с. 35]. Демек, мәселе зерттеудің белгілі бір саласына шоғырлануда емес, кәсіби іс-әрекеттің мәдениеттің кеңірек кеңістігімен байланыстарын жоғалтуында жатыр.

Осы ұстанымды растау үшін Батищев В. И. Вернадский, А. Л. Чижевский, А. А. Ухтомский, А. А. Любищев, Ю. Н. Рерих және С. Л. Рубинштейн мысалдарына жүгінеді. Бұл ойшылдар үшін мамандану зияткерлік қызығушылықтардың кеңдігі мен дүниетанымның тұтастығын жоққа шығармаған. Оның ескертуінше, бұл қатарды тарихи мысалдармен де, қазіргі заманғы мысалдармен де толықтыруға болады. Осылайша, мамандану мен жан-жақты мәдени даму бірін-бірі жоққа шығаратын үдерістер ретінде қарастырылмайды: жаттану кәсіби функция адамның тұтас өмірлік іс-әрекетінен оқшауланып, оның өзін-өзі жүзеге асыруының айқындаушы формасына айналған кезде туындайды.

Қорытынды

Жүргізілген талдау Э. В. Ильенков, А. П. Огурцов және Г. С. Батищев философиясындағы жаттануды түсінудің ор-тақ теориялық негіздері мен өзіндік ерекшеліктерін анықтады. К. Маркс мұрасына жүгіну бұл ойшылдар үшін жаттанудың категориялық мазмұнын реконструкциялаудың және оның құрылымы, тетіктері мен көрініс формалары туралы түсініктерді одан әрі дамытудың негізі болды. Олардың зерттеулері жаттануды экономикалық қатынастарға ғана келіп тіреуге болмайтынын көрсетіп, оны адам іс-әрекетінің нәтижелері мен қоғамдық формалары дербестікке ие болып, өз жасаушыларына үстемдік ететін қайшылық ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ильенковтың үлесі жаттану категориялары арасындағы мағыналық айырмашылықтарды нақтылаудан және осы мәселенің дүниежүзілік-тарихи сипатын ашудан көрінеді. Огурцов Маркс тұжырымдамасының тарихи-философиялық алғы-шарттарын зерттеп, қоғамдық өмірдің институттануы мен адамның функционалдануының өзара байланысы арқылы жаттану тетіктерін нақтылайды. Батищев іс-әрекетті заттану мен затсыздандудың, белсенділік пен қарым-қатынастың бірлігі ретінде түсінуді дамытып, жаттануды осы бірліктің бұзылуымен байланыстырады. Оның мәдениет өнімдерінің, қоғамдық қатынастардың және индивидтің өзінің затқа айналуын, сондай-ақ ғылыми танымның бөлшектенуін талдауы ерекше маңызға ие.

3 Bell, D. (1999). Gryadushchee postindustrial'noe obshchestvo: Opyt social'nogo prognozirovanija [The Coming of Post-Industrial Society: A Venture in Social Forecasting] (Trans. from English). Academia. (In Russian)

4 K obshchestvam znanija: Vsemirnyj doklad JuNESKO [Towards Knowledge Societies: UNESCO World Report]. (2005). Izdatel'stvo JuNESKO. (In Russian)

5 Kazahstan na puti postroenija obshchestva znanija (filosofskoe issledovanie): Kollektivnaja monografija [Kazakhstan on the Path to Building a Knowledge Society: A Philosophical Study, Collective Monograph] (A. H. Bizhanov, Ed.). (2017). Institut filosofii, politologii i religiovedenija KN MON RK. (In Russian)

6 Machlup, F. (1972). The production and distribution of knowledge in the United States. Princeton University Press.

7 Karpov, A. O. (2015). Osnovnye teoreticheskie ponjatija obshchestva znanij [Basic Theoretical Concepts of the Knowledge Society]. *Vestnik Rossijskoj akademii nauk*, 85(9), 812–820. https://doi.org/10.7868/S0869587315090054 (In Russian)

8 Shamardin, N. N. (2015). «Obshchestvo znanij»: Filosofsko-metodologicheskaja kritika ponjatija ["Knowledge Society": A Philosophical and Methodological Critique of the Concept]. *Nauchnye vedomosti Belgorodskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija: Filosofija. Sociologija. Pravo*, (14), 185–192. (In Russian)

9 Orlov, M. I. (2011). Ot informacionnogo obshchestva k obshchestvu znanij: Konceptualizacija novoj paradigmy civilizacionnogo razvitija [From the Information Society to the Knowledge Society: Conceptualizing a New Paradigm of Civilizational Development]. *Vestnik Saratovskogo gosudarstvennogo tehnicheskogo universiteta*, (2), 236–244. (In Russian)

10 Orlov, M. I. (2011). Obshchestvo znanij kak novaja paradigma civilizacionnogo razvitija [The Knowledge Society as a New Paradigm of Civilizational Development] [Candidate of Philosophical Sciences dissertation, specialty 09.00.11—Social Philosophy]. (In Russian)

11 Jamanbalayeva, S., Burova, E., Sagikyzy, A., Zhanabayeva, D., & Adamidi, A. (2025). The paradigm of the digital society: Synthesis of technocratic and socio-humanitarian approaches. *Cogent Social Sciences*, 11(1), Article 2513460. https://doi.org/10.1080/23311886.2025.2513460

12 Izzetova, E. M., & Li, Y. V. (2023). The philosophical analysis of information and digital technologies as factors of transformation of social reality. *International Journal of Multicultural and Multireligious Understanding*, 10(11), 206–210. https://doi.org/10.18415/ijmmu.v10i11.5336

13 Kastel's, M. (2000). Informacionnaja jepoha: Jekonomika, obshchestvo i kul'tura [The Information Age: Economy, Society and Culture] (B. Je. Verhopol'skij, D. A. Tishchenko, & A. N. Subochev, Trans.). GU VShJe. (In Russian)

14 Berger, P., & Lukman, T. (1995). Social'noe konstruirovanie real'nosti: Traktat po sociologii znanija [The Social Construction of Reality: A Treatise in the Sociology of Knowledge] (E. D. Rutkevich, Trans.). Medium. (In Russian)

15 Gillespie, T. (2014). The relevance of algorithms. In T. Gillespie, P. J. Boczkowski, & K. A. Foot (Eds.), Media technologies: Essays on communication, materiality, and society (pp. 167–194). MIT Press. https://doi.org/10.7551/mitpress/9780262525374.003.0009

16 Espeland, W. N., & Sauder, M. (2007). Rankings and reactivity: How public measures recreate social worlds. *American Journal of Sociology*, 113(1), 1–40. https://doi.org/10.1086/517897

Вклад авторов

Кульжанова Г.Т. - постановка исследовательской проблемы, разработка концепции и методологии исследования, подготовка первоначального текста статьи и формулирование выводов. **Кульжанова Ж.Т.** - анализ научной литературы по проблематике общества знания и цифровой трансформации, участие в интерпретации результатов и научное редактирование текста. **Пенионжек Е.В.** - социально-философский анализ трансформации человеческого бытия и конструирования социальной реальности, критический пересмотр содержания и участие в подготовке окончательной версии статьи.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Гульбарам Тимеркановна Кульжанова	профессор, доцент, кандидат философских наук, Костанайская академия МВД РК имени Шракбека Кабылбаева, Костанай, Казахстан, email: Gulbaram2012@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-6639-6683
Жулдизай Тимеркановна Кульжанова	директор института гуманитарных и педагогических наук, ассоциированный профессор, кандидат философских наук, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан, email: zhuldizay_68@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5454-8464
Евгения Владимировна Пенионжек	заместитель начальника кафедры философии, психологии и гуманитарных дисциплин, доцент, кандидат философских наук, Уральский юридический институт МВД России, Екатеринбург, Россия, email: penionzhec@yandex.ru, ORCID ID: 0009-0005-4723-9638
Гульбарам Тимеркановна Кульжанова	профессор, доцент, философия ғылымдарының кандидаты, ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, Қостанай, Қазақстан, email: Gulbaram2012@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-6639-6683
Жулдизай Тимеркановна Кульжанова	гуманитарлық және педагогикалық ғылымдар институтының директоры, қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, email: zhuldizay_68@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5454-8464
Евгения Владимировна Пенионжек	философия, психология және гуманитарлық пәндер кафедрасы бастығының орынбасары, доцент, философия ғылымдарының кандидаты, Ресей ІІМ Орал заң институты, Екатеринбург, Ресей, email: penionzhec@yandex.ru, ORCID ID: 0009-0005-4723-9638
Gulbaram Kulzhanova	Professor, Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Kostanay Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after Shrakbek Kabylbayev, Kostanay, Kazakhstan, email: Gulbaram2012@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-6639-6683
Zhuldyzai Kulzhanova	Director of the Institute of Humanities and Pedagogical Sciences, Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan, email: zhuldizay_68@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5454-8464
Evgeniya Penionzhek	Deputy Head of the Department of Philosophy, Psychology and Humanities, Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Ural Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Russian Federation, Yekaterinburg, Russia, email: penionzhec@yandex.ru, ORCID ID: 0009-0005-4723-9638

ИРАНДАҒЫ ХИКМЕТ ПЕН ФИЛОСОФИЯ ДӘСТҮРІНІҢ ТАРИХИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ ИСФАХАН МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Г.К. Кудайбергенова[1], Д.М. Кокеева[2]

АҢДАТПА

Бұл мақала Ирандағы хикмет пен философия дәстүрінің тарихи-теориялық дамуын және осы үдерістің нәтижесі ретінде қалыптасқан Исфахан философиялық мектебінің ерекшеліктерін кешенді түрде талдауға арналған. Зерттеуде ислам философиясы тарихындағы шешуші кезең болып саналатын Сафәви дәуіріндегі интеллектуалдық ахуал, философиялық ойдың институционалдануы және хикметтің дербес теориялық жүйе ретінде орнығуы қарастырылады. Сондай-ақ, мақалада Иран философиясындағы машшаийлік (перипатетизм), ишрактік (иллюминационизм) және ирфани-теориялық бағыттардың өзара ықпалдастығы мен синтезі талданады. Зерттеудің өзегін Исфахан мектебінің жетекші өкілдері – Мирдамад пен Садр ад-дин Ширази (Молла Садра) қалыптастырған философиялық тұжырымдар құрайды. Әсіресе Молла Садра негіздеген трансцендентті хикмет (حكمت متعاليه\хикмет-е мутаалия) ілімі аясында субстанциялық қозғалыс (الحركة الجوهرية\харакат-аль-джауһар), болмыстың асылдығы (أصالة الوجود\асалат ал-вужуд), гносеология (اتحاد العاقل والمعقول), әлемнің пайда болу мәселелері жан-жақты талданады. Бұл қағидалар философия мен діннің, ақыл мен уахидың өзара бірлігін көрсететін тұтас дүниетанымдық жүйе ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері Исфахан мектебінің Иран философиясы тарихындағы орнын, ал «хикмет-е мутаалияның» исламдық философиялық ойдың ең кемел үлгілерінің бірі екенін негіздеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты Ирандағы хикмет пен философия дәстүрінің тарихи-теориялық дамуын жүйелі түрде талдап, Исфахан мектебінің қалыптасуы мен оның ислам философиясындағы орны мен маңызын кешенді түрде ашып көрсету болғандықтан, ислам философиясындағы «хикмет» ұғымының мазмұнын және оның тарихи эволюциясын айқындау, Исфахан мектебінің қалыптасуына әсер еткен зияткерлік, діни және әлеуметтік факторларды талдау және Мирдамад, Мир Фендерски сынды Исфахан мектебінің алғашқы өкілдерінің философиялық ұстанымдарын саралау әрі Молла Садраның «хикмет-е мутаалия» ілімінің теориялық негіздерін және оның жаңашыл қырларын ашу мақсат етілді.

Түйін сөздер: Иран философиясы, Исфахан мектебі, хикмет-е мутаалия, Мир Дамад, Мир Фендереский, Молла Садра.

[1] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

[2] Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Д.М. Кокеева,
dmkbuddy@gmail.com

Сілтеме:
Кудайбергенова Г.К., Кокеева Д.М. Ирандағы хикмет пен философия дәстүрінің тарихи-теориялық дамуы және исфахан мектебінің қалыптасуы // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №4(110). – Б. 27-37. – DOI: 10.48010/zeth2d03

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 30/04/2026
Қабылданды: 07/09/2026
Онлайн жарияланды: 30/10/2026

Историческо-теоретическое развитие традиции хикмет и философии в Иране и формирование исфаханской школы

Аннотация. В данной статье представлен всесторонний анализ историко-теоретического развития традиции хикмет (мудрости) и философии в Иране и последующего становления исфаханской философской школы. В исследовании рассматривается интеллектуальная ситуация в эпоху Сефевидов – ключевым периодом в истории исламской философии, а также институционализация философской мысли и становление хикмет как самостоятельной теоретической системы. В статье также анализируется взаимодействие и синтез машшайского (перипатетизма), ишракийского (иллюминационизма) и ирфано-теоретического направлений в иранской философии. В основе исследования лежат философские высказывания ведущих представителей исфаханской школы – Мирдамада и Садр ад-Дина Ширази (Моллы Садры). В частности, в рамках учения о трансцендентальной мудрости (حكمت متعاليه /хикмет-е мутаалия), основанного Моллой Садрой, были рассмотрены вопросы субстанционального движения (الحركة الجوهرية/ харакат-аль-джаухар), благородства бытия (أصالة الوجود/ асалат ал-вужуд), эпистемология (اتحاد العاقل والمعقول /Иттихад аль-акил уа аль-макууль), а также возникновение мира. Эти принципы рассматриваются как целостная мировоззренческая система, отражающая взаимное единство философии и религии, разума и откровения. Результаты исследования

позволяют определить место исфаханской школы в истории иранской философии и тот факт, что «хикмет-е мутаалия» является одним из наиболее совершенных примеров исламской философской мысли.

Цель исследования заключается в систематическом анализе историко-теоретического развития традиции хикмет и философии в Иране, всестороннем раскрытии формирования исфаханской школы, ее места и значения в исламской философии, определении содержания понятия «хикмет» (мудрость) в исламской философии и его исторической эволюции, анализе интеллектуальных, религиозных и социальных факторов, повлиявших на формирование исфаханской школы, анализе философских позиций первых представителей данной школы, таких как Мирдамад и Мир Фендерски, а также выявлении теоретических основ доктрины «хикмет-е мутаалия» Моллы Садры и ее новаторских аспектов.

Ключевые слова: иранская философия, школа Исфахана, хикмет-э мутаалия, мир Дамад, Мир Фендересски, МоллаСадра.

The Historical-Theoretical Development of the Hikmet and Philosophical Tradition in Iran and the Formation of the Isfahan School

Abstract. This article presents a comprehensive analysis of the historical and theoretical development of the tradition of wisdom and philosophy in Iran, as well as the distinctive features of the Isfahan philosophical school that emerged from this process. The study examines the intellectual climate of the Safavid period, which is considered a decisive stage in the history of Islamic philosophy, the institutionalization of philosophical thought, and the establishment of wisdom as an independent theoretical system. It also analyzes the interaction and synthesis of the Peripatetic, Illuminationist, and Irfani-theoretical traditions within Iranian philosophy.

The core of the research consists of the philosophical concepts developed by the leading representatives of the Isfahan school, Mir Damad and Sadr ad-Din Shirazi (Mulla Sadra). In particular, Mulla Sadra's concept of transcendent wisdom (حكمت متعاليه), substantial motion (الحركة الجوهرية), the primacy of existence (أصالة الوجود), epistemology (اتحاد العاقل والمعقول), and the problem of the origin of the world are examined in detail. These principles are considered an integrated worldview that demonstrates the unity of philosophy and religion, as well as reason and revelation. The findings demonstrate the place of the Isfahan school in the history of Iranian philosophy and affirm that "transcendent wisdom" represents one of the most perfected forms of Islamic philosophical thought.

The aim of the study is to systematically analyze this tradition and to comprehensively reveal the formation, role, and significance of the Isfahan school. It also clarifies the concept and historical evolution of "wisdom," examines the intellectual, religious, and social factors influencing the school's emergence, analyzes the views of early representatives such as Mir Damad and Mir Fendereski, and explores the theoretical foundations and innovative aspects of Mulla Sadra's concepts.

Keywords: Philosophy of Iran, Isfahan School, Hikmat al-Mutaʿāliyah, Mir Damad, Mir Fendereskii, Mulla Sadra.

Кіріспе

Иран өркениетінің интеллектуалдық тарихында хикмет пен философия ерекше орын алады. Бұл дәстүр тек жекелеген философиялық идеялар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар дүниені, болмысты, адам мен Құдай арасындағы байланысты тұтас түрде түсіндіруге ұмтылған терең теориялық жүйе болып қалыптасты. Ислам дәуірінде Иран аймағы философиялық ойдың ең ірі орталықтарының біріне айналып, мұнда көне грек философиясы, исламдық уахи ілімі және ирандық рухани-мәдени мұра өзара ықпалдасып, жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Осы үдерістің шарықтау шегі ретінде XVII ғасырда қалыптасқан Исфахан философиялық мектебі танылады.

Хикмет ұғымы исламдық ойлау жүйесінде тек «даналық» мағынасымен шектелмейді. Ол ақылдық дәлел, рухани тәжірибе және уахи негізіндегі білімді біртұтас құрылымда ұштастыратын әмбебап таным тәсілі ретінде қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда, Ирандағы философия тарихын хикмет дәстүрінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Әсіресе Сефеви дәуірінде философия, калам, тәпсір және ирфан бір интеллектуалдық кеңістікте дамып, хикметтің синтетикалық сипатын айқын көрсетті.

Исфахан мектебінің қалыптасуы кездейсоқ құбылыс емес. Бұл мектеп ұзақ тарихи дамудың, философиялық мектептер арасындағы пікірталастар мен теориялық дағдарыстардың нәтижесінде дүниеге келді. Машшаий философиясының ұғымдық қатаңдығы, ишрақ ілімнің нұр мен интуицияға негізделген онтологиясы және ирфан танымның экзистенциялық тереңдігі Исфахан мектебінде жаңа деңгейде тоғысты. Мирдамад бастаған бұл бағытты Молла Садра өзінің «хикмет-е мутаалия» жүйесі арқылы кемеліне жеткізді.

Қазіргі кезеңде ислам философиясы мен хикмет дәстүрін жүйелі түрде қайта зерделеу гуманитарлық ғылымдардағы маңызды бағыттардың біріне айналып отыр. Әсіресе Иран аумағында қалыптасқан хикметтік-философиялық мектептердің, соның ішінде Исфахан мектебінің тарихи-теориялық дамуын кешенді тұрғыдан талдау өзектілігімен ерекшеленеді. Бұл мектеп ислам философиясының ішкі эволюциясында шешуші рөл атқарып,

перипатетизм, ишрақ (иллюминационизм), калам және сопылық ойлау жүйелерін біртұтас интеллектуалдық синтезге біріктіргені белгілі. Мұндай синтездің шарықтау шегі МоллаСадра негізін қалаған хикмет-е мутаалия ілімінде көрініс тапқанын білеміз.

Қазіргі философиялық дискурста батыстық онтология мен метафизика үстемдік етіп отырған жағдайда, Исфахан мектебінің идеялары болмыс, таным, уақыт, қозғалыс, дін мен ақыл арақатынасы секілді әмбебап мәселелерді балама әрі терең тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл мектептің өкілдері көтерген «болмыстың түпкілікті негізі», «болмыстың үнемі жаңарып отыруы», «ақыл мен уахидың үйлесімі» сияқты мәселелер қазіргі дін философиясы мен мәдениет философиясы үшін де өзекті.

Мақаланың ғылыми жаңалығы бірнеше қырдан көрінеді. Біріншіден, Исфахан мектебінің философиялық дәстүрі Ирандағы хикмет тарихының дербес әрі тұтас кезеңі ретінде жүйелі түрде қарастырылады. Екіншіден, Мирдамад, Мир Фендерски және Молла Садра арасындағы идеялық сабақтастық пен теориялық айырмашылықтар бір интеллектуалдық желі аясында талданады. Үшіншіден, «хикмет-е мутаалия» ілімінің жаңашылдығы тек философиялық синтез ретінде ғана емес, болмысты динамикалық процесс ретінде түсіндіретін онтологиялық төңкеріс ретінде негізделеді. Төртіншіден, субстанциялық қозғалыс қағидасының «әлемнің жаратылуы» мәселесін шешудегі рөлі заманауи философиялық категориялар тұрғысынан қайта пайымдалады.

Әдіснама

Бұл зерттеу Ирандағы хикмет пен философия дәстүрінің тарихи-теориялық дамуын және Исфахан философиялық мектебінің қалыптасуын кешенді талдауға бағытталғандықтан, зерттеу әдіснамасы тарих, философия және дінтану ғылымдарын тоғыстыратын пәнаралық сипатта жүргізіледі. Зерттеуде *тарихи-генетикалық әдіс* арқылы ислам философиясындағы хикмет ұғымының қалыптасуы мен эволюциясы, сондай-ақ, Сафәви дәуіріндегі зияткерлік ортаның философиялық ойға ықпалы қарастырылды. Бұл тәсіл Исфахан мектебінің пайда болуына әсер еткен әлеуметтік, діни және мәдени факторларды айқындауға жол ашады. *Жүйелік және құрылымдық талдау әдістері* негізінде машшаийлік, ишрақи және ирфани бағыттардың өзара ықпалдастығы мен синтезі зерттелінеді. *Салыстырмалы-философиялық әдіс* арқылы Мирдамад, Мир Фендересқи және Молла Садраның көзқарастары салыстырылып, Исфахан мектебінің ерекшеліктері мен ислам философиясындағы орны нақтыланады. *Герменевтикалық және мәтіндік-дискурсивтік талдау әдістері* Молла Садраның «хикмет-е мутаалия» іліміндегі негізгі ұғымдарды (субстанциялық қозғалыс, таным бірлігі, әлемнің жаратылысы) тарихи-мәдени контекстте терең түсіндіруге мүмкіндік берді. Аталған әдістердің зерттеу барысында қолданылуы Исфахан мектебінің теориялық негіздерін жүйелі түрде талдап, оның ислам философиясындағы маңызын ғылыми тұрғыда негіздеуге болады.

Негізгі бөлім

Ежелгі Иран жері адамзат тарихының алғашқы кезеңдерінен бастап ғылым, білім және хикмет саласында көрнекті тұлғаларды тәрбиелеп шығарған аймақ ретінде танылды. Бұл дәстүр ислам дәуірінде жаңа мазмұнмен толықтырылып, фиқһ, хадис, тарих, кәлам, философия және хикмет салаларында кемел ойшылдардың қалыптасуына негіз болды. Ислам өркениетінің ғылыми-мәдени дамуында ирандық ғұламалардың орны ерекше.

Исламдық хикмет пен философия тарихында Ибн Сина, Шаһаб ад-дин Сухраварди, Хожа Насыр ад-дин Туси және Садр ад-дин Ширази (Молла Садра) сынды ойшылдардың еңбектері іргелі маңызға ие. Бұл ойшылдар философиялық танымның тек грек мұрасымен шектелмей [1, 303-310 бб.], шығыстық, соның ішінде ирандық даналықпен терең сабақтастықта дамығанын дәлелдеді.

Кейбір зерттеушілер платондық философиялық ойдың түп-тамырларын ежелгі Иран даналығымен байланыстырады. Осы интеллектуалдық мұра ислам дәуіріндегі ирандық философтардың дүниетанымына әсер етіп, грек философиясы мен шығыстық хикметтің синтезін қалыптастырды. Бұл синтезді жүйелі түрде жүзеге асырған тұлға – Шаһаб ад-дин Сухраварди болды [2, 75 б.].

Сухраварди Шығыс пен Батыс философиясының негіздерін бір арнаға тоғыстырып, ирандықтардың интуитивтік хикметін (حکمت ذوقی) гректердің дәлелдік хикметімен (حکمتبرهانی) ұштастырды. Осы

интеллектуалдық ізденістің нәтижесінде «Хикмет әл-ишрақ» – حكمت الاشراق ілімі қалыптасты. Ол ежелгі ирандықтардың нұр хикметін пайғамбарлық даналықпен байланыстыра отырып, ишрақ философиясын символдық тіл арқылы түсіндірді. Сухраварди үшін нұр мен зұлмат категориялары мәжусилік немесе манихейлік ілімдерге емес, ilahi хикметке негізделген әмбебап метафизикалық қағидалар [3, 34 б.].

Ишрақ философиясы ислам әлемінде кең таралып, машшаи философиясымен (перипатетизм) қатар дамыды және кейін Молла Садраның «хикмет-е мутааллия – حكمت متعاليه» мектебінде оның құрамдас бөлігіне айналды.

Батыс зерттеушілерінің бір бөлігі Ибн Рушдтың дүниеден өтуін ислам философиясының аяқталуы ретінде қарастырғанымен, Иран жерінде философиялық ой тоқтаған жоқ [4, 01 б.]. Керісінше, философияның интеллектуалдық орталығы Батыс ислам әлемінен Шығысқа, нақтырақ айтқанда Иранға ауысты. Сухравардидің «ишрақ» мектебінің қалыптасуы ислам философиясында жаңа кезеңнің басталуына жол ашты десек болады.

Иранда философиялық ойдың дамуы Ибн Арабидың ирфаны, Хожа Насыр ад-дин Тусидің философия мен кәламды (сөз, пайым) ұштастыруы, Мир Дамад пен Молла Садраның ілімдері арқылы тереңдей түсті. Әсіресе, Сефевилер дәуірі Ирандағы философиялық және хикметтік ойдың қайта өрлеу кезеңі болды.

Сефеви мемлекетінің құрылуы он екі имамдық шиит мазхабының ресми дін ретінде орныгуына алып келіп, ислам ғылымдарының дамуына тұрақты саяси-әлеуметтік негіз қалады. Бұған дейін шииттік ғылыми орталықтар саяси қысым мен тұрақсыздық жағдайында дамыса, Сефевилер билігі кезінде ғылыми орталықтар еркін қалыптасып, жүйелі түрде дами бастады. Осы кезеңде Иранға ислам әлемінің әр түкпірінен ғалымдар жиналып, фиқһ, хадис, философия және кәлам салаларында ірі мектептер қалыптасты. Фиқһ саласында Mohағағ Карки Ардабили мектебі пайда болса, философия саласында Мир Дамад, Мир Фендрески және Молла Садра бастаған интеллектуалдық бағыт орнықты.

Философия бұл дәуірде фиқһ және хадиспен қатар дамып, рационалды ғылымға деген сұраныс артты. Кейбір зерттеушілер Сефеви кезеңінде философия әлсіреді деп тұжырымдағанымен, бұл пікір тарихи деректермен расталмайды. Керісінше, дәл осы кезеңде Исфахан философиялық мектебі қалыптасып, ислам философиясының жаңа бағыты – «хикмет-е мутааллия» түпкілікті жүйеленді [5, 83 б.].

Исфаханның философиялық мектебі – Сефеви әулетінің шахы I Аббас дәуіріндегі философиялық және мистикалық (ирфани) ілімінің мәнін ашу үшін құрылған мектеп. Исфаханның философиялық мектебі атауын француз философы, ирантанушы Анри Корбен және ирандық ғалым Сейид Хусейн Наср енгізген [6, 15 б.]. Шейх Бахаи, Мир Дамад, Мир Фендрески және Молла Садра тек дін ғұламалары ғана емес, сонымен қатар философия, математика, астрономия және сәулет өнерінде де көрнекті жетістіктерге жетті. Исфахан қаласының сәулеттік ғимараттары осы интеллектуалдық өрлеудің материалдық көрінісі ретінде бүгінге дейін сақталған.

Сефеви дәуіріндегі философиялық ойдың дамуына бірнеше фактор әсер еткені белгілі. Біріншіден, шииттік биліктің орнауы діни және интеллектуалдық еркіндікке жол ашты. Екіншіден, шиит ғалымдарының өз сенімдерін қорғау және басқа діни ағымдармен пікірталас жүргізу қажеттілігі философиялық және кәламдық зерттеулерді күшейтті. Үшіншіден, еуропалық миссионерлердің әрекеті шиит ғалымдарын рационалды дәлелдерге сүйенген философиялық қорғанысқа итермеледі. Төртіншіден, Иран жеріндегі бұрыннан қалыптасқан философиялық дәстүр жаңа интеллектуалдық серпіннің негізі болды [6, 26 б.].

Исфахан философиялық мектебі Сефеви дәуірінде рационалды және нақты ғылымдардың (математика, физика) орталығына айналды. Бұл мектеп шамамен бір жарым ғасыр бойы белсенді жұмыс істеп, ислам философиясының дамуына шешуші ықпал етті. Молла Садраның философиялық жүйесі дәл осы ортада қалыптасып, болмыс, таным және діни ақиқат мәселелерін жаңа деңгейде түсіндіруге мүмкіндік берді.

Философия мен кәлам арасындағы айырмашылық бұл кезеңде әдіснамалық тұрғыда айқындалды. Философия «бурһандық» (логика мен ақыл) дәлелдерге, ал кәлам жадалдық тәсілге (ой-пікірді талқыға салу, сұрақ-жауап, дауласып, пікір алмасу) негізделгенімен, шиит ойшылдары бұл екі саланы қарсы қоймай, бірін-бірі толықтыратын таным формалары ретінде

қарастырды. Ақыл мен уахи арасындағы үйлесім ислам философиясының негізгі қағидасына айналды [7, 106 б.].

Исфахан философиялық мектебі – исламдық хикмет тарихындағы ең кемел интеллектуалдық синтездердің бірі. Ол философия, кәлам, ирфан және шариғатты бір жүйеде тоғыстырып, ислам философиясының кейінгі дамуына бағыт-бағдар берді.

Мир Дамад тек фиқһ, хадис сияқты дәстүрлі ілімдерде ғана емес, математика мен астрономия сияқты ілімдерінде де шебер болды. Философия мен кәлам ілімдері бойынша маңызды еңбектер қалдырған. Оның ең маңызды философиялық еңбегі – «القبسات-Қабасат» (قبسات حق اليقين فى حدوث العالم), кейінгі философтар оған түсініктеме мен шолулар жазған. Ал, «صراط المستقيم-сират әл-мустақим», «الافق المبين-әл-афоқ әл-мубин», «الحبل المتين-әл-habбәл мутин», «جذوات-джазуат» және «تقويم الايمان-тақвим әл-иман» кітаптары оның философиялық көзқарастарын көрсетеді. Фиқһ пен хадистер түсініктемелерінде де көптеген философиялық мәселелерге тоқталған. Ол парсы және араб тілдерінде өлең жазған, оған «ишрақ» деген қаламгерлік лақап ат қолданған [8, 52 б.].

Мир Дамад өзінің философиялық білімін Әбделали Қарки, Хусейн бен Әбделсамад Әмили, Шейх Бахай және Сейид Нұрәлдин Әли Мұсауи Әмилидан алған. Оның философиялық тұлғасы Қазвиндегі философиялық орталықта қалыптасқан. Сонымен қатар, ол Шираздағы Джалал әд-Дин Дауаниден және сол орталықтағы басқа философтардан дәріс алған болуы мүмкін.

Аббас әулетінің тарихшысы, Мир Дамадтың замандасы, оны былай дәріптейді: «Ақыл және дәстүрлі ілімдерде өз дәуірінің алдыңғысы... Шындық пен рухани кемелділіктің барлық қырларын қамтиды, адамның ішкі сезімдері мен көкжиектерін ашады. Көптеген дәстүрлі ілімдер мен сирек ғылымдарда (математика, фиқһ, түсіндіру, хадис) жоғары дәрежеге жеткен, фиқһ зерттеушілері оның фәтуаларын мойындаған. Ол дәуір философиясының таңдаулы өкілі, құлшылық пен тақуалықта жоғары дәрежеге жеткен» [8, 163 б.].

Молла Садра да ұстазы Мир Дамадты зор құрметпен еске алады: «Менің ұстазым – діни ілімдерде, Құдай ғылымында, шындыққа жетуде және сенім негізінде білікті, ең ізгі, нұр шашқан ғалым, қасиетті, ең таза, Құдайлық даналыққа ие, Раббани фиқһ шебері... Уақыт белгілері ғажайып, аты Мухаммад, Бағер әл-Дамад Хусейни» [9, 072 б.]. Мир Дамад Исфахан философиялық орталығының басты тұлғасы болып, дәл осы ойлардың арқасында бұл орталық қалыптасып, жұмысын бастаған. Оның философиялық дәрістері арқылы көптеген шәкірттер тәрбиелеген. «Шифа», «Ишарат» және «Қабасат» сияқты еңбектерді зерттеп, түсіндірген шәкірттері – Молла Садра, Шейх Бахаи, Шамсаи Гилани, Халил Ғазвини, Сейид Ахмад Алави – осы орталықтың көрнекті тұлғалары еді.

Мир Дамадтың философиялық бағытында Ибн Сина философиясы мен ишрақ даналығы біріктірілген. Ол бұл бағытты «хикмет-е йамани حکمت یامنی» деп атайды. Бұл хикмет ақылға (бурһанға) ғана емес, құдайлық илһамға, ішкі интуицияға, рухани ашылуға (кашф, ишрақ) сүйенетін хикмет түрі [8, 83 б.]. Ол тек логикалық дәлелдеумен шектелмей, болмысты бір-тұтас метафизикалық шындық ретінде қарастырады. Әрине, бұл философиялық жол Молла Садраның биік ойларының қалыптасуына және «жоғары даналық» (حکمت متعالیه) философиясының пайда болуына негіз болған.

Иранның заманауи философы Сейид Джалал ад-Дин Әштияни Мир Дамад және оның еңбектері туралы былай дейді: «Мир Дамадтың кітаптары ой тереңдігі мен зерттеу көлемі жағынан ислам философиясы еңбектерінде сирек кездеседі және ең жоғары философиялық деңгейде тұр. Оның ойлары мен пікірлерін толық зерттеу қажет, сонда Мир Дамадтың кейінгі философтардың ойына қаншалықты әсер еткенін білуге болады» [9, 91 б.].

Мир Әбу әл-Қасым Фендерески – Исфахан философиялық мектебіндегі көрнекті философ әрі кәламшы. Ол Мир Дамадтан кейін шамамен он жыл өмір сүріп, бірнеше буын шәкірт тәрбиелеген. Мир Фендерески хикмет пен математика саласында ұстаз болды, Ибн Синаның «شفا-Шифа» және «قانون-Қанун» еңбектерін оқытты. Көп жылдар ұстаздық етіп, философия мамандарының басым бөлігі оның шәкірттері болғанына қарамастан, бізге жеткен еңбектері аз. Оның ең маңызды философиялық еңбегі – «رساله صناعیه-Рисала-и Синаийа», онда ғылым мен өнердің мәні мен табиғаты қарастырылады [8, 158б.].

Оның философиялық еңбектері мен пікірлеріне сүйенсек, Мир Фендерески مشاء-машшаи философиясының өкілі, яғни Ибн Сина әдісін ұстанған. Алайда оның рухани жолында ишрақтық және сопылық бағыттың айқын әсері байқалады [8, 162 б.]. Ол Ираннан тыс жерлерге көп саяхат жасаған, өмірінің бір бөлігін Үндістанда өткізген. Сол жерде индуизм ілімімен танысуы, оны тек рационалды ойшыл емес, рухани ізденуші ретінде де көрсетті. Бұл ерекшелік оның өлеңдерінде де көрінеді: «چرخ با این اختران نغز و خوش و زیباستی... – бұл аспан осынау жұлдыздарымен қандай көркем, қандай сұлу, қандай әсем» деген жолдар арқылы ол әлемнің типтік және рухани мәндерін сипаттайды. Мир Фендерески индуизм ілімі туралы «شرح کتاب المهارة-Шарх-и китаб ал-Махара»еңбегінде жазып, ол кітап «شرح جوک-Шарх-и джок» деген атаумен танымал болды [10, 13-22 бб.].

Исфахан ғылыми орталығының белсендісі Садр ад-Дин Ширази (Молла Садра) философиялық ойлаудың кезеңінде ең жоғары деңгейге жетті. Бұл тұлға Ибн Сина (X ғ.) мен Сухравардидан (XI ғ.) кейінгі дәуірде ислам әлемінде өзінің маңыздылығы мен дәрежесі бойынша теңдесі жоқ философ ретінде танылды. Балалық шағынан бастап ерекше ақыл-парасатқа ие болды. Ол білімнің негіздерін туған жері Ширазда меңгеріп, кейін Исфахан ғылыми орталығына аттанды. Мұнда ол Шейх Бахайдан дәстүрлі نقلی (Құран, хадис) ғылымын үйренді, философия мен хикмет ілімін Мир Дамадтан меңгерді [11, 49 б.]. Ол аз уақыт ішінде өз біліктілігімен ұстаздарын артта қалдырды. Кейін ол 15 жыл бойы Иранның Құм қаласына жақын Кахак деген ауылда оңашалану мен рухани тәрбие кезеңінен өтіп, ой бөліп, философияның құпиялары мен сырларын ашты. Осы кезеңде ол дәлелдер мен логикалық пайымдау арқылы қол жетпейтін хикмет пен даналыққа қол жеткізді. Осы кезеңнің соңында оның ой және шындыққа деген тереңдігі «حکمت متعالیه-хикмет-и мута'аллие» деген философиялық жүйеге айналды және ол оны «اسفار-Асфар» кітабында жазып қалдырды. Кейін Аллах-Верди ханның шақыруымен Ширазға оралып, өмірінің соңына дейін ұстаздық етіп, философиялық жазбалармен айналысты. Қажылыққа жаяу барған жетінші сапарында Басра қаласында қайтыс болып, сол жерде жерленді.

Зерттеу

Иран философиясының классикалық дәуірінде Мир Дамадтың философиялық жаңалықтары ерекше рөл атқарды. Оның ең негізгі жаңалығы – وجود (воджуд-болмыс) және ماهیت(mahиат-мән) мәселесін жаңа қырынан қарастыруымен ерекшеленеді. Бұған дейінгі ислам философиясында, әсіресе фалсафалық және кәлам дәстүрінде, вожуд\وجود пен mahиат - мән\ ماهیت бірлігі немесе айырмашылығы мәселесі әрқашан да күрделі болған. Мир Дамад бұл мәселені өзгеше қырынан зерттеді. Ол бұрынғы философтардың көзқарасына қарамастан, іс жүзінде мәннің-ماهیت негізгі, ал болмыстың-وجود мойындалған әрі түсініксіз екенін дәлелдеді [12, 37 б.].

Мир Дамадтың тұжырымдамасы бойынша, егер болмыс-وجود тек қана ақылға негізделген абстрактылы ұғым деп қабылданбаса, онда мән-ماهیت абстрактылы және жалған болуға тиіс. Осы тұрғыдан ол «мәннің түпнегізділігі – اصالت ماهیت» принципіне сүйенді, яғни мәннің (ماهیت) болмыстан бұрын тұрғанын көрсетті. Бұл жаңалық философиялық ойлауды жаңа деңгейге көтеріп, кейінгі ойшылдар, оның ішінде Молла Садра үшін де маңызды негіз болды.

Иран философы, теолог Мұртаза Мотаххаридің пікірінше, философияда бүгінгі күні «болмыстың түпнегізділігі – اصالت وجود» немесе «мәннің түпнегізділігі-اصالت ماهیت» деп аталатын мәселе дәл осы формада алғаш рет Мир Дамад тарапынан енгізілген [12, 87 б.], – дейді.

Кәламшылдар болмысты сыртқы шындықта бар және мәнмен бір деп есептеген. Ал әл-Фараби кәламшылдарға қарсы шығып, болмыстың мәнмен бір еместігін алға тартты. Ол: *ақыл аясында* – ظرف ذهن болмыс мәннен артық болады, ал *сыртқы аяда (шындықта)* – ظرف خارج екеуі бір деп түсіндірді [13, 41 б.].

Осы тұжырым философтар алдында маңызды сұрақ тудырды: «Қалайша болмыс пен мән ақыл аясында бір емес, ал сыртқы шындықта бір бола алады»? Бұған берілген жауап мынадай болды: болмыс – тек шартты ұғым – مفهوم اعتباری, ал ақыл – ذهن оны мәннен – ماهیت бөлек қарастырады. Сондықтан оның сыртқы аяда мәннен артық болуы міндетті емес [13, 108 б.], – деп түсіндіріледі.

Осы кезеңге дейін философтар мынадай ойда болды: егер болмысты шартты және

абстракті деп мойындамасақ, онда ол сыртқы аяда мәннен артық болуы тиіс. Мир Дамад мәселенің құрылымын түбегейлі өзгертті де, былай деді: «*Егер болмысты шартты деп есептемесек, онда керісінше, мән шартты және абстракті болуы тиіс; демек, болмыс – түпнегізді әрі шынайы*» [13, 136 б.]. Осы тұжырым арқылы философияда болмыстың түпнегізділігі мен мәннің түпнегізділігі мәселесі нақты түрде күн тәртібіне қойылды. Мир Дамад бұл дауда мәннің түпнегізділігін (اصالت ماهیت) жақтап, оны қорғады.

Мир Дамад философиялық және кәламдық мәселелердің көпшілігіне өз пікірін білдіріп, тәуелсіз ой көрсеткен. Солардың бірі – әлемнің пайда болуы мен мәңгілігі мәселесі. Бұл тақырып философия мен кәлам ғылымында ең көп талқыланатын мәселелердің бірі. Кәламшылар көзқарасы бойынша, әлемнің пайда болуы Алланың бар екенін дәлелдеудің алғашқы қадамы. Егер оны жоққа шығарса, теологиядағы күшті дәлелдердің бірі жоғалады. Сонымен қатар, бұл мәселе діни сенім тұрғысынан да маңызды, өйткені қасиетті кітаптардың мәтініне сәйкес, әлемді Алла Жаратқан, және барлық діндер оны Құдайдың жасағаны деп таниды.

Кәламшылдардың пайымдауынша, егер әрекет мәңгілік болса, онда оны жасаушы да болмайды. Сол себептен, егер әлем мәңгілік болса, Жаратушы қажетсіз болады, өйткені мәңгілік әлем өз-өзіне жеткілікті. Осылайша, «әлемнің пайда болуы (حادث) және мәңгілігі (قدم)» мәселесі тек философиялық емес, сонымен бірге діни тұрғыдан да өте маңызды тақырыпқа айналады [14, 219 б.].

Кәламшылдар да, философтар да әлемнің «حادث» (жаратылған) екенін мойындайды, яғни әлем мәңгілік емес; бірақ олардың пайымдауында «حادث» болу тәсілі әртүрлі:

1. Кәламшылдар «уақыттық пайда болуына» сенеді.

2. Философтар «заттан туындаған пайда болуына» сенеді.

Пайда болу (حادث) дегеніміз – бұрын жоқ нәрсенің бар болуы. Яғни, бір заттың бұрын болмауы, кейін пайда болуы. Бірінші топ (кәламшылдар) жоқтықты уақыттық тұрғыда түсінеді: «бұрын болмаған, кейін пайда болған» десе, ал екінші топ (философтар) пайда болуды тек уақытқа байланыстырмай, мүмкіншілік және ішкі бос кеңістік тұрғысынан қарайды. Яғни, зат мүмкіндік дәрежесінде бар болғандықтан ғана Жаратушыға мұқтаж [14, 224 б.].

Кәламшылдардың көзқарасы бойынша, әлем уақыттық тұрғыдан пайда болған: яғни әлемнің тарихы бар. Бұл дегеніміз, әлемнің басталатын нүктесі бар: сол нүктеден бұрын әлем жоқ, содан кейін Құдайдың еркімен әлем жаратылып, содан бері жалғасып келеді.

Философиялық бірінші сын: уақыт әлемнен тәуелсіз емес, өйткені уақыт материалдық әлемдегі қозғалыстан пайда болады. Уақыт өз алдына бөлек емес, әлемнің бір бөлігі және әлем жасалғаннан кейін ғана бар болады. Сондықтан «әлем қай сағатта немесе уақыт мезетінде жаратылды» деп айту дұрыс емес [14, 225 б.]. Кәламшылдар бұл сынға былай жауап береді: олар айтқан «уақыт жоқтығы» – ойдан шығарылған уақыт, яғни әлем жаратылмас бұрын Құдайдың бар болуынан ойдан алынған уақыт.

Философтардың сыны:

1. Құдай таза бар, өзгерістен, уақыттан тыс – таза бар болмыс, сондықтан қалайша уақытты ойдан шығара алады?

2. Егер әлем ойдан шығарылған уақытта жаратылған болса, онда әлем шын мәнінде емес, тек ойда пайда болған болып саналады.

Кәламшылдардың «уақыттық пайда болу» тұжырымы себептен туындының өзіне сәйкес келмеу немесе Құдайдың шексіз берілісін түсіндіруде қиындық тудырады. Сондықтан философтар, мысалы Әбу Әли Ибн Сина, әлемді «заттан туындаған пайда болу» (حادث ذاتی) деп түсіндіреді. Олар (философтар) былай дейді: «Кез келген мүмкін нәрсе өз табиғатында жоқ. Егер ол пайда болса, ол себеп арқылы пайда болады. Демек, мүмкін нәрсенің бар болуы оның бұрын жоқ болуынан кейін жүзеге асады. Әлем – мүмкіндік қасиетіне ие заттар жиынтығы, сондықтан өз табиғатында жоқ, тек Жаратушының қажеттілігі арқылы бар болады» [15, 94 б.]. Осылайша, философтар әлемді «заттан туындаған пайда болған» деп есептейді, себебі әлем пайда болғанға дейін жоқ болған.

Кәламшылдар көзқарасы бойынша, салдардың (әлемнің) себепке (Құдайға) мұқтаж болуының негізгі өлшемі – уақыттық пайда болу (حدوث زمانی). Егер әлем уақыттық тұрғыдан мәңгі деп танылса, онда ол себепке де, жаратушыға да мұқтаж емес болып шығады.

Ал философтар үшін мұқтаждықтың өлшемі – мүмкіндік (امکان), пайда болу (حدوث) емес. Сондықтан, әлем уақыттық тұрғыдан мәңгі деп есептелгеннің өзінде, оның мәндік мүмкіндігіне байланысты Құдайға

мұқтаждығы сақталады. Осы мәндік мұқтаждықтың өзінде әлемнің мәндік пайда болуы (حدوث ذاتی) жасырын түрде қамтылған. Сол себепті, бұл мәселе төңірегінде кәламшылдар мен хикмет иелері (философтар) арасында үнемі пікірталас пен қайшылық болып келген.

Мир Дамад бір жағынан уақыттық пайда болуды түбегейлі қабылдамады, екінші жағынан мәндік пайда болуда да кемшілік бар деп санады. Оның пікірінше, мәндік пайда болуда әлемнің жоқтығының алдыңғы, ал болмысының кейінгі болуы - нақты болмыстық алдың-кейін емес, тек ақылдық талдау ғана. Яғни, ақыл тұрғысынан «мүмкін» нәрсенің жоқтығы оның болмысынан бұрын деп қарастырылады [16, 68 б.].

Мир Дамадтың мәндік пайда болуға айтқан тағы бір сынына тоқталсақ, мәндік мүмкіндік дегеніміз – бір нәрсенің болмыс пен болмауға бірдей бейтарап болуы, ал бұл оның нақты жоқтығын білдірмейді. Сондықтан «әлем мүмкін болғандықтан, оның жоқтығы болмысынан бұрын» деп айту дұрыс емес, өйткені бұл жағдайда «пайда болу» ұғымы толық жүзеге аспайды [16, 142 б.]. Осы қиындықтарды шешу және ғасырлар бойғы дауды тоқтату үшін Мир Дамад «дәһрлік пайда болу» (حدوث دهری) теориясын ұсынды. Дәһр – уақыттың абсолюттік, мәңгілік ағымы, яғни адам уақытынан тәуелсіз, бастамасыз уақыт. Худус дәһри – нәрсенің мәңгілік емес, бірақ дәһр аясында кейін пайда болғанын білдіреді.

Дәһрлік пайда болудың негіздерін Ходжи Сабзавари түсіндіру үшін үш негізгі алғышартта атап өтті.

1. Әрбір болмыстың өзіне тән болмыстық аясы (зурф – ظرف) бар. Мысалы, уақыттық болмыстар уақыт аясында ғана өмір сүреді және өз уақытының алдында немесе соңында болмайды. алғышартты атап өтеді:

2. Философтар болмыстағы жаратылғандар мен пайда болғандарды екі тізбекке бөледі:

– *көлденең тізбек:* бір әлемде, бір болмыстық деңгейде бірінен кейін бірі пайда болатын жаратылыстар (мысалы, табиғи әлемдегі уақыттық құбылыстар).

– *тік тізбек:* табиғат әлемі мен Құдайдың затының арасында орналасқан аралық әлемдер – малакут әлемі, одан жоғары мүжаррадат (дерексіз болмыстар) әлемі, ақырында уәжіп болмысқа дейінгі сатылар. Әрбір жоғары әлем төменгісінен болмыстық тұрғыдан күштірек және оны қамтып тұрады.

3. Жоқтық (عدم) – дербес ақиқат емес, ол болмыстан ой арқылы ажыратылып алынатын ұғымдық түсінік. Сондықтан жоқтық барлық үкімдерінде болмыстың ізімен жүреді: болмыс қалай болса, жоқтық та солай түсініледі [14, 224 б.].

Осы алғышарттарға сүйене отырып:

- Уақыттық болмыстың – уақыттық жоқтығы бар.
- Дәһрлік болмыстың (мысалы, малакут әлемінің) – дәһрлік жоқтығы бар.

Табиғат әлеміндегі жаратылыс екі түрлі болмысқа ие: біріншісі, көлденең болмыс – табиғи әлемдегі уақыттық тізбекте. Екіншісі, тік болмыс – малакут әлемінің төменгі сатысында орналасуы арқылы. Сондықтан табиғаттағы әрбір болмысқа екі түрлі жоқтық қатысты болады. Олар: *уақыттық жоқтық* – өз уақытынан бұрын және кейін болмауы тұрғысынан, *дәһрлік жоқтық* – малакут және дәһрлік болмыстар деңгейінде болмауы тұрғысынан. Осылайша, табиғат әлемінің болмысы дәһрлік жоқтықпен алдыңғы ретте қоршалған, яғни әлем дәһрлік пайда болу арқылы пайда болған деп есептеледі. Кейбір зерттеушілер бұл теорияны мәндік пайда болудың өзге бір түсіндірмесі деп санағанымен, шын мәнінде олай емес. Бұл – өте нәзік, терең әрі техникалық-интуитивтік (ذوقی) философиялық тұжырым. Оны толық түсіну шын мәнінде үлкен сабыр мен философиялық дайындықты талап етеді.

Дегенмен, Молла Садра әлемнің пайда болуына қатысты ұсынған шешімі арқылы философтарды мұндай күрделі әрі нәзік талдаулардан белгілі дәрежеде арылтты. Молла Садраның көзқарастарын қарастырғанда, бұл шешімге арнайы тоқталатын боламыз.

Мир Әбу әл-Қасым Фендереси «رساله صناعیه-Рисала-и Санаийе» еңбегінде пайғамбарлардың дәрежелері мен философтардың дәрежелерін салыстыра отырып, білімді ақыл арқылы меңгерудің маңыздылығын көрсетеді: «*Философтар кейде білім мен іс-әрекетте қателесуі мүмкін, ал пайғамбарлар қателеспейді. Философтар білімді зерттеу мен ой арқылы меңгерсе, пайғамбарлар оны илһам және құдайлық жігер арқылы алады. Философтардың ақылдық күші пайғамбарлардағыдай болмайды; пайғамбарларда екі қасиетті сезім (көру және есту) ақыл арқылы хабар алуға қызмет етеді*» [8, 184 б.].

Мир Фендереси ақылдың шыңын пайғамбарлыққа апаратын алғашқы қадам деп есептейді: «*Философтар ақылдың соңы-*

на жеткенде, бұл деңгей пайғамбарлыққа бастау болуы мүмкін». Бұл пікір حكمت الاشراق – ишрақ даналығына қайшы, себебі ишрақшылар пайғамбарлықты ішкі көрініс пен интуициядан бастау деп есептейді. Пайғамбарлар ақыл арқылы емес, толық ішкі көрініс арқылы шынайы білімге жетеді [8, 187 б.].

Молла Садра философиялық ойлау мен руханилықты біріктірген тұңғыш ірі ойшыл болды. Оның еңбектері, әсіресе الحكمة المتعالية في الاسفار (әл-хикмату әл-мутаʿалийә фи-л-асфар-ақыл-ойдың төрт сапарының трансценденттік философиясы) кітабы, философия мен дін арасындағы үйлесімділікті көрсетті. Молла Садра философияны тек логикалық талдау құралы ретінде емес, адам рухының жетілу жолы ретінде қарастырды. Ол философияны екі деңгейде бөліп қарастырды: نظری و عملی حکمت (хикмат-е назари ва амали-теориялық және практикалық хикмет). «Нәзәри» хикметі арқылы адам әлемнің шындықтарын таниды, «амали» хикметі арқылы рухани жетілуге және құдайлық құндылықтарға қол жеткізеді [17, 79 б.].

Молла Садра иман мен ізгі амалдарды (Құранда ерекше мән берілген) философияның теориялық және практикалық мақсаттарына сәйкес байланыстырады: «(бірақ иман еткендер – назарий философияның ең жоғарғы мақсатына, ал ізгі амалдар – практикалық философияның толық мақсаттарына жетеді)».

Молла Садраның ойынша, философия мен дін бір-бірін толықтырады және бір-біріне бағытталған. Оның тафсир және хадиске арналған жазбалары осы ойдың көрінісі. Яғни, оның фило-софиялық ойлары қасиетті салаларда да үзілмейді, керісінше, айқындыққа жетелейді.

Философияның барлық саласы оның Құран мен хадисті түсіндірумен байланысты. Ол шариғаттың ілімдерін олардың құдайдан шыққан ақылға (мүмкіндігінше) және Пайғамбар мен имамдардың ақылына сүйеніп, философиядағы жалпы принциптер ретінде қолданды. Бұл екі жолмен көрініс табады:

1. Ислам ілімдері – барлық шындықтарды танудың негізгі принциптері ретінде: «діннің кейбір құпиялары мен шариғаттың сырлары ақылмен түсіну мүмкіндігінен жоғары». Оларды тек пайғамбарлық және имамдық дәрежелер арқылы тануға болады.

2. Ислам ілімдері – зерттеу мен философиялық талдау нысаны ретінде: Молла Садра әл-Мутааллин «Мафатих әл-Ғайб» еңбегінде Құран мен болмысты теңдестіріп, Құранның «жасырын кілттері» бар екенін және олар арқылы барлық шындықтарды тануға болатынын көрсетеді [17, 126 б.].

Молла Садра әл-Мутааллин өз еңбектерінде философия мен діннің үйлесімділігін үнемі атап көрсетеді. Молла Садра үшін философия мен философиялық пайымдау – құдайлық және діни сипатқа ие. Ол философияны грек ойшылдарына жатқызса да, бұл ойшылдардың өздеріне философиялық нұрды пайғамбарлықтан алғанын атап көрсетеді.

Молла Садраның тағы бір жаңалығы – حرکت جوهری (харакат-е джоуһари-субстанциялық қозғалыс) принципін енгізуінде. Яғни, барлық заттар өздерінің заттық табиғатында үздіксіз қозғалыста, өзгерісте және жаңару жолында. Осы принцип арқылы حدوث (һодус-пайда болу) және قدم (қидәм-мәңгілік) мәселесі шешілді. Егер әлем үздіксіз қозғалыста болса, онда оған бір нақты бастау нүктесін іздеудің қажеті жоқ, өйткені әр сәтте әлем жаңа болып туылады және әр сәтте оған Құдайдың қатысы бар. Бұл тұжырым көптеген философиялық және теологиялық мәселелерді – уақыт, уақытша және мәңгілік, бастапқы және соңғы – түсіндіруге мүмкіндік береді.

Әлемнің пайда болуы (حدوث) мен мәңгілігі (قدم) мәселесін кейбір батыс философтары, (Кант) метафизиканың шешілмейтін жұмбақтары деп есептесе, Молла Садра бұл мәселені тұтас қозғалыс принципі арқылы шешті [14, 225 б.].

Біз жоғарыда Мир Дамадтың бұл күрделі мәселені шешуде حدوث دهری – (уақытқа бағынбайтын, бірақ мәңгі де емес жаратылу) дәһр теориясын ұсынғанын айттық. Алайда, Молла Садра өзінің еңбегінде ұстазының бұл теориясына қолдамады және оны мәселенің шешімі деп есептемеді. Осы себептен, ол әлемнің пайда болуы мәселесін басқа тәсілмен түсіндіреді.

Молла Садра субстанциялық қозғалыс ілімі арқылы дәлелдеген жаратылу (пайда болу) түрі – уақыттық жаратылу (حدوث زمانی худус замани). Ол уақыттық жаратылуды болмыстағы қозғалысқа терең түсіндірме беру арқылы негіздейді [17, 241 б.].

Молла Садра уақытқа байланысты пайда болуды өзінің «Әфсар» кітабында былай сипаттайды: Егер болмыс мәні жағынан

қозғалыста болса, онда ол әр сәтте жаңа болмысқа ие болады, демек, әр сәт алдыңғы болмыстың жоқтығынан кейін келеді».

Молла Садра философиясында جودأصالت (асалату-л-воджуд-болмыстың түпнегізділігі) принципі маңызды орын алады. Ол бойынша барлық заттар өз мәнінде бар болу арқылы мән табады. Бұл тұжырым философиялық және кәламдық көзқарастар арасындағы қарама-қайшылықтарды жеңілдетті. Молла Садраның көзқарасы бойынша, философия мен дін адамға Құдайды таныту және рухани жетілуге жетелеу үшін бір мақсатқа жұмыс жасайды деді.

Молла Садраның «الحكمة المتعاليه فى الاسفار الاربعة العقليه -әл-хикмет әл-мута'аллие фи ал-асфар әл-арбаа әл-'акилия», «الشواهد الربوبيّه-аш-шавахид ар-Раббанийя», «مفاتيح الغيب – мафатих әл-ғайб», «المبداء و المعاد -әл-мабда ва әл-маад», «عرشيه -аршийя» еңбектері кең көлемді, аса маңызды және танымал философиялық бағыт материалы болып саналады. Төрт ғасырдан бері бұл еңбектер сопылар мен философтардың негізгі дереккөзі болып келеді.

Қорытынды

Аталған зерттеуімізде Иран философиясы мен хикметі жан-жақты талданып, Исфахан философиялық мектебінің тарихи-теориялық дамуы қарастырылды. Исфахан мектебі өкілдері – Мир Дамад, Мир Фендерески және Молла Садра философиялық ойлау мен рухани ізденістердің дамуына қосқан үлесі арқылы зерттелді.

Мир Дамадтың тұжырымдары болмыс (وجود) пен мән (ماهية) мәселесін жаңа қырынан қарастыруға бағытталғаны анықталды. Ол философиялық ойлауда маңызды жаңалық енгізіп, мәннің негізгі ұғым ретіндегі рөлін көрсеткен. Мир Фендерески философияны әрі рационалды, әрі рухани тұрғыдан дамытып, مشاء дәстүрін ұстана отырып, өмірлік тәжірибесінде ирфан (عرفان) және ишрақ (اشراق) элементтерін қолданғаны назар аудартты. Оның шығармашылығы философия мен руханилық арасындағы сабақтастықты айқындайды.

Молла Садраның «Хикмет әл-Мутаʿалия» жүйесінде философия мен діннің үйлесімділігін көрсетуі, қозғалыс жауһары (الحركةالجوهرية) принципі арқылы әлемнің үздіксіз қозғалысында екенін дәлелдеуі, сондай-ақ – وجود اصالت болмыстың түпнегізділігі қағидасы философиялық және кәламдық пікірлер арасындағы қарама-қайшылықтарды жеңілдеткені зерттеуде айқындалды. Сонымен қатар, оның тұжырымдары болмыс пен мән, әлемнің пайда болуы мен Құдайға тәуелділік мәселелерін түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан қарағанда, Исфахан мектебі философиялық ойлау, рухани ізденіс және дін мен философияны үйлестірудің үлгісі ретінде ерекше мәнге ие болды. Мектептің теориялық және практикалық тұжырымдары қазіргі философиялық зерттеулерде де өзекті болып, рационалды және рухани көзқарастардың үйлесімділігін сақтау жолдарын көрсетеді. Қорыта айтқанда, Исфахан философиясы – Мир Дамадтан бастап Молла Садраға дейін – философиялық ойлау мен рухани ізденісті дамытуда, дін мен философияны үйлестіруде үлгілі мектеп ретінде бағаланады.

Әдебиеттер тізімі

1 Құдайбергенова, Г. К., & Кокеева, Д. М. (2025). Парсы көркем шығармаларында грек философтарының сипаты. Қазақстан шығыстануы ғылыми журналы, 15(3), 303–313. https://doi.org/10.63051/kos.2025.3.303

2 ىي و تخانشزاب :ناريا خيرات. (2022). تخبرادب. ناريا رد راتخاس دنا يسانشب ناريا نيا رد ناتسا نيكيتكلايد ىي كيتكلايد هشيدنا ىي عامتجا راتخاس دنا ريز مدرم ناريا نآ هدنيآ .نالوا پاچ.

3 ىسا مالسا ىي خيرات. ع. (1400). ورسخ هانپ، (جلد 3). مسسوم هسا مالسا نيون تمكح.

4 ىسا مالسا خيرات. ه. (2020). برک ن، (ج. ىيابطابط مجرتم). ريوک تاراشتنا.

5 ظفا، ذ. l. (2019). ىرظن هب خيرات و تمكح مولع رد ناريا (مجنپ پاچ). ريبک ريما تاراشتنا.

6 س. م. ع. (1399). مدرم سلطق، بتکم ناهفصا. تاراشتنا ىطووى.

7 ىمارط ع. (1395). هشر زمز حيکم. ناد شناگشاه تهرا ن.

8 ىسن آبادى، l. ه. (2018). ريم داماد حرش ريم و تاراشتنا ىسدرند ناهفصا.

9 ىسانشتا س. ج. (1387). مالسا ىفسلف آرا و حرش ىسا مالسا ىوزوه ةمه ىملع ةعلاغيلبترتفد، مكرم زكرم تاراشتنا. اردصد.

10 Кокеева, Д. М., & Исмагулова, С. А. (2023). Кабир мұрасындағы діни-философиялық синкретизм. ҚазҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы, (34), 13–22. https://doi.org/10.26577//EJRS.2023.v34.i2.r2

11 ىمشاه ى، م. م. (1396). اردصالم هفسلف رد تروريص و تاراشتنا (موس پاچ). ريوک.

12 ناپفنم ن، س. م. (1398). «تيهام» رد ىسانشنعغم ىسا مالسا ىفسلف هژوم آ. داد يرم يعيبطلادعبام ىضوى، (24).

13 ىسانشه نوگ ى، ز., & ىنوتفم ن. (1403). ىپللوم ناجاقآ ىي. بارافه فسلف رد نيقي طيارش و فيرعت آب نآ تبسن و نيقي ىسا مالسا و هفسلف، ناريا، (116), 108–136. https://doi.org/20.1001.1.15600874.1403.29.4.5.5

14 ىس ىئايض. (1404). و هقيقحلاب مدة و ثودح نيبيت ىسا مالسا هفسلف خيرات. نيهلاتملاردصم ءارآ رد هيكت اب زاجملا 4(14). https://doi.org/10.22034/HPI.2024.477415.1102

15 ىنيما ىنزاد، ع. (1394/2015). تمكح تفرف ى نا (پاچ موس). تاراشتنا هسسؤم ىشهوژپ و ىشزوم آ ىنيمخ ى.

16 محمد بن رقاب محمد، مریم دامادی. (1398). تاسبقلا ءغالبلاجهز پاچ و تاراشتنا هسوٴم نارهتٔ هاگشناد.

17 رعاشملا هلاسر ردصلادین یزاریش، م. ب. م. (1400). (موس پاچ) .بات کتان تسوید.

Transliteration

1 Qudaibergenova, G. K., & Kokeyeva, D. M. (2025). Parsi körkem şyğarmalarynda grek filosoftarynyñ sipaty [The Representation of Greek Philosophers in Persian Literary Works]. Qazaqstan şyğystanuy ğylymi jurnaly, 15(3), 303–313. https://doi.org/10.63051/kos.2025.3.303 (In Kazakh)

2 Yadbarakht. (2022). Tarikh-e falsafe-ye Iran: Bazshenakht va peyrizi-ye andishe-ye dialektiki-ye Iraniyan-e bastan dar sakhtar-e ejtemai-ye modern-e Iran-e ayande [The History of Iranian Philosophy: Rediscovering and Establishing the Dialectical Thought of Ancient Iranians within the Social Structure of Iran's Future]. Chap-e avval, London. (In Persian)

3 Khosropanah, A. (2021). Tarikh-e falsafe-ye eslami [The History of Islamic Philosophy] (Vol. 3). Mo'assese-ye Hekmat-e Novin-e Eslami. (In Persian)

4 Corbin, H. (2020). Tarikh-e falsafe-ye eslami [The History of Islamic Philosophy] (J. Tabatabaei, Trans.). Entesharat-e Kavir. (In Persian)

5 Safa, Z. A. (2019). Nazari be tarikh-e hekmat va olum dar Iran [A Survey of the History of Philosophy and Sciences in Iran] (5th ed.). Entesharat-e Amir Kabir. (In Persian)

6 Modarres Motlaq, S. M. A. (2020). Maktab-e Esfahan [The School of Isfahan]. Entesharat-e Tahuri. (In Persian)

7 Taremi, A. (2016). Shahr-e hezar hakim [The City of a Thousand Sages]. Daneshgah-e Tehran. (In Persian)

8 Hosseinabadi, A. H. (2018). Sharh-e hal-e Mir Damad va Mir Fendereski [Biographical Accounts of Mir Damad and Mir Fendereski]. Entesharat-e Esfahan. (In Persian)

9 Ashtiyani, S. J. (2008). Sharh-e hal va ara-ye falsafi-ye Molla Sadra [The Life and Philosophical Views of Mulla Sadra]. Daftar-e Tablighat-e Eslami-ye Howze-ye Elmiye-ye Qom, Markaz-e Entesharat. (In Persian)

10 Kokeyeva, D. M., & Ismagulova, S. A. (2023). Kabir murasyndagy dini-filosofiyalyq sinkretizm [Religious and Philosophical Syncretism in Kabir's Legacy]. QazUU habarshysy. Dintanu seriyasy [Bulletin of KazNU. Religious Studies Series], (34), 13–22. https://doi.org/10.26577//EJRS.2023.v34.i2.r2 (In Kazakh)

11 Hashemi, M. M. (2017). Seyrurat dar falsafe-ye Molla Sadra va Hegel [Becoming in the Philosophy of Mulla Sadra and Hegel] (3rd ed.). Entesharat-e Kavir. (In Persian)

12 Manafian, S. M. (2019). Ma'na-shenasi-ye "mahiyat" dar ma-ba'd al-tabie-ye Mirdamad [An Analysis of the Meaning of "Essence" in Mir Damad's Metaphysics]. Amuzehaye Falsafe-ye Eslami, Daneshgah-e Olum-e Eslami-ye Razavi [Lessons in Islamic Philosophy, Razavi University of Islamic Sciences], (24). (In Persian)

13 Aqajan Mavalaei, Z., & Moftouni, N. (2024). Guneshenasi-ye yaqin va nesbat-e an ba ta'rif va sharayet-e yaqin dar falsafe-ye Farabi [A Typology of Certainty and Its Relation to the Definition and Conditions of Certainty in Al-Farabi's Philosophy]. Falsafe va Kalam-e Eslami, Daneshgah-e Tehran [Islamic Philosophy and Theology, University of Tehran], (116), 108–136. https://doi.org/20.1001.1.15600874.1403.29.4.5.5 (In Persian)

14 Ziaei, S. (2025). Tabyin-e hoduth va qidam bel-haqiqa va al-majaz ba tekye bar ara-ye Sadr al-Mota'allehin [Explaining Origination and Eternity in Reality and Metaphor Based on the Views of Sadr al-Muta'allihin]. Tarikh-e Falsafe-ye Eslami, 4(14). https://doi.org/10.22034/HPI.2024.477415.1102 (In Persian)

15 Amini-Nejad, A. (2015). Hekmat-e erfani [Mystical Wisdom] (3rd ed.). Entesharat-e Mo'assese-ye Amuzeshi va Pazhuheshi-ye Khomeini. (In Persian)

16 Mohammad Baqer ibn Mohammad, Mirdamad. (2019). Al-Qabasat [The Sparks]. Daneshgah-e Tehran, Mo'assese-ye Entesharat va Chap-e Nahj al-Balaghe. (In Persian)

17 Sadr al-Din Shirazi, M. B. M. (2021). Resale-ye al-Masha'er [Treatise on Metaphysical Perceptions] (3rd ed.). Bustan-e Ketab. (In Persian)

Авторлардың үлесі

Г.К. Кудайбергенова – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеуге, ғылыми әдебиеттерді талдауға, зерттеу нәтижелерін жинақтауға және мақаланың негізгі мәтінін жазуға үлес қосты. **Д.М. Кокеева** – ғылыми материалдарды жүйелеуге, зерттеу нәтижелерін талдауға, мақаланың мазмұнын жетілдіруге және қолжазбаны редакциялауға үлес қосты.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Гульбакыт Кализатовна Кудайбергенова	аға оқытушы, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: gulbahyt2017@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-3345-2228
Дарига Молдагалиевна Кокеева	доцент, философия ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: dmkbuddy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9637-9067
Гульбакыт Кализатовна Кудайбергенова	старший преподаватель, PhD, Казахский национальный университет имени ал-Фараби. Алматы, Казахстан, email: gulbahyt2017@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-3345-2228
Дарига Молдагалиевна Кокеева	доцент, кандидат философских наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: dmkbuddy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9637-9067
Gulbakyt Kudaibergenova	Senior Lecturer, PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: gulbahyt2017@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-3345-2228
Dariga Kokeyeva	Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: dmkbuddy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-9637-9067

ҒТАХР 02.51.11 | Ғылыми мақала

ГУМАНИСТІК МОТИВАЦИЯ ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҚ ОСАЛДЫҚ: БАЛАЛАР ФИЛОСОФИЯСЫ ТҰРҒЫСЫНАН СЫНИ ТАЛДАУ

Г.Б. Нұрадин[1], А.Е.Аккулиева[1,2], Ж.Н.Бекенова[2]

АҢДАТПА

Адамзат тарихындағы «көмек көрсету», «жақсылық жасау» сынды гуманистік қызметтер қоғам тарапынан әрдайым адамгершілік биіктік ретінде бағаланады. Алайда бүгінгі күні адамның жақсылық жасау ниетінің этикалық нормалары бұзылып манипуляция нысанына айналды. Заманауи философиялық мәселелерді зерттеу аясында гуманистік мотивацияның демотивациялық парадокске айналып кету қауіпін сейілту үшін оның этикалық негіздерін қайта қарау қажеттілігі бар.

Мақалада балалар моральдық осал топтың негізі ретінде зерттеу нысанына айналды. «Мотивациядан-Манипуляцияға» трансформациясы балалар этикасы үшін шешілмеген философиялық дилемма. Бұл мәселе отандық философияда мүлдем зерттелмеген, әлемдік ғылымда да жүйелі талдау нысанына айналмаған. Мақала авторларының зерттеушілік позициясы практикалық философия тұрғысынан балалардағы гуманистік мотивацияны манипуляциядан қорғаудың этикалық негізін қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыру. Себебі қазіргі қоғамдық кеңістікте балалардың жақсылық жасау ниетін кері пайдалану үрдісі күшейіп, балалардың бейтаныс адамдарға деген табиғи эмпатиясы мен жақсылық жасауға деген ұмтылысы өзіндік қорғаныс аймағын қалыптастырып үлгермеген ересектер үшін қорқыныш сезімін басқаруды күрделендіріп отыр.

Отандық ғылыми-философиялық зерттеу контекстінде балалар этикасындағы «гуманистік мотивация», «моральдық осалдық», «сыни эмпатия» ұғымдарына алғаш рет дербес категория ретіндегі тұжырымдау талпынысы жасалады. Бұл талпыныс балалар этикасындағы гуманистік мотивацияны манипуляциядан қорғаудың философиялық негізін қалыптастыруға практикалық серпін беруі мүмкін. Мақаладағы жаңа серпіннің әдіснамалық классикалық негізін Аристотельдің фронезис ілімі, Канттың деонтологиялық этикасы, Абай мен Фарабидің шығыс және қазақ философиялық дәстүріндегі адамгершілік этикасы ілімдері құраса, заманауи әдіснамалық негізін М.Липманның балалар философиясы (P4C) тұжырымдамасы, Ш.Коэннің манипуляция этикасы т.б. құрайды.

Түйін сөздер: гуманистік мотивация, моральдық осалдық, манипуляция этикасы, балалар философиясы, практикалық философия, сыни эмпатия, фронезис.

[1] М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

[2] Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
А.Е.Аккулиева,
akkulieva_asiya@mail.ru

Сілтеме:
Нұрадин Г.Б., Аккулиева А.Е., Бекенов Ж.Н. Гуманистік мотивация және моральдық осалдық: балалар философиясы тұрғысынан сыни талдау // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №4(110). – Б. 38-49. – DOI: 10.48010/zeth2d03

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 08/06/2026
Қабылданды: 27/08/2026
Онлайн жарияланды: 30/10/2026

Гуманистическая мотивация и моральная уязвимость: критический анализ с точки зрения детской философии

Аннотация. Гуманистические услуги в истории человечества, такие как «оказание помощи», «творение добра», всегда оцениваются обществом как моральное возвышение. Однако сегодня этические нормы желания человека творить добро нарушаются и становятся предметом манипуляций. В рамках изучения современных философских проблем существует необходимость пересмотра этических основ гуманистической мотивации, чтобы развеять угрозу превращения ее в демотивирующий парадокс.

В статье дети стали объектом изучения как основа морально уязвимой группы. Трансформация "от мотивации к манипуляциям" - это нерешенная философская дилемма детской этики. Этот вопрос вообще не изучался в отечественной философии, не стал предметом системного анализа и в мировой науке. Исследовательская позиция авторов статьи рассмотреть возможности формирования этической основы защиты гуманистической мотивации у детей от манипуляций с позиций практической философии. Это связано с тем, что в современном общественном пространстве усиливается тенденция к обратному использованию желания детей делать добро, а естественное сочувствие детей к незнакомцам и желание делать добро усложняют управление чувством страха для взрослых, которые еще не сформировали свою собственную защитную зону.

В контексте отечественного научно-философского исследования впервые делается попытка концептуализации понятий «гуманистическая мотивация», «моральная уязвимость», «критическая эмпатия» в детской этике как самостоятельной категории. Это стремление может дать практический толчок к формированию философской основы защиты гуманистической мотивации в детской этике от манипуляций. Методологическую классическую основу нового импульса в статье составляют учение Аристотеля о фронезисе, деонтологическая этика Канта, нравственная этика Абая и Фараби в восточных и казахских философских традициях, современную методологическую основу составляют концепция детской философии (P£C) М. Липмана, этика манипуляции Ш. Коэна и др.

Ключевые слова: гуманистическая мотивация, моральная уязвимость, этика манипуляции, детская философия, практическая философия, критическая эмпатия, фронтезис.

Humanistic Motivation and Moral Vulnerability:
a Critical Analysis from the Perspective of Children's Philosophy

Abstract. Humanistic acts throughout the history of mankind, such as “helping others”, “doing good”, have always been valued by society as expression of moral elevation. However, today, the ethical principles underlying a person’s desire to do good are being undermined and become the subject of manipulation. In the context of contemporary philosophical inquiry, there is a need to review the ethical foundations of humanistic motivation in order to address the risk of its transformation into a demotivating paradox.

In the article, children were selected as a object of study because they constitute a morally vulnerable group. The transformation “from motivation to manipulation” is an unresolved philosophical dilemma in children’s ethics. This issue has not been studied in Russian philosophy, nor has it become the subject of systematic analysis in international scholarship. The author’s research position is to examine the possibilities of forming an ethical basis for protecting children’s humanistic motivation from manipulation from the standpoint of practical philosophy. This is due to the fact that, in modern public spaces, there is an increasing tendency to exploit children’s desire to do good, while their natural empathy for strangers and desire to do good make it difficult for adults to manage their fears, especially when children have not yet developed their own protective boundaries.

Within Russian philosophical scholarship, an attempt is being made for the first time to conceptualize the terms of “humanistic motivation”, “moral vulnerability”, and “critical empathy” in children’s ethics as an independent analytical category. This attempt may provide practical impetus to the formation of a philosophical basis for protecting humanistic motivation from manipulation in children's ethics. The classical methodological foundation of the article consists of Aristotle’s doctrine of phronesis, Kant’s deontological ethics, the moral philosophy of Abai and al-Farabi in the eastern and Kazakh philosophical traditions, the modern methodological foundation draws on M. Lipman’s concept of Philosophy for Children (P£C) and Sh. Cohen’s work on the ethics of manipulation, among others.

Keywords: Humanistic Motivation, Moral Vulnerability, Ethics of Manipulation, Children's Philosophy, Practical Philosophy, Critical Empathy, Fronthesis.

Кіріспе

Адам баласының жаратылысындағы жақсылық жасауға, көмек беруге, қиналған жанға қол ұшын созуға деген адамгершіліктік ұмтылысы дін, мәдениет, өнер сынды алып рухани кешенді қалыптастырған ең ежелгі әрі ең биік қасиет ретінде дәріптелген. XXI ғасырдың екінші ширегіндегі төртінші өндірістік революциядан (4.0) бесінші өндірістік революцияға (5.0) өту кезіндегі қоғамдық кеңістікте мүлдем өзгеше үрдіс байқалуда. Әуежайда, көшеде, қоғамдық орындарда бейтаныс адамдарға көмек көрсетуге ұмтылғандар жақсылық жасау ниетінің кесірінен алаяқтық пен манипуляцияның құрбанына айналуда. Бұл - жай қылмыстық мәселе емес, бұл - терең этикалық парадокс: адам неғұрлым жақсы болса, соғұрлым осал болады. Бұл құбылыс құндылықтардың инверсиясы ретінде сипатталады: көмек көрсету ниеті бірқатар жағдайда өзінің қарама-қарсы нәтижесіне ұласады (жақсылықтан→жамандыққа, әділдіктен→әділетсіздікке, қамқорлықтан→қауіпке, қайырымдылықтан→қатігездікке, сенімнен→сенімсіздікке, ұмтылудан→тартынуға, шындықтан→өтірікке, батылдықтан→осалдыққа).

Бүгінгі әлемнің алаяқтық пен манипуляцияның негізгі механизмі - адамның жақсылық жасауға деген табиғи ұмтылысын пайдалану. АҚШ-тың Федералдық тергеу бюросы 2024 жылы алаяқтықтан болған шығын рекордтық деңгейге жеткенін жариялады. Жылдық шығын 2023 жылмен салыстырғанда 33 пайызға өсіп, 16,6 миллиард долларға жеткен. Бұл сандардың артында бір ғана «психологиялық механизм» - бейтаныс адаммен сенімге негізделген байланыс орнатып, оның жомарттығы мен жанашырлығын пайдалану. Жаһандық деңгейде интернет-алаяқтық желілері 2023 жылы бүкіл әлемде 25-64 миллиард доллар табыс тапқан. Бұл тек экономикалық шығын емес, бұл қоғамдық сенімнің іргелі дағдарысы.

БҰҰ-ның 2025 жылғы Әлемдік әлеуметтік баяндамасы әлем халықының 60 пайызы

өз өміріне қанағатсыз екенін, сенім мен әлеуметтік байланыстың эрозиясы қоғамды тұрақсыздандырып отырғанын атап өткен. Ең үлкен парадокс: адамдар жәбір көрген сайын жақсылық жасаудан тартынады, қоғамдық алаңда бейтаныс адамға қол ұшын созуға қорқады, бұл шын мәнінде нағыз көмек қажет адамға дер кезінде қол ұшын бермей сағын сындыру, өзгелерден күдер үзуге, көптің ішінде өзін жалғыз сезінуге алып келу. Манипуляция жеке адамды ғана емес - бүкіл қоғамдық адамгершілік мәдениетін жояды.

Болашақты болжаушылар бұл үрдістің тереңдей беретінін ескертеді. Футурологтар жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар манипуляцияның жаңа, күрделі түрлерін тудыратынын, ал адамның табиғи эмпатиясы мен жанашырлығы осы технологиялардың негізгі «шабуыл нүктесіне» айналатынын болжайды. Діни дәстүрлер де бұл қауіптен аулақ емес: ислам этикасы зерттеушілері адамның намысын қорғау мен зиян келтіруден сақтану принциптерінің, яғни дәстүрлі моральдық қорғаныш жүйесінің жаңа манипуляция түрлеріне қарсы тұру үшін жеткіліксіз болып қалуы мүмкін екеніне алаңдайды.

Гуманистік мотивация өз табиғатынан манипуляциялық трансформацияға ұшырады. Бұл парадокс тек ересектерге ғана тән емес. Мәселенің ең өткір тұсы - балаларға қатысты жағдай. Балалар - осы құбылыстың ең ауыр моральдық зардабын тартатын осал топ. Себебі баланың игілік ету ниеті ересектің ниетінен түбегейлі өзгеше. Бала әлеміндегі «көмектесу керек» деген сигнал күші аса жойқын, ол ересек адам сияқты жағдаятты сүзгіден өткізіп, эмоцияны тежеп, салдарын өлшеп, манипуляция белгілерін танып рефлексия жасауға мұрша бергізбейді, тікелей әрекет жасауға итермелейді. Кемелденбеген рефлексия баланың гуманистік мотивациясын моральдық осалдықтың қайнар көзіне айналдырады. Осыған орай, ЮНИСЕФ 2024 жылғы «Әлем балалары» баяндамасында балаларды 2050 жылға дейін қоршаған ортадан туындайтын тәуекелдерден қорғау үшін этикалық негізделген саясат қалыптастыру қажеттігін күн тәртібіне қойды.

Осы тұста маңызды зерттеу сұрағы туындайды: гуманистік мотивацияны жою немесе тежеу арқылы баланы қорғауға бола ма? Жауап - жоқ. Баланың игілік ету ниетін жою – оның адамгершілік табиғатын жою деген сөз.

Зерттеудің мақсаты - практикалық философия тұрғысынан балалардағы гуманистік мотивацияны манипуляциялық трансформациядан қорғаудың этикалық негізін қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылады:

- гуманистік мотивацияның философиялық мазмұнын ашу;
- «моральдық осалдық» категориясын балалар этикасы аясында негіздеу;
- манипуляциялық трансформацияның механизмін сыни талдау;
- «сыни эмпатия» тұжырымдамасын ұсыну;

Мақаланың ғылыми өзектілігі бірнеше өлшемде айқындалады.

Біріншіден, әлеуметтік өзектілік. Әлемде және қазақ қоғамында гуманистік мотивацияны пайдалану арқылы жүзеге асырылатын манипуляция мен алаяқтықтың жиелеуіне байланысты қоғамдық сенімнің эрозиясы, адамгершіліктен безіну, «жақсылық жасама, зиян тигізесің» деген деструктивті тұжырымдаманың қалыптасуы, аса маңызды сан ғасырлық қазақы тәрбиенің тұтастығы сынға ілінді.

Екіншіден, педагогикалық өзектілік: балаларды манипуляциядан қорғаудың этикалық негіздері бүгінде отандық білім жүйесінде теориялық тұрғыдан қалыптаспаған.

Үшіншіден, философиялық өзектілік: «моральдық осалдық» ұғымы психологияда белгілі болғанмен, балалар этикасындағы дербес философиялық категория ретінде зерттелмеген.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы екі деңгейде айқындалады.

Бірінші деңгей - концептуалдық жаңалық: «моральдық осалдық» ұғымы балалар этикасындағы дербес философиялық категория ретінде негізделеді. Психологиядағы «осалдық» ұғымынан «моральдық осалдық» ұғымының айырмашылығы оның «патология» еместігінде, ол - адамгершіліктің табиғи, қажетті белгісі ретінде қаралады. Бұл - бала бойындағы жақсылыққа деген құштарлықтың философиялық баламасы.

Екінші деңгей - тұжырымдамалық жаңалық: «сыни эмпатия» тұжырымдамасы ұсынылады. Бұл тұжырымдама эмпатияны жою немесе тежеу емес, оны сыни рефлексиямен ұштастыру идеясына негізделген, яғни «сезу және терең ойлану» синтезі.

Мақаланың ғылыми базасы халықаралық және отандық дереккөздерге сүйенеді. Халықаралық деңгейде: манипуляцияның анықтамасы мен моральдық мәртебесін кешенді зерттеген ғалым Шломо Коэн (2025) «The Concept and Ethics of Manipulation» [1] еңбегі, ғылым мен технологияның, адам агенттілігінің осалдықтары, оларды пайдалану әдістері түсінігін арттыру манипуляциясының этикасын зерттеген Миша Вернер (2024) «Influencer-Centered Accounts of Manipulation» [2] ғылыми мақаласы, Манипуляцияның тұрмыстық белең алуын моральдық тұрғыдан сыни талдау жасаған Майкл Кленк (2024) өзінің «Ethics of Generative AI and Manipulation» [3]. Басылымдар Springer және Scopus сынды беделді индексіндегі еңбектер. Балалар философиясы бойынша: балалардың манипуляциядан өзін-өзі қорғауы тұжырымдамасын жасаған Франсини Тибалдео (2023) [4], балалар бойындағы адамгершілік тәрбиенің қажеттілігін дәлелдеген Мендонса Д. және Франкен Фигейредо (2022) [5] - Springer монографиялары, моральдық осалдық теориясы бойынша Маккензи, Роджерс және Доддс (2014) [6] жинағы пайдаланылады. Отандық деңгейде: Е.Шермұхамбетов және т.б. (2024) [7] ұлттық бірегейлікке тигізер морльдың ықпалын зерттесе, Г.Барлыбаева және т.б. (2023) [8], адамгершілік туралы жазған және Н.Х.Калишева және т.б. (2012) [9] қазақ халқының философиялық ойлауындағы этика мәселесі бағытында жазылған еңбектер негізінде алынды.

Классикалық іргетас ретінде Аристотель суреттеген «фронезис», яғни практикалық даналық, Кант айтқан «практикалық парасат», М.Липман мен Э.Маргарет Шарптың «P4C Балаларға арналған философия» бағдарламасы Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегі мен Абай Құнанбайдың «Қара сөздері» пайдаланылады.

Әдіснама

Мақаланың теориялық-философиялық сипаты жоғары деңгейлі беделді басылымдарда жарық көрген халықаралық және отандық жариялымдардан тұрады. Кіріспеде көрсетілгендей мақаланың мақсат-міндеттерінің әдіснамалық негізін аналитикалық этика мен моральдық философия сынды практикалық философияның интердисциплинарлық тәсілі құрайды.

Мақалада гуманистік мотивацияның философиялық мазмұнын ашу «концептуалдық талдау» әдісі арқылы орындалып анықтамалар тұжырымдалады. Бұл әдіс аналитикалық философиядағы классикалық үлгіге сүйенеді, яғни «гуманистік мотивация» ұғымының қажетті және жеткілікті белгілері анықталып, ол «альтруизм», «просоциалдық мінез-құлық» және «моральдық агенттілік» ұғымдарынан ажыратылады. Мақаланың негізгі ұғымы болып табылатын «моральдық осалдық» категориясын «феноменологиялық дескрипция» әдісі арқылы балалар этикасы аясында негіздеу көзделді. Іргелі ғылыми әдістердің бірі «сыни дискурс-талдау» манипуляциялық трансформация механизмдерін ашу мақсатында қолданылады. «Сыни эмпатия» ұғымы «нормативтік конструктивизм» теориялық әдісі арқылы талданып тұжырымдалады. Мақаланың өзегі қазақ философиялық дәстүріндегі «адамгершілік» тұжырымының синтезі.

Дереккөздерді пайдалану туралы. Классикалық еңбектерге сілтеме жасау барысында «dual citation» (қос дәйексөз) тәсілі қолданылды: түпнұсқа тіліндегі дәйексөздер өз бетбелгісімен, ал мазмұндық талдау орыс тіліндегі аудармалар негізінде жүргізілді. Аударма нұсқаларының беттеу жүйесі түпнұсқамен сәйкес келмегендіктен, аталған дереккөздерге басылым атауы ғана көрсетілді.

Негізгі бөлім

Гуманистік мотивация және моральдық осалдық: фронезистен практикалық этикаға дейін

Бұл бөлімше Аристотель, Кант, Әл-Фараби, Абай сынды ойшылдардың тұжырымдарын талқылайды, сол себепті мақаланың классикалық теориялық базасын құрайды. Қазіргі цифрлық дәуірде балалар күнделікті өмірде ақпараттық, коммерциялық және саяси манипуляцияның күшейіп бара жатқан ықпалымен бетпе-бет келеді. Бұл жағдай ересектер тарапынан балалық шақтың философиялық және этикалық өлшемін жаңаша ойластыруды талап етеді.

Балалық шақтың философиялық-этикалық өлшемін талдауда алдымен бір

стереотипке назар аудару қажет: «ана баласын сүйеді, сондықтан оған жақсылық жасайды!» деген тұжырым. Бұл қағида қоғамда нормативтік күш ретінде қалыптасқан, яғни ол биологиялық байланыстан моральдық міндеттілікке дейінгі жолды тікелей өтуді болжайды. Алайда мұндай болжам философиялық тұрғыдан сыналмаған күйінде қалып отыр. Эрих Фромм сүюдің табиғатын нақты анықтайды: «Сүю - табиғи нәрсе емес. Ол тәртіпті, шоғырлануды, шыдамдылықты, сенімді және нарциссизмді жеңуді талап етеді. Ол - сезім емес, іс-тәжірибе». Демек, аналық сүйіспеншілік биологиялық актіден автоматты түрде туындамайды. Ол - еркін, саналы, тәрбиеленген акт [10]. «Ана баласын туғаны үшін сүйеді!» деген тезисті өмір шындығы жоққа шығармаса да, «Сүйеді, сондықтан оған жақсылық жасайды!» деген тізбек логикалық тұрғыдан толық емес. Өмірде өз баласына жамандық жасаған аналардың болуы осы тізбектегі бос буынды, яғни практикалық даналықтың жоқтығын айқындайды.

Симона де Бовуар «аналықтың» мифологизациясына тікелей сын айтады: «Әйел болып тумайды - әйел болып қалыптасады. Ешқандай биологиялық, психикалық, экономикалық тағдыр әйел адамның қоғамдағы бейнесін айқындамайды, оны тұтас өркениет жасайды». Аналықтың идеализациялануы, оның «мәңгілік сүйіспеншілік» ретінде мифологизациялануы кейбір тұрмыстық ауыр жағдайларда аналардың моральдық жауапкершілігін жасырып тастауы мүмкін. Осы тұрғыдан балалық шақтың моральдық осалдығы аналық стереотиптің сыртында емес, ішінде қалыптасады [11].

Мұндай парадоксалды күрделі тұжырымды тарқату үшін әлемдік озық ойлардың іргетасы Аристотель сынды классиктерге жүгінген жөн. Аристотельдің «фронезис» ұғымы жалпы нормадан нақты жағдайға дұрыс жетуді қамтамасыз ететін практикалық даналық. Аристотель: «Практикалық даналық - іс-әрекетпен байланысты, ақылмен жүретін және адам үшін жақсылық пен жамандықты қамтитын шынайы қасиет. Практикалық даналық жалпылықпен ғана шектелмейді, ол жеке жағдайларды да танып-білуі тиіс: ол іс-әрекетпен байланысты, ал іс-әрекет жеке жағдайларға қатысты» [12].

Өмірде ананың өз баласына жасаған қастандығын «жауыз ана» деп атап оны қаралау мәселенің шешіміне әкелмейді. Алайда ол анада сүйіспеншілік «бар» деп болжау немесе негіздеу жеткіліксіз. Жағдаятты орын алған сәтте нақты сол ана мен баланың іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыру - фронезисті талап етеді. «Сүюді білу» мен «сүюді дұрыс жүзеге асыру» арасындағы алшақтық гуманистік мотивацияның да, моральдық осалдықтың тоғысқан тұсы.

Талқылаудан екі аргумент шығады: біріншісі, «фронезис» - моральдық осалдықты абстракциядан нақтылыққа айналдырады, «баланы қорғау керек!» деген жалпы норманы баланың моральдық осалдығын сезінуі мен оған жауап беру қабілетіне ауыстырады. Екіншісі, гуманистік мотивация «фронезиссіз» формализмге айналады, яғни жәй ғана ниет пен ынта жеткіліксіз, олар практикалық даналықпен нақтыланбаса іске аспайды. Бұл екі аргумент бірлесе отырып, балалық шақтың этикалық өлшемін жаңарту үшін ересектерге биологиялық немесе нормативтік статустан гөрі дамытылған моральдық-практикалық қабілет қажет екенін дәлелдейді. Аристотель «Никомахтық этика» еңбегінде фронезисті адамгершілік іс-әрекеттің басты зияткерлік қасиеті ретінде сипаттайды. Ол жалпы принциптер мен нақты жағдайды байланыстыратын «адамға нені жақсы істеу керегін» ажырататын практикалық парасат [12].

«Фронезис» - теориялық білімнен ерекшеленеді, ол тек шындықты танып қоймайды, сонымен бірге дұрыс іс-әрекетке бастайды. Бұл ерекшелік гуманистік мотивацияны түсіну үшін іргелі маңызға ие.

«Гуманистік мотивация» - «басқаға жақсылық жасау туралы» абстрактілі ниет емес, нақты жағдайда адамның мүддесін ескере отырып іс-әрекет жасауға дайындық, яғни практикалық даналықпен ұштасқан моральдық бейімділік болып табылады.

Канттың «практикалық парасат» тұжырымдамасы бұл мазмұнды бір маңызды өлшеммен толықтырады. «Практикалық парасаттың сыны» еңбегінде Кант моральдық мотивацияның шынайылығын сыртқы нәтиже арқылы емес, субъектінің ішкі максимасы арқылы бағалайды [13]. Адам тек «ереже орындалғандықтан» емес, парыз сезімімен іс-әрекет жасаған кезде ғана нақты моральдық агент болады. Балалар контекстінде бұл тезис ерекше маңызды: егер бала мақтау естуі немесе ұрыс естімеуі үшін «жақсы» мінез-құлық көрсетсе, онда

оның мотивациясы гуманистік болмайды, манипуляцияға қарай жылжиды.

Гуманистік мотивацияның батыстық әлеуметтік өлшемін Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегі арқылы шығыстық өлшеммен үндестіруге болады. Әл-Фарабидің тұжырымы бойынша адамды жетілуге жеткізетін тәрбие теориялық білім мен практикалық адамгершілік қасиеттерді бір уақытта қалыптастыруы тиіс. Себебі адамгершілік нормалары адамда жүре келе қалыптасады, адамгершіліксіз адам болу мүмкін емес. Адам ізгілікке жеткенде ғана оған әлемнің терең заңдылықтары ашылады, ол ұсақ-түйектермен емес, іргелі принциптермен өмір сүре бастайды және бұл принциптер адамгершілік принциптері болып табылады [9, 10]. Әл-Фарабиді тану процесін арсыздықтан тазару деп түсінген жөн. Ол адамгершілік категорияларын қиындатпады, бірақ адамгершіліктің онтологиясын құруға және оны түсіндіруге қол жетімді етуге тырысты. Адамгершіліксіз лайықты қоғам құру мүмкін емес «Ұлы империялардың құлауы әрдайым моральдың құлдырауымен байланысты!» деген нақты тұжырымға келді. Осылайша Әл-Фараби философиясында философиялық мораль - моральдық философияға айналады.

Фарабидің ізгілік, адамгершілік жүйесінің логикалық жалғасы - «Толық адам» ұғымы. Абай бір ұғыммен ақылды, қайырымды, жігерлі адам болудың үштұғырлы шартын айта отырып, рационалдылық пен эмпатияны бөлмейді, керісінше, оларды моральдық жетілудің бірлескен шарты ретінде таниды. Абай адамшылық адамның ең терең «ішкі сезімінен» туындауы тиіс деген пікірді ұстанады. Ол өзінің 38-ші қара сөзінде «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген ...» [14, 38 қ.с.] дей келе, адамның жақсысы адамға жақсылық жасаған адам, адамның адамшылығы оның ішкі сезімнің тазалығында деген тұжырым жасайды, оны гуманистік мотивацияның қазақ философиялық дәстүріндегі балама деуге негіз бар.

Дала философиясының ауқымды кеңістік игеріп уақытқа теңестірген қазақ халқының кең дүниетанымы мен әлемге деген терең көзқарасы бүгінгі күні «Қазақстандық философия» ретінде әлемдік аренаға шығуда. Бұл турасында академик Ә.Нысанбаев «Қазақстандық философия - бұл өте көп қырлы құбылыс, тағдыры өте қиын, оның негізін қалаушылардың, ізбасарлардың, еліктеушілердің және жойғыштардың тағдырына ұқсас. Оның ерекше мазмұны – түркі-ислам дәстүріне негізделген руханиадамгершілік. Қазақстандық философияның кезеңдері Қазақстанның тарихи тағдырларымен байланысты: түркі, ислам-Түркі, қазақ және Қазақстан, оның ішінде сызықтық кеңестік кезең және мүлдем сызықтық емес – қазіргі философиялаудың тәуелсіз кезеңі ерекшеленеді» - деп әлем халықтарының ойлау жүйесіндегі қазақ халқының орны мен рөлін негіздеп берді [16, 48 б.].

Аталған классикалық іргелі тұжырымдар гуманистік мотивация - жеке «психологиялық мотив» емес қоғамдық болмысқа тамыр жайған феномен екенінің дәлелі. Осы философиялық мол мұраның практикалық тәрбиеге ауысуын М.Липман мен Э.Маргарет Шарптың «Балаларға арналған философия» (P4C) бағдарламасы және оны ары қарай жүзеге асырып дамыта зерттеген ізбасарлары іске асырды.

Философ Роберто Франсини Тибалдео және Паоло Бекки ойшыл Ханс Джонастың мұрасына сүйене отырып, осалдықтың философиялық (онтологиялық және этикалық) таксономиясын зерттейді. Олардың пікірінше P4C бағдарламасының басты педагогикалық мақсаты - балада «зерттеу қауымдастығы» (community of inquiry) арқылы дербес ойлау, сыни пайымдау және эмпатиялық тыңдау қабілеттерін бір мезгілде дамыту [4, 45-67 б.]. Бұл тәсіл фронезис идеясын педагогикалық практикаға тікелей аударады: бала нақты диалог барысында дұрыс пен бұрысты, адамгершілік пен зорлықты ажырата білуге дағдыланады. Алайда гуманистік мотивацияны қорғаудың этикалық мәселесі оның осалдығын мойындаудан басталады.

К.Маккензи, В.Роджерс және С.Доддстың «осалдық таксономиясы» бойынша «тума осалдық» (inherent vulnerability) - адам болмысының ажырамас белгісі, ал «патогендік осалдық» (pathogenic vulnerability) - сыртқы жүйелер мен қарым-қатынастар адамды одан сайын осал ететін жағдайда пайда болады [6, 7–29 б.]. Балалар екі түрдің де ең жоғары деңгейінде тұрады: олар когнитивтік жетілмегендігі, тәуелділік жағдайы және моральдық тәжірибенің аздығы себебінен бір мезгілде «туа осал» да, «жағдайлық осал» да болып табылады. Бұл осалдық гуманистік

мотивацияны манипуляцияның алғашқы нысанасына айналдырады: баланың «басқаға жақсылық жасағысы келеді» деген ниеті нақ осы нүктеден басталып «моральдық осалдық» арқылы бұрмалануы мүмкін. Демек, гуманистік мотивация - адамның іс-әрекетіне моральдық мазмұн беретін ішкі бейімділік ретінде Аристотель айтқан практикалық даналық дәстүрінде, Кант тұжырымдаған категориялық императив логикасында, Әл-Фарабидің тәрбиелік мұраты мен Абайдың «адамшылық» тұжырымында да бір іргелі идеяны бекітеді. Шынайы гуманистік мотивация - сыртқы бақылаусыз, ішкі ерік-жігерден туатын, моральдық агенттілікпен ұштасқан феномен. Дәл осы «ішкі, көрінбейтін» белгі оны манипуляцияға осал ете отырып, осалдықтан қорғауды этикалық міндет ретінде алға қояды. Күнделікті өмірде ересектер балалар қамқорлығының бақылаулық аралық шегін мөлшерлемейді, соған сәйкес қамқорлық кей жағдайда жетіспейді, кей жағдайда асып кетуі мүмкін. Ата-ана баланың өсу динамикасына қарай физикалық және моральдық қолдау өлшем шекарасын анықтауды, моральдық қамқорлыққа қарағанда физикалық қамқорлықты ертерек қысқарту керектігін есепке алмай, баланы жеке меншікке айналдырады.

Осылайша, гуманистік мотивация мен моральдық осалдық арасындағы байланыс бір ғана бағытта ғана емес, қарама қарсы бағытта жүзеге асады: қамқорлықтың жетіспеушілігі мен оның шамадан тыс болуы. Бала тәрбиесіндегі «гиперқамқорлық» феномені ересектің баланы дербес моральдық субъект ретінде емес, өзінің жеке меншігі ретінде қабылдауының практикалық көрінісі. Мұндай қатынаста бала ересектің эмоциялық қажеттіліктерін өтейтін объектіге айналады да, оның өзіндік агенттілігі жүйелі түрде тежеледі.

Физикалық және моральдық қолдаудың баланың жас мөлшеріне сәйкестендірілмеуі осалдықтың ерекше түрін қалыптастыруы мүмкін. Жасына лайық дербестіктен айырылған бала сыртқы бағдарға тәуелді болып өседі: өз шешімін өзі қабылдауға, қатені өзі бағалауға, жауапкершілікті өзі сезінуге мүмкіндік берілмеген субъект моральдық жетілудің маңызды кезеңдерін өткізіп алады. Аристотельдің фронезис тұжырымдамасы тұрғысынан бұл практикалық даналықтың дамымай қалуы, яғни болашақ ересектің нақты жағдайда дұрыс шешім қабылдау қабілетінің атрофиясы. Демек, моральдық осалдық тек жетіспеушіліктен емес, артықшылықтан да туындайды. Гуманистік мотивацияның аутентикалығы оның қарқындылығымен емес, баланың жас мөлшері мен дамуына сәйкестігімен өлшенеді. Осы өлшем фронезистің негізгі функциясын анықтайды: практикалық даналық - жалпы қамқорлықты нақты баланың нақты кезеңіндегі нақты мұқтаждығына дәл жеткізу қабілеті.

Манипуляциялық трансформацияның механизмі және балалар этикасына тигізетін зияны

Бұл бөлімше манипуляция ұғымын зерттеу жұмыстарымен халықаралық деңгейге танылған Вернер, Кленк, Коэннің сыни талдамалық базасын құрайды.

Манипуляция - баланың ерік-жігерін, таңдау еркіндігін және моральдық агенттілігін жасырын бұрмалайтын ықпал ету тәсілі ретінде этикалық тәрбиенің орталық мәселесіне айналуда [1, 52 б.]. Манипуляция ұғымын философиялық тұрғыдан нақтылау осы зерттеудің екінші теориялық міндеті болып табылады. Ш.Коэн манипуляцияны «зиянды деп санауға болмайтын, алайда жиі зиянды болатын» ықпал ету тәсілі ретінде сипаттайды [1, 37-52 б.]. Оның тұжырымдамасы бойынша манипуляция - адамның рационалдылығын толық жоймайды, бірақ оны жасырын бұрмалайды. Нәтижесінде нысана «өз еркімен» шешім қабылдағандай сезінеді, ал шындығында сол шешімнің нақты мазмұны алдын ала қалыптастырылған болады.

М.Х.Вернер манипуляцияның «ықпал етушіге бағытталған» (influencer-centered) моделін ұсынады [2, 585-590 б.]. Бұл модель бойынша манипуляция ықпал етушінің нысананың рационалдылық нормаларына сәйкес келмейтін бейімділіктерін саналы түрде пайдалану әрекеті. Балалар контекстінде бұл анықтама ерекше маңызды: бала «рационалдылықтың нормаларын» толық меңгермегендіктен, манипулятор оның бейімділіктерін — достыққа, мақтауға, ойынға деген сенімін айрықша жеңілдікпен пайдалана алады.

М.Кленк цифрлық ортадағы манипуляцияны талдай отырып, «дизайнға бағытталған» (design-oriented) манипуля-

ция тұжырымдамасын алға тартады [3, 1-10 б.]. Жасанды интеллект технологияларының дамуы манипуляцияны жаппай, автоматтандырылған және жасырын етуге мүмкіндік береді. Балалар аудиториясы үшін бұл ерекше қауіпті: алгоритмдік жүйелер баланың эмоциялық реакциясы мен таңдау үлгілерін нақты талдап, одан пайдаланатын осал нүктелерді дәл анықтай алады.

Манипуляциялық трансформацияның механизмін Маккензи мен оның әріптестері тұжырымдаған осалдық таксономиясымен байланыстыруға болады.

Біріншіден, манипулятор баланың «тума осалдығын», яғни эмоциялық тәуелділігін және сенгіштігін анықтайды.

Екіншіден, сыртқы ортаны баланың осал нүктелерін күшейтетін «патогендік» жағдайға айналдырады.

Үшіншіден, баланың ерік-жігерін емес бейімділіктерін басқарады, сол арқылы баланың гуманистік мотивациясын өзінің мақсаты үшін «жанармай» ретінде пайдаланады [6, 20-25 б.].

Бұл процестің ерекше қаупі - манипуляцияның нысанасы болған бала оны жиі байқамайды. Себебі гуманистік мотивация «жақсы, елгезек болуға», «ата-анасы, үлкендер мен достарына көмектесуге» деген ниет манипулятордың талаптарымен немесе арнайы қойылыммен сырт көзге сенімді түрде сәйкес келеді. Бала автоматты тұрғыда «жақсы іс жасап жатырмын» деп ойлайды, ал шын мәнінде оның гуманистік мотивациясы манипуляциялық мақсатқа қызмет етуге мәжбүрленеді. Коэн бұл жағдайды «моральдық мотивацияны паразиттік пайдалану» деп сипаттайды [1, 89-94 б.].

Отандық ғалым Б.А.Абдыханова манипуляцияны ғылыми тұрғыда анықтауға ұмтылған Бессонов, Волкогонов, Шостром, Сагатовский, Шиллер, Доценко, Ортега-и-Гассет және басқа авторлардың анықтамаларын талдай отырып, манипуляцияның екі жақтылығын көрсететін қорытындыға келеді. Ғалым пікірінше зерттеулердегі «манипуляция» термині тек жағымсыз мағынада түсіндірілмеуі тиіс. «Манипуляция күштеу арқылы жүзеге асырылатын, жасырын үстемдікке ие, рухани әсер ету формасы, екінші біреудің талаптілегін ескерместен жасырын билік қолдану, екінші біреуді объект, зат ретінде пайдалану, оны басқару және оған бақылау жасау» деп түсіндірілуімен қатар «Қоғамда ортақ ой, ортақ қоғамдық ұстаным, позиция болмаса анархия орын алады. Сол себепті ақпараттарда манипуляцияның орын алуын орынды деп те айтуға болады. Манипуляция жасауға әрекет ету саяси тарих заңдылығымен ортақ ұстанымдарды қалыптастыру үшін қажет» [15, 21 б.].

Қазақ этикалық дәстүрі манипуляцияның бұл механизмін «жасандылық» пен «шынайылық» арасындағы шешімді айырмашылық арқылы сипаттайды. Абай адамның ішкі «нұрын» сөндіретін сыртқы күштер туралы «Жамандықтан қорқып жүрмей, жақсылыққа ынта қой!» деген нұсқау манипуляцияға тән «қорқыту-марапаттау» логикасының баламалы жолын, яғни ішкі гуманистік ынтаны күшейтуді ұсынады. Ол өзінің 17-ші қара сөзіндегі диалогында: «Жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? ...» [14, 17 қ.с.]. Абайдың позитивті философиялық-педагогикалық позициясы талқылаудағы «манипуляция этикасына» тікелей барып тіреледі.

Сонымен, манипуляциялық трансформация - баланың гуманистік мотивациясын ішкі ерік-жігерінен ажыратып, сыртқы мақсатқа бағындыру процесі және ол бір мезгілде бірнеше өлшемдерде қатар жүзеге асуымен ерекшеленеді: Вернердің психологиялық, Кленктің технологиялық және Коэннің этикалық өлшемдері. Бұл өлшемдердің жиынтығы әсіресе балалардың манипуляцияға қарсы тұрудың ережелік ғана емес, кешенді, тұлғалық-философиялық болуын талап етеді.

Сыни эмпатия тұжырымдамасы

Бұл бөлімше негізі Липман мен Шарптың «P4C Балаларға арналған философия» бағдарламасына негізделген конструктивті ұсынысынан тұрады. Алдыңғы екі бөлімшеде жасалған талдау мынадай теориялық тоқырауды айқындайды: «гуманистік мотивация» - шынайы болуы және қорғалуы тиіс феномен, «манипуляция» - аталған феноменнің «ішкі» белгісін, ерік пен ниеттің органикалық бірлігін бұзады. Ғалымдар тоқырауды шешу үшін «сыни эмпатия» тұжырымдамасын ұсынады.

«Сыни эмпатия» - эмпатияның пассивтік, рефлекссіз жұмыс жасауы-

на жол бермей, оны рефлексиялық-сыни қабілетпен кедестіретін моральдық дағды. Классикалық эмпатия тұжырымдамасынан айырмашылығы: сыни эмпатия тек «өзгенің сезімін сезіну» ғана емес, сол сезімнің өзінің де, өзгенің де шынайылығын бағалау қабілетін де қамтиды. Манипулятор эмпатияны «өзгеге жанашырлық» деген ниет арқылы пайдаланатындықтан, дәл осы бағалау қабілеті, «сыни рефлексия» болып табылады. Манипуляциялық ықпал ету нысананың осал нүктесін дәл анықтау арқылы қамқорлық тапшылығын сезінген бала жанашырлық сөзге, материалдық қысымды басынан өткерген адам қаржылай ұсынысқа, ал шамадан тыс бақылауда өскен тұлға «еркіндік» иллюзиясына топ ете қалады. Осылайша манипулятор жалпы психологиялық әсер емес, жеке осалдықты нысанаға алған жасырын стратегия қолданады. «Сыни рефлексия» - эмпатияны манипуляциядан қорғаудың іргелі механизміне айналады.

P4C бағдарламасы сыни эмпатияның педагогикалық прототипін ұсынады: «зерттеу қауымдастығы» диалогы барысындағы «эмпатия» үлесіне балалардың бір мезгілде тыңдауын алсақ балалардың көп сұрақтар сұрауын «сын» деп тұжырымдауға болады. [10, 58–71 б.]. Бұл синтез манипуляцияға қарсы тұрудың нақты дағдысын «осы ниет шынайы ма? осы сезім манипуляция тудырды ма?» деген сұрақ қою қабілетін дамытады.

Дүниежүзілік тәжірибеде манипуляторлардың логикасын кері қолдану тиімділігі арнайы мекемелерде ұтымды пайдаланылады. Мысалы, АҚШ-та алаяқ Фрэнк Абаньяле FBI консультантына айналып, банктік қауіпсіздік жүйесін өз бұрынғы схемалары арқылы нығайтқан тарихи прецедент бар. Хакер Кевин Митник де осы жолды таңдаған. Манипулятордың ойлау логикасын түсінген адам ғана оған қарсы тұра алады, бұл принцип балалар этикасында да жұмыс істейді: манипуляция механизмін білген бала оны тани алады.

Эдинбург университетінің Childlight институты 2024 жылы жарияланған жаһандық зерттеуінде жыл сайын 300 миллионнан астам бала, яғни әлем балаларының сегізінен бірі - онлайн манипуляция мен алдаудың нысанасына айналатынын анықтаған. UNICEF деректері бойынша онлайн алаяқтар баланың сенімін алдымен жанашырлық пен достық арқылы орнатады. Бұл баланың гуманистік мотивациясы манипуляцияның бастапқы нүктесіне айналатынының сандық дәлелі.

Көпұлтты Қазақстан өзін сыртқы әлемнен оқшаулай алмайды, тек жағымсыз әсерлерді бейтараптандыру арқылы дами алады, мысалы, отбасылық құндылықтардың сақталуына кері әсерін тигізетін жыныстық революцияның салдары немесе есірткіні қолдануға деген неғұрлым рұқсат етілген көзқарас, «сананы кеңейту» үшін заттар және т. б. Дәстүрлі, Мұсылмандық және зайырлы мәдениеттердің принциптері мен нормаларының үйлесімі ғана еркін ақпарат алмасуды және пікірлердің плюрализмін қамтамасыз ете алады, қазіргі заманғы тәуекелдер, сын-қатерлер мен қатерлер жағдайында Қазақстан ұлтының тұрақты дамуы мүддесі үшін тұрақты ақпараттық және идеологиялық кеңістік құруға ықпал етеді [7, 2-3 б.].

Осындай статустағы Қазақстанның балаларды өзін-өзі қорғай алауы, қауіпсіз әрі жеткілікті қоғамда өмір сүруі, құбылмалы заманға лайықты адаптивті мінез-құлыққа тәрбиелеуі қазіргі орта білім беру дискурсының басты мәселесіне айналды. Балалардың күрделі моральдық, әлеуметтік және эмоционалдық қиындықтарға ұшырауының алдын алу, егер ұшыраса, онда оның салдарларымен жұмыс істеу және оң нәтижеге қол жеткізу мақсатында стандартталған бағалауға бағытталған орта білім беру практикасы, оқу жетістіктері мен контексттері жеткіліксіз.

Индонезиялық ғалымдардың 2026 жылы жариялаған зерттеуі «когнитивті-бағдарлы бағыт көбінесе оқытудың аффективті және моральдық өлшемдерін шеттетеді, нәтижесінде оқушылардың этикалық сана-сезімін, эмпатиясын және әлеуметтік жауапкершілігін дамыту мүмкіндіктері шектеулі болады. Демек, мектептер мінез-құлық проблемаларына, моральдық пайымдаулардың әлсіреуіне және жасөспірімдер арасындағы тұлғааралық сыйластықтың төмендеуіне жиі тап болады, бұл білім беру идеалдары мен сынып шындықтары арасындағы сәйкессіздікті көрсетеді» [17, 13-14] деген қорытындыға келген.

Зерттеушілер сынаққа қатысушыларды тәрбиелеуді философиялық немесе психологиялық линзалар арқылы зерттеді және гуманистік теория мен гуманистік

психологияны негіз ете отырып әлемдік білім беру контекстіндегі оқушылардың тәжірибесін, эмоцияларын және ішкі мотивациясын бағалайтын, оқушыға бағытталған тәсілдерге назар аудару тенденциясына оң баға бере отырып гуманистік практикадағы «философиялық үйлесімділік» пен «нақты білім беру бағытының» әлі де әлсіз екендігін дәлелдеуге тырысады. Зерттеушілер ары қарайғы зерттеу бағыты осы екі перспективаны біртұтас тұжырымдамалық шеңберге біріктіру деген ұсыным білдіреді және мұндай ұстанымға келуіне сынақ барысындағы бытыраңқы, терең мағынасыз құндылықтар мен педагогикалық стратегиялар, этикалық негізсіз тәрбиелеу құралдары мен олардың стандарттық сәйкессіздігі ықпал еткенін алға тартты. Мұндай жағдайдағы негізгі қажеттілік - нормативтік-құқықтық білім беру мақсаттары мен практикалық философиялық, психологиялық тәсілдерді біріктіретін кешен деген ұсыныстарын да білдірді.

Қорытынды

Зерттеу барысында практикалық философия тұрғысынан балалардағы гуманистік мотивацияны манипуляциялық трансформациядан қорғаудың этикалық негізі қалыптастырылды. Төмендегідей қорытындылар тұжырымдалды:

Бірінші, гуманистік мотивация - сыртқы бақылаусыз, ішкі ерік-жігерден туатын, моральдық агенттілікпен ұштасқан феномен. Аристотельдің фронезисі, Канттың практикалық парасаты, Әл-Фарабидің адамгершілік қағидалары және Абайдың «толық адам», «адамшылық» тұжырымдары осы анықтаманың философиялық тірегін қалайды.

Екінші, «моральдық осалдық» балалар этикасының орталық категориясы болып табылады. Балалардың «тума» және «патогендік» осалдығы гуманистік мотивацияны манипуляцияның ерекше жемтігіне айналдырады.

Үшінші, манипуляциялық трансформация баланың гуманистік мотивациясын оның ішкі ерік-жігерінен ажыратып, сыртқы мақсатқа бағындырады. Бұл процесс психологиялық, технологиялық және этикалық өлшемдерде бір мезгілде жүреді.

Төртінші, «сыни эмпатия» тұжырымдамасы эмпатия мен сыни рефлексияның синтезі ретінде манипуляцияға қарсы тұрудың іргелі дағдысын қалыптастырады.

Авторлар мақалада талқыланған балалардың гуманистік мотивациясының манипуляцияға айналып кету қаупінің алдын алу мақсатындағы болашақ бағыт - әлемдік аренада ұтымды жүзеге асып жатқан P4C бағдарлама моделін қолданыстағы педагогикалық дәстүрімен байланыстыру арқылы практикалық философиялық ұстанымдар қалыптастыру және оны қазақстандық мектеп контекстінде эмпирикалық тексеруден өткізу қажеттілігін алға тарта отырып, отандық философтар, педагогтер мен психологтардың «балалар философиясы» кешенін құруы тиімді болуы мүмкін екендігін негіздейді.

Әдебиеттер тізімі

1 Cohen, S. (2025). *The concept and ethics of manipulation*. Cambridge University Press. https://doi.org/10.1017/9781009443432

2 Werner, M. H. (2024). Influencer-centered accounts of manipulation. *Ethical Theory and Moral Practice, 27*(4), 585–599. https://doi.org/10.1007/s10677-024-10458-9

3 Klenk, M. (2024). Ethics of generative AI and manipulation: A design-oriented research agenda. *Ethics and Information Technology, 26*(1), Article 1–15. https://doi.org/10.1007/s10676-024-09745-x

4 Franzini Tibaldeo, R. (2023). *Matthew Lipman and Ann Margaret Sharp: Philosophy for children's educational revolution*. Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-031-24148-2

5 Mendonça, D., & Franken Figueiredo, F. (Eds.). (2022). *Conceptions of childhood and moral education in philosophy for children*. J. B. Metzler. https://doi.org/10.1007/978-3-662-64180-4

6 Mackenzie, C., Rogers, W., & Dodds, S. (Eds.). (2014). *Vulnerability: New essays in ethics and feminist philosophy*. Oxford University Press. https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780199316649.001.0001

7 Chermukhambetov, Y., Barlybayeva, G., Nussipova, G., et al. (2024). Spiritual and moral aspects of the human problem in the national consciousness of the Kazakh people. *Pharos Journal of Theology, 105*(5), 1–17. https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.59

8 Барлыбаева, Г., Нусипова, Г., & Кельдинова, А. (2023). Феномен справедливости в казахской философской мысли. *Аль-Фараби, 82*(2), 98–108. https://doi.org/10.48010/2023.2/1999-5911.09

9 Калишева, Н. Х., & Нүсіпова, Г. И. (2025). Жалпыадамзаттық гуманизм идеалдары аясындағы Әбу Насыр әл-Фараби ілімі. *Аль-Фараби*, (4[89]), 3–12. https://doi.org/10.48010/2025.4/1999-5911.01

10 Fromm, E. (1956). *The art of loving*. Harper & Brothers.

11 Фромм, Э. (2015). *Искусство любить* (А. В. Александрова, Пер.). АСТ.

12 Beauvoir, S. de. (1949). *Le deuxième sexe*. Gallimard.

13 Бовуар, С. де. (2017). *Второй пол* (А. А. Сабашникова, И. Малахова, & Е. Орлова, Пер.). Азбука-Аттикус.

14 Aristotle. (1998). *Nicomachean ethics* (W. D. Ross, Trans.). Oxford University Press.

15 Аристотель. (1997). *Никомахова этика* (Н. В. Брагинская, Пер.). Эксмо-Пресс.

16 Kant, I. (1788). *Kritik der praktischen Vernunft*.

17 Кант, И. (2021). *Критика практического разума* (Н. М. Соколов, Пер.). Юрайт.

18 Құнанбайұлы, А. (1977). *Шығармаларының толық жинағы* (Т. 2). Жазушы.

19 Нысанбаев, А. Н., & Сейтахметова, Н. Л. (2013). Философия возвращения: Опыт казахстанской философии. *Вопросы философии*, (7), 46–56.

20 Абдыханова, Б. А., & Stephanie, H. (2025). Манипуляция түсінігі туралы мәдени-философиялық дискурс. *Шәкәрім университетінің хабаршысы. Филология сериясы, 1*(1), 14–23. https://philological.vestnik.shakarim.kz/index.php/my/article/view/25

21 Risanti, Y., Rahman, M. F., Sugiarti, L. R., & Suhariadi, F. (2026). Integration of educational philosophy and humanistic psychology in junior high school students' character formation. *Jurnal Ilmiah Pendidikan Citra Bakti, 13*(1), 12–20. https://doi.org/10.38048/jipcb.v12i4.6499

Transliteration

1 Cohen, S. (2025). The concept and ethics of manipulation. Cambridge University Press. https://doi.org/10.1017/9781009443432

2 Werner, M. H. (2024). Influencer-centered accounts of manipulation. Ethical Theory and Moral Practice, 27(4), 585–599. https://doi.org/10.1007/s10677-024-10458-9

3 Klenk, M. (2024). Ethics of generative AI and manipulation: A design-oriented research agenda. Ethics and Information Technology, 26(1), Article 1–15. https://doi.org/10.1007/s10676-024-09745-x

4 Franzini Tibaldeo, R. (2023). Matthew Lipman and Ann Margaret Sharp: Philosophy for children's educational revolution. Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-031-24148-2

5 Mendonça, D., & Franken Figueiredo, F. (Eds.). (2022). Conceptions of childhood and moral education in philosophy for children. J. B. Metzler. https://doi.org/10.1007/978-3-662-64180-4

6 Mackenzie, C., Rogers, W., & Dodds, S. (Eds.). (2014). Vulnerability: New essays in ethics and feminist philosophy. Oxford University Press. https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780199316649.001.0001

7 Chermukhambetov, Y., Barlybayeva, G., Nussipova, G., et al. (2024). Spiritual and moral aspects of the human problem in the national consciousness of the Kazakh people. Pharos Journal of Theology, 105(5), 1–17. https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.59

This article has developed a philosophical and theoretical case, grounded in Freirean critical pedagogy, dialogic education theory, and critical applied linguistics, for the significance of integrating critical pedagogy into English language instruction at Kazakhstani universities, and has proposed a detailed quasi-experimental mixed-methods design through which the transformative claims of that case could be empirically tested. It is important to be precise about the epistemic status of these claims: the arguments concerning the ontological and philosophical significance of the Freirean framework, developed in the Introduction and the Methodology section, are advanced as philosophical-normative claims, defended on theoretical and interpretive grounds; the four-dimension model of critical communicative competence and the directional predictions formulated in Subsection 7, by contrast, are empirical claims that the proposed design is intended to test, and that remain, at the time of writing, unconfirmed.

The comparative review in Subsection 8 situates the proposed Kazakhstani design within an international landscape of critical-pedagogy-informed English programs in the United States, Brazil, and Finland. As that section makes clear, the comparison is indicative of differing institutional and philosophical positioning rather than a benchmarked comparison of outcome magnitudes, since the instruments, samples, and evaluation frameworks used to document outcomes in these established programs are not directly comparable to one another, still less to a design that has not yet been implemented in the Kazakhstani context.

On this more measured basis, several philosophical-practical recommendations can be offered — framed as directions warranting further institutional consideration and empirical investigation, rather than as conclusions already established by completed research. First,

the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan could consider commissioning and supporting the development of a national philosophical framework for critical pedagogy-informed English language instruction, situating emancipatory education as an explicit goal of university English teaching alongside the communicative and professional competence goals currently dominant; such a framework should draw upon the Freirean theoretical tradition, the established practices of critical pedagogy-informed language teaching internationally, and the specific philosophical and cultural resources of Kazakhstani educational tradition, while explicitly anticipating empirical piloting of the kind proposed in Subsections 2–6 of the Main part before wider adoption.

Second, universities could establish interdisciplinary communities of philosophical-pedagogical inquiry — bringing together English language specialists, educational philosophers, and faculty from diverse disciplines — through which the theoretical and practical dimensions of critical pedagogy-informed English instruction can be collectively explored, developed, and refined ahead of and alongside any empirical piloting. The isolation of language instruction from the broader philosophical and disciplinary life of the university is itself a structural feature of the banking model; its dissolution through genuine interdisciplinary collaboration is arguably a necessary, though not on its own sufficient, condition for the institutionalization of Freirean principles.

Third, should the proposed design in Subsections 2–6 of the Main part be implemented and its predictions confirmed, English language curricula across faculty specializations could be reconsidered around Freirean generative themes drawn from the specific intellectual, professional, and civic concerns of each disciplinary context. Fourth, assessment frameworks for English language proficiency could, on the same condition, be expanded to include measures of critical communicative competence — critical text analysis, dialogic argumentation, problem-posing discourse, and epistemic reflexivity — alongside the receptive and productive accuracy measures currently prioritized. Fifth, the professional development of English language instructors could include philosophical education in critical pedagogy theory, so that teachers are positioned to engage with the Freirean framework as a philosophical orientation and not merely as a technique. Each of these recommendations, however, is properly understood as contingent on the empirical validation that the design proposed in Subsections 2–6 of the Main part — and not the philosophical argument alone — is intended to provide.

The integration of Freirean critical pedagogy into Kazakhstani English language instruction is best understood, on the philosophical analysis developed here, not merely as a methodological reform but as a potential philosophical transformation — a shift in the understanding of what language education is for, what kind of human beings it forms, and what kind of society it serves. Whether this potential is realized, and to what degree, under the concrete conditions of Kazakhstani higher education is an empirical question that the design proposed in this article is intended to help answer, not one this article claims already to have settled. On philosophical grounds alone, the argument developed here suggests that the choice between the banking model and the problem-posing alternative is not merely a choice between more or less effective language-teaching methodologies; whether it is also, empirically, a choice for measurably better outcomes is a claim this article proposes to test, rather than one it claims to have already demonstrated.

References

1 Freire, P. (1970). Pedagogy of the oppressed (M. B. Ramos, Trans.). Herder and Herder.

2 Giroux, H. A. (1988). Teachers as intellectuals: Toward a critical pedagogy of learning. Bergin & Garvey.

3 McLaren, P. (2000). Che Guevara, Paulo Freire, and the pedagogy of revolution. Rowman & Littlefield Publishers.

4 Freire, P. (1973). Education for critical consciousness. Seabury Press.

5 Freire, P. (1994). Pedagogy of hope: Reliving pedagogy of the oppressed (R. R. Barr, Trans.). Continuum.

6 Pennycook, A. (2001). Critical applied linguistics: A critical introduction. Lawrence Erlbaum Associates.

7 Norton, B., & Toohey, K. (Eds.). (2004). Critical pedagogies and language learning. Cambridge University Press.

8 Bakhtin, M. M. (1981). The dialogic imagination: Four essays (M. Holquist, Ed.; C. Emerson & M. Holquist, Trans.). University of Texas Press.

9 Norton, B. (2000). Identity and language learning: Gender, ethnicity and educational change. Longman.

10 Canagarajah, A. S. (1999). Resisting linguistic imperialism in English teaching. Oxford University Press.

11 van Dijk, T. A. (2008). Discourse and power. Palgrave Macmillan.

12 Auerbach, E. R., & Wallerstein, N. (1987). ESL for action: Problem-posing at work. Addison-Wesley.

13 Widdowson, H. G. (1998). Context, community, and authentic language. TESOL Quarterly, 32(4), 705–716. https://doi.org/10.2307/3588001

14 Gadotti, M. (1996). Paulo Freire: Uma biobibliografia [Paulo Freire: A Bio-Bibliography]. Cortez; Instituto Paulo Freire; UNESCO. (In Portuguese)

15 Niemi, H. (2012). The societal factors contributing to education and schooling in Finland. In H. Niemi, A. Toom, & A. Kallioniemi (Eds.), Miracle of education: The principles and practices of teaching and learning in Finnish schools (pp. 19–38). Sense Publishers.

Author Contributions

In writing this article, the authors' contributions are equally distributed and divided among themselves according to the following criteria. **Nabidullin A.S., Merkibayev T.A.** – data collection, analysis and processing, drafting the initial version of the manuscript, and editing. **Nurekesheva G.R., Tastemir M.A.** – development of the research methodology, editing, and critical review.

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Aibolat Nabidullin	Senior Lecturer, PhD, VIPP, Michigan State University, Lansing, USA, email: anabidullin@vk.com, ORCID ID: 0000-0003-0331-9562
Tulegen Merkibayev	Senior lecturer, PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, email: tmerkibaev@bk.ru, ORCID ID: 0000-0001-5642-3940
Gulsim Nurekeshova	Acting associate professor, Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, email: Gulnaz_N71@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4883-9043
Meruyert Tastemir	Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, email: m.tastemir@abaiunversity.edu.kz, ORCID ID: 0009-0002-2952-2550
Айболат Сарсенбаевич Набидуллин	аға оқытушы, PhD, VIPP, Мичиган штатының университеті, Лансинг, АҚШ, email: anabidullin@vk.com, ORCID ID: 0000-0003-0331-9562
Төлеген Асылбекұлы Меркібаев	аға оқытушы, PhD, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, email: tmerkibaev@bk.ru, ORCID ID: 0000-0001-5642-3940
Гульсим Рахметбековна Нурекешова	қауымдастырылған профессор м.а., филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, email: Gulnaz_N71@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4883-9043
Меруерт Алмазқызы Тастемір	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, email: m.tastemir@abaiunversity.edu.kz, ORCID ID: 0009-0002-2952-2550
Айболат Сарсенбаевич Набидуллин	старший преподаватель, PhD, VIPP, Мичиганский государственный университет, Лансинг, США, email: anabidullin@vk.com, ORCID ID: 0000-0003-0331-9562
Тулеген Асылбекович Меркибаев	старший преподаватель, PhD, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, email: tmerkibaev@bk.ru, ORCID ID: 0000-0001-5642-3940
Гульсим Рахметбековна Нурекешова	и.о.ассоциированного профессора, кандидат филологических наук, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, email: Gulnaz_N71@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4883-9043
Меруерт Алмазовна Тастемир	Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, email: m.tastemir@abaiunversity.edu.kz, ORCID ID: 0009-0002-2952-2550

ЖАСТАР УАҚЫТЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР

Ж.Е. Мырзабеков[1], Т. Еркінұлы[2]

АҢДАТПА

Мақалада жастардың көзқарастары мен құндылықтарын әлеуметтік-философиялық талдау аспектілері қарастырылды. Жастар әлеуметтік топ ретінде қоғамдардың даму индексін анықтаушы барометр ретінде зерттелді. Мақала тақырыбының өзектілігін жастардың қоғамдық өзгерістің субъектісі және мемлекеттік саясаттың объектісі ретінде зерттеу құрайды. Жастар жаңа ұрпақ мағынасында өзіндік ерекшелікті құндылықтарға ие жасампаздық іс-әрекеттілік субъектісі болып табылады. Мақалада жастардың қоғамдық мінез-құлығындағы өзгерістерді әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерімен салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Жастардың саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы рөлі, қазіргі заманғы жастық трендтердің түрлері қарастырылды. Қазіргі қазақстандық қоғамдағы жастардың трендтері мен Шығыс Европа елдеріндегі жастардың дүниетанымындағы түйсіктердің екі түрлі сипаттарға ие екендігі анықталды. Мемлекеттік саясаттың жастар мәселесіндегі түйткілді нәрсе, ол ешқандай әлеуметтік – саяси үдерістерге араласқысы келмейтін NEET – жастар контингентінің қоғамдық пікірлері зерттелді. Антропологиялық көзқарасқа сәйкес жастар жаңа ұрпақ, әлеуметтік индивид ретінде эмпирикалық және трансценденталды субъект болып саналады. Жастар қоғамдық субъектілікті саяси қызметпен байланыстырады және олардың қоғамдық мінез-құлығында жасампаздық әрекеттер басым болады. Сонымен бірге жастар әлеуметтік топ ретінде руханилық ізденістегі әлеуметтік субъект ретінде орнығады. Жастардың қоғамдық мінез-құлығына позитивтілік тән және олардың негізгі тобы білімдерді, құндылықтарды трансценденталды формаларды конструкциялау қабілеттеріне ие.

Түйін сөздер: жастар, әлеуметтік топ, құндылықтар, өмірлік және идеялық трендтер, әлеуметтік деректер, мінез-құлық, қоғамдық пікір.

[1]Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

[2]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Ж.Е. Мырзабеков,
myrzabekovjambul1978@gmail.com

Сілтеме:
Мырзабеков Ж.Е., Еркінұлы Т. Жастар уақыты: салыстырмалы трендтер және трансформациялар // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №4(110). – Б. 73-85. – DOI: 10.48010/k18z0j12

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 13/01/2026
Қабылданды: 27/08/2026
Онлайн жарияланды: 30/10/2026

Время молодежи: сравнительные тренды и трансформации

Аннотация. В статье рассмотрены аспекты социально-философского анализа взглядов и ценностей молодежи. Молодежь как социальная группа изучена как барометр, определяющий индекс развития обществ. Актуальность темы статьи составляет исследование молодежи как субъекта общественных преобразований и объекта государственной политики.

Молодежь является субъектом созидательной деятельности, обладающим уникальными ценностями в контексте значений нового поколения. В статье использованы методы сравнительного анализа изменений общественного поведения молодежи с результатами социальных исследований. Рассмотрена роль молодежи в формировании политической культуры, виды современных молодежных трендов. Установлено, что тренды молодежи в современном казахстанском обществе и восприятие в мировоззрении молодежи в странах Восточной Европы имеют два характера. Была изучена проблема государственной политики в вопросах молодежи, общественное мнение контингента NEET-молодежи, которые не хотят вмешиваться ни в какие социально-политические процессы. Согласно антропологическому подходу, молодежь как новое поколение, социальный индивид является эмпирическим субъектом. Молодежь связывает общественную субъектность с политической деятельностью и в их общественном поведении преобладают созидательные действия. При этом молодежь позиционируется как социальная группа как социальный субъект духовного поиска. Поэтому общественное настроение молодежи характеризуется позитивностью, и для большинства из них характерны навыки неспособности конструировать знания, ценности, трансцендентальные формы.

Ключевые слова: молодежь, социальная группа, ценности, жизненные и идейные тренды, социальные данные.

Youth Time: Comparative Trends and Transformations

Abstract. The article considers aspects of socio-philosophical analysis of the views and values of young people. Youth, as a social group, is studied as a barometer that indicates the level of societal development. The relevance of the article lies in the study of youth as a subject of social transformations and an object of state policy.

Youth are subjects of creative activity, possessing unique values in the context of the new generation. The article uses comparative analysis to examine changes in young people's social behaviour in relation to the results of social research.The role of youth in the formation of work culture, types of contemporary youth trends is considered. It has been established that youth trends in contemporary Kazakhstani society and perceptions among young people in Eastern European countries have a dual character. The issue of state policy on youth affairs, public opinion regarding the group of NEET youth who do not wish to participate in socio-political processes has been studied. Young people associate social subjectivity with political activity, while creative actions prevail in their social behavior. At the same time, young people are positioned as a social group and as social subjects engaged in spiritual search. Therefore, the public mood among young people is characterised by positivity and most of them are characterised by an inability to construct knowledge, values, and transcendental forms.

Keywords: Youth, Social Group, Values, Life And Ideological Trends, Social Data.

Кіріспе

Жастар әлеуметтік топ ретінде кез-келген қоғамның демографиялық және әлеуметтік сапасын құрайды. Қазіргі заманғы ойлауда жастар дегеніміз - 14-35 жас аралығындағы қоғамның ең белсенді бөлігі. Қазақстан Республикасының халқы 2026 жылдың 1 қыркүйегінде 20 миллион 618 мың адамды құрады [1]. Философия ғылымында бір ұрпақтың жас өлшемі 30 жасты құрайды. Бұл әдістеме Платонның 50 жас адамның акме, яғни, даналыққа толысуының жастық ерекшелігімен есептеледі. Өз кезегінде Платон ұсынған 50 жас - даналық жасы деген ұғым, қазіргі уақытта елді басқарушыларға қойылатын сайлау цензіне айналды. Қазіргі заманғы жаһандану тенденцияларындағы өзгерістер, еңбек нарықтарының талаптары адамның ұрпақтық ұлғаю, есею жылдарын 14 жаспен 35 жастың аралығында зерттеп отыр.

Қазақ халқының дәстүрлі және мұсылмандық дүниетанымында адамның есеюі он үш жаста, оның отау иесі, яғни қоғамдық жауапкершілігінің, этикалық міндетінің орнығуымен байланысты қарастырылады. Жалпы халықтың 2026 жылдың қыркүйек айындағы демографиялық бөлінісіне сәйкес, 14-35 жас аралығындағы жастардың саны 5 млн 890 мың адамды құрайды. Бұл көрсеткіш жалпы халықтың 29% білдіреді және қазақстандық қоғамның демографиялық, жас ерекшеліктік құрылымының 50%-ын 1-35 жас аралығындағы балалар, жасөспірімдер және жастардың құрайтынын айқындайды [2]. Қазақстандық қоғам демографиялық бөліністе жас, болашақтың қоғамы болып саналады. Ұрпақтардың жас ерекшеліктік медианасын анықтаудың қажеттіліктері жастарды ата, аға ұрпақтың сабақтастығында прогрессивті шарттардың негізінде тәрбиелеу.

Жастар уақытының өзектілігі олардың қоғамдық субъект ретінде жасампаздық әрекетін зерттеу арқылы анықталады. Жастардың құндылықтарының уақыт ағысына және рухына қарай өзгерісі қазіргі мульти мәдениет синтезінде диалектикалық қайшылықтарға, ұлттық және жаһандық мәдениеттердің болмыстық мәндегі қарама-қарсылықтарға жіктелуімен сипатталады. Жастар уақытының ерекшеліктерін зерттеудің мақсатын жастардың қоғамдық мінез-құлығындағы трендтік өзгерістерді салыстырмалы талдау құрайды. Салыстырмалы талдау әдісі жастар саясатын, жастардың қоғамдық қажеттіліктеріне қатысты әлеуметтік зерттеулер нәтижелерін, мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалардың мазмұнын зерттеу арқылы орын алды. Мақаланың зерттеулік міндеттерін жастарды тұрақты құндылықтық өзгерістердің субъектісі ретінде қарастыру, жастардың қазіргі қоғамдық мәселелерін, олардың іс-әрекеттілігіндегі ұрпақтық қатынасты, мемлекеттік жастар саясатындағы жаңа бағыттарды зерделеу түзеді. Теориялық зерттеулер бойынша, жастар эмприкалық субъект болады. Себебі жастар өмірдің бастапқы жасөспірімдік кезеңінен бастап біртұтас қауымдастықты құрайды. Дегенмен өмірлік қажеттіліктер, қоғамдағы әртүрлі теріс мінез-құлық, жастардың жаһандық және аймақтық мәдени, саяси, технологиялық үдерістерге қатысуы олардың дүниені қайта пайымдауына, әлеуметтік жіктелуіне әкеледі.

Жастарға уақыт рухын түйсіну қасиеттері тән, бірақ, бұл бастапқы сезім мен көңілкүйді қажетті практикалық білімге альтерациялауда бірқатар мәселелер туындайды. Өйткені, қоғам аспектісінен алғанда, жастардың қоғамдық субъектілігін олардың тәжірибесіздігіне алып, терістеу жиі орын алады. Сондықтан жастар мәселесі мен болмысына қатысты релациялық қатынаста жиі диалектикалық қайшылық орын алады.

Әдіснама

Мақалада ғылыми зерттеу әдісінің тұжырымдамалық және компаративистік талдау түрлері қолданылды. Бұл зерт-

теу әдістері жастардың қоғамдық мінез-құлықтарының формаларын және феномендік ерекшеліктерін философиялық тұжырымдар, ой көзқарастарды саралау мақсатында қолданылды. Жастардың қоғамдық құбылыстарға қатысты ой-пікірлерін зерттеген әлеуметтік зерттеулердің қорытындылары жастардың мінез-құлығындағы өзгерістер мен ауытқуларды анықтау үшін қолданылды. Жастар құбылысын зерттеуде эмпирикалық деректер ретінде «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы 2022 жылы жариялаған «Қазақстандағы NEET жастардың әлеуметтік ұстанымдары» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық баяндама, 2023 жылы жариялаған «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша аналитикалық баяндама, ЮНИСЕФ басшылығымен 2021 жылы жарияланған «Формирование жизнистойкого поколения в Центральной Азии и Европе» аналитикалық зерттеу нәтижелері қолданылды. Мақаланың зерттеу әдіснамасында компартивистік талдауды қолдану жастардың болмысына, өмірлік қажеттіліктеріне, өзінің өмірін пайымдай алу, жастық «Мен», жасампаздық, атарихилық, мінезсіз «Мен» концептілерін қоғамдық субъектілік аспектісінде салыстырмалы зерттеуге мүмкіндік береді.

Жастар категориясы - пәнаралық зерттеу саласына тиісті мәселе. Сондықтан жастардың қоғамдық субъектілігін философиялық рефлексиялау, оның топтық, тұлғалық сана-сезіміндегі уақыттық өзгерістерін зерттеуге қатысты көптеген мақалалар жарияланған. Жастардың өмірлік құндылықтарын философиялық талдауда Готфрид Швейгер «ерекше игіліктер» ретінде зерттеп, «Жастық кезең өз-өзімен және әлеуметтік әлеммен белсенді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін жылдам әсерлі когнитивтік және эмоционалдық дамумен сипатталады» [3]. Сонымен бірге Л.Ю. Зайниева жастардың саяси өмірге қатысуын және саяси жүйедегі рөлін зерттейді [4]. Отандық зерттеуші Ж. Хамзина мен Е. Бурибаев жастарға қатысты мемлекеттік саясаттың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін зерттейді [5]. Г.К. Барлыбаева өз зерттеуінде қазіргі заман жағдайында жастардың құндылықтарына үш фактордың: «урбанизация – жаһандану – цифрландыру» үдерістерінің ықпалын анықтайды [6].

Негізгі бөлім

Жастар дүниетанымының философиялық негіздері және құндылықтық бағдарлары

Жастар категориясы әлеуметтік-философиялық ғылымда ювенология саласы ретінде зерттеледі. Жастар философиялық тұрғыда жаңа күш, жаңа идея, рух пен белсенділіктің қайнары, энергиялық қуаты ретінде зерттеледі.

Вильгельм Виндельбандта жастардың, жалпы адамның дүниетанымына қатысты құндылықтарды «қазіргі заманғы индивид өзінің табиғаты бойынша бас тартушы», - мағынасында анықтайды [7, с. 139]. Бұл ойлаудың түріне мәдениеттің тұтас ортақ игерілуінен саналы бас тарту тән, бірақ ол адамның өмірлік іс-әрекеттілігінің өзекті, биік этикалық құндылықтарынан бас тартуды білдірмейді, керісінше, ескі этикалық құндылықтар мен өмірлік қағидалардың жаңа өмірге, жаңа қоғамға сәйкестігінің мәніне, тереңіне бойлауды, жастардың сыни көзқарастарын айқындайды.

Вильгельм Виндельбандтың зерттеулерінде, әрбір философиялық жүйе өзі уақытының рухымен, оның тарихи, өмірлік сәттерімен тыныс алады. Жаңа ұрпақтар дәуірдің өзгерістерін мойындамайтын тұрақты күйлерді, формаларды қабылдай алмайды. Өйткені, ұрпақ өмірдің ішкі қозғалысына, туындылыққа бейім, олар жаңа мазмұнға, қазіргі заманғы уақыттың міндеттеріне сәйкес келеді және дәстүрлердің қозғалысы мен бағыттылығын анықтайды. «Біз бұрынғыны өзгеріссіз деп қабылдай алмаймыз, яки, біздің өзіміз өзгеге айналдық», - деген пікірімен түйіндейді [7, с. 295]. Ұрпақтық қатынастарға даналық, адамгершілік, өмірлік, тәжірибелік білімдерді игеру, еңбек бөлінісін орнықтыру, адамзаттың бейбітшілікке және еркіндікке ұмтылысы, жасампаздық, әділетсіздікпен күрес, түпнұсқалық, ерік-жігерді тәрбиелеу, күш қуатты шыңдау, белсенділікті арттыру секілді құндылықтар тән. Бұл құндылықтар қоғамдық болмыста аға ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы қоғамдық қызметтілік мәніне қатысты сыни ойлаудың туындауына негіз болады.

Вильгельм Виндельбандтың зерттеуінше, жас ұрпақтың ең үлкен кемшілігі, ол қазіргі заманғы білім алу кезінде тарихи білімнің

мәнін жоққа шығаруы және көптеген жағдайларда, тарихтың сабағын қайта бағалауға уақыттың, мүмкіндіктің болмауы. Индивидтер тарихи ойлауды негізге алып, өздерін тәрбиелеуі тиіс және бұл тұлғалық байлығы мен нәзіктігіне, еркіндікке, ішкі өмірінің дербестігіне, түпнұсқалығына қол жеткізуге мүмкіндік береді және адам тегінің, ұрпақтың тарихи жиынтықтық ойлауы арқылы жүзеге асады.

Карл Ясперстің пікірінше, жас ұрпаққа берілетін тәрбиенің мақсаты зиялылық пен білімділік арқылы біртұтас рухты түзу. Жаңа ұрпақты тәрбиелеу болашақ адамның болмысын анықтаушы құрал ретінде орын алады.

Карл Ясперс қоғамда жастардың орнын бағалауда, оларды болашақты анықтаушы субъект ретінде қарастырады. Жастардың жекелікті және ұжымдық саналығына энантидромия құбылысы тән. Бұл жастардың рухани қажеттілігіндегі бос кеңістіктерді толтыруға ұмтылысындағы құндылықтық адасуының салдары болып табылады. Ювенологиялық тұрғыдан алғанда жастардың әлеуметтік бейнесінде құндылықтық дифференциация, стигмаларға бейімділік орын алады. Стигмалық қалыптасу салдарынан жастардың девиациялық және делинквентті орталардың ықпалына түсуі, ақылсыздық формасында шатасуы жиі көрініс береді. Сана энантидромиясы – аға ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы құндылықтық пен қағидалық қайшылық салдары, сонымен қатар, жеке және қоғамдық санадағы шынайы «Мен» мен идеалды «Меннің» қақтығысы. Бұл мәселе қоғамда құндылықтық бос кеңістіктер орын алғанда көрініс береді және адамның сеніміндегі құндылықтық бағдарлардың өзгерістеріне негіз болады. Психоанализде, ұжымдық бейсаналықтағы энантидромия - «Эдип жасөспірімі» (А.Панарин) санасының оянуына түрткі болып, қылмыстық тұлғаның туындауына, оның өшпенділігіне себеп болады.

«Әркім жастардың болашақты иеленетінін анық біледі. Бүтіндіктің рухынан туындаған тәрбие субстанционалдық түрде жастардың өздігінен жетілмегенін біледі. Олар құрмет тұтады, тыңдайды, сенеді және жастар ретіндегі мәнділікке ие емес; яки жастар болашақ үшін дайындық және байланған мүмкіндік. Ыдырау жағдайының шартында жастар құндылыққа өз-өздігінен ие болады. Сондықтан жастар өзін қайнар секілді сезінеді», - деп атап көрсетеді [8, с. 354]. Сондықтан да жастарда максималистік көзқарас басым болады. Жалпы жастар әлеуметтік топ ретінде, Карл Гюстав Юнгтің архетиптеріндегі «күннің толысуы» формасында түсініледі, бағаланады. «Жастар үшін таң жұлдызы Шолпан туғандай, ал аға ұрпақ әдеттіліктің батпағының күйкі тірлігіне шомғандай көрінеді» [9, с. 108]. Себебі, жастардың танымдық мәселесіне қатысты біржақты кінәлау басым болады. Жастар бүгінгілікте өзін түйсінгісі, пайымдағысы келеді және олар алдын-ала жазылған әлеуметтік рөлдерге бағынғысы келмейді. Жастардың сана-сезіміндегі мұндай протестілік мінез-құлық аға буынның оларды үнемі басқаруға, рухани жетектеуге ұмтылысынан, шамадан тыс формалауға тәрбиелеу ниетінен туындайды. Сондықтан жастарға, кейде таңдау еркіндігі мен өзінің өмірлік құндылықтарын басқару жетіспейді, бірақ реляциялық қатынастарда кедергілерді еңсеруге дайын тұрады. Өйткені, жастарға қатысты «тәрбиелеушінің өзіне тәрбиеші қажет» (К.Маркс). Жастардың болашаққа көзқарасы мен ойлауы айқын болғанымен, олар өздерін көкжиекте қандай жағдайдың күтіп тұрғанын, өмірде кім болатынын әлі де толық бағалай алмайды. Сондықтан жастардың көпшілігіне болашақ бұлыңғыр, белгісіздік жағдайында елестейді, ал мұндай қоғамдарда әлеуметтік лифтілер бұзылатын болса, онда біз экономикалық капиталы дамыған елдер үшін тұтынушы, ресурс түрінде қала береміз. Бұл өз кезегінде, жастардың шынайылықты бағамдаудағы «Меніне» теріс ықпал етіп, олардың өз өмірін пайымдауына, ал тарихилық, мінезсіз «Меннің» қалыптасуына, құндылықтық диссонансқа, жастардың психоэмоционалдық денсаулығына кері әсер жасайды. Бұл өз кезегінде жастардың сана-сезімінде өзін жастықтан алшақ ұстауына, жастықты үнемі еңсеруге қажетті әлдене ретінде қабылдауына әкеледі.

Қазақстандық философ Сергей Колчигин жастарды «жас сана болашақпен детерминделген, олар оқиғаларды жеделдетуге ұмтылушы, дүниені өзінің санасында шынайылықпен барлық уақытта белсенді өзара әрекетте құруға, жасампаздыққа ие», - деген ойда қарастырады [10, с. 4]. Сонымен бірге Сергей Колчигин жастардың негізгі қасиеті ретінде, олардың болмысқа эквиваленттілігі мен сәйкестігін анықтап, уақытты идея, пайымдау формасы және

көзқарас нүктесі ретінде белгілейді. Жастар уақытты қоғамдық идея ретінде пайымдау қызметінен айырылған жағдайда, оның құндылықтары бос кеңістікке орнығып, әлсіз, әрекетсіз, ұйқыда, карнавалдық санаға, ретритистік құбылмалыққа ие ұрпақты қалыптастыруы мүмкін. Қазақстандық философ Г.Қ.Барлыбаева жастардың сана-сезіміндегі өзгерістерді жаһандану үдерісінің ықпалымен байланысты қарастырып, оның урбанизация мен цифрландырудың рухани құндылықтардың өзіндік қайта бағамдалуымен қайта пайымдалуының кеңістігі болатынын атап көрсетеді. «Руханилықтың концептуалды екі мағынаға ие болуы тек теориялық мәселе емес, ол өзінің көпбейнелі табиғатының көрінісі. Рухани интеллект адамдардың жылдам өзгермелі шынайылыққа сәйкес келуіне әкеледі» [6]. Сондықтан жастардың ұжымдық саналығында руханилық пен өмірлік құндылықтардың, қоғамдық практиканың синтезделуіне мемлекет те, мәдениет те мүдделі болуы керек.

Қазақстан жастарының әлеуметтік мәселелері және мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұлттық, мәдени және жастар саласындағы саясаты қағидаларының бірін ұрпақтар сабақтастығы және отбасылық құндылықтарды дамыту құрайды. Ол Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңының нормаларымен анықталған. Бұл бағыт «Ұрпақтар сабақтастығы және отбасылық тәрбиенің басымдығы» ретінде заңның 3-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік жастар саясатының міндеттері ретінде бекітілген [11]. Аталған заңның тиісті қағидасын жүзеге асыру үшін қазіргі кезде «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жобаның мақсаты - қазақстандық қоғамдағы белсенді жастардың ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, бизнес және медиа салаларындағы жетістіктерін гранттық қаржыландыру. Қаржылық грант көлемі 3 млн теңгені құрайды.

Ұрпақтардың сабақтастығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында креативті ұрпақ, болашақ ұрпақ және өскелең ұрпақ ұғымдары енгізілген. Болашақ ұрпақ ұғымы адамның денсаулығын және қаржылық жағдайын жақсарту мақсатында, креативті ұрпақ инновациялық мәдениетті танымал ету, ғылыми техникалық қызметке ынталандыру, табысқа, бәсекеге қабілеттілікке, жасампаздыққа бағдарланған адамдар тобы ретінде қарастырылған. Аталған ұлттық жоспарда «өскелең ұрпақтың тәрбие процессі өз біліміне, салауатты өмірі мен кәсіби жетістіктеріне, өзінің жеріне, ауылына, өңіріне, атажұртына, мәдениеті мен тіліне сүйіспеншілікті, салиқалы көзқарас секілді элементтерді қамтиды», - деп нақтыланған [12]. Қазақстандық қоғамдағы ұрпақтар сабақтастығы үдерісін позитивті және креативті бағытта дамыту қазіргі әлемнің талабы болады.

Жастар философиясы жаңа мінез-құлық үлгілерін, құндылықтық өзгерістерін зерттейді. Жастардың қоғамдық болмысындағы өзгерістерді зерттеу мақсатында «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы «Қазақстан жастары» тақырыбында жыл сайын әлеуметтік зерттеу жүргізіп, ұлттық баяндаманы ұсынады. Әлеуметтік зерттеу 14-35 жас аралығындағы адамдардың арасында 2000 респондентті іріктеп, алып жүргізген. Зерттеу кезінде жастар өздерінің құндылықтарының басым бағыттары ретінде «отбасы (72,6%), достық (32,3%), денсаулық (26,9%), сенім, дін (18,7%), жан тыныштығы (17,5%)» секілді ұғымдарды атап көрсеткен [13, б. 54]. Қазақстандық жастардың материалдық емес құндылықтарды таңдауы біздің танымымыздағы ұрпақтар сабақтастығының ментальды байланысын немесе бірізділігін көрсетіп отыр. Себебі, аға ұрпақтың қоғамдық мінез-құлығында саяси белсенділіктің төмен болуы, конформистік құндылықтар белгілі бір деңгейде өздері тәрбиелеген жас ұрпақтың санасына да ықпалын сақтайды.

Бұл тенденция қоғамдық пікірдің және жағдайдағы әлеуметтік уақыт генезисінде қоғамдық үлесім еліме болсын деген жақсы, ізгі құндылықты танытады. Дәстүрлі құндылықтардың жастардың өмірін басқаруда ықпалын сақтап қалуы жақсы үдеріс болғанымен, адамның өзінің жеке даму уақытының шектелуіне себеп болады. Аталған зерттеуде жастардың қоғамдық пікірінде «кәсіп (2,9%), қоғамдық танылу (3,4%), биліктің болуы (4 %)» [13, б. 55] деңгейінде ғана орын алуы олардың іс-

әрекеттелігіндегі абсенттік көңіл күйді сипаттайды. Жастардың әлеуметтік, саяси және мәдени танымының құндылықтық бағдарларына әлеуметтік институттар мен тұлғалар кеңінен ықпал жасайды. Танымдық бағыттылықты анықтау мақсатында «Сіз кімнің пікіріне сенім білдіресіз» деген сауалға, жастар «билік өкіліне (30,4%), ондай адамдар жоқ (19,4%), саяси партия басшылары (10,3%), ғалымдар (10%), бизнесмендер (9%), дәрігерлер (9%), вайнерлер (4,1%), спортшылар (4,1%) сенетіндерін атап көрсеткен [13, б. 55]. Мұндай көзқарастың жастардың санасында орын алуы, олардың ойлаудың дайын формасын қабылдайтынын және сыни, танымдық, ізденушілік әрекеттерге дайын емес екендігін білдіреді.

Жастар философиясының негізгі зерттеу бағытын олардың қоғамдық, мемлекеттік және ұлттық қауіпсіздік мәселелерінде кең, гуманитарлық, техникалық білімдерін дамыту болып табылады. Жастардың ғылыми-танымдық, экономикалық іс-әрекеттеріндегі құзыреттіліктерін ақпараттық құралдар, телевизия арқылы насихаттау, танымалдық деңгейін арттыру қажеттіліктерін туындатып отыр.

Жастардың әлеуметтік, саяси мінез-құлығындағы оптимистік көзқарастармен пессимистік көңіл-күйді анықтауға болады. Өйткені, жастардың сана-сезіміне белсенділік, универсалдылық және жақсыға, игілікке ұмтылу, скептицизм құндылықтары тән болғаннан кейін, олар қоғамның саяси өміріндегі кедергілерге, әлеуметтік лифтілердің бұзылуына күмәнмен қарайды.

Зерттеуші Б. Ракишева қазақстандық жастар арасында жүргізген зерттеулерінде, жастардың шетелдерге миграция жасауының факторларын бөліп көрсетеді, олар: экономикалық жағдайлар, әлеуметтік-психологиялық факторлар, білім саласындағы жағдайлар, саяси факторлар тобы.

Сонымен бірге, жастардың эммиграциясына «тиімсіз мемлекеттік басқару, шенеуніктердің жауапсыздығы, сыбайлас жемқорлыққа бейімдігі; адамның өзін-өзі жүзеге асыруы мен мансаптық өсу болашағының, кәсіптік қажеттіліктің төмендігі; елдің дамуының төмен деңгейі, архаизация; болашақ пен балаларының болашағына деген сенімсіздік; жұмыссыздық, әлеуметтік кепілдіктердің төмен деңгейі, медицина мен білім сапасының төмендеуі, адам құқықтарының жиі бұзылуы» [14, с. 20]. Жастардың ұрпақтық санасында аға ұрпақтың құндылықтық бағдар қызметін атқаратыны әлеуметтік зерттеу нәтижелерінде көрініс берген.

Сауалнамаға қатысқан жастардың «дінге сенімі (83%), олардың діни салттарды күнделікті тұрақты орындауы (8,9%), діни салттарды діни мейрамдарда орындауы (38,1%), діни салттарды мүлдем орындамауы (36,1%) көрсеткен, бірақ респонденттердің дін туралы мәліметті, білімді ата-аналары мен туысқандарынан (41,8%), дүниеге келгеннен (27,3%), арнайы әдебиеттерден, интернеттен (4,1%), дін қайраткерлерінен болған әңгімеден (3,8%), ештеңе ықпал еткен жоқ (8,6%), өмірдегі маңызды оқиға (6,4%), мен әлі шешім қабылдаған жоқпын (4,7%) деген пікірлерін ұсынған [13, б. 58-59]. Бұл қоғамдық пікір жастардың діни бірегейлігінің тәртіпсіз, арнайы діни білімсіз қалыптасып жатқанын көрсетеді. Жастардың қоғамдық діни санасына экстремистік мүдделері бар тұлғалардың ықпалы жылдам таралуынан аталған жағдайдың салдарларын анықтаймыз.

Жастардың қазіргі заманғы дүниетанымын әлеуметтік конструкциялаудың жаңа трендтері қалыптасқан. Бұл трендтер 1985 жылдан бастап VUCA, 2020 жылдардан бастап BANI, RUPT, TUNA дүниетанымдық және экономикалық мәдениеттегі ұрпақтық ерекшеліктер ретінде дамып отыр. Бұл дүниетанымдық трендтердің мақсаты адамның әлемдегі өзгерістерге бейімделуін, жаһандық өзгерістерге сәйкес жаңа лидерлік қабілеттерді қалыптастыру болып табылады.

VUCA дүниетанымдық құндылығы басқарушылық, лидерлік шешімдерді қазіргілікте қабылдауды көздейтін және тұрақсыздық, белгісіздік, күрделілік, қос мағыналық қағидалары арқылы бағалауды ұсынады.

Тұрақсыздық – өзгерістердің дәрежелік деңгейімен және күнделікті өмірдегі мәселелік кедергілермен түсіндіріледі; Белгісіздік – сыртқы оқиғаларды алдынала болжаудың, өлшеудің қиындығымен, әлеуметтік ортаның өзгермелігімен сипатталады; Күрделілік – ақпараттың көлемділігінің оны өңдеудегі қиындығымен түсіндіріледі; Қос мағыналық – оқиғаларды түсінудің қиындығы, мүдделердің қақтығысымен сипатталады.

Жастардың құндылығындағы өзгерістерді бейнелейтін үлгі BANI моделін білдіреді. Бұл модельдің авторы Джамай Кашио «Біз хаос дәуірінде, құрылымдардан қажырлы бас тартушы дәуірде өмір сүрудеміз. Бұл тек қана тұрақсыздық емес, бұл шынайылық» [15]. BANI моделі әлемдегі өзгерістерді нәзіктік, қауіп, линиялық еместік, қол жетімсіздік құндылықтары арқылы сипаттайды.

Нәзіктік – әлемнің әлсіз нәзік жүйе екендігімен сипатталады, әлемдік жүйедегі кез-келген дағдарыс себеп салдарлы мәнге ие, сол үшін жастарға қабілет пен тұрақтылық құндылықтары қажет. Қауіп, үрей – шешім қабылдаудағы әрбір уақыттың мәнділігімен сипатталады, сол үшін жастардың бойында қырағылық пен жан ашу құндылықтары орын алуы тиіс; Линиялық еместік – шешімдерді дұрыс қабылдамау салдарының күйретуші сипатқа ие болуымен түсіндіріледі, кез келген оқиға бірден туындауы және әрекеттің нәтижесі бірден болмауы мүмкін, бұл жастардан контекст пен бейімделуді талап етеді; Қол жетімсіздік – әлемнің түсініксіз, ақпараттардың көптігінен күтілмейтін сипаттарға ие болуымен түсіндіріледі, ол үшін жастарға интуиция мен ашықтық құндылықтары қажет.

RUPT моделі жылдамдық, болжап болмайтын, парадоксальдық, шатасқан құндылықтарымен сипатталады.

TUNA моделі қызу қандылық, белгісіздік, романтизм, сантүрлілік құндылықтарын білдіреді.

Қазақстандық қоғамда жастардың трендттері ретінде «қаржылық тәуелсіздік (48,1%), қашықтықтан жұмыс істеу (26%), діншілдік (14,4%), беделді тұлғаның жоқтығы (11,4%), қатысу еркіндігі (10,2%), фитнес және диета, дұрыс тамақтану (5,9%), құндылықтар бойынша бірігу (5,1%)» [13, б. 87]. Жастардың әлеуметтік мінез-құлығындағы өзгерістер көп бейнелі және әртүрлі шарттардың негізінде орын алып отыр. Жастардың басым көпшілігінің қаржылық тәуелсіздікті қазіргі заманғы тренд ретінде таңдауы экономикалық кеңістікті дамыту үшін қажетті ресурс болып табылады.

Готфрид Швейгер жастардың өмірлік қажеттіліктеріне қатысты «ерекше игіліктер» ретінде ұсынған моделі, оларға автономдық, аутенттілік, релациялық қатынастар және тарихи практикалар, тұлғалықты қалыптастыру мәселелерін қамтиды [3]. Бұл мәселе жастарға қатысты мемлекеттік саясатты ешқандай идеологиялық қысымсыз үш жақты кешенді жүргізуді қамтиды. Тиісінше, мемлекеттік және қоғамдық саясат жастардың өмірлік қажеттіліктерін, құндылықтарын қолдау жағдайында әлеуметтік, отбасылық, институтционалдық деңгейлерде біртұтас құрылым ретінде орын алуы қажет. Өйткені өмірлік кезеңдердің шекаралары айқын емес болып, жастардың өзін-өзі және қоршаған әлемді идентификациялауына кері ықпал жасайды және оның этикалық, нормативтік салдарлары орын алады. Нәтижесінде, білім беру мен қоғамдық қатынастардағы өзгерістер кәсіптік, релятивистік, мәдени идентфкациялар мәселесінде сыни кері байланыстың жоғалуына, өзіндік идентификацияны салыстыру, тексеру, қолдану шарттарындағы девиацияларға әкеледі. Бұл мәселе саяси және күнделікті релациялардағы әлеуметтік лифтілер, шынайы «Менді» патриоттық мақтанышқа, Отанға адалдыққа, сүйіспеншілікке және пайдалы әсер коэффициентіне айналдырумен бағаланады.

Жастардың саяси үдерістерге қатысу мәдениеті әлі қалыптаспаған және ол белсенділік әрекет ретінде тек ірі қала тұрғындарына тән жағдай.

Жастардың дүниетанымына, олардың әлеуметтік, экономикалық қажеттіліктеріне қатысты мәселелердің ірі бес бағыты анықталды.

1) жастардың материалдық қолдауға мұқтаждығы;

2) жастардың жұмыссыздығы мәселесі;

3) жастардың ауылдан қалаға, республикадан шетелдерге миграциясы;

4) жастардың баспанамен қамтылуы;

5) жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, білім алуын қолдау.

Сондықтан жастар саласындағы мемлекеттік саясат кешенді жүргізіліп, «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел» және «Жастар практикасы», «Жастар кадрлық резерві», «Үздік бітіруші жастарды мемлекеттік қызметтегі төменгі әкімшілік лауазымдарға конкурссыз қабылдау», «Жастарды баспанамен қамту» бағдарламалары жүзеге асуда. Өйткені жастардың мінезінде болашаққа деген сенімсіздік, жемқорлыққа төзбеу, жоғары жылдамдықты интернетке қажеттілік, өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасу қиындығы мен жұмыс тәжірибесінің жоқтығы, жұмыспен қамту орталықтарынан еңбек нарығы тура-

лы ақпараттың жеткіліксіздігі мәселелері кездеседі.

ЮНИСЕФ Шығыс Европа мен Орталық Азия мемлекеттеріндегі жастардың арасындағы ұрпақтық ерекшеліктерді анықтау мақсатында зерттеу жүргізген. Зерттеу нәтижелерінде қазақстандық қоғамдағы жастардың мәселелерінен өзгешелікті көзқарастар анықталған. Атап айтқанда, шығыс европалық елдердегі жастардың ойлауына мектеп жасында және білім беру ұйымдарында еңбектік, кәсіпкерлік құзыреттіліктерді игеру, ол дағдыларды нарықтық қатынастар талаптарына сәйкестендіру, білім алудағы және қарым-қатынастағы инклюзивтілік, жасыл экология мен сандық экономика мәселелерін шешу міндеттері тән болған. Зерттеуге қатысқан респонденттерге «Мектеп сізді болашаққа дайындай ма?» деген сұрақ қойылып, мынадай жауаптар алынған. Респонденттер «өте аз дайындайды (39%), мүлдем дайындамайды (17%), белгілі бір деңгейде дайындайды (32,8%), ия, толығымен дайындайды (11%) [16, с. 5]. Бұл - қазақстандық білім беру жүйесінің алдында да тұрған өзекті мәселелердің бірі. Жастардың кәсіптік білім алуы үдерісінде теориялық білім мен өндірістік, тәжірибелік білімнің бір- бірінен алшақтығы кездеседі.

ЮНИСЕФ-тің аталған зерттеуінде ұрпақтың уақыты өмірдің барлық кезеңінде жаңа білімдерге ие болу, өмірге тұрақты, кәсіби, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік әділеттілікке ие қабілеттерді меңгеру ретінде анықталған. Зерттеуге қатысқан респонденттер, адамның танымы мен қоғамдық ойлауына «сыни ойлау және мәселелерді шеше білу» (32,5%), шет тілдерін меңгеру (26,1%), креативтілік пен кәсіпкерлік (12,6%), сандық дағдылар (6,2%), топтағы ынтымақтастық (5,7%), математикалық және ғылыми жаңалықтар (5,3%), жұмысты орындау үшін техникалық дағдылар (4,8%) құндылықтары қажет деп анықтаған [16, с. 25]. Бұл кәсіби дағдылар қазақстандық жастардың санасы үшін қажетті құндылықтар саналады. Өйткені, қазіргі заманғы әлемде ақпараттардың шектеусіз ағыны адамның қабілеті үшін сыни ойлау құзыреттіліктерінің қажеттілігін алдыға шығарып отыр.

Сыни ойлау инклюзивтілік, адам теңдігін, оның дискриминациядан қорғалуын қамтамасыз етеді. Жастардың санасында сыни ойлау құндылығы еңбек нарығындағы икемділік, дүниені тереңінен түсіну, өмір сүрудің жоғары сапасына қол жеткізуге әкеледі.

Қоғамның экономикалық жүйесіндегі теориялық білім мен тәжірибелік дағдылардың сәйкессіздігі NEET жастар мәселесін туындатып отыр. NEET жастар дегеніміз еш жерде жұмыс істемейтін, экономикалық және саяси қызығушылығы төмен жастардың әлеуметтік тобы. Бұл термин халықаралық еңбек ұйымының жастар жұмыссыздығын жою мақсатында енгізілген.

NEET жастарды анықтау формуласы: NEET коэффиценті (%) = (Жұмыссыз жастар + Жұмыс күшіне тартылмаған жастар) – (Білім беру немесе оқыту саласындағы жұмыссыз жастар) + білім беру немесе оқыту саласындағы жұмыс күшіне тартылмаған жастар) / жастар * 100.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың 10 желтоқсанында жастар жылының жабылуында сөйлеген баяндамасында: «Ата бабамыздың көптеген ұрпақтары өздерінің ізбасарларының тәуелсіз, еркін, ізгілікті мемлекетте және бақытты өмір сүргенін армандап өтті. Елімізде 14 жасқа дейінгі балалардың саны 5 миллион адамнан асты, бірақ қоғамдық өмірге араласпайтын, жұмыс істемейтін NEET жастардың көбейіп, бос жүргендері жалпы жастардың 20 % құрап отыр», - деген ойды келтірді [17].

Қоғамда NEET жастардың үлесінің орын алуы олардың кәсіптік іс-әрекеттілікке кеш араласуынан және жұмыссыздықтың салдарынан туындап отыр. Қазақстанда «NEET жастардың үлесі 6,9% құраған, оның өнеркәсіп жақсы дамыған аймақтарда Павлодар, Петропавл, Қостанай, Абай облыстарында 4,4-3,5% көрсеткен, ал жаңадан құрылған Ұлытау облысында, халқының саны аз болсада 12,6%», - көрсетіп отыр [18, б. 6]. Бұл көрсеткіштердің Павлодар, Петропавл, Қостанай облыстарында төмен болуы, шекаралық аумақтағы жастардың Ресей Федерациясының территориясында еңбек ету мақсатындағы эммиграциясымен түсіндіріледі.

Жастар ғылыми-зерттеу орталығы 2022 жылы Қазақстандағы NEET жастардың өзіндік ерекшеліктерін, қоғамдық институттармен өзара іс-қимылын, әлеуметтік бейнесін анықтау мақсатында 14-28 жас аралығындағы жастардың арасында жап-

пай сауалнама және тереңдетілген сұхбат әдістерімен әлеуметтік зерттеулер жүргізген.

Зерттеу барысында жастардың қоғамдық өмірге, оның ішінде еңбек үдерістеріне, саяси істерге, мәдени шығармашылық іс-әрекеттілікке қатыспауының себептері талданған және іріктеме жиынтығында 2000 респонденттi қамтыған. Зерттеу кезінде NEET жастар санатына кіретін топтың құндылықтары ретінде «берік отбасы құру (47,1%), көп ақша табу (37,9%), өз үйің не пәтерінің болуы (37,9%), жақсы, қызықты жұмыс табу (32,6%), денсаулық (36,5%)», материалдық емес құндылықтардан жақсы білім алу (30,1%), сенімді, адал дос табу (22,4%), адамдарға көмектесу (12,7%), өз ісін жүзеге асыру (11,6%) ұғымдары анықталған [18, б. 8]. Бұл құндылықтардан байқайтынымыз, ол қазіргі жастардың басым көпшілігіне көп табыс табу, қызықты жұмыс табу мақсаты тән.

Дегенмен жастардың психологиялық көңіл-күйіндегі жалқаулық, енжарлық секілді әрекеттердің салдарынан өзінің мүмкіндіктерін бағалаудың, тәуекелдің, шешім қабылдаудың төмен деңгейі орын алып отыр. Жастардың кәсіпкерлік мінез-құлығы мен дағдысы жүйеленбегендіктен олардың прагматикалық ойлау, сыни ойлау құндылықтары да өз деңгейінде орнықпаған. Жалпы NEET жастардың сыни ойлауындағы қайшылықты болашақты бағалауынан анықтай аламыз. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, жастардың мінез-құлығында елдің, өзінің болашағына деген сенім мен үміт сезімдері және болашақты ойламау, немқұрайлық, үрей сезімдері тең түсіп отыр, яғни респонденттер «болашақ туралы ойламаймын (11,1%), шарасыздық (2,5%), немқұрайлылық (6,7%), алаңдаушылық, қорқыныш (18,6%), сенімділік (22,6%), үміт (35,6%)», - деп көрсеткен [18, б. 20].

Жастар - қоғамның ең икемді және кәсіптік қайта даярлау, идеялық тәрбиелеу үдерістерінен жеңіл және қиындықсыз өте алатын бөлігі. Жастарды қазіргі технологиялық үдерістерге сәйкес инженерлік білімдерге, орта кәсіптік білімдерге қайта бейімдеуге болады.

NEET жастар санатын девиациялық мінез-құлық формасы ретінде қарастыра алмаймыз, өйткені, жастардың немқұрайлығы мен енжарлығынан теріс-мінез құлық, қылмыстық әрекет орын алмайды. Дегенмен жастардың жалақының төмен деңгейін, психологиялық күйзелісін, менмендігін себеп етіп, қоғамдық өмірге қатысудан тыс қалуы болашақ үшін қабылданбайтын әрекеттердің бірі болып саналады. Жастардың жас және жыныстық ерекшеліктеріне дискриминация жасау, көбінде, қыздардың еңбекқорлығына күмәнмен қарау тенденциясы дұрыс емес көзқарасты білдіреді.

Жас ұрпақтарға тән жеке және әлеуметтік маркерлер:

– ғылыми әдебиеттердің орнына жеңіл, классикалық емес шығармаларға, әлеуметтік желілердің ұсынған деректері негізінде фрагментарлы ойлаудың орын алуы;

– ұлттық дәстүрлерді діни сенім бойынша теріс деп қабылдайтын ұрпақтың қалыптасуы;

– ұлттық дәстүрлерді құрметтейтін, бірақ қолданбайтын жастардың көбеюі, бұл үдеріс отбасы құруда кездейсоқ қатынастардың орын алуынан, азаматтық некенің көбеюінен көрінуде, қыздардың дәстүрлі шығыстық пайымға қарағанда уақытынан кеш 30 жастан кейін тұрмысқа шығуы;

– ұлттық дәстүрлерді өмір салты ретінде қабылдайтын жастардың сақталуы, отбасылық қатынаста жастар бір бірін таныса да, ата-анасының, жеңгесінің ұсынысы бойынша үйленуі;

– жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын сыбайлас жемқорлық фактісі арқылы шешуге бейімдігінің артуы;

– орыс тілінің ресми және бейресми тілдік қолданыста үстемдігінің сақталуы, ресейлік насихат құралдарын тұтынудың, ойлаудың артуы;

– ақпараттардың жалғандығын ажырата алатын, сыни ойлайтын жастардың қалыптасуы;

– ағылшын тіліне сұраныстың күшейуі;

– экономикалық сауатты ұрпақ қалыптасқанымен, әлеуметтік лифтілердің бұзылуы салдарынан скептикалық ойдың қалыптасуы.

Елімізде жастардың қоғамдық қызметін басқару және реттеу мақсатында 227 жастар орталықтары, 547 жастардың қоғамдық ұйымдары жұмыс істейді. Шынында да біздің елімізде ауыл жастарының қоғамдық мәселелерін, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру менеджменті дамымаған. Соның салдарынан көптеген жастар ірі қалаларға қоныс аудару арқылы өзінің құндылықтарын қайта қалыптастыруға тырысады.

Зерттеуге қатысқан әрбір респондент бос уақытын «достарымен (75,6%), отбасымен (51,8%), туыстарымен (38,7%), виртуалды кеңістікте (14,8%), хобби, спорт (6,8%), серіктес, таныстармен (14,4%) өткізетінін атап көрсеткен [18, б. 42]. Жастардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырмаудың салдарынан олардың қоғамдық мінез-құлығының радикализациялануы, жұмыс істеу мақсатында шетелдерге қоныс аударуы және наркотикалық заттарға құмарлықтың артуы орын алады. Жастардың табиғатына жаңа нәрселерге көзсіз қызығу, еліту және сынап көру қасиеттері тән.

Философиялық тұрғыдан алғанда, замандастар мен жас ұрпақтар ақиқаттың жаңа түрін тапқан адамдарға ақылсыз адам ретінде қарайды. Адамның ақылы, интеллектісі ерік-жігердің құралына айналып, жастардың бойында құндылықтарды мойындау көмескілікке ие болады. Жастардың албырттығы оларды жеңіл өмір сүруге бейімдеп, еңбек құндылықтарын әлсіретеді және уайымшылдық салдарынан өз өмірін құмарға айналдырады. Бұл әрекеттер қазіргі заманғы жастардың негативті жағымсыз әлеуметтік бейнесін білдіреді. Әсіресе, жастардың арасында наркотикалық құмарлық дертінің жылдам таралуы, оның «меф ұрпақтары» атауына ие болуы, букмекерлік құмарлық ойындарына араласуы белең алуда.

ҚР Ішкі істер министрлігінің 2023 жылғы 14 наурыздағы есебі бойынша, «елімізде 90 мың адам алкоголді тәуелділік тізімінде, 18 мың нашақорлық ауруы бар адамдар тіркелген, олардың 1500 әйел, 100 ден астамы кәмелетке толмаған балаларды құрайды» [19]. Нашақорлық ғасыр дерті десек те, бұл қоғамдық мәселенің жастар арасында көбейіп, қылмыстық әрекеттердің орын алуының, көбеюінің басты себебі болып отыр. Сондықтан жас ұрпақтық сана-сезімін, ойлауын, ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, бұл саланы мемлекеттік реттеу кешенді жүргізілуі тиіс.

Қазақстан қазіргі даму тұрғысынан айтқанда, көрші ел Қытаймен көпжақты ынтымақтастықты жақсартпауға амалсыз. Өйткені бүгінгі Қытай бүкіл халықаралық қауымдастыққа ықпал етіп отырған қуатты елдердің біріне айналды. Бастысы Қытай АҚШ бастаған ірі державалардың Орталық Азияға бағыттаған геосяси жоспарларын іске асыруына, яғни саяси ойын алаңына айналдыруына қарсы пәрмен көрсетіп келе жатқан ел. Оның куәсі ретінде Қытай жетекшілігімен құрылған «Шаңхай ынтымақтастық ұйымы», «Ортақ тағдыр қауымдастығы» қатарлы бірлестіктер Азиядағы көрші елдердің қауіпсіздігі мен бейбіт дамуын көзде ұстайды. Әсіресе «Үнді-тынық мұхит стратегиясы» жобасы іске қосылғаннан кейін «Халықаралық ашық аймақ және ортақ қорғану» секілді қисынсыз сылтаулармен АҚШ Азия аймағына орта қашықтықтағы зымырандар орнату мақсат-ниетін ашық жариялады. Бұған бірінші болып Қытай

үкіметі үзілді-кесілді қарсы тұрды. Жалпы жақтан Орталық Азияның, кіші көлемнен өз мемлекетіміздің саяси тұрақтылығы мен экономикалық жақтан әлеуеттенуіне Қытайдың ықпалын әсте төмен бағалау мүмкін емес.



1-диаграмма. Қазақстан-Қытай екіжақты сауда көлемінің динамикасы, 2015–2024 жж. (млрд АҚШ доллары)

Қазір Қытай мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас тұрақсыз халықаралық жағдайлардың сынағынан өтіп, жоғары өнімділік деңгейге қол жеткізді. Айталық, Қазақстанның Қытайдағы төтенше және өкілетті елшісі Шахрат Шакизатұлы Нұрышев жариялаған мәліметтерге сүйенсек: «Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты сауда 2024 жылы рекордтық деңгейге жетіп, 43,8 миллиард АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,8%-ға өскен. Қытай Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі және инвестицияның маңызды көзі болып қала береді, 2024 жылы Қазақстанға тікелей инвестициялар 1,19 миллиард АҚШ долларынан асты. Қазіргі уақытта Қазақстан мен Қытай жалпы сомасы 66,4 миллиард АҚШ долларын құрайтын 224 инвестициялық жобаны ілгерілетуде, ал Қазақстанда Қытай тікелей қаржыландырған 6000-нан астам кәсіпорын тіркелген» [1].

Бұл зерттеу мақалада Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық және сауда ынтымақтастығының қазіргі басым бағыттары, жалпы жағдайы, ынтымақтастықтың негізгі салалары жүйелі түрде талданады. Сонымен қатар, Қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың әртүрлі тиімді жолдары зерттеледі, және қазіргі уақытта іске асырылып, жүргізіліп отырған жоба-нысандардың нақты жағдайларына сәйкес бірлестіре қарастырылады. Қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда үкіметтік қолдау мен маңызды шешімдердің типтік жағдайларына да талдау жасалады.

Әдіснама

Зерттеудің теориялық негізін қалау үшін Қазақстан-Қытай экономикалық және сауда ынтымақтастығы саясаты, өнеркәсіптік өзара толықтыру және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі бойынша тиісті теорияларды жүйелі түрде қарастыру көзделді. «Орталық Азия қоғамдастығы (ОАҚ) елдері тарихи тұрғыдан біртұтас кеңістік ретінде қарастырылатындығына» [2, 55 б.] бағыттай отырып, отандық кәсіпорындарды дамытуды нысана етеді. Алға қойылған міндеттерді шешу және зерттеу жұмысының теориялық негізін бекемдеу мақсатында шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды. Сонымен бірге үкімет сайттарында жарияланған сенімді санды мәліметтер мен дереккөздер қажетке қарай пайдаланылды.

Мақалада зерттеу құралдарының үйлесіміне негізделген мынадай бірқанша кешенді әдіснамалық зерттеу тәсілдер қолданылды.

Салыстырмалы талдау жасау әдісі

Отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жолдарын табу, қарастыру үшін Қазақстан кәсіпорындарын Қытаймен ынтымақтастық модельдерімен, яғни компанияларымен түрлі жағынан салыстырмалы талдау жасау әдісі қолданылды.

Санды мәліметтерге негізделген әдісі

Терең талдау үшін энергетика, ауыл шаруашылығы және логистика сияқты негізгі ынтымақтастық салаларындағы қазақстандық кәсіпорындарды таңдау, олардың Қытай нарығын, технологиясын пайдалану арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттырудағы табысты тәжірибелері мен қиындықтарын қорытындылау, әрі санды мәліметтерге сүйене отырып жан-жақты талдау жасау.

Сұхбат және сауалнама әдісі

Қазақстандық кәсіпорын басшыларымен, сала сарапшыларымен және үкімет шенеуніктерімен тікелей ақпарат алу және ынтымақтастықтағы нақты қажеттіліктер, кедергілер және тиімді жолдар туралы түсінік алу үшін жартылай құрылымдалған сұхбаттар жүргізу.

Негізгі бөлім

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған алғашқы жылдардан (1992 ж.) бері Қытаймен ұзақ мерзімді, өзара ынтымақтастық қарым-қатынастар орнатып келеді. Қазір екі ел арасындағы экономикалық және сауда ынтымақтастық деңгейі жоғары өрлеуге көтеріліп, оң нәтижелерге қол жеткізді. Бұл бір жағынан ел экономикасының дамуына тың серпін қосса, келесі жағынан тиімсіздіктер ала келуі мүмкін деген алаңдаушылық тудырады. Әсіресе экономиканың жершарылануына ілесе әр ел жағдайы да ұқсамаған бәсекемен қоса қауіп- қатерлерге де дөп келіп отыр. Сол себепті отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында үкімет тарапынан бірқатар тиімді саяси шешімдер жасалуы, жаңа жобалар алға қойылуы қажет. Бұл мәселелерді талқылау кезінде әуелі Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығының жалпы жағдайына, басым бағыттары мен одан келер қауіп, сын-сынақтарды талқылап, шешуге тиісті мәселелер мен талаптарды ортаға қоямыз. Алға қойылатын бұл мәселелерді тиянақты талдап көрсету үшін мынадай бірқанша түйіндерге бөліп қарастыру көзделеді.

Қазақстан-Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығының қазіргі жағдайы және басты бағыттары

Сауда және инвестициялық ынтымақтастық

Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық селбестік қатынас барған сайын тереңдеп, бұрын көрілмеген өреге көтерілді. 2024 жылы екіжақты сауда көлемі 43.8 миллиард АҚШ долларына жетті [3, 63-94 бб.]. Бұл рекордтық көрсеткіш негізінде екі ел басшылары алдағы бірнеше жылда сауда көлемін тағы еселеп арттыруды көздеген ауқымды жоспарлар жасады. Сауда құрылымы тұрғысынан екі тарап та дәстүрлі ресурстық саудадан жоғары құнға ие әртараптандырылған саудаға біртіндеп ойысты. Қазақстан Қытайға энергетикалық және минаралдық ресурстарды экспорттап қана қоймай, сонымен бірге шикізаттық емес тауарлар экспортының үлесін де үнемі кеңейтіп келеді. Бұл – қазақстандық компаниялардың жаһандық құндылықтар тізбегіндегі орнын біртіндеп жақсартып, маңызды сатыға көтеріліп келе жатқанын түсіндіреді. Екі ел арасындағы инвестициялық қатынастың түрлері мен арту барысын кесте арқылы көрсетсек:

1-кесте. Қазақстан мен Қытай арасындағы негізгі секторлардағы инвестициялардың бөлінуі (2024 жылға дейін)

Инвестициялық салалар	Жобалар саны	Инвестиция (млрд $)	Пайыздық үлес
Энергетика және ресурстар	85	28,5	42,9%
Көлік және логистика	42	16,8	25,3%
Өндіріс	58	12,4	18,7%
Ауыл шаруашылығы	23	4,5	6,8%
Технологиялық инновация	16	4,2	6,3%
БАРЛЫҒЫ	224	66,4	100%

Қазақстан мен Қытайдың сауда-экономикалық қатынастарының негізгі тірегі болып табылатын инвестициялық ынтымақтастық кең ауқымдылығымен және көпжақты салаларды қамтитындығымен ерекшеленеді. ҚР Сыртқы істер министрлігінің мәліметі бойынша, қазіргі «Қазақстан мен Қытайдың инвестициялық

ынтымақтастық жобаларының дерек-қорында жалпы құны шамамен 66,4 миллиард АҚШ долларын құрайтын 224 жоба бар» [4, 13-34 бб.] екендігі айтылады. Бұл инвестициялық жобалар энергетика, көлік, өндіріс, ауыл шаруашылығы және ғылыми-технологиялық инновациялар сияқты бірнеше саланы қамтиды. Олар қазақстандық кәсіпорындарға капитал, технология және басқару тәжірибесін ұсынады, сол арқылы отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруына берік негіз қалап береді.

Энергетика және инфрақұрылым саласындағы ынтымақтастық

Энергетикалық ынтымақтастық – Қазақстан мен Қытайдың сауда-экономикалық қатынастарының басты тірегі, әрі екі ел кәсіпорындары арасындағы ынтымақтастықтың негізгі саласы болып табылады. Қазақстан табиғи энергияға бай ел ретінде Қытаймен мұнай және газ барлау, өндіру мен өңдеу саласында кең ауқымды ынтымақтастық орнатты. Атап айтқанда, Қазақстан мен Қытайдың энергетикалық ынтымақтастығы қарапайым саудадан ірі өнеркәсіптік ынтымақтастыққа дейін дамып көтерілгенін атап өткен жөн. Мысалы, Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобасы Қазақстанның мұнай өңдеу қуатын анағұрлым арттырып қана қоймай, сонымен қатар технологияларды трансферттеу арқылы Қазақстандық кәсіпорындардың технологиялық деңгейін жоғарылатып, мамандану мүмкіндіктерін күшейтті.

Сонымен қатар, инфрақұрылым саласындағы ынтымақтастықта әр екі тарапта ерекше маңызды нәтижелерді қолға келтірді. Қазақстан мен Қытай көлік және логистика саласында бірнеше ірі инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп жүзеге асырды.

Қазақстан өзінің тамаша географиялық ерекшеліктерінің арқасында, ол Қытай мен Еуропа арасындағы сауда жолдарын байланыстыратын Орталық Азиядағы маңызды қатынас-көлік торабы болып саналады. Бұл туралы санды мәліметтерге сүйенер болсақ: «Қытай-Еуропа жүк пойыздарының 80%-тен астамы Қазақстан арқылы өтеді, ал 2024 жылы теміржол жүк тасымалының рекордтық көрсеткіші 32 миллион тоннаға жеткен» [5]. Бұл инфрақұрылымдық жобалар Қазақстанның логистикалық жағдайларын одан ары жақсартып қана қоймай, Қазақстандық кәсіпорындардың пайдалану шығындарын азайтуға және нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға зор қолдау көрсетті.

Өндіріс және технология трансферті

Өндіріс және технологиялар жағындағы ынтымақтастық – Қазақстан мен Қытай екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығын жаңа белеске көтерудегі маңызды арна, әрі Қазақстандық бизнестің, кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі саласының бірі. Бұған Қытайдың Жиң лұй жолаушылар автокөлігі (金旅客车) мен Қазақстандық ASTANA MOTOR серіктігі арасында ортақ келісімшарт бойынша жүргізіліп жатқан автокөлік өнеркәсібін мысалға алуға болады. Жиң лұй жолаушылар автокөлік серіктестігі KD жобасын құру арқылы, Қазақстанға отандық автокөлік (автобус) өндірісі қуатын арттыруға көмектесті. Бастапқы кезде күніне бір автобус шығарса, кейін өндіріс қарқыны біртіндеп жоғарылап, жылдық өндіріс көлемі 600-ден асты[6, 45-55 бб.]. Сөйтіп отандық автобус өндірісі аймақтағы ең жоғары көрсеткішке жетті.

Ортақ мүдде, ортақ тиімділік мақсатындағы іске асырылып отырған бұл өндірістік ынтымақтастық тек Қазақстанның ішкі нарығының қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге технологияларды трансферттеуге басымдылық танытады. Сондай- ақ олардың ішінен болашағы барларын таңдап дамыту арқылы отандық компаниялардың технологиялық күші мен басқару деңгейін айтарлықтай арттырады. Бұл туралы Жиң лұй жолаушылар автокөлігін жасау компаниясының экспорттық сату жөніндегі директоры Жиян Анмин былай деп мәлімдейді: «Біз серіктестерімізге өз жерінде өздерінің KD жобаларын құруға көмектесуге дайынбыз. Олардың саудасын жандандырып, клиенттерін көбейтуіне тілектеспіз. Жергілікті билік органдары бізден жұмыспен қамтуды кеңейту, экономикалық дамуды белсенді қолдау, отандық өнеркәсіптік қуатты арттыру қатарлы жақтарына көбірек назар аударып үлкен үміт артады» [7]. Міне бұл көзқарастың өзінен талқыланып отырған ынтымақтастықтың, яғни Қытайлық компаниялардың Қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда зор маңыз алатындығын көруге болады.

2-кесте. Қазақстан мен Қытай арасындағы өндірістік ынтымақтастықтың түйінді жобалары

Жоба	Ынтымақтастық аясы	Бәсекеге қабілеттілікке ықпалы	Жұмыс орны
Автокөлік өндірісі	Жиң лүй + ASTANA MOTOR KD жобасы	Жергілікті өндірістік қуатты арттыру	650
Мұнай-химия	Шымкент МӨЗ жаңғырту жобасы	Мұнай өңдеу технологиясын арттыру	1 200
Су инфрақұрылымы	CEEC су ресурстары жобасы	Инновациялық басқару әдістерін енгізу	300
Машина жасау	«31» (Сань И) локализациялау жобасы	Ауыр машина жасау қуатын арттыру	500

Ауыл шаруашылығы және жасыл технологиялар саласындағы ынтымақтастық

Ауыл шаруашылығы және жасыл технологиялар – Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығының кең даму перспективалары бар жаңа салалары. Ірі ауылшаруашылық елі ретінде Қазақстан Қытайдың ауылшаруашылық жақтарындағы өнімді жаңалықтарды, озық технологиялары енгізіп, әрі сауда қатынасы арқылы өзара тиімділікті сақтай отырып, ынтымақтастықтың баянды алға жылжуына кеңінен жол ашты. «2025 жылдың ақпан айында Қазақстан мен Қытайлық кәсіпорындардың сауда жәрмеңкесі өтті» [8]. Сауда жәрмеңкесінде екі тараптың ауылшаруашылық өнімдерін импорттау және экспорттау туралы келісімдерден басқа да сегіз түрлі ынтымақтастыққа қол қойылды. Бұл жолғы іс-шара екі ел арасындағы ауылшаруашылық ынтымақтастығына жаңа серпін берді.

Жасыл технологиялар саласында қытайлық компаниялар Қазақстанның тұрақты дамуына бағытталған көпсалалы жобаларына белсенді қатысып келеді. Мәселен, Қытай энергетикалық инженерлік корпорациясы (CEEC) (China Energy Engineering International Group) Қазақстанның су ресурстарына назар аударып, еліміздің су инфрақұрылымын жаңғырту, су ресурстарын басқарудың инновациялық әдістерін енгізу бойынша тың жобалар жасалды. Сонымен қатар су ресурстарын есепке алу мен бөлуді цифрландыруға, тазартылған ағынды суларды қайта өңдеуге, су үнемдейтін технологияларды ілгерілетуге баса мән берді, әрі алға қойған жоба-нысандар бойынша екіжақты келіссөздер жүргізді. Ынтымақтастықтың бұл түрі қазақстандық компанияларға озық технологияларды игеруге және жасыл экономикадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

Қытаймен жасалған екіжақты ынтымақтастықтарға сүйеніп, Қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары

Технологиялар трансферті және инновациялық әлеуетті арттыру

Технология трансферті – отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі бір жолы. Қазақстан мен Қытай сауда-экономикалық ынтымақтастығы, әсіресе өнеркәсіптік кооперация жобалары арқылы қытайлық кәсіпорындар (ірі компаниялар) Қазақстанға айтарлықтай көлемде озық технологиялар мен өндірістік процестерді трансферттеді. Жиң лүй жолаушылар автокөлігі компаниясын мысалға алсақ, бұл компания отандық кәсіпорын жұмысшыларына көлік құрастыруды ғана емес, сонымен бірге оларға кешенді техникалық оқытумен қоса инженерлік алмасулармен қамдайды, әрі автобус өндірісі технологияларын меңгеруге көмектеседі. Жиң лүй жолаушылар автокөлік компаниясының шетелде сату бөімінің бас менеджерінің орынбасары Ху Хуэй: «Қазақстандағы ASTANA MOTOR компаниясының инженерлері түсініксіз болған жайлар туралы сұрақтар қойып, және өздерін мазалайтын әрбір мәселені жазып алуға бар мүмкіндікті пайдаланады, олрдың бұл әрекеті бейне шетелде оқитын студенттерге көбірек ұқсайды», – деді [9].

Міне бұл технологиялық ынтымақтастық отандық кәсіпорындардың технологиялық инновациялық мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырды. Бастапқы кезде сенімнен күдік басым болып, бір мезет «алдымен енгізу, одан соң проблемаларды шешу» деген проактивті тәсілге ойысты. Кейін аталған бұл қатынастан өнімді нәтижелер көріне бастаған соң ғана сенім пайда болып, көзқарас өзгерді. Қазақстандық кәсіпорын

жұмысшылары арасындағы көзқарастың өзгеруі – отандық кәсіпорын инженерлері мен жұмысшыларының Қытайлық технологияны тануының артуын және өздерінің техникалық мүмкіндіктерін көрсетеді. Ең бастысы, бірлескен инновациялар арқылы қазақстандық және қытайлық кәсіпорындар жергілікті нарықта кездесетін техникалық қиындықтарды бірлесіп шешті. Мысалы, Жиң лүй жолаушылар автокөлік компаниясы қарлы, батпақты, тайғақ жолдарға (Ресей, Қазақстан қатарлы елдерге бағыттап) арналған жоғары қуатты жаңа түрді әзірлеу жобалық тобын құрды. Бұл жергілікті технологиялық инновация қазақстандық компаниялардың нарықтық қиындықтарға төтеп беру қабілетін одан әрі нығайтады.

Өнеркәсіп тізбегінің интеграциясы және нарықтың кеңеюі

Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық отандық кәсіпорындарға аймақтық, тіпті жаһандық өндірістік тізбектерге интеграциялану үшін құнды мүмкіндіктер берді. Екіжақты жобаларға қатысу – қазақстандық кәсіпорындар өздерінің өндірістік қуатын анағұрлым арттырып қана қоймай, сонымен қатар қытайлық компаниялармен ынтымақтастық арқылы кеңірек нарық желісіне қол жеткізеді. Мысалы, Қазақстанның үш ірі мұнай өңдеу зауыты – Павлодар, Атырау және Шымкент – Қытаймен және басқа елдермен ынтымақтастық орнатуда. Бұлар әлемдік озық тәжірибелерге сәйкес отандық зауыттардың (Павлодар, Атырау және Шымкент) мұнай өңдеу тиімділігін 94%-ға дейін арттыруға бағыттайды. Аталған ынтымақтастық Қазақстандық мұнай компанияларының технологиялық деңгейін жақсартып қана қоймай, сонымен қатар олардың халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырды

Нарықты кеңейту тұрғысынан алғанда, Қазақстан-Қытай арасындағы ынтымақтастық екі елге тең пайда жеткізеді. Қытай нарығын дамытып қалмай, қазақстандық кәсіпорындар көлемін кеңейтіп, халықаралық сауда желісін ашуға мұрындық болды. Қазақстанның Қытайдағы елшісі Шахрат Нұрышев Қазақстан «Қытайға шикізаттық емес тауарлар экспортын кеңейтуге» міндеттенетінін мәлімдеді [10, 115 б.]. 2025 жылдың ақпан айында өткен Қазақстан мен Қытай кәсіпкерлерінің экономикалық және сауда жәрмеңкесінде екі тарап энергетика саласындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім жасады. Мұнан басқа ауылшаруашылық өнімдерін импорттау және экспорттау жөнінде маңызды келісімдерге қол қойылды. Бұл қазақстандық кәсіпорындарды Қытай нарығына тікелей тәуелді болудан сақтандырды.

Сонымен қатар, Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қатысу арқылы қазақстандық кәсіпорындар Транскаспий халықаралық көлік бағыты сияқты халықаралық сауда жолдарына қол жеткізді. Нақты деректерге сүйенсек, 2024 жылы Транскаспий халықаралық көлік бағытындағы жүк тасымалдау көлемі өткен жылмен салыстырғанда 62%-ға өсті [11, 54-74 бб.]. Бұл Қазақстанның Еуразиядағы көлік және логистикалық база ретінде нығайып келе жатқанын көрсетеді. Әрі қазақстандық кәсіпорындарға логистикалық шығындарды азайтуға және халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға маңызды қолдау көрсетеді.

Инфрақұрылым құрылысы және логистиканы оңтайландыру

Инфрақұрылымды дамыту саласындағы ынтымақтастық қазақстандық кәсіпорындар-дың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың материалдық негізі болып табылады. Қазақстан Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қатысу арқылы көлік, энергетика және коммуникация сияқты инфрақұрылым салаларда кең ауқымды ынтымақтастықты жүзеге асырды. Бұл жобалар арқасында Қазақстанның бизнес ортасы, кәсіпорындардың жұмыс істеу жағдайларында айтарлықтай даму болды. Көлік және логистика саласында екі ел шекара аралық теміржолдар, автомобиль жолдары, логистикалық құрылым қатарлы бірқанша ірі көлемдегі инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп жүзеге асырды. Бұл жобалар Қазақстанның транзиттік көлік әлеуетін айтарлықтай арттырып, Еуразия көлік және логистикалық желісіндегі орнын одан ары нығайта түсті.

Логистиканы оңтайландыру бизнестің операциялық тиімділігін арттырудың кілті болып табылады. Екі ел арасындағы ынтымақтастық арқылы Қазақстан тек аппараттық инфрақұрылымын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар логистикалық басқарудың озық технологияларын енгізді.


Мәселен, халықаралық автомобиль тасымалына электрондық рұқсат беру жүйесін іске қосты. Бұл жағдайлар шекарааралық тасымалдау рәсімдерін айтарлықтай жеңілдетті және кедендік ресімдеу тиімділігін арттырып, олардың жеткізу тізбегінің уақытын қысқартып, нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтті. Мұндай тиімділіктер қазақстан бизнесінің логистикалық шығындарды айтарлықтай жеңілдетті.

3-кесте. Қытай-Қазақстан ынтымақтастығы арқылы Қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың әртараптандырылған тәсілдері

Жол түрлері	Негізгі мазмұн	Ықпалын бағалау	Типтік жағдайлар
Технология трансферті	Өндіріс технологиясы, техникалық оқыту, инженерлік алмасулар	Технологиялық инновация мүмкіндіктерін және өндіріс тиімділігін арттыру	Жиң лұй жолаушылар автокөлігі KD жобасы
Өнеркәсіптік тізбек интеграциясы	Аймақтық өнеркәсіптік тізбектерге интеграциялану, нарық желісін кеңейту	Нарықты дамыту мүмкіндіктері мен тұрақтылығын нығайту	Мұнай өңдеу саласындағы ынтымақтастық
Инфрақұрылым құрылысы	Көлік, энергетика, логистика нысандарын салу	Операциялық ортаны жақсарту, логистикалық шығындарды азайту	Қытай-Еуропа теміржол экспресс торабы
Еңбеккүш ресурстарын дамыту	Кәсіби тәрбиелеу, шетелде оқу, біліктілікті арттыру	Қызметкерлердің сапасы мен корпоративтік басқару деңгейін арттыру	Су ресурстары бойынша дарындылар тәрбиелеу

Еңбеккүш ресурстарын дамыту және таланттарды тәрбиелеу

Еңбеккүш ресурстар отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды түйіндерінің бірі болып табылады. Қазақстан мен Қытайдың экономикалық және сауда ынтымақтастығы таланттарды тәрбиелеп жетілдіруге, еңбеккүш ресурстарын дамытуға, әртүрлі бірлескен жобалар арқылы қазақстандық кәсіпорындардың кәсіби деңгейін өсіруге баса мән берілді. Мысалы, Қазақстан Республикасы су ресурстары және ирригация вице-министрі Нұрлан Жанұзақұлы Алдамжаров су ресурстарын нығайтуды көздеген бірқатар нақты шаралардың жасалғаны туралы айта келіп: «Биыл Power China компаниясымен қол қойылған өзара селбестік, тәжірибе алмасу туралы меморандум аясында 125 қазақстандық су маманы біліктілігін арттыру үшін Қытайға барды. Бұл ынтымақтастық бұдан кейінгі жылдарда да жалғасын табады» [12, 208 б.], – деп мәлімдеді.



2-диаграмма. Қазақстандық кәсіпорын мамандарының Қытайда білім асыру санының өзгеруінің сызықтық диаграммасы, 2019-2025 жж.

Білім беру саласындағы ынтымақтастық – еңбеккүш ресурстарын дамытудың маңызды бір түйіні болып саналады. Қазіргі таңда Қытайда 4000-нан астам қазақстандық студент білім алуда [13]. Бұл студенттер Қытай тілі мен мәдениетін үйреніп қана қоймай, сонымен қатар инженерия, технология және экономикалық басқару сияқты әртүрлі салаларда кеңінен тәжірибе жинақтайды, осылайша қазақстандық кәсіпорындарды жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етеді. Қазір Қазақстан мен Қытай екі елдің университеттері түрлі жобалар, яғни мемлекеттік жоспарлар бойынша мамандар тәрбиелеп келеді. Мысалы, Ланьжоу технологиялық университеті мұнай мамандарын оқыту үшін қазақстандық мекемелермен серіктестік орнатып, қазақстандық энергетикалық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға күш қосып, үздік мамандар әзірлеуге қолдау көрсетті.

Кәсіпорын деңгейінде өнеркәсіптік кооперация жобалары арқылы кәсіптік жақтан тәрбиелеу – қазақстандық кәсіпорын жұмыскерлерінің кәсіби біліктілігін арттырудың тиімді тәсілі. Мәселен, «Қытайлық компаниялар мен Қазақстандағы KD жобасының тәжірибе алмасуы – Қазақстандық инженерлердің техникалық деңгейі мен басқару қабілетін айтарлықтай арттырды» [14, 56-62 б.]. Мұнан сырт, нақты жобаларға негізделген оқытудың бұл түрі мақсатты және практикалық болып, қазақстандық кәсіпорындардың бизнес жақтағы мүмкіндіктерін де күшейтті.

Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар, теориялық тұжырымдар

Талқылау кезеңінде талданған материалдарға сүйене отырып, төмендегідей зерттеу нәтижелерін ұсынамыз:

Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтар айтарлықтай жетістіктерге жеткен болса да, отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда әлі де көптеген қиындықтарға тап болып отыр. Осы мәселелерді талқылау кезеңіндегі мазмұндармен бірлестіре отырып, мынадай бірқанша жақтан түйіндеп көрсетеміз.

Біріншіден, сыртқы ортаның ықпалы белгілі жақтан қиындықтар тудырды. Мәселен, Жиң лұй жолаушылар автокөлік компаниясының шетелде сату жөніндегі директоры Жиян Анмин шетелдік нарық «Сауда кедергілері күшейген сайын өнім құны артады да, біздің бәсекеге қабілеттілігімізді белгілі дәрежеде төмендетеді» [15, 78-90 бб.], – дейді. Кейбір елдер өздерінің автомобиль өнеркәсібі мен отандық экономиканы дамыту қажеттілігіне байланысты автомобиль қосалқы бөлшектеріне арналған импорт саясатына өзгеріс енгізіді. Бұл факторлар Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының тұрақтылығына әсер етеді және қазақстандық кәсіпорындардың жаһандық бәсекелестікке қатысуына қиындықтар туғызады.

Екіншіден, технологияларды игеру мен олардың қуаттарын трансформациялауда әлі де үлкен қиындықтар сақталды. Мұны енді бір жағынан, Қазақстандық кәсіпорындардың технологияларды игеру және қайта инновациялау жағындағы сақталған кемшіліктерден көреміз. Бұл кемшіліктер ынтымақтастықтың әлуетін толық жүзеге асыруды белгілі жақтан кедергі келтіреді. Мысалы, мұнай секторында, Қазақстан мұнай ресурстарына соншалық бай болса да, оның мұнай компанияларында әлі де технологиялық инновациялық мүмкіндіктер жетіспейді. Сондай-ақ еңбеккүш ресурстары, капиталды пайдалану факторлары, ақпараттық технологиялар тағы басқа көптеген аспектілерден қиындықтарға тап болады.

Үшіншіден, инфрақұрылым мен институционалдық ортаның жетіспеушілдігі де бірқатар зиян әкеледі. Қазақстан мен Қытай екі ел инфрақұрылымдық ынтымақтастықта айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген болса да, логистика тиімділігі, кедендік рәсімдеуді жеңілдету, бизнесті реттеу ортасын жақсарту қатарлы көптеген салаларда әлі де түзетуге тиісті олқылықтар сақталып отыр. Бұл факторлар кәсіпорынның операциялық тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің артуына ықпал жасайды.

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу үшін келесі кезекте мынадай нақты шараларды қолдануды ұсынамыз:

1. Технологиялық инновациялар мен жергілікті ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар саласындағы ынтымақтастықты нығайту.

Мұнда Қазақстан мен Қытай кәсіпорындары бірлесіп жүргізіп отырған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды онан ары күшейтіп, отандық

нарық қажеттіліктері мен жағдайларына бейімделген технологиялық инновацияларды жүргізуді дамыта түсу қажет. Мысалы, мұнай кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттырумен бірге, қазақстандық мұнай кәсіпорындарының күшті және әлсіз жақтарына талдау жасап, олардың бәсекеге қабілеттілігіне ықпал жасайтын факторларды анықтауымыз керек. Осылай істегенде ғана бұл мәселелерде өнімді нәтижелерге қол жеткізуге болады.

2. Кәсіптік мамандарды жетілдіру мен алмасу механизмін жетілдіру.

Бұл үшін әуелі «Қазақстан мен Қытай білім беру саласындағы ынтымақтастықтың ауқымын кеңейтіп, сапасын жақсартуымыз қажет» [16, 53-67 бб.]. Бұл – қазақстандық жастарды Қытайда оқуға ынталандырып қана қоймай, сонымен бірге отандық кәсіпорындар үшін жоғары деңгейдегі техникалық және басқарушы кадрларды көбірек тәрбиелеп жетілдіруге мүмкіндік тудырады. Бұл саладағы ынтымақтастықта қазірдің өзінде зор ілгерілеушіліктер көрініп отыр. Мысалы, өткен жылдары 125 қазақстандық жас маман су шаруашылығы бойынша Қытайда біліктілікті арттыру курстарына қатысты. Сондықтан мұндай ынтымақтастықтар үздіксіз жалғасын табуы және ауқымы кеңейтілуі керек.

3. Бизнес ортасы мен ынтымақтастық тетіктерін оңтайландыру.

Қазақстан үкіметі қытайлық инвестицияларды көбірек тарту үшін инвестициялық ортаны үздіксіз жақсартумен қатар, ашық және тұрақты қолдау көрсеткенде ғана оларды тартуға болады. Қытайлық инвестицияларды көбірек тартқанда ғана отандық технологиялар трансфертін және жергілікті әлеуетті арттыруға мүмкіндік туады. Осы тектес нақты шараларды қолдану – Қазақстандық кәсіпорындардың жалпы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көп көмегі тиеді.

Қорытынды

Екіжақты қарым-қатынастың маңызды ажырамас бөлігі ретінде Қазақстан мен Қытайдың экономикалық және сауда ынтымақтастығы отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға терең ықпал етеді. Сауда және инвестиция, энергетикалық ынтымақтастық, инфрақұрылымдық байланыс, өндірістік технологияларды трансферттеу сияқты әртүрлі салалардағы ынтымақтастық арқылы қазақстандық кәсіпорындар – технологиялық тәжірибе, нарықтық басқару, кәсіптік мамандарды жетілдіру тағы басқа көп жақтардан өздеріне пайда жеткізді. Бұл олардың технологиялық инновацияларын, нарықты дамыту мүмкіндіктерін және халықаралық бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырды.

Мақалада алға қойылған мәселелерге негізделе отырып, қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі жолдары туралы төмендегідей қорытынды шығарамыз.

1) Технологияларды трансферттеу және инновациялық әлеуетті арттыру арқылы негізгі технологиялық мүмкіндіктерді нығайту;

2) Кәсіпорындардың өнеркәсіптік тізбекті интеграциялау, нарықты кеңейту арқылы аймақтық және жаһандық құндылықтардың интеграциялануына көмектесу;

3) Инфрақұрылымды дамыту және логистиканы оңтайландыру арқылы оның қолданыс шығындарын барынша азайту;

4) Еңбеккүш ресурстар дамытумен қоса, кәсіптік мамандарды үздіксіз тәрбиелеп жетістіру арқылы отандық кәсіпорындардың жалпы сапасын жақсарту.

Келешекте, Қазақстан мен Қытай «Бір белдеу, бір жол» бастамасын бірлесін құрудың жоғары деңгейдегі сапалы жұмыстарын тереңдете жүргізіу арқылы екі ел арасындағы түрлі ынтымақтастықты анағұрлым тереңдете түсуге жол ашады. Бұл әрекеттестіктер тереңдеген сайын, жасыл энергия, цифрлық экономика, жоғары технологиялар сияқты дамып келе жатқан салалардағы ынтымақтастық одан әрі нығая түседі деп күтілуде. Әсіресе, машина жасау, өнеркәсіп, энергетика, жасыл технологиялар, цифрландыру, агроөнеркәсіптік кешендер және аэроғарыш сияқты салалардағы ынтымақтастықтың кең перспективалары да күн санап жандануда. Бұл дамып келе жатқан салалардағы ынтымақтастық отандық кәсіпорындардың трансформация мен жаңғыртуға қол жеткізуіне, сондай-ақ олардың дәуірлік бәсекеге қабілеттілігін арттыруына жаңа орайлар береді.

Сонымен қатар, Қазақстан үкіметінің «2025-2040 жылдарға арналған мұнай өңдеу өнеркәсібін дамытудың ұлттық жоспары» да осы мақсатта құрылған. Қазақстан мен Қытай екі ел арасындағы ынтымақтастық

тереңдеген сайын, отандық кәсіпорындар технологиялық жағынан ілгерлеуге, басқару жағында іскерлікке және нарықты кеңейтуде үлкен жетістіктерге қол жеткізеді деп күтілуде, бұл тек ішкі нарықтағы өз орнын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар халықаралық нарықта бәсекелестік артықшылыққа ие болады.

Қорытып айтқанда, Қазақстан мен Қытай сауда-экономикалық ынтымақтастығының тәжірибесі теңдікке, өзара тиімділікке және ортақ дамуға негізделген. Сондықтан екі елдің түрлі саладағы ынтымақтастығы – отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін тиімді түрде арттыра алатынын, Қазақстан экономикасын әртараптандыру мен тұрақты дамытуға күшті серпін бере алады деп сенім артамыз.

Әдебиеттер тізімі

1 沙赫拉特·努雷舍夫. (2024). 哈中经贸合作现状与展望. 哈萨克斯坦驻华大使馆新闻发布会, (1).

2 Дүйсен, Ғ. М., & Айтжанов, Д. А. (2025). Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге аймақ ішіндегі импульсті ілгерілету. ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы, (113)(2). https://doi.org/10.26577/JOS202511325

3 Ciao, X. (2023). Transformation of Chinese enterprises: Ideology, efficiency, and instrumentalism in the reform process. International Journal of Social and Cultural Studies, (4), 63–94.

4 Zhao, S. (2004). China's red capitalists: The political economy of private entrepreneurs in China (pp. 13–34). Cambridge University Press.

5 Жұманғарин, С. (2025, 17 маусым). Қытайдан Еуропаға жерүсті жүк тасымалының 80%-дан астамы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/news/details/

6 王晓宇. (2024). “一带一路”框架下中哈制造业产能合作研究. 欧亚经济, (1), 45–55.

7 安敏. (2024). 在金旅客车哈萨克斯坦KD项目投产仪式上的发言. 中哈产能合作论坛, (2).

8 Нұртілеу, М. (2025, 14 қараша). Бейжіңде Қазақстан мен Қытай арасындағы инвестициялық және сауда-экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мәселелері талқыланды. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/1105678

9 孙伟. (2024). 中国对哈萨克斯坦直接投资的技术溢出效应研究. 新疆大学学报, (3).

10 Li, X. (2025). The role of startup projects in the economic development of the East counties. Қазақстан шығыстануы ғылыми журналы, 14(2), 115. https://doi.org/10.63051/kos.2025.2

11 Zhang, X., Yi, G., Zhang, X., & Yi, G. (2024). Start-up and innovation ecosystem in China. Science, Technology and Society, 29(1), 54–74.

12 Mayer, S. (2021). Cooperation from outside: Security regionalism in Central Asia and its limits. Central Asian Affairs, 8, 203–228.

13 Jiang, S. (2024). “一带一路”倡议与上海合作组织：理念嵌入与合作实践. 爱思想. https://www.aisixiang.com/data/153564.htm

14 胡辉. (2023). 中国客车企业国际化经营中的技术转移模式研究——以金旅客车为例. 国际经济合作, (3), 56–62.

15 李建军. (2023). 中欧班列对中亚国家物流竞争力的影响分析. 国际贸易问题, (3), 78–90.

16 Zhao, S. (2011). China's approaches toward regional cooperation in East Asia: Motivations and calculations. Journal of Contemporary China, 20(68), 53–67.

Transliteration

1 Shahelate Nuereshefu. (2024). Ha Zhong jingmao hezuo xianzhuang yu zhanwang [Current Status and Prospects of China–Kazakhstan Economic and Trade Cooperation]. Haerkezisitan Zhu Hua Dashiguan Xinwen Fabuhui [Press Conference of the Embassy of Kazakhstan in China], (1). (In Chinese).

2 Dúisen, G. M., & Aitjanov, D. A. (2025). Ortalyq Aziya elderi arasyndaǵy yntymaqtastyqty keńeituge aimaq ishindegi impulsti ilgeriletu [Promoting Intra-Regional Momentum to Expand Cooperation among Central Asian Countries]. QazUU Khabarshysy. Shyǵystanu seriyasy, (113)(2). https://doi.org/10.26577/JOS202511325 (In Kazakh).

3 Ciao, X. (2023). Transformation of Chinese enterprises: Ideology, efficiency, and instrumentalism in the reform process. International Journal of Social and Cultural Studies, (4), 63–94.

4 Zhao, S. (2004). China's red capitalists: The political economy of private entrepreneurs in China (pp. 13–34). Cambridge University Press.

5 Zhumangarin, S. (2025, June 17). Qytaidan Europaǵa jerústi júk tasymalyńyń 80%-dan astamy Qazaqstan aumaǵy arqyly ótedi [More than 80% of Overland Freight from China to Europe Passes through Kazakhstan]. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq ekonomika ministrligi [Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan]. https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/news/details/ (In Kazakh).

6 Wang, Xiaoyu. (2024). “Yidai yilu” kuangjia xia Zhong Ha zhizaoye chan neng hezuo yanjiu [Research on China–Kazakhstan Manufacturing Capacity Cooperation under the Belt and Road Initiative]. Ouyazhou Jingji [Eurasian Economy], (1), 45–55. (In Chinese).

7 An, Min. (2024). Zai Jinlü keyunche Hasakesitan KD xiangmu toutou chan yi shi shang de fayan [Speech at the Launch Ceremony of the Golden Dragon Bus KD Project in Kazakhstan]. Zhong Ha Channeng Hezuo Luntan [China–Kazakhstan Production Capacity Cooperation Forum], (2). (In Chinese).

8 Núrtiley, M. (2025, November 14). Beijingde Qazaqstan men Qytai arasyndaǵy investitsiyalyq jáne sauda-ekonomikalyq yntymaqtastyqtyń negizgi máseleleri talqylandy [Key Issues of Investment and Trade and Economic Cooperation between Kazakhstan and China Discussed in Beijing]. Qazaqstan Respublikasy Syrtqy ister ministrligi [Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan]. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/1105678 (In Kazakh).

9 Sun, Wei. (2024). Zhongguo dui Hasakesitan zhijie touzi de jishu wa yi xiao ying yanjiu [Research

on the Technology Spillover Effects of Chinese Direct Investment in Kazakhstan]. Xinjiang Daxue Xuebao [Journal of Xinjiang University], (3). (In Chinese).

10 Li, X. (2025). The role of startup projects in the economic development of the East counties. Қазақстан шығыстануы ғылыми журналы, 14(2), 115. https://doi.org/10.63051/kos.2025.2

11 Zhang, X., Yi, G., Zhang, X., & Yi, G. (2024). Start-up and innovation ecosystem in China. Science, Technology and Society, 29(1), 54–74.

12 Mayer, S. (2021). Cooperation from outside: Security regionalism in Central Asia and its limits. Central Asian Affairs, 8, 203–228.

13 Jiang, S. (2024). "Yidai yilu" changyi yu Shanghai hezuo zuzhi: Linian qianru yu hezuo shijian [The Belt and Road Initiative and the Shanghai Cooperation Organisation: Conceptual Integration and Cooperation in Practice]. Aisixiang. https://www.aisixiang.com/data/153564.htm (In Chinese).

14 Hu, Hui. (2023). Zhongguo keche qiye guojihua jingying zhong de jishu zhuanyi moshi yanjiu—yi Jinlü keche wei li [Research on Technology Transfer Models in the International Operations of Chinese Bus Companies: The Case of Golden Dragon Bus]. Guoji Jingji Hezuo [International Economic Cooperation], (3), 56–62. (In Chinese).

15 Li, Jianjun. (2023). Zhong Ou banlie dui Zhongya guojia wuliu jingzhengli de yingxiang fenxi [Analysis of the Impact of China–Europe Freight Trains on the Logistics Competitiveness of Central Asian Countries]. Guoji Maoyi Wenti [Journal of International Trade], (3), 78–90. (In Chinese).

16 Zhao, S. (2011). China's approaches toward regional cooperation in East Asia: Motivations and calculations. Journal of Contemporary China, 20(68), 53–67.

Авторлардың үлесі

А. Еркін - зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық-әдіснамалық негізін айқындау, тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау. **Ғ.М. Дүйсен -** мақаланың жалпы жазылу жағына жетекшілік ету және журнал талаптарына сәйкес мақаланы рәсімдеу, техникалық түзетулер.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Арайнұр Еркін	PhD докторант, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан, email: araynur73@163.com, ORCID ID: 0000-0003-4500-9626
Ғалымжан Мұстахимұлы Дүйсен	доцент, экономика ғылымдарының докторы, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан, email: galym.m.duisen.gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4352-0482
Арайнур Еркин	PhD докторант, Институт востоковедения имени Р. Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: araynur73@163.com, ORCID ID: 0000-0003-4500-9626
Галымжан Мустахимулы Дуйсен	доцент, доктор экономических наук, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: galym.m.duisen.gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4352-0482
Arainur Yerkin	PhD Student, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan, email: araynur73@163.com, ORCID ID: 0000-0003-4500-9626
Galymzhan Duisen	Associate Professor, Doctor of Economic Sciences, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan, email: galym.m.duisen@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4352-0482

МРНТИ 11.09.91 | Научная статья

РОЛЬ ШАЙХОВ В ПОЛИТИКЕ ГОСУДАРСТВА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Г.М. Молотова[1], Э.М. Молотова[1], Т.А. Абдырахманов[2]

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена вопросу роли известных религиозных деятелей в политике правителей тюркских государств. Для полноты освещения темы привлечены издания исторических хроник: «Зафар-наме» Йазди Шараф ад-Дина Али, «Тарих-и Рашиди» Мирзы Мухаммад Хайдара, «Тарих» Шах Махмуда ибн Мирза Фазил Чураса. Авторы считают важным осветить некоторые обряды в культуре тюркских народов Центральной Азии, которые непосредственно связанны с именами великих шайхов. В процессе проведенного исследования установили, что сведения из исторических трудов позволяют проследить процесс влияния господствующей религии на традиционную культуру тюрков. Делается вывод, что выдающиеся религиозные деятели не только поддерживали правителей в претворении стратегических планов сохранения целостности государства, но и действовали в интересах религии: в использованных источниках освещена деятельность шайхов-суннитов. Более целеустремленным правителям, которые были еще и выдающимися полководцами, присваивались титулы государя специальными атрибутами, присланными из Мекки. Эту миссию выполняли известные шайхи эпохи. На основе данных изученных письменных источников рассмотрены обычай посещения могил святых, одаривать подарками послов, осыпать золотыми и серебряными монетами путь победителя и другие аспекты обрядовой культуры тюрков XIV-XVII веков.

Ключевые слова: письменные источники, тюркские народы, обряд, культура, трансформация, ислам, шайхи, Восточный Туркестан, Центральная Азия.

[1] Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

[2] Институт Философии им. А. Алтымышбаева НАН КР, Бишкек, Кыргызстан

Автор-корреспондент:
Г.М.Молотова, gmolotova@mail.ru

Цитирование:
Молотова Г.М.., Молотова Э.М., Абдырахманов Т.А. Роль шайхов в политике государства тюркских народов // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №4(110). – С. 158-167. – DOI: 10.48010/4qzseq90

Открытый доступ
© Автор(ы), 2026
Это статья открытого доступа, распространяемая в соответствии с условиями международной лицензии Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0).
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Поступила: 10/05/2026
Принята: 15/10/2026
Опубликована онлайн: 30/10/2026

Түркі мемлекеттері билеушілерінің саясатындағы шайхтардың рөлі

Аңдатпа. Мақала түркі мемлекеттері билеушілерінің саясатын жүзеге асырудағы белгілі дін қайраткерлерінің рөлін ашуға арналған. Тақырыпты толық қамту үшін Йазди Шараф ад-Дин Әлидің «Зафар-наме», Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди», Шах Махмуд ибн Мырза Фазил Чурастың «Тарих» атты тарихи шежірелердің басылымдары тартылды. Авторлар ұлы шайхтардың есімдерімен тікелей байланысты Орталық Азиядағы түркі халықтарының мәдениетіндегі кейбір салт-дәстүрлерге назар аударған. Бұл мәселені мақала зерттеушілер маңызды деп санайды. Зерттеу барысында олар тарихи еңбектерден алынған мәліметтер үстем діннің түріктердің дәстүрлі мәдениетіне әсер ету процесін бақылауға мүмкіндік беретіндігін анықтады. Көрнекті дін қайраткерлері мемлекеттің тұтастығын сақтаудың стратегиялық жоспарларын жүзеге асыруда билеушілерді қолдап қана қоймай, сонымен бірге дін мүддесі үшін әрекет етті деген қорытындыға келді. Зерттеу шеңберіне тартылған дереккөздерде сунниттік шайхтардың қызметі көрсетілгені аталып өтті. Сондай-ақ көрнекті қолбасшылардан болған неғұрлым мақсатты билеушілерге Меккеден арнайы атрибуттармен егемендік атақтары жіберілген екендігі анықталған. Бұл миссияны өз дәуірінің белгілі шайхтары атқарған. Зерттелген жазбаша дереккөздердің негізінде әулиелердің қабірлерін зиярат ету, елшілерге сыйлықтар беру, жеңімпаздың жолын алтын және күміс монеталармен себу және XIV-XVII ғасырлардағы түркілердің салттық мәдениетінің тағыда басқа аспектілері қарастырылған.

Түйін сөздер: жазбаша дереккөздер, түркі халықтары, салттық мәдениет, трансформация, ислам, шайхтар, Шығыс Түркістан, Орталық Азия.

The role of the Shaikhs in the politics of the rulers of the Turkic states

Abstract. The article is devoted to the role of famous religious figures in the policies of the rulers of the Turkic states. To fully cover the topic, publications of historical chronicles were involved: “Zafar-name” by Yazdi Sharaf al-Din Ali, “Tarikh-i Rashidi” by Mirza Muhammad Haidar, “Tarikh” by Shah Mahmud ibn Mirza Fazil Churas. The authors

consider it important to highlight some rites in the culture of the Turkic peoples of Central Asia, which are directly related to the names of the great Shaikhs. In the process of the study, it was found that information from historical works allows us to trace the process of influence of the dominant religion on the traditional culture of the Turks. It is concluded that prominent religious figures not only supported the rulers in the implementation of strategic plans to preserve the integrity of the state, but also acted in the interests of religion: the sources used covered the activities of the Sunni Shaikhs. More purposeful rulers, who were also outstanding commanders, were awarded the titles of sovereign with special attributes sent from Mecca. This mission was carried out precisely by the shaikhs known for their era. Based on the data of the studied written sources, the custom of visiting the graves of saints, giving gifts to ambassadors, showering with gold and silver coins the path of the winner and other aspects of the ritual culture of the Turks of the XIV-XVII centuries was considered.

Keywords: Written Sources, Turkic Peoples, Ritual Culture, Transformation, Islam, Shaikhs, East Turkestan, Central Asia.

Введение

Изучение письменных памятников вызвано актуальностью данного направления. Опираясь на сведения, заключенные в исторических трактатах можно осветить деятельность выдающихся личностей в истории и культуре тюркских народов Центральной Азии. Как справедливо отмечает А.М. Досымбаева, в эпоху создания государства Караханидов и Сельджукидов начался новый период в истории Средней Азии и Ближнего Востока. Принятие ислама способствовало сближению тюркских государств с арабским миром [1, с. 40]. Религия ислам для тюркских народов «становится специфическим кодом» развития мировоззрения в целом, определяя направление трансформационных процессов [2, с. 54].

Перед авторами поставлена цель – раскрыть роль известных религиозных деятелей в установлении дипломатических отношений с соседними странами, поддержка стратегии правителя для сохранения стабильности в государстве. Наряду с этими вопросами освещены некоторые аспекты традиционной культуры тюркских народов, которые непосредственно связаны с религией ислам. Новизной исследования является привлечение данных письменных источников мусульманского периода, которые позволяют проследить влияние господствующей религии на дальнейшее развитие обрядовой культуры тюрков.

Основным источником для освещения темы статьи выбран труд «Зафар-наме» Йазди Шараф ад-Дина Али [3]. В целях более полного рассмотрения вклада религиозных деятелей в государственные дела тюркских правителей дополнительно привлечены: «Тарих-и Рашиди» Мирзы Мухаммад Хайдара, «Тарих» Шах Махмуда ибн Мирза Фазил Чураса, ибо сведения из них дополняют друг друга, охватывая события, происходившие в истории большинства тюркских народов исследуемого ареала, которые были связаны родственными узами и более тесными экономическими взаимоотношениями. Принятие ислама способствовало объединению тюркских народов Центральной Азии идеей единства представителей мусульманского мира. Древнетюркские письменные памятники свидетельствуют о главенстве идеи единства тюркских народов. В этом случае значительную роль сыграло создание конгломерации тюркских племен. Прослеживаются изменения, происходящие в мировоззрении тюрков. Если в период тюркских каганатов тюрки верили в покровительство Тенгри, в его поддерживающую и карающую функции, то с принятием ислама происходит некоторая замена: широко распространяется вера в могущество единого Творца – Аллаха. В исторических трудах более позднего периода наблюдается связывать с волей Аллаха удачу, победу над врагом: «Хотя все это было дано ему Великим Аллахом, я был причиной» [3, с. 140] или же «Дело не в многочисленности и доблести войска, а в милости Царя небесного. Он дарит победу тем, кто проявляет усердие, положась на него» [3, с. 82].

В процессе исследования вопроса привлечены издания письменных памятников XIV-XVII вв. осуществленные в прошлом столетии. Следует отметить, «Зафар-наме», «Тарих-и Рашиди», «Тарих» подготовлены к изданию специалистами Узбекистана, России с подробными комментариями, переводом. Эти письменные памятники предоставляют в распоряжение исследователей надежный материал. В них освещены действительность исследуемого периода истории. На основе данных указанных выше исторических трактатов рассмотрено влияние шайхов, известных в свою эпоху, на политику правителей ведения государственных дел. Другим аспектом, рассмотренным является некоторые аспекты обрядовой культуры: посещение мест захоронения свя-

тых с мольбой о поддержке перед завоевательными походами, финансовая поддержка смотрителей гробниц, дарить подарки послам.

Методология

В процессе работы над статьей основным источником привлечен труд Йазди Шараф ад-Дина Али «Зафар-наме». Проведен сравнительный анализ с данными других источников, написанных в XVI-XVII вв., в которых описываются события, происходящие на территории Восточного Туркестана, как части Центральной Азии. Методологической базой послужили исследования источниковедов, религиоведов. С помощью методов источниковедческого анализа выделены сведения, способствующие раскрыть роль известных в мусульманском мире шайхов для сохранения стабильности в мусульманском мире, их деятельность направленная на поддержку политики государя. Анализ и синтез данных источников позволил осветить обычай паломничества в места захоронения святых, вера в поддерживающую функцию Аллаха, посредством духа святых. Наряду с этим вопросом раскрывается финансовая поддержка правителями и членами их семей смотрителей гробниц святых. Внимание также обращено обычаю повиновения верховному государю, для выражения полного подчинения наследников и противников, руководствуясь принципами религии ислам.

Основная часть

«Зафар-наме» Йазди Шараф ад-Дина Али, написанный при жизни Амира Тимура, известного полководца и государя. В средневековье широко распространяется традиция зафиксировать историю ведения государственного дела тюрков, что привели развитию отрасли исторических и филологических, медицинских направлений науки. В эпоху одного из Тимуридов – Улугбека строится обсерватория, где проводились исследования небесных тел. Если до средневековья преобладала переводная литература, в основном религиозные трактаты, то в мусульманский период обращается внимание собственной тюркской литературы, хроник. По мнению Л.В. Дмитриевой, именно «до второй половины XI – начала XVI в. переводы встречались редко, уступая место самим оригиналам» [4, с. 411]. Исторические трактаты характеризуются созданием более реалистичной картины событий, имевших место в истории государства. Поэтому выбор авторов статьи пал на письменные источники, носящие название «Тарих» (Хроника). В Центральной Азии при Тимуридах Самарканд и Герат становятся центрами культуры. Особое внимание уделялось науке, литературе и искусству [4, с. 426]. Герат известен мусульманскому миру поэтической школой А. Нава'и, который был близким другом детства правителя Султана Хусейна Байкара. А. Нава'и способствовал не только развитию тюркской поэзии, его перу принадлежать труды, посвященные развитию тюркской литературы. Под его покровительством развивалась рукописная книга Центральной Азии. Герат становится самым известным в Тюркском мире «искусными образцами оформления рукописной книги» [4, с. 429].

Аннотация. В статье анализируется социальная деятельность пресвитерианских церквей в Алматы. Исследование охватывает процессы укрепления внутренних общинных связей, взаимодействия с различными культурными группами и установления контактов с государственными и общественными организациями. В качестве эмпирического материала использованы результаты интервью, наблюдений и анализа цифрового контента, проведенных в церквях «Сион», «Вифлеем» и «Надежда». Установлено, что социальная активность пресвитерианских общин может способствовать интеграции и участию в городских инициативах. Для объяснения результатов исследования использованы классические концепции социального капитала П. Бурдье, Ж. Коулмана и Р. Патнэма. Эти теоретические подходы позволили глубоко понять внутреннюю систему верований религиозных общин, их связи с различными социальными группами и взаимодействие с институциональными структурами.

В настоящее время догматические и экклезиологические основы Пресвитерианской церкви систематизированы, а их современная интерпретация исследуется сквозь призму адаптации к социально-культурным изменениям и местному социальному контексту. В данной связи социальная деятельность пресвитерианских общин города Алматы рассматривается через призму пресвитерианского учения и его адаптации к казахстанскому контексту. Актуальность темы исследования обосновывается тем, что она позволяет глубже понять религиозную и социальную деятельность пресвитерианских церквей, а также выработать рекомендации, способствующие укреплению межконфессионального согласия и толерантности в обществе. Авторы приходят к выводу, что пресвитерианские общины систематически осуществляют свою миссионерскую деятельность в Казахстане посредством практики социального служения.

Ключевые слова: протестантизм в Казахстане, пресвитерианские церкви, социальный капитал, религиозные общины, многоконфессиональное общество, социальная интеграция, межконфессиональный диалог.

The Experience of Social Ministry of Presbyterian Churches in Almaty

Abstract. This article analyzes the social activities of Presbyterian churches in Almaty. The study covers the processes of strengthening internal community ties, interacting with various cultural groups, and establishing contacts with government and public organizations. The empirical material includes interviews, observations, and digital content analysis conducted in the Zion, Bethlehem, and Nadezhda churches. It is established that the social activity of Presbyterian congregations can facilitate integration and participation in urban initiatives. Classic concepts of social capital by P. Bourdieu, J. Coleman, and R. Putnam are used to explain the study results. These theoretical approaches allowed for a deep understanding of the internal belief systems of religious communities, their connections with various social groups, and their interactions with institutional structures.

Currently, the dogmatic and ecclesiological foundations of the Presbyterian Church have been systematized, and their contemporary interpretation is being examined through the lens of adaptation to socio-cultural changes and the local social context. In this regard, the social activities of Presbyterian communities in the city of Almaty are considered through the prism of Presbyterian doctrine and its adaptation to the Kazakhstani context. The relevance of the research topic is grounded in the fact that it allows for a deeper understanding of the religious and social activities of Presbyterian churches, as well as the formulation of recommendations that contribute to strengthening interfaith harmony and tolerance in society. The authors conclude that Presbyterian congregations systematically carry out their missionary work in Kazakhstan through the practice of social service.

***Keywords*:** Protestantism in Kazakhstan, Presbyterian Churches, Social Capital, Religious Communities, Multi-Confessional Society, Social Integration, Interfaith Dialogue.

Кіріспе

Әлемнің дамыған елдерінде конфессиялық әралуандылық қоғамдық тұрақтылық пен әлеуметтік үйлесімнің маңызды көрсеткіші ретінде қалыптасқан. Демократиялық институттардың дамуы, діни сенім бостандығының заңдық тұрғыдан қорғалуы және азаматтық қоғамның белсенділігі әртүрлі діни ұйымдардың қатар өмір сүруіне қолайлы орта жасайды. АҚШ, Канада, Батыс Еуропа, Жапония және Оңтүстік Корея сияқты елдерде конфессиялық әртүрлілік тарихи миграциялық процестермен, әлеуметтік ашықтықпен және төзімділік мәдениетімен нығайып, діни ұйымдардың қоғам өміріне оң ықпал етуіне жағдай жасайды [1, 165-170 б.]. Американдық белгілі әлеуметтанушылар Родни Старк пен Уильям Бейнбридждің пікірінше, діни ұйымдар арасындағы бәсекелестік, олардың қоғамның өзгермелі сұраныстарына бейімделуі және діни нарықтың ашықтығы діни өмірдің динамикалық әрі плюралистік сипат алуына ықпал етеді.

Осы халықаралық тәжірибе Қазақстан үшін де өзекті, өйткені Қазақстан көпконфессиялы және көпэтносты ортада әлеуметтік келісім мен діни тұрақтылықты дамытуға бағытталған мемлекет ретінде танылған.

Елдегі әртүрлі діни қауымдардың шоғырланған орталығы ең ірі мегаполис Алматы қаласы болып табылады, олардың ішінде протестантизмнің бір бағыты ретіндегі пресвитериандық шіркеулердің орны ерекше. Бұл қауымдар тек діни құлшылық рәсімдерін орындаумен шектелмей, білім беру, қайырымдылық және әлеуметтік бағдарламаларды белсенді түрде жүргізіп келеді [2, 222 б.]. Осы орайда, әлеуметтік капиталдың әр алуан түрін өндіретін әлеуметтік акторлар ретіндегі олардың рөлін ғылыми тұрғыдан зерделеудің маңызы айқындала түсуде. П. Бурдье, Дж. Коулман және Р. Патнэмнің әлеуметтік капитал жөніндегі классикалық тұжырымдамалары қоғамның тұрақты дамуы үшін мықты қоғам мүшелері арасындағы тікелей байланыстардың, топаралық ашықтықтың және институционалдық ресурстарға қолжетімді болуының маңызын ерекше атап өтеді. Қазақстандық контексте бұл теориялық тәсілдер пресвитериандық шіркеулерді талдауда әлі қолданылмаған, сондықтан да, зерттеу жұмысында посткеңестік діни ортада пресвитериандық шіркеулер мысалында әлеуметтік капиталдың құрылымы мен қызметінің ерекшеліктерін жан-жақты көрсету өзекті мәселелердің тізіміне кіреді.

Әдіснама

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде әлеуметтік капитал теориясының классикалық бағыттары П. Бурдье, Дж. Коулман және Р. Патнэм еңбектері алынды. П. Бурдье әлеуметтік капиталды белгілі бір топқа мүшелік ету арқылы қолжетімді болатын әлеуметтік ресурстар жиынтығы ретінде сипаттап, оның әлеуметтік құрылымдағы теңсіздіктерді қайта өндірудегі рөлін айқындайды [3, 60-74 б.]. Бұл ұстаным діни қауымдардағы байланыстардың топішілік ресурстар мен мәртебелерді қалай қалыптастыратынын түсіндіруге мүмкіндік берді. Дж. Коулман әлеуметтік капиталды қоғамдағы ынтымақтастық механизмдерін күшейтетін, сенім мен

өзара жауапкершілікке негізделген ресурс ретінде қарастырады [4,122-139 б.]. Оның тұжырымдары пресвитериандық қауымдардағы отбасылық, қауымдық және білім беру бағытындағы өзара қолдаудың әлеуметтік ықпалын талдауға мүмкіндік берді. Р. Патнэм әлеуметтік капиталды қоғамның бірігуіне ықпал ететін сенім, әлеуметтік нормалар және желілік байланыстар жүйесі ретінде түсіндіреді [5, 45 б.]. Ол ұсынған қауым ішіндегі байланыстар жіктемесі Алматыдағы пресвитериандық шіркеулер қызметінің әлеуметтік құрылымын кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жіктеу діни қауымдардың ішкі бірлікті нығайту, әртүрлі этномәдени топтармен диалог орнату және мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен байланыс құру қабілетін талдауда маңызды әдіснамалық құрал болып табылады. С. Н. Кравец зерттеуінде протестантизмнің әлеуметтік және мәдени табиғатын түсіндіруге айрықша мән беріледі. Зерттеушінің «протестантизмді тек діни ағым ретінде ғана емес, дүниетанымның, мінез-құлықтың және қоғамдық қатынастардың ерекше түрін қалыптастыратын әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастыру қажет» деп жазған ұсынысы қазіргі таңда маңыздылығын жойған жоқ [6, 12 б.].

Негізгі бөлім

Алматы қаласындағы пресвитериандық шіркеулердің қалыптасуы және әлеуметтік қызметінің негізгі бағыттары

Посткеңестік қоғамдардағы дінге либералды қатынас және рухани ізденіс протестанттық қозғалыстардың таралуына қолайлы орта жасады. Бұл мәселеге қатысты ресейлік ғалым С.Н. Кравец арнайы зерттеуінде протестантизмнің әлеуметтік-мәдени феномен ретіндегі икемділігін атап өтіп, оның жаңа әлеуметтік орталарға бейімделу қабілеті діни әртүрлілігі жоғары қоғамдарда өз орнын табуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. [7, 111-148 б.].

Қазақстан жағдайында протестантизмнің таралуы діни ашықтық, урбанизация үдерістері, әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған шіркеу қызметі және азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекеттесу сияқты факторлармен тығыз байланысты. Осылайша, протестанттық қауымдардың Қазақстанға келуі тарихи көші-қон процестерінің, кеңестік кезеңдегі этнодемографиялық өзгерістердің және тәуелсіздік жылдарындағы жаңа діни саясаттың өзара кешенді ықпалы арқылы жүзеге асты [8, 39 б.]. «Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Қазақстанда азаматтық қоғам мен нарықтық экономиканың қалыптасуымен қатар, «діни серпілістің» үрдісінің болуымен ерекшеленеді. Бұрыннан бар конфессиялардың ықпалы күшейіп қана қоймай, ел үшін жаңа әрі бұрын кең таралмаған «дәстүрлі емес» діни ұйымдар да пайда болды. Солардың ішінде пресвитериандық шіркеулер ерекше назар аударуға тұрарлық бағыттардың бірі болып табылады», – [9, 3 б.] деп жазады қазақстандық авторлар.

Қазақстандағы діни сана тұлғалық сәйкестіліктің плюрализациясы аясында дамуда, мұнда протестанттық ағымдар жаңа мәдени мозаиканың бір бөлігіне айналуда. Осы үдерісте мәдени диалогта «діни құндылықтарды сәтті жеткізудің қажетті шарты» болып табылады [10, 11 б.]. Бұл елімізде діни институттардың барған сайын әлеуметтік бейімделу мен азаматтарды рухани тәрбиелеуге арналған инновациялық тәсілдерге бет бұрып жатқанын көрсетеді. Осыған орай ғалымдардың ойлары бір жерден шығып жатыр десе болады. Е.Кәрібекұлы, Қ. Затов, Б. Мұрзарайымов Қазақстандағы елуіншілердің діни өмірі мен қоғамдық-қайырымдылық миссиясын талдау барысында қауымдастықтың заңдық және әлеуметтік кедергілерді еңсеруде заманауи технологияларды пайдалану арқылы белсенділік танытатындығы туралы жазады. [11, 58-66 б.].

Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының сайтының мәліметі бойынша Пресвитериандық протестантизмнің еліміздегі көп тіркелген бағыттарының бірі. Тіркелген діни бірлестіктердің саны 111 ұйымды құрайды. Бұл ұйымдардың Қазақстандағы жаһандық миссионерлік қызметіне Қазақстан Конституциясында қабылданған ар-ождан бостандығы мен діни бірлестіктердің теңдігін қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктер мүмкіндік беріп отыр.

Алматы қаласындағы пресвитериандық қауымдардың әлеуметтік бағыттылығы тек діни қызметпен шектелмейді. Э. Сұлтанбаева, Н. Мұқан және Қ. Борбасованың "Religious and Cultural Peculiarities of Presbyterian

Communities in Kazakhstan and other Central Asian Countries" зерттеу жұмысында салыстырмалы-теологиялық және социологиялық талдау көрсеткендей, Алматыдағы пресвитериандық шіркеулердің тәжірибесі Орталық Азия аймағындағы жалпы тенденцияларға сай келеді. Олардың әлеу-меттік бейімделу стратегиясы жергілікті қоғамның қажеттіліктеріне жауап беруге бағытталған. Қайырымдылық бастамалары, мұқтаж жандар мен әлеуметтік осал топтарға материалдық және моральдық қолдау көрсету арқылы шіркеудің қоғамдық белсенділігі байқалады. Сонымен қатар, білім беру және отбасын қолдау бағдарламалары сенушілердің рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтып, жастарды қоғамға бейімдеудің маңызды құралы болып табылады. Ерекше атап өтерлігі, инклюзивті жобалар мен халықаралық ынтымақтастық бастамалары шіркеудің тек ішкі аудиториясымен шектелмей, кең ауқымды конфессияаралық диалогты дамытуға және қалалық ортада толеранттылық атмосферасын қалыптастыруға белсене қатысатынын көрсетеді. Бұл тәжірибе діни бірлестіктердің азаматтық қоғамның белсенді институты ретіндегі әлеуметтік потенциалын айқын көрсетеді [12, 5 б.].

Алматы қаласындағы ең үлкен пресвитериандық «Сион» шіркеуі басқа шіркеулер сияқты христиандық құндылықтарды насихаттау үшін әр жексенбілік құлшылық ету шараларын ұйымдастырады. Шіркеудің діни ілімі «Вестминстерлік сенім ұстанымы» догмалық негізіне сүйенеді. Кесте бойынша библиялық мектепте семинар сабақтары өтеді. Бұдан басқа жалпы азаматтарға корей тілін оқытатын курстар ашылған. Шіркеудің әлеуметтік қызметінің ең көрнекті бағыттарының бірі – егде жастағы адамдарға арналған «Седовласые Академиясы» жобасы. Мұнда диакония қағидасы егде жастағы адамдарға қамқорлық көрсету арқылы жүзеге асады. Киелі кітап дәстүрінде қарттар ерекше құрметке лайық тұлғалар ретінде қарастырылады (Лев. 19:32; Нақыл 16:31). Сондықтан жоба аға буынның қадір-қасиетін қалпына келтіруге және оларды қауым өміріне толыққанды қатыстыруға бағытталған. Академия жобасы әлеуметтік байланыстарды күшейту мақсатында және қарт азаматтарға арналған мемлекеттік бағдарламаларға қосымша қарт жандардың қоғаммен байланысын орнатып, діни білім және психологиялық қолдау алуға мүмкіндік жасайды. «Академия Седовласых» қызметіне тұрақты білім беру кездесулері, рухани-психологиялық әңгімелер, шығармашылық және бос уақытқа арналған іс-шаралар, сондай-ақ жас қауым мүшелерінің ерікті көмегі кіреді. Сонымен қатар осы жоба аясында шіркеумен бұрын тығыз байланысы болмаған адамдарды тарту арқылы әлеуметтік қарым-қатынас көпірі жасалуда. Осылайша шіркеудің жас еріктілері дін ұстанбайтын қарттарға көмек жасап, ұрпақаралық диалог орнатып, әлеуметтік интеграция мен өзара қолдау деңгейін арттырады.

Зерттеу барасындағы сұқбаттардан қарттар эмоционалдық және әлеуметтік қолдауға ғана емес, сонымен қатар маңызды әлеуметтік топқа тиесілі екенін сезінуге мүмкіндік алғандары байқалды. Пресвитериандық сенім қағидасы бұл шіркеулердегі әлеуметтік жобалардың тағы бір маңызды аспектісі. Шіркеу «Өсиеттік қауым» ретінде адалдыққа, сенімге және өзара міндеттемелерге негізделген рухани одақ деп түсіндіріледі. «Вифлеем» және «Квинс» шіркеулерінде отбасылармен және жастармен жұмыс ерекше байқалады, бұл сенім сабақтастығының және рухани тәрбиенің ортақ кеңістігін қалыптастырады. «Надежда» шіркеуі шағын топтар арқылы «рухани жақындық» моделін нығайтып, аз санды, бірақ терең байланысқан қауымдастықты қалыптастыруға мән береді.

Барлық шіркеулерде сенушілердің жалпы қасиеттілігі туралы реформаттық қағида қабылданған. «Академия Седовласых» жобасында пастордың рөлі басымдыққа ие болғанымен, жалпы іс-шараларды сенушілердің өздері ұйымдастырады. «Вифлеем» және «Квинс» шіркеулерінде жастардың белсенділігі басым болса, «Надежда» шіркеуінда шағын топ болып жауапкершілік алады.

Экклесиологиялық тұрғыдан төрт шіркеу де қалалық кеңістікте миссияны жүзеге асыруға ұмтыла отырып, шіркеуді «тау басындағы қала» (Мт. 5:14) ретінде түсінеді. «Сион» қарттарға арналған әлеуметтік қолдаудың жетіспеушілігін өтеп, қоғамдық игілікке бағытталған «ашық шіркеу» моделін көрсетеді. «Вифлеем» және «Квинс» отбасылар мен жастарға арналған тұрақты бағдарламалар арқылы қаладағы әлеуметтік орнықты қауымдастықтарды қалыптастыруға үлес қосады. «Надежда» пастырлық сүйемелдеуді дамыту арқылы

дағдарысқа ұшыраған адамдар үшін рухани және әлеуметтік панахана ретінде қызмет етеді.

«Сион» шіркеуінің әлеуметтік және білім беру бастамалары тілдік курстар қызмет ету мен әлеуметтік капитал қалыптастырудың ең негізгілерінің бірі болып табылады. Әртүрлі жас топтарындағы балалар мен ересектерге арналған корей және ағылшын тілдерінің тегін курстары адамның әлеуетін дамытуға, оқу мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ қауым ішіндегі әлеуметтік байланыстарды нығайтуда маңызды рөл атқарады [13]. Эмпирикалық тұрғыдан алғанда, жоба сабақтардың тұрақты құрылымымен, кәсіби оқытушылар құрамымен, халықтың кең топтарына ашықтығымен сипатталады. Тегін курстардың форматы қаржылық мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін білім алуды қолжетімді етеді. Бұл шіркеуді жеке тұлғалық және мәдени дамуға нақты жағдай жасайтын әлеуметтік бағдарланған институт ретінде қабылдауды күшейтеді.

Теологиялық тұрғыдан тілдік курстар пресвитериандық дәстүрдің негізгі қағидаларының іске асуын көрсетеді. Біріншіден, рухани ағарту, тәлім беру және қамқорлық арқылы өз жақынына қызмет етуді жүзеге асырады. Тіл үйрену мүмкіндігін беру арқылы шіркеу адамның жан-жақты дамуына қамқорлық танытады, бұл адамды Құдай бейнесін иеленген тұлға ретінде түсінетін библиялық антропологиямен үйлеседі. Екіншіден, жоба өсиеттік қауым моделін нығайтады: бірлескен оқу сенім атмосферасын, өзара көмекті және қауымдық бірлікті қалыптастырады. Үшіншіден, еріктілер мен оқытушылардың бірлігі барлық сенушілердің рухани қызметі қағидасының практикалық көрінісін береді әрбір қауым мүшесі өз дарынын басқаларға қызмет ету үшін қолданады. Жоба қауым мүшелері мен қала тұрғындарының өзара байланысын кеңейтеді, мәдениетаралық қатынастарды, әсіресе, корей диаспорасын нығайтады [14, 19-28 б.].

1-кесте - Алматы қаласындағы 4 шіркеудің әлеуметтік қызметінің нәтижелері

№	**Қоғамдық әсер бағыты**	**Негізгі мазмұны мен көрсеткіштері**
1	Әлеуметтік қолдауды күшейту	Қарттарға тұрақты көмек көрсету. Мигранттар мен мұқтаж топтарға қолдау. Гуманитарлық ресурстардың (азық-түлік, киім, ұн) қолжетімділігі.
2	Қоғамдағы сенім деңгейінің артуы	Қоғам–шіркеу арасындағы диалогтың кеңеюі. Әлеуметтік институттармен ашық серіктестік орнату. Сенімді және қауіпсіз әлеуметтік орта қалыптастыру
3	Мәдениетаралық өзара түсіністікті арттыру	Қазақ, корей және көпэтносты топтармен үйлесімді жұмыс. Тілдік және ағартушылық курстарды ұйымдастыру. Қалалық мәдени кодтар мен құндылықтарға бейімделу.
4	Әлеуметтік капиталдың өсуі	Bonding: қауым ішіндегі бірлік пен өзара қолдаудың артуы. Bridging: сыртқы аудиториямен көпірлік байланыстар. Linking: YE¥, мемлекеттік мекемелер және серіктес ұйымдармен байланыс.
5	Қауымдастықтың тұрақтылығы мен интеграциялық әлеуеті	Волонтёрлік мәдениеттің нығаюы. Әлеуметтік жауапкершілік дағдыларының қалыптасуы. Әлеуметтік жобалардың ұзақ мерзімді институционалдануы.

Теологиялық тұрғыдан алғанда, бұл бастама жомарттықтың христиандық ілімдегі рухани дарын ретінде маңызын бейнелейді, онда материалдық қолдау жай көмек көрсету емес, «Құдайдың даңқы үшін» жасалатын қызмет ретінде қарастырылады (1 Қор. 10:31). «Рухани дарын» феномені пресвитериандық экклесиологияда қауымның қызмет ету әлеуетін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі болып табылады [15, 493 б.]. Мұндай көлемдегі қайырымдылық дикония жақынына қызмет етуді күшейтеді және өсиеттік қауым моделін нығайтады, яғни сенушілер өзге адамдардың қажеттіліктеріне ортақ жауапкершілікпен қарайды. Сонымен қатар, бұл мысал христиандық әлеуметтік куәлікті жүзеге асыруда миряндар мен кәсіпкерлердің рөлін айқындайды. Бұл пресвитериандық барлық сенушілердің рухани қызметі қағидасына толық сәйкес келеді: қауымның әрбір мүшесі, қызмет саласына қарамастан, өзінің ресурстары мен рухани дарыны арқылы шіркеудің миссиясына үлес қосады. Осылайша, шіркеу қоғам игілігі үшін белсенді жұмыс істейтін әлеуметтік және рухани қауым ретіндегі бейнесін күшейтеді [16].

Пресвитериандық шіркеулердің әлеуметтік капиталы және қазақстандық қоғамға бейімделу ерекшеліктері

Алматыдағы пресвитериандық шіркеулердің әлеуметтік қызметін «Вифлеем» шіркеуінің пасторымен сұхбат негізінде теологиялық және социологиялық тұрғыдан талдау жүргізілді.

Пресвитериандық шіркеулер Алматының әлеуметтік құрылымында қандай орын алады және олар әлеуметтік капиталды қандай механизмдер арқылы қалыптастырады? Бұл сұрақ қазіргі дінтану ғылымында маңызды орынға ие. «Вифлеем» шіркеуінің пасторымен сұхбат осы мәселені нақтылауға мүмкіндік берді. Талдауда дін әлеуметтануы, реформаттық теология, және экклесиологиялық зерттеулер негізінде контент-талдау арқылы сараланып, әлеуметтік капиталдың үш типі: bonding, bridging және linking шеңберінде жүйеленді. Сұхбат нәтижелері көрсеткендей пресвитериандық шіркеулердің Алматы қаласының әлеуметтік құрылымындағы орны білім беру, психологиялық қолдау, қайырымдылық және әлеуметтік реабилитация функцияларын қатар атқаратын белсенді әлеуметтік институт ретінде көрінеді. «Вифлеем» шіркеуі баспанасыздар, құжатсыз азаматтар, мигранттар және дағдарыс жағдайындағы адамдарды қолдау қызметін тұрақты жүргізеді. Бұл шіркеудің қалалық әлеуметтік инфрақұрылымды толықтыратын маңызды бейквази-институция екенін дәлелдейді.

1. Әлеуметтік капитал қалыптастыру механизмдері Bonding (ішкі) әлеуметтік капитал – қауым мүшелерінің арасындағы сенімді нығайтатын факторлар:

- тұрақты діни жиналыстар;
- өзара көмек және қиын жағдайдағы отбасыларды қолдау;
- ортақ рухани тәжірибе;
- пасторлық қамқорлық.

2. Bridging (көпірлік) әлеуметтік капитал.

- ашық білім беру курстары;
- отбасылық және жастарға арналған кеңес беру;
- гуманитарлық акциялар;
- тілдік курстардың сыртқы аудиторияға бағытталуы жатады.

3. Linking (тік) әлеуметтік капитал шіркеудің үкіметтік емес ұйымдардармен, білім беру және медициналық ұйымдармен әріптестігі, сондай-ақ қалалық әлеуметтік бағдарламаларға қатысуы оның институционалдық деңгейде ықпалын арттыра түседі.

Сұхбат барысында пастор шіркеудің қызметіне негіз болған негізгі Библиялық қағидаларды атап өтті:

- «жақыныңды сүю» (Мк. 12:31);
- қоғамға қызмет ету «тұз және жарық» болу (Мт. 5:13–16);
- әлсіздерге қамқорлық (Жақ. 1:27);
- рухани дарындыларды дұрыс басқару (1 Пет. 4:10).

Реформаттық теологияда бұл қағидалар қызмет етудің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Әлеуметтік практика (босқындар, баспанасыздар, дағдарыстағы адамдарға көмек; білім беру курстары; отбасылық кеңес беру) осы теологиялық ұстанымдардың нақты көрінісі ретінде тексеріледі.

Пастор әлеуметтік қызметтегі қиындықтар қатарына қаржылық ресурстардың шектеулілігі, еріктілердің жетіспеушілігі, бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі, көпмәдениетті ортаға бейімделу қажеттілігі, діни ұйымдарға сақтықпен қарауды атап айтты. «Бірақ бұл факторлар әлеуметтік қызметті кәсібилендіруге, серіктестікті кеңейтуге, бағдарламаларды жүйелі жоспарлауға итермелейді» [17, 24 б.].

Әлемдік тәжірибеде христиандық ілімдерді жеткізу үдерісінде мәдени бейімделу және діни ілімді жаңа әлеуметтік-мәдени контекстерге «аудару» концепциясы ерекше маңызға ие. Эндрю Уоллстың атап өтуінше, «шіркеудің миссиясы әрдайым ауысу актісі болып табылады, мәдениеттен мәдениетке, тілден тілге, бір дүниетанымнан екіншісіне». Осы тұжырымға сәйкес, «Вифлеем» шіркеуінің тәжірибесі жергілікті әлеуметтік және мәдени практикалармен тиімді әрі табиғи түрде ұштасып отырғанын көрсетеді.

Алынған эмпирикалық мәліметтерді талдау Алматы қаласындағы пресвитериан қауымдарының әлеуметтік қызметі тек конфессионалдық тар шеңбердегі қайырымдылықпен шектелмей, жергілікті қоғамдастыққа интеграциялануының өзіндік механизміне айналғанын көрсетті. Бұл нәтижелер пресвитериандық теологияның (кальвинизмнің) тарихи-догматикалық негіздерімен, атап айтқанда, сенімді іс жүзінде көрсету, қоғамдық игілікке қызмет ету және «әлеуметтік жауапкершілік» идеяларымен тығыз байланысты.

Р. Патнэмнің әлеуметтік капитал концепциясы призмасымен қарастырғанда, Алматыдағы пресвитериандық шіркеулердің әлеуметтік бастамалары екі түрлі байланысты қалыптастырады:

«Байланыстырушы» әлеуметтік капитал: шіркеу ішіндегі мүшелердің өзара көмегі, ішкі бауырластық пен моральдық-психологиялық қолдау.

«Бөліп-біріктіруші» әлеуметтік капитал: шіркеу шегінен тыс, конфессиясы мен көзқарасына қарамастан, жергілікті тұрғындарға (мүмкіндігі шектеулі жандарға, аз қамтылған отбасыларға, жастарға) бағытталған гуманитарлық және әлеуметтік жобалар.

С. Рысбекова және т.б. авторлардың "Educating for Tolerance in Kazakhstan" зерттеуінде атап өткендей, Қазақстандағы конфессияаралық келісім мен толеранттылық бұл мемлекеттік саясаттың ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы әртүрлі институционалдық құрылымдардың ортақ әрекетінің нәтижесі. Осы тұрғыдан алғанда, Алматы қаласындағы пресвитериандық шіркеулердің әлеуметтік-қайырымдылық қызметін мемлекет пен азаматтық қоғам белгілеген толеранттылық пен конфессияаралық диалог моделіне қосқан іс-тәжірибелік үлесі ретінде қарастыруға болады [18, 10-б.].

Зерттеу көрсеткендей, пресвитериан қауымдарының қазақстандық контекстке бейімделу процесі екі жақты динамикаға ие. Бір жағынан, шіркеулер өздерінің Реформациялық дәстүрдегі экклезиологиялық бірегейлігін сақтауға тырысса, екінші жағынан, мемлекеттің заңнамалық талаптарына, ұлттық-мәдени ерекшеліктерге және қоғамдағы конфессияаралық диалог қажеттіліктеріне бейімделуде. Әлеуметтік жобалар дәл осы бейімделудің жұмсақ әрі тиімді құралы ретінде қызмет етеді.

Алайда, талқылау барысында кейбір кедергілер де айқындалды. Соның ішінде, қоғамдағы протестанттық шіркеулерге қатысты сақталған кейбір стереотиптер мен ресурстардың (қаржылық және кадрлық) шектеулілігі әлеуметтік қызметтің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік бере бермейді. Осыған қарамастан, пресвитериандық қауымдардың әлеуметтік-қайырымдылық қызметі елдегі діни келісім мен толеранттылықты нығайтуға, азаматтық қоғамның дамуына өзіндік үлес қосып отыр деуге толық негіз бар.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл қауымдар әлеуметтік тұтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бос уақытты ұйымдастыру, білім беру бағдарламалары, қайырымдылық бастамалары, медициналық-консультациялық кездесулер және ортақ рухани тәжірибелер қоғамның әртүрлі топтарын біріктіреді. Осы қызмет түрлері сенім, өзара көмек, жауапкершілік және еріктілік мәдениетін қалыптастыра отырып, қалалық ортадағы әлеуметтік байланыстардың сапасын арттырады. Мұндай үрдістер жергілікті қоғамдастықтың тұрақтылығын күшейтіп, рухани ұйымдардың қоғамдық институттар жүйесіндегі орнын айқындайды. Сонымен қатар, теологиялық тұрғыдан қарағанда да үндеседі: пресвитериандық дәстүр үшін тән диакония, қызмет ету, қайырымдылық қызмет қағидалары әлеуметтік капитал қалыптасуының негізгі идеологиялық негізін құрайды. Жан Кальвин, Карл Барт және Дитрих Бонхёффердің еңбектерінде атап өтілгендей, шіркеу тек діни тәжірибенің орталығы ғана емес, сонымен бірге қоғам игілігі үшін әрекет ететін институт ретінде қарастырылады. Алматыдағы пресвитериан қауымдарының практикалық қызметі осы қағидалардың өмірдегі нақты көрінісі болып табылады.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы пресвитериан қауымдарында діни ілімдерді тарату тәжірибесі бастапқы катехизистен үздіксіз диакониямен жалғасатын жүйелі діни ілім беру моделін қалыптастырған. Бұл жүйе басқа шағын конфессиялар үшін үлгі бола алады. Бұл тәжірибе негізінен мұсылман халқы басым посткеңестік қоғамда, христиан қауымдары шеңберінде қалып қоймай, өздерінің білім беру, әлеуметтік жобаларын жүзеге асырып, миссионерлік бағдарламаларын дамыта алғанын көрсетеді.

Қаржыландыру

Бұл ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің жобасы негізінде қаржыландырылды (AP26104327 «Дінаралық диалогты қолдау және жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін жасанды интеллект алгоритмін әзірлеу: діни мәтіндерді талдау алгоритмдері

және мәдени өзара әрекеттесу платформасын құру»).

Әдебиеттер тізімі

1 Борбасова, Қ. М., Бужеева, А. Б., & Альджанова, Н. К. (2016). Қазақ халқының діни санасының қалыптасуы мен даму ерекшеліктері. *ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы*, (4), 165–170.

2 Құрманалиева, А. Д., Абжалов, С. Ө., & Мейрбаев, Б. Б. (2015). *Әлемдік діндер: Оқу құралы*. Қазақ университеті.

3 Бурдье, П. (2002). Формы капитала. *Экономическая социология, 3*(5), 60–74. https://doi.org/10.17323/1726-3247-2002-5-60-74

4 Коулман, Дж. (2001). Капитал социальный и человеческий. *Общественные науки и современность*, (3), 122–139.

5 Патнэм, Р. (2001). *Делай сам*. Либеральная миссия.

6 Кравец, С. Н. (2010). *Протестантизм как социально-культурный феномен*. Российский государственный гуманитарный университет.

7 Кравец, С. Н. (2010). *Протестантизм как социально-культурный феномен* (с. 11–148). Российский государственный гуманитарный университет.

8 Сейдуманов, С. Т. (Ред.). (2023). *Светские и религиозные ценности в современном Казахстане: взаимодействие и влияние на политику РК в сфере религии: коллективная монография*. Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК.

9 Байтенова, Н. Ж., Мейірбаев, Б. Б., Құрманалиева, А. Д., Бейсенов, Б. К., Борбасова, Қ. М., Затов, Қ. А., Рысбекова, Ш. С., & Абжалов, С. У. (2023). *Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтер: Оқу құралы*. Қазақ университеті.

10 Байтенова, Н. Ж., & Бужеева, А. (2015). Взаимосвязь религии и государства в независимом Казахстане. *Вестник КазНУ. Серия религиоведения, 6*(2), 6–12.

11 Кәрібекұлы, Е., Затов, Қ., & Мұрзарайымов, Б. (2026). Қазақстандағы елуіншілер шіркеулерінің әлеуметтік рөлі мен діни тәжірибелері. *ҚазҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы, 45*(1), 58–66. https://doi.org/10.26577/EJRS45120266

12 Sultanbayeva, E., Mukan, N., Borbassova, K., & Smagulova, K. (2026). Religious and cultural peculiarities of Presbyterian communities in Kazakhstan and other Central Asian countries. *Pharos Journal of Theology, 107*(2), 1–20. https://doi.org/10.46222/pharosjot.107.217

13 Борбасова, Қ. М., & Сагнадина, А. Т. (2019). Пресвитериандық ағымдар: тарихы және қазіргі кезең. *ҚазҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы, 17*(1), 19–28. https://doi.org/10.26577/EJRS-2019-1-199

14 Что такое пресвитерианская церковь. (б. д.). *Zion Church*. https://www.zionchurch.kz/blog/chto-takoe-presviterianskaya-cerkov-prostymi-slovami

15 Пресвитериандық шіркеулер. (б. д.). *Уикипедия*. https://kk.wikipedia.org/wiki/Пресвитериандық_шіркеулер

16 Борбасова, Қ. М., & Сагнадина, А. Т. (2019). Пресвитериандық ағымдар: тарихы және қазіргі кезең. *ҚазҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы, 17*(1), 19–28. https://doi.org/10.26577/EJRS-2019-1-199

17 Макграт, А. (1998). *Введение в христианское богословие* (пер. с англ.). Российский государственный гуманитарный университет.

18 Rysbekova, S., Kurmanaliyeva, A., & Borbassova, K. (2018). Educating for tolerance in Kazakhstan. *CLCWeb: Comparative Literature and Culture, 20*(2), Article 3237. https://doi.org/10.7771/1481-4374.3237

Transliteration

1 Borbasova, Q. M., Buzheeva, A. B., & Aldzhanova, N. K. (2016). Qazaq halqynyń dini sanasynyń qalyptasuy men damu erekshelikteri [Features of the formation and development of the religious consciousness of the Kazakh people]. QazUU habarshysy. Filosofiya seriyasy. Mádeniettanu seriyasy. Sayasattanu seriyasy, (4), 165–170. (In Kazakh)

2 Qurmanalieva, A. D., Abzhalov, S. Ó., & Meirbaev, B. B. (2015). Álemdik dinder: Oqu quraly [World religions: Textbook]. Qazaq universiteti. (In Kazakh)

3 Burd'e, P. (2002). Formy kapitala [The forms of capital]. Ekonomicheskaya sotsiologiya, 3(5), 60–74. https://doi.org/10.17323/1726-3247-2002-5-60-74 (In Russian)

4 Koulman, Dzh. (2001). Kapital sotsial'nyi i chelovecheskii [Social and human capital]. Obshchestvennye nauki i sovremennost', (3), 122–139. (In Russian)

5 Patnem, R. (2001). Delai sam [Do it yourself]. Liberal'naya missiya. (In Russian)

6 Kravets, S. N. (2010). Protestantizm kak sotsial'no-kul'turnyi fenomen [Protestantism as a sociocultural phenomenon]. Rossiiskii gosudarstvennyi gumanitarnyi universitet. (In Russian)

7 Kravets, S. N. (2010). Protestantizm kak sotsial'no-kul'turnyi fenomen [Protestantism as a sociocultural phenomenon] (pp. 11–148). Rossiiskii gosudarstvennyi gumanitarnyi universitet. (In Russian)

8 Seidumanov, S. T. (Ed.). (2023). Svetskie i religioznye tsennosti v sovremennom Kazakhstane: vzaimodeistvie i vliyanie na politiku RK v sfere religii: kollektivnaya monografiya [Secular and religious values in contemporary Kazakhstan: Interaction and influence on the religious policy of the Republic of Kazakhstan: Edited monograph]. Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MNVO RK. (In Russian)

9 Baitenova, N. Zh., Meirбaев, B. B., Qurmanalieva, A. D., Beisenov, B. K., Borbasova, Q. M., Zatov, Q. A., Rysbekova, Sh. S., & Abzhalov, S. U. (2023). Qazirgi dástúrden tys dini ağymdar men kul'tter: Oqu quraly [Contemporary non-traditional religious movements and cults: Textbook]. Qazaq universiteti. (In Kazakh)

10 Baitenova, N. Zh., & Buzheeva, A. (2015). Vzaimosvyaz' religii i gosudarstva v nezavisimom Kazakhstane [The relationship between religion and the state in independent Kazakhstan]. Vestnik KazNU. Seriya religiovedeniya, 6(2), 6–12. (In Russian)

11 Káribekuly, E., Zatov, Q., & Murzaraiymov, B. (2026). Qazaqstandaǵy eluínshiler shírkeulerínińáleumettík róli men dini tázhíribelerí [The social role and religious practices of Pentecostal churches in Kazakhstan]. QazUU habarshysy. Dintanu seriyasy, 45(1), 58–66. https://doi.org/10.26577/EJRS45120266 (In Kazakh)

12 Sultanbayeva, E., Mukan, N., Borbassova, K., & Smagulova, K. (2026). Religious and cultural peculiarities of Presbyterian communities in Kazakhstan

and other Central Asian countries. Pharos Journal of Theology, 107(2), 1–20. https://doi.org/10.46222/pharosjot.107.217

13 Borbasova, Q. M., & Sagnadina, A. T. (2019). Presviterïandyq ağymdar: tarïhy jáne qazirgi kezeń [Presbyterian movements: History and contemporary period]. QazUU habarshysy. Dintanu seriyasy, 17(1), 19–28. https://doi.org/10.26577/EJRS-2019-1-199 (In Kazakh)

14 Chto takoe presviterianskaya tserkov' [What is a Presbyterian church?]. (n.d.). Zion Church. https://www.zionchurch.kz/blog/chto-takoe-presviterianskaya-cerkov-prostymi-slovami (In Russian)

15 Presviterïandyq shírkeuler [Presbyterian churches]. (n.d.). Wikipedia. https://kk.wikipedia.org/wiki/Пресвитериандық_шіркеулер (In Kazakh)

16 Borbasova, Q. M., & Sagnadina, A. T. (2019). Presviterïandyq ağymdar: tarïhy jáne qazirgi kezeń [Presbyterian movements: History and contemporary period]. QazUU habarshysy. Dintanu seriyasy, 17(1), 19–28. https://doi.org/10.26577/EJRS-2019-1-199 (In Kazakh)

17 Makgrat, A. (1998). Vvedenie v khristianskoe bogoslovie [An introduction to Christian theology] (Trans. from English). Rossiiskii gosudarstvennyi gumanitarnyi universitet. (In Russian)

18 Rysbekova, S., Kurmanaliyeva, A., & Borbassova, K. (2018). Educating for tolerance in Kazakhstan. CLCWeb: Comparative Literature and Culture, 20(2), Article 3237. https://doi.org/10.7771/1481-4374.3237

Авторлар үлесі

Сұлтанбаева Э.С. – мақала тақырыбын концептуализациялау, әдіснаманы әзірлеу, деректерді жинақтау және талдау, пресвитериандық шіркеудің діни тәжірибесіне зерттеу процесін жүргізу, ғылыми әдебиеттерге шолу жасау, тарихи-теологиялық деректерге салыстырмалы талдау, құжаттық және миссионерлік материалдарды зерттеу. **Бағашаров Қ. С.** – мақала мәтінін жазу, Қазақстандағы пресвитериан шіркеулерінің доктриналдық ұстанымдары мен діни тәжірибелеріне талдау, мәтінді редакциялау. **Карыбаева А. Н.** – зерттеу бағытын айқындау, деректерді интерпретациялау, ғылыми редакциялау және толықтыру, қорытындыларды нақтылау.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Эльмира Серікбайқызы Сұлтанбаева	PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: sultanbayeva.elmira@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-1974-091X
Құдайберді Сабыржанұлы Бағашаров	профессор м.а., PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: kudaiberdi1981@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-0051-9163
Айнур Несибековна Карыбаева	ассистент-профессор, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті, Алматы, Қазақстан, email: ainur.karybaeva@kaznu.kz, ORCID ID: 0000-0002-8203-8277
Эльмира Серикбаевна Султанбаева	PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: sultanbayeva.elmira@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-1974-091X
Кудайберди Сабыржанович Багашаров	и.о. профессора, PhD, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: kudaiberdi1981@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-0051-9163
Айнур Несибековна Карыбаева	ассистент-профессор, PhD, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: ainur.karybaeva@kaznu.kz, ORCID ID: 0000-0002-8203-8277
Elmira Sultanbayeva	PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: sultanbayeva.elmira@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-1974-091X
Kudaiberdi Bagasharov	Acting professor, PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: kudaiberdi1981@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-0051-9163
Ainur Karybayeva	Assistent-professor, PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: ainur.karybaeva@kaznu.kz, ORCID ID: 0000-0002-8203-8277

ИСЛАМДЫҚ ХАЛАЛ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЕМАНТИКАЛЫҚ КЕҢЕЮІ: «АДАЛ» СӨЗІ НЕГІЗІНДЕ

Қ. Бекжанов[1], А. Элгарбауи[2]

АҢДАТПА

Мақалада «адал» ұғымының қазақ тіліндегі мағыналық құрылымы мен оның исламдық халал ұғымымен арақатынасы қарастырылады. Сөздіктердегі мағыналардың реті сөз алдымен тағамға қатысты діни термин болып, моральдық мағынаға кейін ие болды деген ой туғызуы мүмкін. Зерттеу осы болжамды тарихи деректер арқылы тексереді. Материал ретінде сөздіктер, кеңес кезеңіне дейінгі мәтіндер (жыраулар, XIX ғасыр ақындары, Абай, Шәкәрім, А. Байтұрсынұлы, батырлар жыры т.б.), мақал-мәтелдер және Алматы қазақ тілі корпусындағы «адал» сөзі кездесетін 194 сөйлем алынды. Мәтіндерден жиналған үзінділер сөздің нені бағалайтынына қарай жіктелді. Талдау Р. Козеллектің ұғымдар тарихына, А. Вежбицканың кілт сөздер тәсіліне және Д. Геерартстың тарихи прототиптік семантикасына сүйенеді. XIX ғасырда сөздің «халал», «алал» және «адал» деген үш нұсқасы қатар қолданылғаны, ал XX ғасырдың басында «адал» нұсқасы басым болғаны анықталды. Кеңес кезеңіне дейінгі мәтіндерде «адал» мен «арам» тағаммен қатар еңбек пен табысқа, некеге, мінез бен билікке және адамның опалылығына қатысты айтылған. Демек, моральдық мағына кейін пайда болған жоқ, оның негізі исламдағы халал мен харам жүйесінің өзінде бар. Ұғымның адамға ауысуы түрік тілінде де кездеседі, бірақ қазақ тілінде ол досқа, жарға және қызметке опалы болу мағынасында ерекше дамыған. XX-XXI ғасыр корпусында «адал» тағамға өте сирек қолданылады (194 сөйлемнің 3-еуі).

Түйін сөздер: адал, халал, арам, ұғымдар тарихы, қазақ дүниетанымы, семантикалық өріс, ислам.

[1] Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

[2] Халал зерттеулері мен оқыту халықаралық институты (INHART), Малайзия халықаралық ислам университеті (IIUM), Куала-Лумпур, Малайзия

Автор-корреспондент:
Қ. Бекжанов, kudiretb@gmail.com

Сілтеме:
Бекжанов Қ., Элгарбауи А. Исламдық халал ұғымының қазақ тіліндегі семантикалық кеңеюі: «адал» сөзі негізінде // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №4 (110). – Б. 225-235. – DOI: 10.48010/xzg1bf91

Ашық қолжетімділік
© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Редакцияға түсті: 20/09/2026
Қабылданды: 20/10/2026
Онлайн жарияланды: 30/10/2026

Семантическое расширение исламского понятия халал в казахском языке: на материале слова «адал»

Аннотация. В статье рассматривается семантическая структура понятия «адал» в казахском языке и его соотношение с исламским понятием халал. Порядок значений в словарях может навести на мысль, что слово сначала было религиозным термином, относящимся к пище, и лишь позднее приобрело нравственное значение. Исследование проверяет это предположение на исторических данных. Материалом послужили словари, дореволюционные тексты (поэзия жырау, акыны XIX века, Абай, Шакарим, А. Байтурсынулы, героический эпос и др.), пословицы и 194 употребления слова «адал» в Алматинском корпусе казахского языка. Собранные контексты классифицированы в зависимости от того, что оценивает слово. Анализ опирается на историю понятий Р. Козеллека, метод ключевых слов А. Вежбицкой и диахроническую прототипическую семантику Д. Герартса. Установлено, ч+то в XIX веке параллельно употреблялись три формы слова: «халал», «алал» и «адал», а к началу XX века преобладающей стала форма «адал». В дореволюционных текстах «адал» и «арам» относились не только к пище, но и к труду и доходу, браку, нраву и справедливости правителя, а также к верности человека. Следовательно, нравственное значение не возникло позднее: его основа заложена в самой исламской системе халал и харам. Перенесение понятия на человека известно и турецкому языку, но в казахском оно особенно развилось в сторону верности другу, супругу и службе. В корпусе XX-XXI веков «адал» крайне редко относится к пище (3 из 194 употреблений).

Ключевые слова: адал, халал, арам, история понятий, казахское мировоззрение, семантическое поле, ислам.

The semantic expansion of the Islamic concept of halal in Kazakh: the case of «adal»

Abstract. The article examines the semantic structure of the concept of adal in Kazakh and its relationship with the Islamic concept of halal. The order of senses in dictionaries may suggest that the word was first a religious term

concerning food and acquired a moral meaning only later. The study tests this assumption against historical evidence. The material comprises dictionaries, pre-1917 texts (zhyrau poetry, nineteenth-century poets, Abai, Shakarim, A. Baitursynuly, heroic epics and others), proverbs, and 194 occurrences of adal in the Almaty Corpus of the Kazakh Language. The collected contexts were classified according to what the word evaluates. The analysis draws on R. Koselleck's conceptual history, A. Wierzbicka's key-word approach and D. Geeraerts's diachronic prototype semantics. Three forms of the word, halal, alal and adal, were used side by side in the nineteenth century, and adal prevailed by the early twentieth century. In pre-1917 texts adal and aram applied not only to food but also to labour and income, marriage, character, the justice of rulers and personal loyalty. The moral meaning therefore did not emerge later: its basis lies in the Islamic system of halal and haram itself. The extension of the concept to persons is also known in Turkish, but in Kazakh it developed especially towards loyalty to a friend, a spouse and one's service. In the twentieth- and twenty-first-century corpus adal rarely refers to food (3 of 194 occurrences).

Keywords: Adal, Halal, Haram, Conceptual History, Kazakh Worldview, Semantic Field, Islam.

Кіріспе

Соңғы онжылдықта «халал» сөзі Қазақстанда діни термин ғана емес, нарықтың, мемлекеттік стандарттың және тұтынушы сенім артатын белгіге айналып үлгерді. 2015 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 1-наурыздан бастап отандық өнімдердегі «халал» таңбасын «адал» таңбасымен ауыстыратынын жариялады. Халал индустриясы қауымдастығы бұл шешімге қарсы шығып, жаңа таңбаны халықаралық нарық танымайды деп мәлімдеді [2]. Араб тіліндегі حلال [хәләл] сөзінен шыққан «адал» қазақ тілінде ғасырлар бойы өзінше дамып, «адал ас» тіркесімен қатар «адал еңбек», «адал дос», «адал жар» сияқты тіркестер қалыптасты. Сондықтан «адал» таңбасын енгізу әрекеті халық тілінде көбіне моральдық мағынада қолданылатын сөзді діни-нарықтық салаға қайтару талпынысы деуге болады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде бұл сөздің діни мағынасы да, адамның мінезіне қатысты мағынасы да берілген. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» «адал» сөзінің діни мағынасын «Ислам шарттары толық сақталған, ішіп-жеуге жарамды, арам емес» деп түсіндіреді, ал келесі мағыналары адамның мінезі мен қарым-қатынасына қатысты [3]. Этнографиялық энциклопедия «адалды» «адал-арам» және «обал-сауап» деген екі жұптан тұратын төрт негізгі этикалық ұғымның бірі деп сипаттайды. Онда адамның бойындағы адалдық пен іс-әрекетке тән адалдық деп бөліп қарастырылады [4, 59 б.].

«Адал» ұғымы бұған дейін негізінен тіл білімі аясында зерттелген. К.Т. Утегенова мен К.К. Ергалиева қазақ тіліндегі «адалдық» және орыс тіліндегі «верность» концептілерін сөздік анықтамалары, синонимдер қатары мен мақал-мәтелдер негізінде салыстырған. Авторлардың қорытындысы бойынша, қазақ ұғымының негізгі белгісі «тазалық, кіршіксіз болу», ал орыс ұғымының негізгі белгісі «сенімділік, опалылық» болып шығады [5]. Қ. Ғабитханұлы мен М. Сабыр «обал», «сауап», «иман», «тәубе» сияқты діни терминдердің исламдық мағынасы мен дәстүрлі қазақы мағынасы фразеологизмдерде қалай астасып келетінін талдайды, бірақ «адал» сөзі олардың зерттеу нысанына енбеген [6]. Б.И. Нұрдәулетова мен әріптестері «адал», «арам», «обал», «сауап» ұғымдарын жыраулар поэтикасындағы «шынайы адам» бейнесінің ұстанымдары қатарында атайды, бірақ оларды жеке талдамайды [7]. Э.Н. Дүнгенбай мен әріптестерінің аманат пен қиянат туралы мақаласы исламдық ұғымды оған қарама-қарсы ұғыммен жұптастыра зерттеудің үлгісін көрсетеді [8]. Шетелдік зерттеушілердің ішінде Б. Привратский қазақтардың діни өміріндегі тазалық түсінігін ұжымдық жады тұрғысынан сипаттаған [9].

Бұл еңбектердің ортақ шектеуі бар: олар «адал» ұғымын тек қазіргі сөздік анықтамалары бойынша қарастырады. Біз қараған әдебиетте сөздің тарихи мәтіндердегі қолданысын қазіргі тілдегі қолданысымен салыстырған еңбек кездеспеді. Сонымен қатар сөздіктерде мағыналардың берілу реті (алдымен діни-тағамдық мағына, содан кейін адамға қатысты мағыналар) «адал» сөзі алдымен тағамға қатысты діни термин болып, моральдық мағынаға кейін ие болды деген ой туғызуы мүмкін [3].

Мақаланың мақсаты «адал» ұғымының қазақ тіліндегі мағыналық құрылымын тарихи мәтіндер мен XX-XXI ғасыр тілдік деректері негізінде анықтау және оның исламдық халал ұғымымен арақатынасын көрсету. Зерттеу үш сұраққа жауап іздейді. Араб тіліндегі حلال [хәләл] сөзі қазақ тіліне қандай нұсқада еніп, сөздіктерде қалай берілді? Кеңес кезеңіне дейінгі мәтіндерде «адал» мен «арам» қандай мағыналарда қолданылды? XX-XXI ғасыр мәтіндерінде бұл мағыналардың қайсысы басым?

Біздің болжамымыз бойынша, «адал» ұғымының моральдық мағынасы кейін

қосылған мағына емес. Исламдағы халал мен харам жүйесі тағаммен қатар табысты, некені және мінез-құлықты да қамтиды. Қазақ тілі осы кең жүйені өзінің моральдық сөздігіне енгізіп, оған адамның өз бойындағы адалдық пен опалылықты білдіретін мағынаны қосты. Мақаланың жаңалығы «адал» сөзінің мағыналық тұрғыда кеңеюін кеңес кезеңіне дейінгі мәтіндер мен корпус деректері негізінде тарихи тұрғыдан қарастыруында.

Әдіснама

Зерттеу сапалық тарихи-семантикалық талдау мен шағын корпустық талдауды ұштастырады. Жұмыс төрт кезеңнен тұрды: дереккөздерді іріктеу, мәтіндерден «адал» сөзі мен оның нұсқалары кездесетін үзінділерді жинау, үзінділерді қолдану аясына қарай жіктеу және нәтижелерді түсіндіру.

Материал. Зерттеу материалы төрт топтан тұрады. Бірінші топқа лексикографиялық дереккөздер кірді: В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігі [10], «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» [11], «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» [3] және этнографиялық энциклопедия [4]. Екінші топты кеңес кезеңіне дейінгі (XV ғ. - 1917 ж.) мәтіндер құрайды: жыраулар поэзиясы [12], XIX ғасыр ақындары Дулат Бабатайұлы [13; 40], Мұрат Мөңкеұлы [14], Шортанбай Қанайұлы [15] және Шернияз Жарылғасұлы [40] шығармалары, Абайдың өлеңдері мен қара сөздері [16], Ы. Алтынсариннің әңгімелері [17], Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіптің мұрасы [18], А. Байтұрсынұлының өлеңдері мен мақалалары [19] және революцияға дейінгі Қазан басылымдары бойынша жарияланған батырлар жырлары [20; 21]. Үшінші топқа «Бабалар сөзі» сериясының 65-66 томдарындағы мақалмәтелдер [22; 23], төртінші топқа Алматы қазақ тілі корпусының деректері [24] кірді. Исламдағы халал мен харам ұғымдарын сипаттау үшін Құранның қазақша аудармасы [28], хадис жинақтары (мәтінде жинақтың атауы мен хадистің нөмірі көрсетілді) және ислам құқығы бойынша еңбектер [29-31] пайдаланылды. Тілдерді салыстыру үшін Түрік тілі қоғамының сөздігі алынды [41].

Іріктеу өлшемдері. Талдауға 1917 жылға дейін жазылған және бет нөмірі бойынша тексеруге болатын басылымда жарияланған мәтіндер алынды. Іріктеу әртүрлі жанрды (толғау, өлең, қара сөз, діни трактат, публицистика, батырлар жыры, мақал-мәтел) қамтыды, себебі бір жанр сөз мағынасының тек бір қырын көрсетуі мүмкін.

Үзінділерді жинау. Басылымдардың электрондық нұсқаларынан (негізінен adebiportal.kz сандық кітапханасынан) «адал», «алал», «халал», «арам», «харам», «һарам» сөздері мен олардан туындаған туынды сөздер («адалдық», «арамдық», «арамза» т.б.) ізделінді. Сөз кездескен әр үзінді алды-артындағы мәтінімен бірге, басылымы мен беті көрсетіліп жазылып алынды. Барлығы 69 үзінді жиналды. Оның 5-еуі тек екінші дереккөзде келтірілгендіктен, талдауға алынбады. Ы. Алтынсариннің «Бай мен жарлы баласы» әңгімесі 1879 жылғы «Қазақ хрестоматиясының» электрондық мәтіні бойынша келтірілді. Мақал-мәтелдер жинағынан осы сөздер кездесетін 21 мақал-мәтел алынды.

Жіктеу. Жиналған үзінділер «адал» не «арам» сөзі нені білдіретініне қарай қолдану аясы бойынша жіктелді. Сөз асқа, малға немесе ғұрыптық тазалыққа қатысты болса, тағам саласына, еңбекке не табысқа қатысты болса, еңбек пен табыс саласына жатқызылды. Некеге және баланың тегіне қатысты мысалдар неке мен тектілік саласына, мінез бен билеушінің әділдігіне қатысты мысалдар мораль мен билік саласына, адамның досқа, жарға, ата-анаға деген қатынасын сипаттайтын мысалдар адамға адал болу сияқты құндылықтар аясына топтастырылды. Бір үзінді екі салаға бірдей қатысты болса, ол екеуіне де жатқызылды.

Корпус деректері. Алматы қазақ тілі корпусының [24] онлайн интерфейсі арқылы 2026 жылғы 8 қазанда «адал» леммасы бойынша, яғни сөздің барлық грамматикалық түрлерін қоса алғанда, сөз кездесетін 215 сөйлем (41 құжат) жүктелді. Корпуста бірнеше рет қайталанған сөйлемдер алынып тасталғаннан кейін 194 бірегей сөйлем қалды. Әр сөйлемде «адал» сөзінің оң жағында тұрған бірінші сөз (R1) анықталып, жоғарыдағы өлшемдер бойынша қолдану аясына қарай топтастырылды. «Адал» сөзі баяндауыш қызметінде тұрған жағдайлар («адал болу», «адал екен», «адал еді») жеке топқа бөлініп, олардың мағынасы сөйлемнің мазмұны бойынша анықталды. Ешбір топқа жатпайтын сөздер «басқа сөздер» тобына енгізілді, ал әр сөйлемнің кезеңі құжаттың жазылған уақыты бойынша белгіленді.

Талдаудың теориялық негізі. Р. Козеллектің ұғымдар тарихы бойынша ұғым тарихи тәжірибені жинақтайды, ал оның мағынасы қоғаммен бірге өзгереді [25]. А. Вежбицканың «кілт сөздер» тәсілі бойынша мәдениеттің негізгі құндылықтары оның қолдану аясы кең әрі одан көп туынды сөз шығатын сөздерінен көрінеді [26]. Д. Геерартстың тарихи прототиптік семантикасы бойынша сөз мағынасы негізгі мағынадан (өзектен) және оның төңірегіндегі қосымша мағыналардан тұрады, ал уақыт өте келе өзек ауысуы мүмкін [27]. Осы тәсілдер арқылы «адал» сөзінің мағыналық өзегі және оның өзгерісі анықталды.

Кеңес кезеңі жеке зерттеу нысаны етіп алынбады, оның әсері корпус деректері бойынша ғана қысқаша сипатталады.

Негізгі бөлім

Исламдағы халал: құқықтық мағына және тайиб

Ислам құқығында «халал» шариғат рұқсат еткен затты не істі, ал «харам» тыйым салынған нәрсені білдіреді. Негізгі қағида бойынша заттар мен істер бастапқыда рұқсат етілген болып саналады: шариғатта анық әрі сенімді дәлелмен тыйым салынбаған зат пен іс халал болып қала береді [29, 30 б.]. Халал мен харамды белгілеу құқығы тек Аллаға тиесілі. Өмірге қауіп төнген мәжбүрлі жағдайда ғана кейбір тыйымдарға уақытша рұқсат беріледі (Бақара, 2:173) [30, 28 б.].

Құранда «халал» сөзі «тайиб» (таза, жақсы) сөзімен жиі қатар келеді: «Бүгін сендерге жақсы нәрселер адал етілді» (Мәида, 5:5) [28, 107 б.]. Бақара сүресінің 168-аятында адамдарға жер бетіндегі «адал және таза» (*ḥalālan ṭayyiban*) нәрселерден жеу бұйырылады [28]. Демек, халал тек құқықтық рұқсатты емес, тазалық пен сапа талабын да қамтиды.

Құранда тікелей аталған тағамдық тыйымдарға өлексе, аққан қан, шошқа еті және Алладан басқаның атымен сойылған мал жатады (Бақара, 2:173; Әнғам, 6:145; Нахл, 16:115). Мәида сүресінің 3-аяты бұларға тұншығып, ұрылып, құлап не сүзіліп өлген, жыртқыш жеген (бауыздалып үлгергенінен басқасы) және пұттарға шалынған малды қосады. Мас қылатын ішімдік (хамр) «шайтан ісінен болған лас нәрсе» деп аталады (Мәида, 5:90), ал азу тісті жыртқыштарға тыйым сүннетте белгіленген (Муслим, № 1934). Құранда аталмаған заттардың үкімі қияс, яғни аналог бойынша пайымдау арқылы шығарылады. Мысалы, есірткі адамды ақылдан адастыратындықтан харам саналады [31].

Алайда халал мен харам тағаммен шектелмейді. Құран мал-мүлікті «бір-біріңнің арасында бос нәрсемен» (*би-л-батыл*), яғни заңсыз жолмен жемеуді және оны билеушілерге пара ретінде ұсынбауды бұйырады (Бақара, 2:188), ал өсімді (*риба*) харам етеді (Бақара, 2:275). Хадисте «Алла таза және тек таза нәрсені ғана қабыл етеді» делініп, харам табыспен тамақтанған адамның дұғасы қабыл болмайтыны айтылады (Муслим, № 1015). Халал мен харамның арасындағы күмәнді істерден сақтану туралы белгілі хадисте де (Бұхари, № 52; Муслим, № 1599) сөз тек ас туралы емес, адамның дінін және абыройын сақтауы туралы.

Сонымен, исламдағы халал жүйесі тағамды, табысты және мінез-құлықты бір ұғымның аясында қарастырады. Бұл біздің негізгі болжамымызды қолдайды: қазақ тіліндегі «адал» сөзінің моральдық мағыналары шариғаттан тыс пайда болған жоқ, олардың негізі исламдық ұғымның өзінде жатыр.

Исламдану және халал нормаларының қазақ тұрмысына енуі

Түркі көшпелілерінің арасында ислам X ғасырда, Қарахан әулеті исламды қабылдағаннан кейін кең тарай бастады [32]. Жошы ұлысында исламды қабылдаған алғашқы хан Берке (1257-1266) болса [33, 100 б.], ислам мемлекеттік дін мәртебесіне Өзбек хан тұсында, 1313 жылдан кейін ие болды [34]. Исламның қазақ даласына таралуына Қожа Ахмет Ясауи бастаған сопылық дәстүр зор ықпал етті. Бұл дәстүр шариғатқа қайшы келмейтін көне әдет-ғұрыптардың бір бөлігін сақтап қалды [35, 247 б.]. XVI-XVII ғасырларда қазақтардың Орта Азия қалаларымен сауда және мәдени байланысы күшейіп, балаларды мұсылман мектептерінде оқыту мен некені ислам дәстүрімен қию кең тарады [36, 581 б.]. Сырттан келген бақылаушылар да XVI-XX ғасырларда қазақтардың өздерін мұсылман санағанын, мешіт аз болса да, намаз бен діни жоралғыларды киіз үйде орындағанын жазған [37, 96-99 бб.; 38, 198 б.].

Халал нормалары дала тұрмысына ең алдымен мал шаруашылығы арқылы енді. Қазақтың төрт түлік малы (қой-ешкі, сиыр, жылқы, түйе) түгелдей шариғат рұқсат еткен малдардың қатарына жатады, ал шошқа (доңыз) асырау қазақ шаруашылығында болмаған. Дәстүрлі түсінік бойынша судан тек сырты шырышты, қабыршақты балықты жеуге болады, ал бақа, шаян, жылан және құрт-құмырсқа сияқты жәндіктер жеуге жарамсыз саналған [39]. Этнографиялық энциклопедия жануарларды адал және арам деп бөлудің халықтық өлшемін де келтіреді: шөп жейтін жануар адал, ет жейтін жануар арам [4]. «Есектің күші адал, еті арам» деген мақал бір жануардың өзіне екі түрлі үкім қатар қолданылатынын көрсетеді [23, 138 б.].

Мал сою ғұрпы да халал нормасына сүйенеді. XIX ғасыр мәтіндерінде бауыздалмай өлген мал «арам» деп аталады. Шортанбайдың «Ақжолтай батыр» дастанында бала: «Ағыбайым, тез түсе қал, / Арам өліп кетпесін бауыздай сал» дейді [15, 104 б.]. Мәшһүр Жүсіп ұйқымен өткізген түнін «Малдай боп бауыздалмай арам қатқан» деп суреттейді [18, 196 б.]. «Қойшы көп болса, қой арам өлер» деген мақалда да осы мағына сақталған [22, 424 б.]. Ы. Алтынсариннің «Бай мен жарлы баласы» әңгімесінде кедейдің баласы былай дейді: «үйрек, қаз адал құстар, мұқтаждықта Құдай Тағала бұларды адамға алып, тамақ етуге бұйырады, бірақ тірідей байлап-матап әуре ету обал деп айтушы еді, әуре етпей бауыздап алалық» [17]. Бұл үзіндіде «адал» мен «обал» бір сөйлемде қатар келеді. Құсты жеуге рұқсат етілген, ал оны қинау күнә саналады. Ғұрыптық тазалық ұғымы асқа да, денеге де қолданылған: «Ер Тарғын» жырында «ит тигендей арам ас» [21, 26 б.], ал «Ер Қосай» жырында «үстіңде арам ғұсыл бар» деген тіркестер кездеседі [21, 152 б.].

XX ғасырдың басында баспасөзде «қазақ шала мұсылман, оларға малды бауыздау, бауыздамау бір есеп» деген пікір айтылды. А. Байтұрсынұлы 1914 жылы «Қазақ» газетінде бұған былай деп жауап берді: «Малды бауыздау, бауыздамау қазаққа бір емес екенін біз білеміз, басқалардың қазақпен араласып жүргендері ғана біледі. Қазақтың қарасын көрмегендер қазақ жайын қайдан білер? Қазақ аң сықылды арам, адалды айырмайтын халық деп біледі» [19, 186 б.]. Байтұрсынұлы қазаққа сырттан тағылған «шала мұсылман» деген бағаны жоққа шығарып, адал мен арамды ажырату қазақ үшін маңызды екенін көрсетеді.

Сонымен, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы деректерде «адал» мен «арам» ең алдымен мал союға және асқа қатысты нақты тұрмыстық өлшем ретінде көрінеді. Ұғымның тағамдық өзегі осында жатыр.

«Адал» сөзінің этимологиясы мен лексикографиясы

Біз қарағаң сөздіктердің барлығында «адал» сөзі араб тіліндегі *ḥalāl* (حلال) сөзінен шыққан деп көрсетілген. В.В. Радлов сөздігінде «адал» сөзі қырғыз тілі белгісімен (Kkir.) «= араб. حلال, = алал» деп берілген, ал мағынасы «чистый, святой» деп аударылған [10, 482 стб.]. Бұл жазба туыс қырғыз тіліне қатысты, бірақ онда да «адал» мен «алал» нұсқалары қатар тұр, ал мағынасы «рұқсат етілген» емес, «таза, қасиетті» деп берілген.

«Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» сөздің араб тілінен енгенін көрсетіп, оған «рұқсат етілген, тыйым салынбаған», «арам емес, таза», «кіршіксіз, пәк» деген мағыналарды береді және адамгершілікке қатысты мағынасын да көрсеткен [11, 21-22 бб.]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» алдымен «діни» белгісімен «Ислам шарттары толық сақталған, ішіп-жеуге жарамды, арам емес» деген мағынаны келтіреді. Одан кейін «таза, жарамды», «ар-ұяты күшті, ақ ниетті адам», «шын берілген, сенімді», «кіршіксіз, пәк», «тура, анық, шын» мағыналары, ал «көне» белгісімен «адал мал, дүние» тіркесі беріледі [3]. Сөздіктегі бұл рет сөздің шығу тегін көрсетеді, бірақ мағыналардың тілде пайда болу ретін білдірмейді. Төменде көрсетілгендей, XIX ғасыр мәтіндерінде бұл мағыналардың барлығы дерлік қатар кездеседі.

Сөздің дыбыстық өзгерісін ескі басылымдардан байқауға болады. Діни мәтіндер мен кітаби тілде араб тіліндегі түріне жақын «халал» нұсқасы сақталды: Шортанбай «Балаң халал болмаса» деп жазады [15, 93 б.], Мәшһүр Жүсіп «халал ұл» тіркесін қолданады [18, 234-235 бб.]. Ал халық тілінде сөз басындағы «х» дыбысы түсіп, «алал» нұсқасы пайда болды. Араб тіліндегі *ḥ* дыбысының сөз басында түсіп қалуы басқа кірме сөздерде де кездеседі. Мысалы, бір тіркестің өзі Шортанбайда «Кісі хақын алмаңдар» [15, 76 б.], ал Бұқар жырауда «Кісі ақысын көп жеген» [12, 98 б.] болып келеді,

яғни *ḥaqq* сөзі «хақ» және «ақы» деген екі нұсқада қолданылған. «Алал» нұсқасы Дулатта («Алалға қарсы хан болдың», «Алал бекзат туысым») [13, 14-15 бб., 19 б.] және Шәкәрімнің «Жастарға» өлеңінде («алалға қол босарлық») кездеседі [18, 42 б.]. Кейін «алал» нұсқасы «адал» болып өзгерген. Бұл өзгерісті «Қамбар батыр» жырының екі басылымынан анық көруге болады. 1888 жылғы Қазан басылымында «Алалға қара дегенде, / Қара тұлпар аты бар» [20, 49 б.] деп берілген жол 1903 жылғы басылымда «Адал қара дегенде, / Қара да тұлпар аты бар» болып келеді [20, 84 б.]. XX ғасырдың басындағы мәтіндерде «адал» нұсқасы басым: оны 1911-1912 жылдары С. Торайғыров («Ел дейтін адал басшы әзір сирек») [42] және 1914 жылы А. Байтұрсынұлы («арам, адалды айырмайтын») [19, 186 б.] қолданады. Сөз ішіндегі екі «л» дыбысының бірінің «д» дыбысына ауысуын диссимиляциямен, яғни бір сөздегі ұқсас екі дыбыстың бірінің өзгеруімен түсіндіруге болады. Алайда бұл болжамды қазақ тілінің тарихи фонетикасы тұрғысынан арнайы тексеру қажет.

Араб тіліндегі *ḥarām* сөзі де қазақ тілінде «харам» және «арам» деген екі нұсқада қолданылды. Діни мәтінде олар бір мағынаны береді: Шәкәрім «Мұсылмандық шарты» трактатында шариғат үкімдерін «мұбах, харам (арам), макруһ, мафсад» деп атап, екі нұсқаны теңестіреді [18, 124 б.]. Алайда халық тілінде олардың мағынасы ажырай бастаған сияқты. Шортанбайдың «Ит жерімес арамнан, / Құдай безер харамнан» деген жолдарында [15, 70 б.] «арам» күнделікті тұрмыстағы жиіркенішті, лас затты, ал «харам» Құдай тыйым салған істі білдіретін секілді. Дегенмен мұндай ажырату екі тармақты қатар қоятын өлең құрылымының талабынан да туындауы мүмкін. Кейін «арам» сөзінен «арамдық», «арамза», «арам айла» сияқты тек моральдық мағынадағы сөздер мен тіркестер пайда болды [4].

«Адал» сөзінің қолдану аясы: мәтіндер мен корпус

Кеңес кезеңіне дейінгі мәтіндерде «адал» мен «арам» сөздерінің қолдану аясы тағамнан басқа кемінде төрт саланы қамтиды: еңбек пен табыс, неке мен тектілік, мінез бен билік, адамға адал болу. Бұл салалар бірінен соң бірі пайда болған жоқ, XIX ғасыр мәтіндерінде олар қатар кездеседі. Үзінділердің көбі еңбек пен табыс және мінез бен билік салаларына жатады.

Еңбек пен табыс. Бұл сала тағамдық мағынаға ең жақын. Мұны «аузына арам салу» тіркесінен анық көруге болады. Тіркестің тура мағынасы тағамға қатысты, бірақ ол пара мен кісі ақысы туралы айтылады. Мұрат ақын бір биді «Аузына арам салмаған, / Ортадан пара алмаған» деп мақтайды [14, 59 б.]. Шортанбай да «Кісі хақын алмаңдар, / Аузыңа харам салмаңдар» деп үгіттейді [15, 76 б.]. Бұқар жырау кісі ақысын жеуді тікелей арамдық деп атайды: «Кісі ақысын көп жеген / Арам емей немене?» [12, 98 б.]. Абайда «адал еңбек» тұрақты тіркеске айналып, 6, 10, 25, 29, 33 және 42-қара сөздерде кездеседі. Мысалы, 33-сөзде «Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі - қазақтың әулиесі сол» делінеді [16]. «Сегіз аяқ» өлеңіндегі «Адал бол - бай тап, / Адам бол - мал тап» жолдары адалдықты байлықтың шарты ретінде көрсетеді [16]. Халық мақалында да осы өлшем бар: «Арамнан алған түйеден, / Адалдан алған ешкі артық» [22, 393 б.].

Неке мен тектілік. «Адал» мен «халал» сөздері заңды некені және одан туған баланы да білдірген. Шортанбай «Зар заман» толғауында заманның азғанын «Адал зада баланы / Таба алмассың рудан» деп сипаттайды [15, 53 б.]. Басқа толғауында «Балаң халал болмаса» деп бастап, «Харам туған баланың / Бетінде жанған оты бар» дейді [15, 93 б.]. «Қамбар батыр» жырының бір нұсқасында «Некелі жұпты адал деп / Жол қылған жақсы жандар-ай» деген жолдар кездеседі [20, 214 б.]. Мақалда да «Халал қатын алсаң, көзі менен қасын ал» делінеді [23, 48 б.]. Бұл сала исламдық неке құқығымен тікелей байланысты.

Мінез бен билік. XIX ғасыр ақындары «адал» мен «арамды» билеушілердің әділдігін бағалау үшін де қолданған. Дулат Барақ төреге: «Адалды сатып параға, / Болыстың арам жағына» дейді [13, 14-15 бб.]. Шернияз болысқа «Парқын неге білмейсің, / Харам менен халалдың?!» деп сұрақ қояды [40, 170 б.]. Абайдың 3-сөзінде болыстар «қулық, арамдықпенен» билікке жетіп, «өзіндей арам, қуларды қадірлейді» деп сыналады [16]. Бұл салада «адалдық» және «арамдық» деген дерексіз зат есімдер пайда болады. Дулат бір мырзаны «Адалдығың - аңқылдақ / Сыбызғының

күйісің» деп мадақтайды [13, 19 б.]. Абай «Адалдық, арамдықты кім теңгермек?» деп сұрайды [16].

Адамға адал болу. Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі ең елеулі өзгеріс осы салада байқалады. Мұнда «адал» сөзі әрекеттің немесе заттың сипатын емес, адамның басқа адамға опалы болуын білдіреді. Бұндай мағына беретін тарихи үзінділер аз, бірақ XX-XXI ғасыр корпусында ол ең жиі кездесетін мағыналардың біріне айналады (төменде қараңыз). Ауызша тараған бір шумақта ата тілін алмаған «арам ұл» мен ата тілін сыйлаған «адал ұл» қарсы қойылады: «Ата тілін сыйлаған адал ұлды / Хат оқыған молдадан кем демеңіз» [12, 272 б.]. Абай 11-сөзде «адалдықты» ант пен сертпен қатар қояды: «Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме?» [16]. Мақал да осыны айтады: «Бір адал дос он арам туыстан артық» [22, 308 б.]. Ұғымның адамға ауысуы басқа мұсылман халықтарының тілдерінде де кездеседі. Түрік тілінде *helal* сөзі «некелі жар» мағынасын береді, *helal süt emmek* тіркесі «адалдықтан таймау» дегенді білдіреді, ал *helalzade* «некелі ата-анадан туған» және «адалдықтан таймайтын адам» деген мағыналарда қолданылады [41]. Бұлар қазақ тіліндегі «адал жар», «адал зада» тіркестеріне сәйкес келеді. Алайда Түрік тілі қоғамының сөздігінде досқа немесе қызметке опалы болу мағынасы берілмеген [41], ал «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» «шын берілген, сенімді» мағынасын жеке көрсетеді [3]. Демек, ұғымның адамға ауысуы қазақ тіліне ғана тән емес, бірақ «адал дос», «адал қызмет» тіркестерінде көрінетін опалылық мағынасы қазақ тілінде ерекше дамыған.

Бұл салалар бір діни мәтінде де қатар кездеседі. Шәкәрім «Мұсылмандық шарты» трактатында арамның қатарына арақты, өлексені, қанды, «арам хайуандарды» және «ұрлық, зорлық, ойнас, өтірік», «пара алған, өсім алған» істерді бірге жатқызады [18, 125 б.]. Сол еңбекте «адал кәсіп қылмақ барша мұсылманға парыз» деп жазады [18, 120 б.]. Сөйтіп, Шәкәрім тағамдық және моральдық «арамды» бір ұғым ретінде қарастырады. Ал «Жастарға» өлеңінде Шәкәрім адалдықты адамның өз қасиеті ретінде анықтайды: «Адал сол - таза еңбекпен күнін көріп, Жаны үшін адамшылық ар сатпайды» [18, 45 б.].

XX-XXI ғасыр мәтіндері: корпус деректері. Алматы қазақ тілі корпусында «адал» леммасы 215 рет (41 құжатта) кездеседі, ал қайталанған сөйлемдер алынғаннан кейін сөз кездесетін 194 бірегей сөйлем қалады [42]. Олардың 130-ы (67%) кеңес кезеңінде жазылған көркем шығармалардан, 39-ы (20%) 1991 жылдан кейінгі баспасөз бен ғылыми мәтіндерден, 2-еуі 1917 жылға дейінгі мәтіндерден алынған, ал 23-інің кезеңі белгісіз. 1-кестеде бұл сөйлемдер «адал» сөзінің оң жағында тұрған бірінші сөз (R1) бойынша топтастырылды.

1-кесте - Алматы қазақ тілі корпусындағы «адал» сөзінің оң жағында тұрған бірінші сөздер (R1), 194 бірегей сөйлем

Топ	Оң жағындағы сөз (кездесу саны)	Барлығы	Үлесі
Баяндауыш қызметінде	болу тұлғалары, екен, еді	34	17,5%
Жақын адамға опалылық	дос (15), жар (12), ұл (2), серік (1)	30	15,5%
Қызмет пен міндет	қызмет (15), сақтау (3), орындау (3), атқару (2), күзетші (1)	24	12,4%
Адамның мінезі	жан (4), адам (3), шыншыл (2), аңғал (2), жол (2), ой (2), сөз (1)	16	8,2%
Еңбек пен табыс	еңбек (13), еңбекші (1), ақша (2)	16	8,2%
Ішкі жан дүние	көңіл (6), махаббат (4), ниет (3)	13	6,7%
Тағам	ас (2), дастарқан (1)	3	1,5%
Басқа сөздер		58	29,9%
Барлығы		**194**	**100%**

«Адал» сөзі баяндауыш қызметінде тұрған 34 сөйлемнің («адал болу», «адал екен») бірде-бірі тағамға қатысты емес. Олардың 19-ы опалылықты (жарға, Отанға, билеушіге, антқа), 15-і шыншылдық пен әділдікті білдіреді. Тағамдық мағына 194 сөйлемнің тек 3-еуінде кездеседі («адал ас» тіркесі және Ж. Аймауытовтағы «әкемнің адал дастарқаны»). Демек, XX-XXI ғасыр мәтіндерінде «адал» сөзі тағамға өте сирек қолданылады. Ең жиі тіркестер адамның басқа адамға және өз ісіне сенімді болу-

ын білдіреді («адал дос», «адал жар», «адал қызмет»). Кеңес кезеңінде бұл мағына саяси мәнде де қолданылған. Мысалы, М. Әуезовтің 1932 жылғы мәтінінде «Кеңес ісіне адал» тіркесі кездеседі [42]. Ал С. Торайғыровтың жоғарыда келтірілген жолы бұл мағынаның революциядан бұрын да болғанын көрсетеді.

Талқылау: исламдық норманың қазақ тіліндегі жаңа көрінісі

Алынған деректер «алдымен тағам, кейін мораль» деген болжамды растамайды. Моральдық мағына исламдық ұғымның өзінде бар еді. Шариғатта пара, өсім, ұрлық харам саналады, мұны Шәкәрімнің трактаты да көрсетеді. Ұғымның негізгі өзгерісі басқада: сөз әрекеттің немесе заттың сипатын білдіруден адамның өз қасиетін білдіруге көшті. Исламда халал не харам деп адамның ісі, асы және табысы бағаланады, ал қазақ тілінде адамның өзі «адал» бола алады (адал дос, адал жар, адал ұл).

Д. Геерартстың прототиптік семантикасы тұрғысынан бұл өзгерісті сөз мағынасы өзегінің ауысуы деп түсіндіруге болады [27]. Бастапқы өзек діни рұқсат пен тазалық еді. Мұны сөздіктердегі діни-тағамдық мағына [3; 11], Радловтың қырғыз тілінен келтірген «чистый, святой» аудармасы [10, 482 стб.] және XIX ғасыр мәтіндеріндегі мал сою мен асқа қатысты мысалдар көрсетеді. Уақыт өте келе бұл өзек «адал ас», «арам өлу» сияқты тұрақты тіркестерде сақталды, ал сөздің жаңа тіркестері опалылық пен әділдік мағынасына ауысты. Р. Козеллек сипаттаған ұғымның тарихи қабаттары осылай көрінеді [25]: ескі қабат жойылған жоқ, бірақ ол енді осы ұғымның бір бөлігі болып тұр.

Бұл нәтиже К.Т. Утегенова мен К.К.Ергалиеваның тұжырымын толықтырады [5]: тазалық мағынасы шыныда да ең көне қабат, бірақ XX-XXI ғасыр қолданысында «адал» сөзі орыс тіліндегі «верность» мағынасына жақындап кеткен. А.Вежбицканың тәсілімен қарағанда, «адал» сөзін қазақ мәдениетінің кілт сөздерінің бірі деуге негіз бар [26]: ол кең қолданылады, «адалдық», «арамдық», «арамза» сияқты туынды сөздер береді, ал «адал» мен «арам» сөздері біз қарағаң жинақтағы 21 мақалмәтелде кездеседі.

Бұл деректер халал индустриясы туралы пікірталасқа да қатысты. Тәуелсіздік жылдарында діни-нарықтық стандарт кітаби «халал» нұсқасымен аталды, ал «адал» сөзі негізінен моральдық мағынада қолданылды. Сондықтан 2015 жылғы «адал» таңбасы туралы дау [2] тек нарық пен стандартқа ғана емес, сөздің қолдану шеңберіне де қатысты болды. Әдебиетте «халал (адал)» және «харам (арам)» терминдері әдетте теңестіріледі [1], ал біздің деректер бұл сөздердің қазіргі тілде толық синоним емес екенін көрсетеді.

Зерттеудің шектеулері де бар. Кеңес кезеңіне дейінгі мәтіндер қазіргі басылымдар бойынша алынды, олардың бір бөлігі ғылыми-сыни басылым емес, көпшілікке арналған жинақтар. Сондықтан кейбір сөздердің («алал» мен «адал», «халал» мен «адал») жазылуына баспа редакторларының әсері болуы мүмкін. Үзінділер мен корпус сөйлемдерін жіктеуді екінші зерттеуші тәуелсіз түрде қайталаған жоқ, сондықтан жіктеудің сенімділігі сандық тұрғыдан бағаланбады. Өзек ауысты деген тұжырым XIX ғасырдың сапалық мысалдары мен XX-XXI ғасыр корпусының сандық деректерін салыстыруға сүйенеді, сондықтан оны тарихи корпус арқылы тексеру қажет. Корпус талдауы «адал» сөзінің оң жағындағы бір сөзге ғана сүйенеді және корпустың онлайн қолжетімді бөлігімен шектеледі. Бұл бөліктің үштен екісі кеңес кезеңінің көркем прозасы болғандықтан, «жар» мен «махаббат» тіркестерінің үлесі жанрға байланысты жоғары болуы мүмкін.

Қорытынды

Зерттеу «адал» ұғымының қазақ тіліндегі мағыналық құрылымын тарихи мәтіндер мен XX-XXI ғасыр тілдік деректері негізінде қарастырып, мынадай қорытындыға келді.

Біріншіден, «адал» сөзі араб тіліндегі *ḥalāl* сөзінен шығып, қазақ тіліне исламмен бірге енген. XIX ғасырда кітаби «халал» нұсқасымен қатар халық тіліндегі «алал» және «адал» нұсқалары қолданылды, ал XX ғасырдың басында «адал» нұсқасы басым болды.

Екіншіден, кеңес кезеңіне дейінгі мәтіндерде «адал» мен «арам» тағамға, мал союға және ұрыптық тазалыққа қатысты нақты тұрмыстық өлшем болды. Сонымен бірге олар еңбек пен табысты, некені, билеушінің әділдігін және адамның опалылығын бағалауда да қолданылды. Бұл мағыналар бірінен соң бірі пайда болған

жоқ, қатар өмір сүрді, себебі исламдық халал-харам жүйесінің өзі тағаммен шектелмейді.

Үшіншіден, исламда адамның ісі, асы мен табысы бағаланса, қазақ тілінде адамның өзі «адал» бола алады. Бұл ауысу түрік тілінде де бар, бірақ қазақ тілінде ол адамға адал болу мағынасында ерекше дамыған, ал XX-XXI ғасыр мәтіндерінде сөз тағамға өте сирек қолданылады.

Сонымен, «адал» ұғымы исламдық норманы жоққа шығармай, оны қазақ тілінің моральдық сөздігіне енгізді және исламдық құндылық пен ұлттық дүниетаным тоғысқан негізгі этикалық ұғымдардың біріне айналды. Болашақта «адал» ұғымының кеңес кезеңіндегі өзгерісін зерттеу және оны қырғыз, татар, өзбек тілдеріндегі баламаларымен салыстыру ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Алтайқызы, А., & Борбасов, С. (2024). Қазақстанда халал индустриясын ұйымдастыру: мәселелері мен мүмкіндіктеріне саяси талдау. *Адам әлемі*, (2(100)), 65–72. https://doi.org/10.48010/aa.v100i2.583

2 Адал вместо халал. (2015, 2 марта). *Informburo.kz*. https://informburo.kz/novosti/adal-vmesto-halal-458.html

3 Жанұзақ, Т., Омарбеков, С., & Жүнісбек, Ә. (Құраст.). (2011). *Қазақ әдеби тілінің сөздігі* (1-том). Қазақ энциклопедиясы.

4 *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: Энциклопедия* (1-том). (2011). DPS.

5 Утегенова, К. Т., & Ергалиева, К. К. (2024). «Адалдық» концептінің концептуалдық ерекшеліктері. *БҚУ хабаршысы*, (2(94)), 104–113. https://doi.org/10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.94(2).43

6 Ғабитханұлы, Қ., & Сабыр, М. (2025). Діни терминдік ұғымдар — исламдық және дәстүрлі қазақы дүниетанымның тілдегі көрінісі. *ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы*, (3(199)), 42–54. https://doi.org/10.26577/EJPh202519934

7 Нұрдәулетова, Б. И., Шохаев, М. Т., & Кенғанова, А. Б. (2022). Жыраулар поэтикасындағы «шынайы адам» концептісі. *Turkic Studies Journal, 4*(2), 72–85. https://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-2-72-85

8 Дүнгенбай, Э. Н., Отарбекова, Ж. К., & Каймаз, З. (2021). Аманат пен қиянат концептілері оппозиция ретінде. *ҚазҰҚызПУ хабаршысы*, (2).

9 Privratsky, B. G. (2001). *Muslim Turkistan: Kazak religion and collective memory*. Curzon.

10 Радлов, В. В. (1893). *Опыт словаря тюркских наречий* (Т. 1, ч. 1). Императорская Академия наук.

11 Құрманбайұлы, Ш., Исақова, С., Мизамхан, Б., Әлімбек, Г., Мамырбекова, Г., & Боранбаев, Д. (Құраст.). (2019). *Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі*. Ұлттық аударма бюросы.

12 Сыпыра, Асанқайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Бұқар Қалқаманұлы және т.б. (2014). *Шығармалары*. Нұрлы Press.kz.

13 Бабатайұлы, Д. (2013). *Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, мысал өлеңдер* (С. Қорабай, Құраст.). Ана тілі.

14 Мөңкеұлы, М. (2013). *Шығармалары* (Б. Омаров, Құраст.). Ана тілі.

15 Қанайұлы, Ш. (2013). *Шығармалары: Толғаулар, айтыстар, дастандар* (Қ. Мәдібаева, Құраст.). Ана тілі.

16 Абай. (1995). *Шығармаларының екі томдық толық жинағы*. Жазушы.

17 Алтынсарин, Ы. (1879). *Қазақ хрестоматиясы*.

18 Ғабитов, Т. Х., & Нұрмұратов, С. Е. (Құраст.). (2008). *Қазақ халқының философиялық мұрасы* (11-том: XX ғасыр басындағы қазақ философиясы). Аударма.

19 Байтұрсынұлы, А. (2013). *Алты томдық шығармалар жинағы* (4-том). Ел-шежіре.

20 *Бабалар сөзі: Жүз томдық* (43-том: Батырлар жыры). (2007). Фолиант.

21 *Бабалар сөзі: Жүз томдық* (44-том: Батырлар жыры). (2007). Фолиант.

22 *Бабалар сөзі: Жүз томдық* (65-том: Қазақ мақал-мәтелдері). (2010). Фолиант.

23 *Бабалар сөзі: Жүз томдық* (66-том: Қазақ мақал-мәтелдері). (2010). Фолиант.

24 Мадиева, Г. Б., & Уматова, Ж. М. (2015). Об Алматинском корпусе казахского языка. *Вестник КазНУ. Серия филологическая*, (5(157)), 99–103.

25 Koselleck, R. (2004). *Futures past: On the semantics of historical time*. Columbia University Press.

26 Wierzbicka, A. (1997). *Understanding cultures through their key words: English, Russian, Polish, German, and Japanese*. Oxford University Press.

27 Geeraerts, D. (1997). *Diachronic prototype semantics: A contribution to historical lexicology*. Clarendon Press.

28 Әкімханов, А., & Анарбаев, Н. (Ауд.). (2021). *Құран Кәрім: Қазақша түсіндірмелі аударма*. Дәуір.

29. Al-Qaradawi, Y. (2001). *The lawful and the prohibited in Islam (al-Halal wal-Haram fil Islam)* (2nd ed.). Al-Falah Foundation.

30 Камали, М. Х. (2023). *Шариғат пен халал индустриясындағы халал мен харамның сипаттамасы*. Халықаралық ислами ой институты.

31 Kamali, M. H. (2003). *Principles of Islamic jurisprudence* (3rd ed.). Islamic Texts Society.

32 Golden, P. B. (1992). *An introduction to the history of the Turkic peoples*. Otto Harrassowitz.

33 Измайлов, И. Л. (2012). Принятие ислама в Улусе Джучи: Причины и этапы исламизации. In И. М. Миргалеев & Э. Г. Сайфетдинова (Ред.), *Ислам и власть в Золотой Орде: Сборник статей* (с. 98–116). Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ.

34 DeWeese, D. (1994). *Islamization and native religion in the Golden Horde: Baba Tükles and conversion to Islam in historical and epic tradition*. Pennsylvania State University Press.

35 Нуртазина, Н. (2024). *Ислам и генезис казахской мусульманской традиции*. Муфтият баспасы.

36 *История Казахстана (с древнейших времен до наших дней)* (2-том). (1997). Атамұра.

37 Nurtazina, N., Kozgambayeva, G., Yegizbaeva, M., Beisegulova, A., & Soikina, N. (2018). Religious identification of traditional Kazakh society in the 16th–19th centuries. *European Journal of Science and Theology, 14*(1), 93–102.

38 Валиханов, Ч. Ч. (1984). Замечания на третью часть «Описания киргиз-казачьих орд» А. Левшина.

In *Собрание сочинений* (Т. 1, с. 198). Главная редакция Казахской советской энциклопедии.

39 Қатран, Д., & Қырықбаева, Э. (2023). Үй мүлкіне, тағам-тамаққа қатысты қазақтың дәстүрлі терминологиясы. *Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы, 2*(77). https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.77.2.025

40 Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы және т.б. (2014). *Шығармалары*. Нұрлы Press.kz.

41 Türk Dil Kurumu. (б. д.). *Güncel Türkçe Sözlük*: "Helal," "helal süt emmek," "helalzade" сөздік мақалалары. https://sozluk.gov.tr/

42 *Алматы қазақ тілі корпусы*. (б. д.). http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/

Transliteration

1 Altaikyzy, A., & Borbasov, S. (2024). Qazaqstanda halal industriyasyn uiymdastyru: máseleleri men múmkindikterine sayasi taldau [Organizing the halal industry in Kazakhstan: A political analysis of its challenges and opportunities]. Adam Álemi, (2(100)), 65–72. https://doi.org/10.48010/aa.v100i2.583 (In Kazakh)

2 Adal vmesto halal [Adal instead of halal]. (2015, March 2). Informburo.kz. https://informburo.kz/novosti/adal-vmesto-halal-458.html (In Russian)

3 Zhanuzaq, T., Omarbekov, S., & Júnisbek, Á. (Comps.). (2011). Qazaq ádebi tiliniń sózdigi [Dictionary of the Kazakh literary language] (Vol. 1). Qazaq entsiklopediyasy. (In Kazakh)

4 Qazaqtyń etnografiyalyq kategoriyalar, uǵymdar men ataularynyń dástúrli júiesi: Entsiklopediya [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts, and names: Encyclopedia] (Vol. 1). (2011). DPS. (In Kazakh)

5 Utegenova, K. T., & Yergalieva, K. K. (2024). "Adaldyq" kontseptiniń kontseptualdyq erekshelikteri [Conceptual features of the concept of "honesty"]. BQU habarshysy, (2(94)), 104–113. https://doi.org/10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.94(2).43 (In Kazakh)

6 Ğabithanuly, Q., & Sabyr, M. (2025). Dini termindik uǵymdar — islamdyq jáne dástúrli qazaqy dúnietanymnyń tildegi kórinisi [Religious terminology as a linguistic expression of Islamic and traditional Kazakh worldviews]. QazUU habarshysy. Filologiya seriyasy, (3(199)), 42–54. https://doi.org/10.26577/EJPh202519934 (In Kazakh)

7 Nurdáuletova, B. I., Shokhaev, M. T., & Keńǵanova, A. B. (2022). Zhyraular poetikasyndaǵy "shynaiy adam" kontseptisi [The concept of the "authentic person" in the poetics of zhyrau]. Turkic Studies Journal, 4(2), 72–85. https://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-2-72-85 (In Kazakh)

8 Dúngenbai, E. N., Otarbekova, Zh. K., & Kaimaz, Z. (2021). Amanat pen qiyanat kontseptileri opozitsiya retinde [The concepts of amanat and qiyanat as an opposition]. QazUQyzPU habarshysy, (2). (In Kazakh)

9 Privratsky, B. G. (2001). Muslim Turkistan: Kazak religion and collective memory. Curzon.

10 Radlov, V. V. (1893). Opyt slovarya tyurkskikh narechii [An attempt at a dictionary of Turkic dialects] (Vol. 1, Pt. 1). Imperatorskaya Akademiya nauk. (In Russian)

11 Qurmanbaiuly, Sh., Isaqova, S., Mizamkhan, B., Álimbek, G., Mamyrbekova, G., & Boranbaev, D. (Comps.). (2019). Qazaq tiliniń kirme sózder sózdigi [Dictionary of loanwords in the Kazakh language]. Ulttyq audarma byurosy. (In Kazakh)

12 Sypyra, Asanqaigy, Qaztugan, Dospambet, Shalkiiz, Buqar Qalqamanuly, et al. (2014). Shyǵarmalary. Nurly Press.kz. (In Kazakh)

13 Babataiuly, D. (2013). Shyǵarmalary: Óleńder, dastandar, mysal óleńder [Collected works: Poems, epics, and illustrative poems] (S. Qorabai, Comp.). Ana tili. (In Kazakh)

14 Mońkeuly, M. (2013). Shyǵarmalary [Collected works] (B. Omarov, Comp.). Ana tili. (In Kazakh)

15 Qanaiuly, Sh. (2013). Shyǵarmalary: Tolǵaular, aitystar, dastandar [Collected works: Philosophical poems, poetic contests, and epics] (Q. Mádibaeva, Comp.). Ana tili. (In Kazakh)

16 Abai. (1995). Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jinaǵy [Complete two-volume collection of works]. Zhazushy. (In Kazakh)

17 Altynsarin, Y. (1879). Qazaq khrestomatiyasy [Kazakh reader]. (In Kazakh)

18 Ghabitov, T. Kh., & Nurmuratov, S. E. (Comps.). (2008). Qazaq halqynyń filosofiyalyq murasy [The philosophical heritage of the Kazakh people] (Vol. 11: XX gasyr basyndaǵy qazaq filosofiyasy). Audarma. (In Kazakh)

19 Baitursynuly, A. (2013). Alty tomdyq shyǵarmalar jinaǵy [Six-volume collected works] (Vol. 4). El-shezhire. (In Kazakh)

20 Babalar sózi: Júz tomdyq [Words of the ancestors: One-hundred-volume series] (Vol. 43: Batyrlar zhyry [Heroic epics]). (2007). Foliant. (In Kazakh)

21 Babalar sózi: Júz tomdyq [Words of the ancestors: One-hundred-volume series] (Vol. 44: Batyrlar zhyry [Heroic epics]). (2007). Foliant. (In Kazakh)

22 Babalar sózi: Júz tomdyq [Words of the ancestors: One-hundred-volume series] (Vol. 65: Qazaq maqal-mátelderi [Kazakh proverbs and sayings]). (2010). Foliant. (In Kazakh)

23 Babalar sózi: Júz tomdyq [Words of the ancestors: One-hundred-volume series] (Vol. 66: Qazaq maqal-mátelderi [Kazakh proverbs and sayings]). (2010). Foliant. (In Kazakh)

24 Madieva, G. B., & Umatova, Zh. M. (2015). Ob Almatinskom korpuse kazakhskogo yazyka [On the Almaty Corpus of the Kazakh Language]. Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya, (5(157)), 99–103. (In Russian)

25 Koselleck, R. (2004). Futures past: On the semantics of historical time. Columbia University Press.

26 Wierzbicka, A. (1997). Understanding cultures through their key words: English, Russian, Polish, German, and Japanese. Oxford University Press.

27 Geeraerts, D. (1997). Diachronic prototype semantics: A contribution to historical lexicology. Clarendon Press.

28 Ákimkhanov, A., & Anarbaev, N. (Trans.). (2021). Quran Karim: Qazaqsha túsindirmeli audarma [The Holy Quran: Explanatory translation into Kazakh]. Dáuir. (In Kazakh)

29 Al-Qaradawi, Y. (2001). The lawful and the prohibited in Islam (al-Halal wal-Haram fil Islam) (2nd ed.). Al-Falah Foundation.

30 Kamali, M. H. (2023). Shariǵat pen halal industriyasyndaǵy halal men haramnyń sipattamasy [Characteristics of halal and haram in Sharia and the halal industry]. International Institute of Islamic Thought. (In Kazakh)

31 Kamali, M. H. (2003). Principles of Islamic jurisprudence (3rd ed.). Islamic Texts Society.

32 Golden, P. B. (1992). An introduction to the history of the Turkic peoples. Otto Harrassowitz.

33 Izmailov, I. L. (2012). Prinyatie islama v Uluse Dzhuchi: Prichiny i etapy islamizatsii [The adoption of Islam in the Ulus of Jochi: Causes and stages of Islamization]. In I. M. Mirgaleev & E. G. Saifetdinova (Eds.), Islam i vlast' v Zolotoi Orde: Sbornik statei [Islam and power in the Golden Horde: Collection of articles] (pp. 98–116). Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT. (In Russian)

34 DeWeese, D. (1994). Islamization and native religion in the Golden Horde: Baba Tükles and conversion to Islam in historical and epic tradition. Pennsylvania State University Press.

35 Nurtazina, N. (2024). Islam i genezis kazakhskoi musul'manskoi traditsii [Islam and the genesis of the Kazakh Muslim tradition]. Muftiyat baspasy. (In Russian)

36 Istoriya Kazakhstana (s drevneishikh vremen do nashikh dnei) [History of Kazakhstan from ancient times to the present day] (Vol. 2). (1997). Atamura. (In Russian)

37 Nurtazina, N., Kozgambayeva, G., Yegizbaeva, M., Beisegulova, A., & Soikina, N. (2018). Religious identification of traditional Kazakh society in the 16th–19th centuries. European Journal of Science and Theology, 14(1), 93–102.

38 Valikhanov, Ch. Ch. (1984). Zamechaniya na tret'yu chast' "Opisaniya kirgiz-kazach'ikh ord" A. Levshina [Comments on the third part of A. Levshin's "Description of the Kyrgyz-Kazakh hordes"]. In Sobranie sochinenii (Vol. 1, p. 198). Glavnaya redaktsiya Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii. (In Russian)

39 Qatran, D., & Qyryqbaeva, E. (2023). Úi múlkine, taǵam-tamaqqa qatysty qazaqtyń dástúrli terminologiyasy [Traditional Kazakh terminology related to household property and food]. Abai atyndaǵy QazUPU habarshysy. Tarih jáne sayasi-álеumettik ǵylymdar seriyasy, 2(77). https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.77.2.025 (In Kazakh)

40 Dulat Babataiuly, Makhambet Ótemisuly, et al. (2014). Shyǵarmalary [Collected works]. Nurly Press.kz. (In Kazakh)

41 Türk Dil Kurumu. (n.d.). Güncel Türkçe Sözlük [Contemporary Turkish dictionary]: Entries "Helal," "helal süt emmek," and "helalzade." https://sozluk.gov.tr/ (In Turkish)

42 Almaty qazaq tili korpusy [Almaty Corpus of the Kazakh Language]. (n.d.). http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/ (In Kazakh)

Авторлардың үлесі

Қ. Бекжанов дереккөздік материалды жинады, мәтіндер мен корпус деректерін талдады және мақаланың бастапқы нұсқасын дайындады. **А. Элгарбауи** шетелдік ғылыми кеңесші ретінде зерттеу тұжырымдамасын талқылауға қатысты, халал мен тайиб ұғымдарына қатысты бөлімді қарап шықты және мәтінді сыни тұрғыдан өңдеді. Екі автор да жарияланатын нұсқаны оқып, мақұлдады.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Құдырет Бақдәулетұлы Бекжанов	PhD докторант, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: kudiretb@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-9017-6742
Амал Ахмед Мухаммед Элгарбауи	қауымдастырылған профессор, PhD, Халал зерттеулері мен оқыту халықаралық институты (INHART), Малайзия халықаралық ислам университеті (IIUM), Куала-Лумпур, Малайзия, email: amal.elgharbawy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-5281-2532
Кудырет Бакдаулетулы Бекжанов	PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: kudiretb@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-9017-6742
Амал Ахмед Мухаммед Элгарбауи	ассоциированный профессор, PhD, Международный институт исследований и обучения в сфере халяль (INHART), Международный исламский университет Малайзии (IIUM), Куала-Лумпур, Малайзия, email: amal.elgharbawy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-5281-2532
Kudyret Bekzhanov	PhD student, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: kudiretb@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-9017-6742
Amal Ahmed Mohamed Elgharbawy	Associate Professor, PhD, International Institute for Halal Research and Training (INHART), International Islamic University Malaysia (IIUM), Kuala Lumpur, Malaysia, email: amal.elgharbawy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-5281-2532

МРНТИ 21.41.63 | Научная статья

О ТЕОРЕТИЧЕСКИХ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМАХ ИССЛЕДОВАНИЯ АРХЕОЛОГИИ РЕЛИГИОЗНОЙ КУЛЬТУРЫ И РЕЛИГИОЗНОГО СОЗНАНИЯ

Н.Л. Сейтахметова[1], Д.А. Есенбаева[2]

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются теоретические и методологические вопросы археологического изучения религиозной культуры и религиозного сознания. В частности, разнраничиваются два значения понятия «археология». Первое связано с изучением материальных памятников и следов человеческой деятельности, сохранившихся с прошлых эпох. Второе представляет собой археологию знания Мишеля Фуко, направленную на анализ исторических условий и правил формирования различных дискурсов. В работе рассматриваются классические теории Э.Б. Тайлора, Дж. Фрэзера и Э.Дюркгейма, основные направления когнитивной археологии, исследования Д.Льюис-Уильямса, а также концепции М. Элиаде и М. Фуко. В качестве примеров материальных проявлений религиозной культуры анализируются погребальные комплексы, мемориальные сооружения, сакральные ландшафты и кладбища раннеисламского периода на территории Казахстана. Обосновывается положение о том, что археологические данные позволяют выявить материальные свидетельство религиозных практик прошлого и реконструировать вероятные ритуальные действия, однако не обеспечивают прямого доступа к индивидуальным религиозным убеждениям человека. В связи с этим предлагается комплексный методологический подход, предусматривающий разграничение установленных археологических фактов, научной реконструкции и исследовательских гипотез. Данный подход предполагает сочетание археологических методов исследования.

Ключевые слова: археология знания, религиозная культура, религиозное сознание, когнитивная археология, ритуал, сакральное пространство, Казахстан, религиозная идентичность.

[1] Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан

[2] Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Автор-корреспондент:
Д. Есенбаева,
dilfuza_94_24@mail.ru

Цитирование:
Сейтахметова Н.Л., Есенбаева Д.А. О теоретических и методологических проблемах исследования археологии религиозной культуры и религиозного сознания // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №4(110). – С. 236-246. – DOI: 10.48010/0ykx6t82

Открытый доступ
© Автор(ы), 2026
Это статья открытого доступа, распространяемая в соответствии с условиями международной лицензии Creative Commons Attribution 4.0 International (CC BY 4.0).
https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/

Поступила: 05/09/2026
Принята: 20/10/2026
Опубликована онлайн: 30/10/2026

Діни мәдениет пен діни сана археологиясын зерттеудің теориялық және әдіснамалық мәселелері

Аңдатпа. Бұл мақалада діни мәдениет пен діни сананы археологиялық тұрғыдан зерттеудің теориялық және әдіснамалық мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында «археология» ұғымының екі негізгі мағынасы ажыратылады. Біріншісі өткен дәуірлерден сақталған материалдық ескерткіштер мен адам әрекетінің іздерін зерттеуге бағытталса, екіншісі Мишель Фуконың білім археологиясы тұжырымдамасы негізінде тарихи дискурстардың қалыптасу жағдайлары мен ережелерін талдауды қамтиды. Еңбекте Э. Б. Тайлор, Дж. Фрэзер және Э. Дюркеймнің классикалық теориялары, когнитивті археологияның негізгі бағыттары, Д.Льюис-Уильямстың зерттеулері, сондай-ақ М.Элиаде мен М.Фуконың тұжырымдамалары талданады. Діни мәдениеттің материалдық көріністері ретінде жерлеу кешендері, мемориалдық құрылыстар, сакралды ландшафттар және Қазақстан аумағындағы ерте ислам кезеңіне жататын зираттар қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – археологиялық деректердің діни тәжірибелерді зерттеудегі мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтау. Археологиялық материалдар өткен қоғамдардың діни рәсімдері мен ғұрыптық әрекеттерін реконструкциялауға мүмкіндік бергенімен, адамның жеке діни сенімдерін тікелей анықтай алмайтыны негізделеді. Осыған байланысты археологиялық фактілерді, ғылыми реконструкцияларды және зерттеушілік гипотезаларды ажыратуға негізделген кешенді әдіснамалық тәсіл ұсынылады. Зерттеу археологиялық, тарихи, кеңістіктік, антропологиялық және дінтанулық әдістерді ұштастырудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл тәсіл діни мәдениеттің тарихи дамуын, материалдық көріністерін және әлеуметтік маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: білім археологиясы, діни мәдениет, діни сана, когнетивтік археология, ғұрып, сакралды кеңістік, Қазақстан, діни бірегейлік.

On the Theoretical and Methodological Problems of Studying the Archaeology of Religious Culture and Religious Consciousness

Abstract. This article examines theoretical and methodological issues related to the archaeological study of religious culture and religious consciousness. In particular, it distinguishes between two meanings of the concept of "archaeology". The first refers to the study of material remains and traces of human activity preserved from past historical periods. The second concerns Michel Foucault's concept of the archaeology of knowledge, which focuses on analyzing the historical conditions and rules governing the formation of various discourses. The article discusses the classical theories of E.B. Tylor, J.Frazer, and E.Durkheim, the main approaches to cognitive archaeology, the research of D. Lewis-Williams, as well as the concepts of M. Eliade and M. Foucault. As examples of the material manifestations of religious culture, the article analyzes burial complexes, memorial structures, sacred landscapes, and cemeteries dating to the early Islamic period in Kazakhstan. It argues that archaeological evidence makes it possible to identify material traces of past religious practices and reconstruct probable ritual activities; however, it does not provide direct access to individuals' personal religious beliefs. In this regard, the article proposes an integrated methodological approach that distinguishes established archaeological facts from scholarly reconstructions and research hypotheses. This approach involves combining archaeological methods with other relevant research methods to develop a more comprehensive understanding of the material manifestations of religious culture and the religious practices of past societies.

Keywords: Archaeology of Knowledge, Religious Culture, Religious Consciousness, Cognitive Archaeology, Ritual, Sacred Space, Kazakhstan, Religious Identity.

Введение

Религиозные представления и практики прошлого отражены в археологических материалах: погребениях, ритуальных объектах, мемориальных сооружениях, изображениях, предметах особого назначения, следах жертвоприношений и организаций пространства. Эти свидетельства помогают изучать мировоззрение древних и средневековых обществ, их отношение к смерти, предкам и природой среде. Однако материальный объект сам по себе не раскрывает убеждений человека, который его создал или использовал. Для интерпретации его духовного и символического значения необходимы дополнительные аргументы.

Поэтому «археологию религиозного сознания» следует понимать не как непосредственное выявление верований посредством раскопок, а как реконструкцию исторических представлений и способов осмысления мира на основе материальных остатков, повторяющихся действий, организации пространства и коллективной памяти. При этом важно различать установленные факты, вероятные реконструкции и гипотезы, а также учитывать альтернативные объяснения.

В статье понятия «археология» рассматривается в двух значениях. Первое относится к научному изучению материального наследия прошлых обществ. Второе связано с археологией знания Мишеля Фуко, исследующий исторические условия формирования типов знания, понятий и дискурсов [1]. Эти подходы дополняют друг друга, но не взаимозаменяемы: описание памятника не раскрывает автоматический историю понятий соответствующей эпохи, а археология знания не заменяет анализа материальных объектов.

Цель исследования – определить теоретические основания и методологические принципы археологического изучения религиозной культуры и сознания, включая возможности реконструкции ритуалов и анализа материалов с территории Казахстана. Основной тезис заключается в том, что религиозное сознание доступно археологии лишь опосредованно: сначала устанавливаются материальные признаки и их контекст, затем реконструируются вероятные действия и только после этого рассматривается их возможное символическое значение. Религиозная культура при этом понимается как исторически изменяющаяся система практик, предметов, символов и социальных отношений.

Классические теории религии помогают формулировать исследовательские вопросы, но не должны применяться как универсальные схема объяснения археологических данных. Э.Б. Тайлор связывал ранние формы религии с анимизмом – представлениями о душе и духах, возникавшими, в частности, при попытках объяснить смерть и сновидения [2]. Его теория важна для изучения происхождения религиозных представлений, однако эволюционная модель Тайлора может создавать впечатление единой последовательности развития всех культур. Поэтому ее следует использовать с учетом исторического своеобразия конкретных обществ. Дж. Фрэзер исследовал взаимосвязь магии, религии и науки и роль

ритуальных действий в отношениях человека с природой и непонятными ему явлениями [3, 4]. При этом предложенную им последовательность перехода от магии к религии, а затем к науке нельзя считать универсальным законом: религиозные практики складывались различными путями в зависимости от культурных и исторических условий. Э. Дюркгейм рассматривал религию как социальный феномен, поддерживающий коллективную жизнь, и подчеркивал различие сакрального и профанного [5]. Этот подход помогает объяснить, как совместные обряды могли укреплять связи между членами сообщества и поддерживать групповую идентичность. Однако общественные функции религии не исчерпывают индивидуального опыта, а участие в одном обряде не означает полного совпадения убеждений его участников. Таким образом, Тайлор акцентировал происхождение верований, Фрэзер – сравнительное изучение магии и ритуала, а Дюркгейм – социальные функции религии.

Когнитивная археология изучает, какие выводы о мышлении людей прошлого можно обосновать материальными данными. К. Ренфрю и Э.Зубров способствовали развитию подхода, объединяющего археологию, когнитивные науки и изучение символических систем [6]. Т. Уинн и Ф. Кулидж обращают внимание на изготовление предметов, последовательность действий, организацию пространства и функции объектов как возможные свидетельства когнитивных способностей человека. [7]. А. Карри и А. Киллин подчеркивают, что переход от наблюдаемого предмета к выводу о мышлении требует теоретического обоснования связи между материальными признаками и предполагаемыми когнитивными процессами; сами предположения исследователя также жолжны критически проверяться [8]. Д. Льюис-Уильямс исследовал связь наскального искусства с человеческим восприятием и религиозным опытом, в том числе используя нейропсихологические модели и представления об измененных состояниях сознания [9, 10]. Такой подход расширяет круг вопросов о происхождении и использовании древних изображений. Тем не менее сходство мотивов или сенсорных переживаний не доказывает тождества религиозных представлений разных обществ. Необходимы анализ конкретного археологического контекста и независимые подтверждения. Когнитивная археология не предполагает, что мысли человека можно непосредственно «прочитать» по предметам. Исследователь описывает признаки памятника, рассматривает действия, которые могли их породить, и оценивает необходимые для этих действий когнитивные процессы. На каждом этапе проверять альтернативные интерпретации и не представлять вероятные объяснения как установленные факты.

М. Элиаде уделял внимание различию сакрального и повседневного пространства. Его понятия иерофании, сакрального пространства, центра мира и священного времени помогают анализировать, каким образом места и события могли приобретать религиозное значение [11]. Эти идеи применимы к исследованию ритуальных объектов и ландшафтов, но требуют осторожности. Необычная форма или центральное расположение сооружения сами по себе не доказывают, что оно воспринималось как «центр мира», а ориентация памятника не подтверждает автоматически его связь с мифологическими представлениями. Такие выводы нуждаются в археологических, исторических и иных независимых свидетельствах.

Археология знания М. Фуко сосредоточена на правилах и исторических условиях, определяющих формирование понятий и признание определенных утверждений в качестве знания [1]. Анализ употребления понятий «традиция», «народная религиозность», «язычество» и «сакральное наследие» в научных, государственных и религиозных текстах позволяет проследить, как менялись представления о соответствующих явлениях. Однако этот подход не устанавливает напрямую убеждения конкретного человека, погребенного в археологическом захоронении. Для таких выводов необходимо сопоставлять погребальный обряд, предметы и исторические источники. Исследования материальной религии показывают, что предметы и места не только отражают религиозные идеи, но и могут участвовать в форматировании религиозных значений. Т. Инсолл рассматривает материальные объекты как активные элементы религиозной практики и социальных отношений [12]. Л. Фогелин предлагает изучать ритуал через конкретные действия

человека и его социальные связи, учитывая способы выполнения обряда, роли участников и организацию пространства [13]. В совокупности эти подходы позволяют анализировать религиозную культуру на нескольких уровнях: сакральное пространство, исторические условия формирования знания, материальные объекты и ритуальные действия.

